З) координации и коррекции – согласования воспитательных усилий всех участников целостного педагогического процесса и их коррекция.

Эффективность внедрения КУВП отслеживалась нами в экспериментальной работе через метод экспертных оценок, само- и взаимооценку участников эксперимента, наблюдения, анализ продуктов деятельности учителей и учащихся. Во всех произошло улучшение психологического климата в коллективах как учителей, так и учащихся, повысился эмоциональный фон общественной жизни (92 % участников эксперимента отметили этот факт), изменился характер взаимоотношений учеников и учеников, школьников между собой, возросла степень доверия (динамика от 15 до 68%), взаимоуважения, сотрудничества всех членов школьного сообщества. Появились новые возможности для самопроявления, самоутверждения и самореализации каждого подростка и педагога в разных формах жизнедеятельности коллектива (86 % участников подчеркнули этот положительный факт) [9].

В целом, можно констатировать, что перспективой развития представленной модели является общественно активная школа, которая значительно раздвигает рамки учебно-воспитательного пространства и позволяет использовать благоприятные и частично нейтрализовать негативные факторы социализации, которая ставит своей целью не просто предоставление образовательных услуг ученикам, но и развитие сообщества, привлечение родителей и жителей сообщества к решению социальных и других проблем, стоящих перед школой, так и перед сообществом.

Литература:

1. Степанова Е.Н. Классному руководителю о воспитательной системе класса: Метод, пособие – М.: Педагог, поиск, 2000. – 160 с.
2. Байбородова Л.В. Формы взаимодействия педагогов, учащихся и родителей. – Ярославль: ЯГПИ, 1992. – 39 с.
3. Макатова Ж. Развитие гражданского воспитания в школах Казахстана в 1917-1933 гг. – Алматы, 1994. – 39 с.
4. Омарова С.Б. Формирование гражданственности учащихся 5-7 классов общеобразовательной школы. – Москва, 1997. – 30 с.
5. Нургалиева А.К. Формирование гражданской активности старшеклассников с учетом особенностей семьи. / Дис... канд. пед. наук, Москва, 1992. – 144 с.
6. Поляков С. Коллективное творческое дело. // Воспитательная работа в школе. – 2004. – № 1. – 79-84 с.
7. Иванов И.П. Энциклопедия КТД. – М.: Педагогика, 1989. – 80 с.
8. Куприянов Б.В. Энциклопедия традиционных форм воспитательной работы. // Школьные технологии. – 2003. – №.3. – 83-93 с.
9. Николина В.В. Духовные ценности и воспитание личности: психолого-педагогический аспект / Под ред. Л.Е. Шапошниковой. – Н. Новгород: НГЦ, 2002. –

485 с.

Торыбаева Ж.З., Рысбекова Л.К., Нуридинова Г.А.
Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында белсенді
азаматтық позициясын қалыптастыруға байланысты тәрбие жұмысын
ұйымдастыру

Мақалада жалпы білім беретін мектеп оқушыларының белсенді азаматтық позициясын қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерінің анализі негізінде ата-аналардың және сынып жетекшісінің қызметінің, оқушылардың өзін-өзі басқаруының моделін жүзеге асыруды, сонымен қатар қарастырылып отырған мәселенің контекстінде олардың өзара әрекеттестігінің аспектілерін қамтитын ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастырудың педагогикалық технологиясының құрылымдық элементтері берілген.

Кілт сөздер: тәрбие жұмысын ұйымдастыру, белсенді азаматтық позиция, жалпы білім беретін мектеп оқушылары.

Torybaeva Zh.Z., Rysbekova L.K., Nuridinova G.A.
Upbringing organization on formation of active citizenship among secondary
school children

The article concerns structural elements of educational technology of organization of collective creative activity, including the implementation model of student self-activity, class teacher and school children's parents activities, as well as aspects of their interaction in the context of the problem, based on the analysis of theoretical and practical aspects of the upbringing organization on formation of active citizenship among secondary school children.

Key words: upbringing organization, active citizenship, secondary school children.

УДК: 372.891

Терещенко Т.А. – к.ғ.н., доцент,
ЗКГУ им. М. Утемисова
E-mail: tereshenko_zko@mail.ru
Мурзатаева М.М. – магистрант 1 курса
ЗКГУ им. М. Утемисова

ГЕОИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК
ИННОВАЦИОННОЕ СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ КРЕАТИВНОГО
МЫШЛЕНИЯ У СТУДЕНТОВ-ГЕОГРАФОВ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы использования ГИС-технологий для формирования системно-креативного мышления у студентов-географов. Раскрывается важность применения ГИС-технологий в учебном процессе, определяется понятие системно-креативного мышления и предлагается структура ГИС-технологий для обучения географии.

Ключевые слова: процесс обучения, креативность, системно-креативное мышление, геоинформационные системы (ГИС), геоинформационные технологии, структура геоинформационных технологий в обучении географии.

Инициатива Президента Казахстана Н. Назарбаева о вхождении нашей страны в число 30 наиболее успешных стран мира является серьезным заявлением, предполагающим модернизацию, в том числе и системы образования. Именно подготовка конкурентоспособных специалистов, обладающих креативным мышлением, обеспечит прорыв в соответствующих кластерах нашей экономики. Не «черное золото», а «серое вещество» должно стать основным капиталом государства. Этот посыл и должен стать национальной идеей Казахстана.

Современную систему образования характеризует активный переход к использованию новых информационных технологий. В учебном процессе реализуются программы информатизации, разработаны электронные учебники, развиваются дистанционные технологии получения образования.

Геоинформационные системы (ГИС) и геоинформационные технологии (ГИС-технологии) получили сегодня в мире самое широкое применение. ГИС активно используются для решения научных и практических задач на локальном, региональном, и глобальном уровнях. ГИС применяют для комплексного изучения природно-экономического потенциала крупных регионов, инвентаризации природных ресурсов, проектирования транспортных магистралей, обеспечения безопасности человека и т.д. Кратко ГИС определяются как информационные системы, обеспечивающие сбор, хранение, обработку, отображение и распространение данных, а также получение на их основе новой информации и знаний о пространственно-координированных явлениях. Необходимо подчеркнуть их способность хранить и обрабатывать пространственные, или географические, данные, что и отличает ГИС от иных информационных систем. Важность ГИС-технологий для географического образования определяется их функциональными возможностями, которые полностью соответствуют традиционным методам географического изучения окружающего пространства, более того, заметно расширяют их и выводят на совершенно иной, качественно новый уровень [1].

Креативность – это способность генерации нового знания путём технологически управляемого расширения и трансформации видения реальности как будущего, способного системно организовать настоящее, т.е. креативность – это творческое конструирование в режиме самоорганизации процесса мышления. В этом смысле креативность отличается от творчества тем, что производство нового знания осуществляется путём использования уже существующих свойств, связей и отношений, пусть даже и скрытых. Креативность предполагает (to create – создавать) «создание» (проектирование) таких свойств из уже существующих элементов (свойств, отношений).

Системно-креативное мышление – это мышление, активизирующее креативность в процессе решения существующих проблем и поиска новых возможностей [2].

Известно, что значительная доля информации, с которой имеет дело человек, является пространственной, или географической. Пространственная информация передается в основном с помощью мелкомасштабных

общегеографических и тематических карт и атласов, топографических карт, аэрокосмических снимков, планов и схем, адресов размещения объектов, маршрутов движения и других сведений. Однако крылатая фраза «Карта - альфа и омега географии» наполняется в современном обществе новым содержанием. Кроме традиционной бумажной карты в жизнь человека врывается электронная карта, несущая разнообразную географическую пространственную информацию.

Географическая карта становится динамичной, интерактивной. Карту можно совместить с космическим снимком — с изображением всей Земли или отдельного села, как они видны из космоса. Космический снимок отражает реальное положение дел в определенный момент времени в данной местности.

Структура геоинформационных технологий, которые используются при подготовке специалистов-географов, включает: цифровые образовательные ресурсы, программные обеспечения, пространственные данные, оборудование; информационные источники сложной структуры, всемирная сеть Интернет; геоинформационные системы (рис.1).

Рисунок 1. Структура геоинформационных технологий для обучения географии



Цифровые образовательные ресурсы - это представленные в цифровой форме фотографии, видеофрагменты, статистические и динамические модели, объекты виртуальной реальности и интерактивного моделирования, картографические материалы, звукозаписи, символьные объекты, деловая графика, текстовые документы и иные учебные материалы, которые могут быть представлены в виде презентаций (слайдов) на занятиях. Все эти виды активно используются в учебном процессе. При этом важно разнообразить их использование. Так при проведении лекции с заранее заданными ошибками студентам было рекомендовано определить ошибки, при этом указывается количество ошибок, которые впоследствии обсуждаются. Если ошибки не все определены, то им представляется презентация и по ней находят

запланированные ошибки. Данная лекция позволяет развить у обучаемых умение оперативно анализировать профессиональные ситуации, выступать в роли экспертов, оппонентов, рецензентов, выделять неверную и неточную информацию. Основная цель такой лекции активизация внимания студентов и вовлечение их в процесс усвоения знаний [3].

Под информационными источниками сложной структуры принято понимать образовательный ресурс сложного характера, представляющий собой совокупность элементарных цифровых образовательных ресурсов, собранных для решения определенных образовательных задач. К данным источникам относятся: мультимедийные учебники, справочники, интерактивные лекции. В учебном процессе мы активно используем мультимедийный учебник В.Н. Холиной «География. Профильный уровень», который является победителем конкурса Национального фонда подготовки кадров по созданию инновационных учебно-методических комплексов в Российской Федерации. Он представлен печатной версией учебника и электронным учебником, который имеет базовые документы, обширную статистику на русском и частично на английском языке, карты, интерактивные задания. Материалы для проектной работы в данном учебнике нацелены на использование теории в практике реальной жизни. Так, например, проект «Функциональные зоны своего города (поселка)», включает задания по анализу изменения системы расселения страны при помощи кривой Ципфа, задания на поиск оптимального места жительства для семьи, переехавшей в другой город (с учетом ограниченной суммы денег, анализа экологических карт, транспортной доступности места работы, банка данных риэлторской компании по предложениям на квартиры) [4].

На занятиях активно используется «Социально-демографический атлас Западно-Казахстанской области», который представляет собой комплексное научно-справочное картографическое произведение о демографической ситуации в области за последние 20 лет. Данный атлас представлен как в печатном, так и в электронном варианте, содержит 54 карты, которые сгруппированы в три раздела: место Западно-Казахстанской области на карте страны, демографическая характеристика населения ЗКО и демографический портрет районов области. В конце атласа помещен глоссарий, который облегчает работу с атласом.

Программно-аппаратный комплекс ГИС использует геопространственные данные-информацию, которая представляется в виде аэрофотоснимков, космических снимков и статистики. Эта информация может быть получена с помощью дистанционного зондирования, картографирования и различных видов съемок с использованием соответствующего оборудования (рис.2).



Рисунок 2. Космический снимок города Уральск [5].

В настоящее время в учебном процессе мы используем такие приборы, как GPS-приемник Garmin ETREX 30, ручная метеостанция GeosSkywatchAtmos 4, автоматизированная метеостанция Geos 11 Skywatch. Данные приборы позволяют наблюдать за изменениями геопространственных данных в онлайн-режиме. Они просты и мобильны в использовании, и характеризуются получением информации в ускоренном режиме и с высокой точностью. Большую практическую значимость эти приборы занимают при проведении учебных полевых практик по метеорологии, гидрологии, геоморфологии и землеведению и т.д. Кроме того, преподаватели, магистранты и студенты проводят мастер-классы по использованию современного оборудования на уроках географии и естествознания для учителей географии школ области и участвуют в методических семинарах.



Рисунок 3. Магистрант 1 курса Мурзатаева М. на методическом семинаре для учителей географии школ города в СОШ №24 г.Уральск

Обеспечение цифровых образовательных ресурсов различных уровней сложности пространственно-информационными данными осуществляется соответствующими программными обеспечениями. Программные

обеспечения геоинформационных технологий предусматривают сбор, систематизацию, преобразование, обработку, анализ и другие виды операций с данными. В качестве программного обеспечения для работы со статистическими данными студентами-географами используется программа MS Excell, а для построения карт используются программы MapInfo, ArcGIS, SaSPlanet. Данные программы позволяют решить одну из важнейших целей географического образования-формирование у студентов географического мышления и овладения ими одним из «языков» международного общения – картографическим. Проведение сопряженного анализа нескольких электронных карт развивает навыки интеллектуального труда.

Во всемирной сети Интернет геоинформационные технологии в свободном доступе представлены в геопорталах GoogleMap, Yandex.Карты и 2GIS. Эти геопорталы изначально были созданы как сервисы, предоставляющие картографическую информацию.

Примером применения геоинформационных технологий в работе со статистическими данными служит электронный аналитический журнал ДемоскопWeekly. Журнал содержит более полусотни аналитических, тематических и новостных разделов, а также детальный архив и базу данных переписи населения, демографические показатели по странам мира, а также по регионам России и стран СНГ. Так при изучении географии населения можно получить точную информацию о численности и демографическом составе населения мира и отдельных стран в режиме реального времени, а также используя приложение «График за 1 минуту» на основе уже готовых статистических данных можно построить график для изучаемой страны (рис. 4).




Рисунок 4. Динамика численности населения Казахстана (1950-2013 гг.), (использование приложения демоскопWeekly:График за 1 минуту)

В 2010 году в Казахстане фондом развития предпринимательства «Даму» была презентована геоинформационная аналитическая система (ГИС). Данный ресурс является интерактивной системой представления всей актуальной статистической и аналитической информацией о деятельности фонда «Даму», а также о развитии малого и среднего предпринимательства, сектора микрокредитования, макро- и микроэкономических процессах республиканского и регионального уровня. Система имеет WEB-интерфейс, обеспечивающий максимально возможный доступ всех заинтересованных

лиц. Использование этих данных наиболее эффективно при изучении экономической географии Казахстана, при выполнении курсовых и дипломных работ [5].

Таким образом, геоинформационные технологии необходимо рассматривать как один из важнейших инновационных ресурсов, использование которых позволит подготовить высококвалифицированных креативно мыслящих специалистов в области географии.

Литература:

1. Капустин В.Г. ГИС-технологии как инновационное средство развития географического образования в России. // Педагогическое образование, №3, 2009. – 69-75 с.
2. Шевырев А.В., Романчук М.Н. Формирование и развитие системно-креативного мышления – базовая стратегия образования в 21 веке /А.В. Шевырев // Синергетика и образование. – Режим доступа: <http://spkurdumov.ru/education/formirovanie-i-razvitie-sistemno-kretivnogo-myshleniya/>.
3. Косолапова М.А., Ефанов В.И., Кормилин В.А., Боков Л.А. Положение о методах интерактивного обучения студентов по ФГОС 3 в техническом университете: для преподавателей ТУСУР – Томск: ТУСУР, 2012. – **Ошибка! Залка не определена.** с.
4. Холина В.Н. География. Углубленный уровень. 10 класс: учебник. – М.: Дрофа, 2014. – 319 с. Электронное приложение www.drofa.ru
5. Спутниковая карта: <http://spaceon.ru/sputnikovaya-karta-uralska/>

Терещенко Т.А., Мурзатаева М.М.

ГАЗ технология географ-студенттердің креативті ойлау қабілетін қалыптастырудағы инновациялық құрал

Мақалада география мамандығы студенттерінің креативті ойлау қабілетін қалыптастыру мақсатында геоақпараттық технологиясы СОӨЖ-да пайдалану қарастырылған. Оқу процессінде геоақпараттық жүйелерді пайдалану маңыздылығы, жүйелік креативті ойлаудың түсінігі және география пәнін оқытуда қолданылатын геоақпараттық технологиясының құрылымы айқындалды.

Кілт сөздер: оқу процессі, креативтілік, жүйелік креативті ойлау қабілеті, геоақпараттық жүйелер (ГАЗ), ГАЗ технологиялар, ГАЗ технологиясының құрылымы.

Tereshenko T.A., Murzataeva M.M.

GIS technologies as an innovative instrument for creative thinking formation of students-geographers

The article discusses using of GIS technology for formation of system creative thinking at the organization of lessons on geography. Reveals the importance of application of GIS technology in the educational process and defines the concept of system creative thinking and proposed the structure of GIS technology for learning geography.

Keywords: educational process, creativity, system creative thinking, geoinformation systems (GIS), GIS technologies, structure of GIS technology.

*Исатаев М.И. – магистр-аға оқытушысы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

*Зинелова Т. – мәдени-тынығу жұмысы мамандығының
2 курс студенті, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: meiram.isataev@mail.ru*

МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН АРТТЫРУ

Аннотация: Мақалада қазіргі жастардың бойындағы патриоттық сезімді мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастыру арқылы арттыру баса назарға алынған.

Кілт сөздер: Білім, тәрбие, үрдіс, патриоттылық, этнопедагогика, мәдени-тынығу жұмысы, фильмдер, шоу бағдарлама, концерт, шеру, конкурс, ойын.

Еліміз тәуелсіздігін алғалы кеңірек құлаш жайып, қанат сермейтін заман келді. Мақсатымыз айқын болашаққа қадам босудың жоспарлары нақтылануда. Ең үздік 30 елдің қатарына кіру, «Қазақстан-2050» бағдарламасын, «ЭКСПО-2017» көрмесін ойдағыдай өткізу үшін толағай табыстар мен алғыр білім керек. Осыған орай, ұтқыр жобалар мен жаңа технологиялар заманымызға енуде. Ендігі жерде әрбір азамат болашақ Қазақстанның дамуына өзіндік үлесін қосып, аянбай тер төгуі қажет. Біз осылай ғана жаңа жетістіктерді бағындыра аламыз. Ол үшін әрбір азаматтың бойында еліне деген құрмет, патриоттық сезім болуы тиіс.

Патриоттық сезім ретінде біз мынаны аламыз: Қазақ халқы атадан балаға мирас еткен дархан даласын әрқашан қасық қаны қалғанша қорғай білген. «А, Құдайлап» жауға шапқан, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен дұшпан жолатпаған жүрегі түкті батыр, баһадүр ерлеріміз кең байтақ жерімізге бабалар аманаты деп қараған. Оған Қазбек би бабамыздың мына отты сөзі дәлел: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жәй жатқан елміз, елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз» деп, жерімізге көз алартқан дұшпандарды тәубесіне түсірген батырлар ұрпағымыз [1, 15 б.]. Осы қанымызда бар патриоттық сезімді жас ұрпақтың жүрегіне орнатуға көңіл бөлуіміз керек.

Бүгінгі жас ұрпақ болашақ Қазақстан азаматы. Олар өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект-деңгейі жоғары, білімді де білікті жаһандану заманына сай болуы шарт. Патриоттық құндылықтар сақталмайынша біз алға баспаймыз, дами алмаймыз [2]. Жастардың бәсекеге қабілетті болып дамуы үшін өз ынта жігерлері болуы ықтимал. Жалқаулық, еріншектік мінездері жоғарыда айтылған даму жолына кері әсерін тигізеді. Жастарды ұлттық сана-сезімге, адамгершілік пен еңбекқорлыққа тәрбиелей білуіміз керек.

Осыған байланысты Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде «Біз тәуелді болып, еңбектеп, басымызды игенде халықпыз. Тізерлеп отырғанда халықпыз. Біз халқымызға мынаны түсіндіруіміз керек: тіземіз ендігі жерде ешкімге бүгілмейді, бұдан бұлай ешқашан еңкеймейміз-де. Тік тұрған қалпымыз бойынша тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін біз жанымызбен,

тәнімізбен қызмет етеміз. Тіпті сол үшін жанымызды пайда қылуға дайынбыз деп өзімізді де, жастарды да тәрбиелеуіміз керек» деген [3]. Бұл ойды нақтылай келе Ел Көшбасшысы жастарды патриоттық сезімге тәрбиелеудің үздік үлгісін көрсеткен болатын. «Ел болам десең – бесігіңді түзе» деп, дана халқымыз айтқандай болашағымызды тәрбиелеуде кемеңгер Елбасы сөздері үлгі болады.

Сонымен қатар, бұл ойды «Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу деген, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының міндеттері де дәлелдейді [4, 19 б.]. Патриоттылықтың өзі Отанға деген сүйіспеншіліктен оған деген махаббаттан тұрады. Патриоттық сезім, бұл-әрбір Қазақстандықтың «Елім маған не береді деп емес, мен еліме не беремін» деп ойлануы, толғануы. Қазіргі таңда көп жастарымыз бұл сөздердің мәніне бойлай бермейді. Еліміздің өркендеуіне не істеймін деген ой келуі үшін де түпкі ниетте патриоттық негіз болуы керек.

Патриотизм – грек тілінің «patris» сөзінен аударғанда –отан, атамекен деген мағыналарды білдіреді. Өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын өз Отанына, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі [5]. «Отан» деп отбасымен ошақ қасын, ауасын жұтып, суын ішіп жүрген, байлығы мол, кең байтақ жерді, қазыналы-қарттар мен ақ жаулықты әжелеріміз, тай құлындай бірге өскен құрбы-құрдастарымыз бар ауылды, қадірлі ата-анамыз жүрген елді айтамыз. Туған елімен, жеріне ие болу, амандығын тілеу әр азаматтың міндеті. Орыс халқының ғұлама философы Н.Г.Чернышевский «Өз Отанына салқын адам бүкіл адамзатқа да опа бермейді», деген даналық сөздерімен патриоттылықтың маңыздылығын дәлелдеп отыр. Қасиетті дінімізде ардақты Пайғамбарымыздың «с.ғ.с.» мына бір хадисіне назар аударайық: «Екі көз ахиретте тозаққа күймейді: біріншісі, күнәсына өкініш білдіріп, онаша егіліп жылаған көз, екінші Отанды қорғап шекара күзеткен көз» [6, 16 б.]. Бұл ойлы сөздерді асыл дініміздің Отан қорғауға тәрбиелеудегі патриоттылықтың үлгісі ретінде келтіруге болады. Аталған тақырып бойынша ғылыми баяндамамызды жазу барысында 40-тан аса деректермен әдебиеттерге сараптама жасалып, талдау жүргізілді.

Патриоттылық сөзінің зерттелу деңгейіне келетін болсақ, алғаш рет Антикалық дәуірде грек ойшылдары Платон, Аристотель, Цицерон қоғамдағы қозғаушы күш әрі отансүйгіштік ретінде бағалап, атамекен, отан ұғымдарымен байланыстыра қарастырған. Кейіннен Ф.Бэкон, А.Шартье, Н.Макиавелли, Ш.Монтеско, Ж.-Ж.Руссо, И.Г.Фихте, Г.Ф.Гегель, З.Фрейд, Ж.П.Сартр, К.Ясперс және т.б ұлы ойшылдар еңбектерінде зерттелген. Кеңес үкіметі кезеңінде Ресей ойшылдары М.В.Ломоносов, А.С.Хомяков, Н.М.Карамзин, Ф.И.Тютчев, В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, Ф.М.Достоевский, В.С.Соловьев, Н.Ф.Федоров, Л.Н.Толстой, Г.П.Федотов, Н.О.Лосский, С.Л.Франк, Г.В.Плеханов, П.Б.Струве, В.В.Розанов, С.Н.Булгаков және т.б өз үлестерін қосқан [7. 9-10]. Ғылыми жұмысымыздың барысында Ресей ғалымдарының басым

көпшілігі патриотизмді – ұлттық тәрбиемен байланыстырғандығын байқадық. Патриоттық тәрбиенің маңыздылығын дәріптеу мақсатында Әл-Фараби, Йүгінекей, А.Йассауи, С.Бақырғани, Ж.Баласағұн, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ш.Мұртаза, М.Мақатаев және т.б. ұлағатты ұстаздарымыз зерттеулер мен ізденістер жүргізген. Осыған бір дәлел ретінде М.Мақатаевтың :

«...Оңай сөз ғой Отанды сүйем деген,
Іс тынбайды «жанамын, күйем менен»
Өгей әке емес қой Отан деген,

Отанды мен Атамдай иемденем!» деген өлеңдерінен Отанның адам өміріндегі маңызын насихаттай отырып, патриоттылыққа тәрбиелеген [8, 22-23 б.].

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері философиялық ілімде Алтаев Ж., Айталы А., Гершунский Б.С., Есім Ғ., Изотов М., Кішібеков Д., Қасабеков А., Нысанбаев Ә., Сәрсенбаев Н., т.б., тарих саласы бойынша Ахметова Л., Қасымбаев Ж., Қозыбаев М., Мыңжанұлы Қ., Смағұлов О., Тұрлығұлов Т., Жұртбаев Т., Шоқай М., филологиялық еңбектерде Әуезов М., Дәуітұлы С. Жолдасбеков М., Жұмаділов Қ., Кекілбаев Ә., Келімбетов Н., Мағауин М., Мұқаметқанов Қ., Мұқанов С., Салғарин Қ., Сейдімбек А., т.б. еңбектерінде зерделенген.

Қазақстанда білім мен тәрбие ісінің даму мәселелері, патриоттық тәрбиенің тарихи-педагогикалық қырлары Әлмұхамбетов Б.А., Бержанов Қ.Б., Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ., Құнантаева К.Қ., Сейдахметова Л., Сембаев Ә.І., Сытдықов Ә., Тәжібаев Т., Нұрахметов Н.Н., Храпченков Г.М., т.б. еңбектерінде баяндалған.

Патриоттық тәрбие адамгершілік тәрбиенің негізгі құрамдас бөлігі екені Ілиясова А.Н., Байсерке Л.А., Бейсенбаева А.А., Жампейсова Х.Қ., Ким А., Көшербаева А.Н., Майғаранова Ш., Нұрғалиева Г.Қ., Орынбасарова Э.А., Төлеубекова Р.К., т.б. еңбектерінде зерттелген.

Патриоттық тәрбие берудің этникалық және ұлттық негіздері Бейсембаева А., Бөжиг Ж., Валеев И.И., Волков Г.Н., Ғаббасов С., Джаңабаева Р.А., Ешімханов С., Жұмаханов Ә., Измайлов Ә., Қалиев Ж.Қ., Қожахметова К.Ж., Құсайынов А.Қ., Наурызбай Ж., Рождественская Р.Я., Сухомлинский В.А., Таубаева Ш., Ұзақбаева С.А., т.б. зерттеу еңбектерінде жүйеленіп берілген.

Тәрбие үрдісінде тұлғаны әлеуметтендіру, оның гуманистік көзқарасын және азаматтығын қалыптастыру мәселесі Арынғазин Қ.М., Аганина Қ.Ж., Батталханов Е.З., Криворотова Д.А., Мақатова Ж.А., Меңлібекова Г.Ж., Менлибаев К.Н., т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Зерттеу мәселесінің психологиялық негіздері Аймауытов Ж., Выготский С., Жарықбаев Қ., Жүкеш Қ., Момышұлы Б., Мұқанов М., Оразбекова К., Рубинштейн С.Л., Темірбеков А., т.б. еңбектерінде зерделенген.

Патриоттық тәрбиенің негізгі құрамдас бөлігі әскери-патриоттық, дене тәрбиесі және оның дамуы Аронов А.А., Конпиев Н.М., Минжанов А., Н.Ромашов, Нұрмұқашева С., Храпченков В.Г., т.б. ғылыми жұмыстарында әскери тәрбиенің патриоттық мәселелерді шешудегі бағыттылығы

қамтылады.

Жалпы білім беретін мектептерде, мектеп-гимназияларда патриоттық тәрбие берудің мазмұны мен әдістері, ұстанымдары, технологиялары Агапова И.А., Аронов А.А., Бекмұхамедов Б.М., Датский В., Конжиев Н.М., Коновалова Г.А., Мазыкина Н.В., Матвеева С.В., Матушкин С.Е., т.б. еңбектерінде шешімін тапқан.

Болашақ мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетін қалыптастыру, әскери мамандарды патриоттық тәрбие ісіне бейімдеу мәселелері, тұлғалардың өмірі арқылы оқушыларды патриотизмге тәрбиелеуде Әбдіраман Ш., Әбілғазиева К.Т., Г.Қ.Белгібаева, Дүйсенбаев А.Қ., Жұматаева Е.Ө., Зима М.В., Исаева З., Каргин С.Т., Көбесов А., Құсайынова Д., Момынбаев Б.К., Мұратханова Р., Мұхамединова Н.Ә., Халитова И.Р., т.б. еңбектерін атауға болады.

Алайда, жоғарыдағы ғылыми еңбектерде **мәдени-тынығу жұмысы арқылы** жастардың **патриоттық** сезімін арттыру жүйесі **жеткілікті дәрежеде зерттелмеген** деген тұжырым жасауға болады. Ғалымдардың ғылыми еңбектері талдап-зерттеп отырған мәселенің әлі де болса толық шешімін таппағанын байқатты. Сонымен қоса бұл еңбектер жүзеге асырылу жағынан жетілдіруді қажет етеді. Өйткені, көбі теориялық тұрғыда ұсынылған. Жастарға ұлттық тәрбие беру, патриоттылықты дамыту сияқты мәселелер олардың қызығушылығы мен сұраныстарына тығыз байланысты. Еліміздегі жастардың әлеуметтік тәрбиесіне көңіл бөлу мақсатында интернет ресурстарындағы «теріс қылыққа» баулитын жарнамаларды жою, теледидардан әр түрлі елдің салт-дәстүріне дәріптелген адамның сана-сезімін улайтын, эмоциялық күйге түсіретін сериалдар мен фильмдерді азайту бүгінгі күні өзекті мәселеге айналып келеді. Адам не көрссе, соны істейді. Ал, бұл фильмдер қандай тәрбие беріп жатыр?! Қазіргі таңда бесіктен белі шықпаған баладан бастап, ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз сол көкжәшіктің алдында басқа бір елдің уайым-қайғысын үңіле қарап отырады. Бұл болашақ жастарға қандай тәрбие болмақ?! Осы сөзімізге дәлел ретінде мына бір қазақ бүлдіршіндерінің үндінің діни рәсімдерін еш қаймықпастан өз ұлтының рәсімдеріндей айна қатесіз жасауы нені білдіреді сонда? Ал, Итшаның өліміне қайғырып өз туысы өлгендей егіл-тегіл болған мына ана мен оны ұялы телефонға жазып алған баласы туралы қандай ой тұжырымдауға болады [9].

Егер, патриоттық сезімімізді күшейткіміз келсе неге осындай әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді кеңірек насихаттайтын, ұлттық құндылыққа өте бай, тіліміз бен дінімізді дәріптейтін және ырым-тығымдарымызды негізге ала отырып, басқа елдердің кино мотোগрафия саласында бәсекеге түсе алатындай көрермен жалықтырмайтын аса үлкен актерлік шеберліктегі Отандық фильмдер, сериалдар түсірмеске?! Әрине Қазақстанда мүлдем фильм жоқ деп айта алмаймын, бар, мәселен, «Қара шаңырақ», «Айналайын», «Ағайындылар», «Әке серті», «Үй болу қиын», «Астана махаббатым менің» т.с.с. Алайда, үндінің «Келін», «Уәде беремін», «Қыз ғұмыры» т.б, түріктің «Дениз», «Сулейман великопепный», «1001 түн» т.б, қытайдың, корейдің «Жумонг», «Емші Хожун», «Құбылай хан» тағы сол сияқты таң ғажайып әсерлі де, жағымды адам жүрегін баурап алып, солардың өмірін, салт-

дәстүрін ойлап қайғыратындай, кинолар қазақ фильмдеріне қарағанда әлдеқайда жоғары көрерменге ие. Бұндай көрермен жинау үшін де қажырлы еңбек пен осы саланың тыңғылықты зерттелуі керек.

Бүгінгі күні еліміздің «ОТАУ ТВ» жерсеріктік телевидениясында ұлттық – 45 канал бар. Отандық арналарымызды зерттей келе: шоу бағдарламалар, деректі фильмдер мен жаңалықтарды былай қойғанда, Отандық «Қара шаңырақ», «Ағайындылар», «Айналайын» т.с.с. қазақ менталитетіне сай тәрбиелеп, мінез-құлықты дәріптейтін тек бір-сараң ғана фильмдер көрсетіледі. Қалғандары шет ел кино туындылары. Жер көлемі бойынша әлемде 9 орын алатын, табиғаты бай, Менделеев кестесіндегі барлық элемент қамтылған, батыр-баһадүр-билері де, ұлықтауға тұрарлық тарихы да бар киелі жерде кино саласының үздік туындыларын осындай дәрежеде шығару өте аз көрсеткіш екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан, Отандық кино саласына үлкен өзгерістер мен толықтырулар керек болып отыр. Ата-әжелерімізбен, отбасымызбен өзге ұлт емес, өз еліміздің уайым-қайғысын ойлап, соны тағы да көруге асығатын, мақтауға лайық туындылар шығаруымыз қажет. Мәселенің **өзектілігі** де осында. Мәдени-тынығу жұмысы (МТЖ) арқылы жастарды патриоттыққа тәрбиелеу қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-мәдени хал-жағдайына аса қажетті болып отыр. МТЖ жастармен байланыстырудың бірден бір себебі - жалпы адамның бос уақытын тиімді ұйымдастыруды зерттейтін ғылым саласы. Бос уақыт-адамның немесе тұлғаның жеке, физикалық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жұмыстан тыс уақыт бөлігі [10]. Яғни, адам өмірінің тынығатын, демалатын, кино көруге, ойын-сауыққа баратын, қызығушылықтарын қанағаттандыратын негізгі бөлігі. Сондықтан, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға басты назар аударуымыз керек. Өйткені, жоғарыдағы «керіағар» қылықтарды жаттап өскен ұрпақтарымыз ертеңгі күні елдің ата-анасы болғанда қандай тәрбие бермек?! Бұл сұрақ тағы да зерттеуді, ізденісті қажет ететіндігі анық. **Егер де**, аталған мәселе мемлекеттік деңгейде қолға алынып, жастардың МТЖ айрықша көңіл бөлінетін болса, патриоттылыққа тәрбиелеудің жаңаша әрі ауқымды тәсілдері құрылар еді.

Ғылыми жұмысымыздың деректерін сараптай келе ұққанымыз: оқу орындарында патриотизмге тәрбиелеу саласы ғылыми негізделген мәдени-тұрғыдағы белсенді бағдарламаға мұқтаж. Жастардың патриоттық сезімін мәдени-тынығу жұмысы арқылы арттыру бағытында отандық ғалымдарымыздың арнайы оқулық немесе әдістеме нұсқаулық, бағдарлама ретінде еңбектері аз, тіпті жоқ десе де қате болмайды. Бұл тақырыбымыздың маңыздылығын зерттей келе жинақталған декертер барысында шет ел ғалымдарының еңбектеріне талдау жасалды. Халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнабайұлы «Ғылым іздесең орыстан үйрен» деген даналық сөздерін бекер айтпаса керек. Ресей ғалымдары Н.В.Боброва, А.В.Фатов, К.Г.Елемин, А.Е.Корупаев, О.И.Горбунова, А.Н.Вырщинов, О.А.Аристархова, М.Б.Кусмарцев өз еңбектерінде патриоттық тәрбиені мәдени-тынығу жұмысымен тығыз байланыстырған.

Мәселен, Н.В.Боброва «Гражданско-патриотическое воспитание средствами социально-культурной деятельности» деген ғылыми мақаласында

әлеуметтік-мәдени бағытта жастарды патриоттылыққа тәрбиелеудің маңызын ашып, жас ұрпақтың түсінігіндегі патриоттылық тұжырымдасмасын зерттеген.

К.Г.Елеминнің «Развитие лидерских качеств молодежи в студенческих отрядах средствами социально-культурной деятельности» атты ғылыми еңбегінде әлеуметтік-мәдени салада көшбасшылық қабілеттерді дамытудың жолдарын зерттеп, осы салада көшбасшылық қасиетті дамытудың жүйесін жасаған.

Ал, А.Н.Выршинов пен М.Б.Кусмарцев «Патриотическое воспитание молодежи в современном Российском обществе» деген ғылыми зерттеу жобасында негізгі патриоттылық анықтамасын талдап, тарихына көңіл бөлу арқылы келешек жастарды тәрбиелеудің МТЖ бағытындағы формаларын ұсынған.

А.В.Фатовтың әлеуметтік-мәдениет саласы арқылы жастарды тәрбиелеуге көңіл бөліп, жастардың негізгі қызығушылықтары мен бос уақыт жағдайын зерттеп, сипаттаған «Социальное воспитание студенческой молодежи в культурно-досуговой деятельности» атты еңбегінде тілге тиек етуге болады [11, 282-411 б.].

Аталған зерттеу жұмыстарын саралай келе, осы сияқты ғылыми зерттеу жұмыстарының қазақ тілінде зерттеу ауқымын кеңейту керектігі байқалды. Тақырыптың тек шет елдерде егжей-тегжейлі, теориялық және тәжірибелік бағытта зерттелуі, мәселенің біздің Отанымызда әлі де болса **өзекті** екенін түсіндіреді.

Сондықтан да студенттердің оқу-тәрбие процесінде жастардың патриоттылық құндылықтарын арттыру мақсатын мәдени-тынығу жұмысы арқылы жүргізу **зерттеуіміздің өзектілігін** айқындайды.

Аталған қайшылықтың шешімін табу үшін зерттеуіміздің тақырыбын **«Мәдени-тынығу жұмысы арқылы жастардың патриоттық сезімін арттыру»** деп тандауымызға негіз болды.

Еліміздің көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Рухани тәрбиемен нұрланбаған жас өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесін ғана ойласа, онда ол ешқашан елінің өркендеуі мен дамуына өзінің сүбелі үлесін қоса алмайды. Сондықтан да ұстаздар, ата-аналар жастарымыздың бойына адамгершілік, ізгі қасиеттерді қалыптастырып, сіңіртіп, өзінің Отанына адал азамат етіп тәрбиелеуіміз қажет [12, 8 б.]. «Өзге елдің сұлтаны болғанша, өз еліңнің ұлтаны бол» деген, мақалдан-ақ жоғарыдағы пікірдің астарын ашуға болады. Тәрбиесіз берілген білім, білім болмайтыны хақ. Студент жастардың патриоттық сезімін арттыру формаларын білім беру, тәрбиелеу, спорт және басқа да салалар арқылы жүзеге асырып келе жатқан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ұжымының еңбегін ерекше атап өтуге болады.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті – 1932 жылы қабырғасы қаланған, еліміздің батыс аймағындағы ең ірі жоғары оқу орындарының бірі. Университетіміз инновациялық білім беру жолдары толықтай меңгерілген, бай кітапханасы бар, білімді де білікті профессорлық-оқытушылар құрамымен Қазақстанға әйгілі оқу орны. Өскелең ұрпаққа

сапалы білім, саналы тәрбие беруде бойларындағы қабілет-қайратын аянбаған ұжым қызметкерлері алдыңғы сатыға тәрбие мәселесін қояды. Университетімізде студенттермен мәдени, тәрбиелік, эстетикалық тұрғыдан тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтін тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі проректор, тәрбие ісі жөніндегі бөлім, студенттердің шығармашылық қабілеттерінің артуына ықпал ететін, тәрбиелік маңызы зор іс-шараларды ұйымдастыруда жұмыстанатын мәдени-демалыс жұмысы жетекшісі, студенттердің бос уақыттарын тиімді пайдаланып, салауатты өмір салтын қалыптастыруы үшін спортклуб, түрлі шығармашылық, зияткерлік үйірмелер, жетекші кураторлар және 2005 жылы университеттің басқару құрылымына енгізілген жастар даму орталығы (студенттік өзін-өзі басқару бөлімі) бар. Жастар даму орталығында жұмыс істейтін студент-жастар университеттегі басқару үрдісіне қатысып, оқу, ғылым және тәрбие ісіне байланысты шаралар тізбегінде жұмыстанып келеді [13, 8 б.]. Зерттеу жұмысымыздың барысында биылғы оқу жылы университетте патриоттық сезімді арттыру бағытында өткізілген іс-шараларға талдау жасадық. Алынған деректер бойынша 2014-2015 оқу жылының қыркүйек-сәуір айы аралығында төмендегідей шаралар өткізілген:

- 1.«Ата заң- жастар бастамаларының қолдау кепілі».дөңгелек үстел.
- 2.«Қазақ поэзиясындағы А.Бақтыгереева» кеші. Ғылыми-тәжірибелік конференция.
- 3.Жастардың патриоттық форумы
- 4.«Жасыл ел», СҚЖ жұмыстарының III-семестірінің жабылу салтанаты.
- 5.Тұңғыш Президент күніне орай республикалық дебат.
- 6.Тәуелсіздік күніне арналған концерт.
- 7.Ұлы жеңіс 70 жылдығына орай университет оқытушылар мен қызметкерлері арасында спартакиада. т.б

Мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканатынан және аға оқытушы, магистр Г.Е.Жұмағалиевадан алынған мәліметтер бойынша: «Талант-2014», «Бір ел-бір халық-бір болашақ» атты ҚХ Ассамблеясына 20 жыл толуына орай фестиваль өткізілген, «Студент жастардың мәдени-шығармашылық қабілетін дамытудың жаңа технологиясы» ғылыми тәжірибелік айлық ұйымдастырылған т.с.с. Жоғарыда аталған деректер жалпы патриоттылық бағытты қамтығанымен, нағыз патриоттық сезімді арттыруға арналған шаралары өте аз болып отыр. Себебі: Ассамблея аясында өткізілген шаралар, бірінші кезекте өзге ұлт өкілдерін сыйлау, толеранттылыққа баулуды көздейді. Ал, конференция мен ғылыми-тәжірибелік айлықтар жастарды ғылыми бағытта жетілдіруге арналған. «Талант-2014», «8-наурыз» т.б концерттер – студенттердің шығармашылық қабілеттерін анықтап, өнерлерін шындауға бағытталған. Спартакиадалар мен түрлі спорттық жарыстар салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған. Зерттеу жұмысымызды талдай келе, осы жыл ішінде Тәуелсіздік күніне арналған концерт, Тұңғыш Президент күніне орай республикалық дебат, Ата-заң жастар бастамаларына қолдау кепілі дөңгелек үстел т.с.с бірнеше шаралар патриоттылықты арттыруға бағытталған. 1 жыл көлеміне өткізілген шараларға сараптама жасай келе, БҚМУ да күндізгі бөлімде 4000-нан аса студент білім алатын болса, аталған шараларды әлі де болса көбейтудің реті

бар екендігіне көз жеткізуге болады. Осыдан, мәдени-тынығу бағытындағы аудиториядан тыс шаралар арқылы жастарды патриоттылыққа тәрбиелеу, рухани құндылықтарын байыту мәселесі тәжірибелік зерттеулерді әлі де кең көлемде қажет ететіндігінің тағы бір дәлелін көруге болады.

Жастардың, әсіресе, студенттердің патриоттық сезімін арттыру бағыттары бойынша төмендегідей МТЖ формаларын өткізуді ұсынамыз:

- Әңгіме, патриоттық бағыттағы ғылыми конференциялар, сыныптық сағаттар;
- Салтанатты жиындар, «Ерлік, Отан қорғау, Ескерткіштер» т.б тақырыбында дәрістер;
- Экскурсия, ұлттық құндылықтар сақталған мұражайлар мен ескерткіштерге саяхат жасау, патриоттық тәсілдегі ойындар, тарихи мекендерге, жерлерге және соғыс ескерткіштеріне саяхат жасау;
- Шерулер, патриоттық әндер, спорттық ойындар;
- Патриоттық бағыттағы фильмдер, видеолар көру және оған түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Конкурстар, мерекелер, Викториналар;
- Рөлдерде ойнау, театрландырылған қойылымдар, жағдаяттарды шеше білу;
- жобалар жасау, модельдеу;
- ҰОС ардагерлерімен кездесулер ұйымдастыру, танымал адамдармен кездесулер ұйымдастыру;
- тест, сұрақ-жауаптар жүргізу, тренингтер өткізу;
- азаматтық-патриоттық тәрбие туралы кітаптарды презентациялау;
- әлеуметтік акциялар;
- шоу бағдарламалар, концерттік бағдарламалар;
- дебаттар, жарыстар және т.б.

Аталған бағыттар бойынша мәдени-тынығу жұмысы арқылы жастардың патриоттық сезімін арттыру үшін зерттеу жұмысымызды қарастыра келе МТЖ формаларына көңіл бөлдік.

№1 суретке назар аударыңыз:



№1 сурет.

МТЖ кез-келген формасы арқылы патриоттылыққа тәрбиелеудің жобасын жасауға болады.

- **кино, режиссура саласында** бір немесе бірнеше фильм түсіруге болады. Оның ішінде студенттер арасында жарыс ұйымдастырып, «Мен елімнің болашағымын», «Біздің университет», «Қазақтың патриоттары» т.б тақырыптарында кино немесе шағын видео ролик түсіру;

- МТЖ мамандарымен бірлесе отырып, «Менің елім», «Қазақ жастары», «Туған жер» т.с.с шоу бағдарлама, концерттер ұйымдастыру;

- студенттердің қызығушылықтарын қанағаттандырып, әсерлі көңіл күй сыйлайтын «Ел ертеңі жас ұрпақ», «Біз елімізге қалай үлес қосамыз?», «Жастарды не қызықтырады?», «Мен көшбасшымын», т.б ойын, дебат, тренингтер ұйымдастыру;

- қызықты, маңызды, патриоттылықты дәріптейтін, теартландырылған көркем қойылымдар және спорттық көңілді шаралар ұйымдастыру;

- Қазақстан Республикасында көп ескерілмей жүрген мәдени қызметкерлер күні, Отан қорғаушылар күні, Құрылысшылар күні, мұғалімдер күні т.б күндерге мерекелік, рәсімдік іс-шаралар мен акциялар ұйымдастыру;

- жастар қызығушылығына орай би кешін, демалыс кештерін ұйымдастыру. Жай ғана би емес, бір күн ұлттық әндерге, «Музарт» әндеріне, бір күн «Кешю» тобының әндеріне, бір күн «Ринго» әндеріне билейтін болса, онда қосымша қазақ топтарын танып, олардың әндерін естіп пайдалы ақпарат алар еді. Өйткені, қазіргі таңда дискотекада шет ел музыкалары ғана ойнатылады.

Аталған формалардың ішінде жастардың патриоттық сезімін арттыру бағытында **тақырыптық кештер және кездесулер арқылы** МТЖ ұйымдастыруға кеңірек тоқталдық.

Бұл форманы кеңірек қозғаудың бірден-бір себебі: жастардың қызығушылығында. Қазіргі жастар іш пыстыратын жиындар мен дәріс, жиналыстардан көрі, танымал тұлғалармен кездесуді, олармен фотосуретке түсуді, сұхбаттасуды қалайды. Жастардың бұл талап-тілектері қазіргі таңда ескерусіз қалуда. Мысалы: ҚР туын көкке көтеріп жүрген спортшылар, әншілер, әзіл – сқақшылар, жайдарманшылар, ақындар, жазушылар, суретшілер және т.б. Бір сөзбен айтқанда ісінен үлгі аларлықтай танымал бұқара халықтың көңілінен шыққан мәдениет, қоғам қайраткерлері. Бұл МТЖ формасын төмендегі тақырып бойынша жүзеге асыруға болады:

«Жарқыраған Қазақ Жұлдыздары», «Ел мақтанышы», «Танымал есімдер», «Өнер жанашыры», «Жұлдызбен жүздесу», т.б тақырыптық кеш немесе кездесу ұйымдастыру. Кездесу барысында мына әдістерді қолдануға болады: кейіпкердің өмір жолына шолу жасау, қызықты оқиға, сұхбаттасу, қазақ елі туралы өз ойын ортаға салу, ойын бағдарлама, қорытынды (шығарма, туынды, ән, би), студенттермен естелік фототүсірілім өткізу, т.с.с.

Нәтижесінде:

- жастардың рухани байлығы артады;
- танымал тұлғалар туралы толығырақ ақпарат жинайды
- болсам деп талпыну, ұмтылыс, арман мақсаттарға бағыт береді;
- өз еліне деген сүйіспеншілігі қалыптасып, патриоттылық сезімі

артады.

Егер, жоғарыда аталған МТЖ формаларының бірқатар шараларын іс-жүзінде жүзеге асырылатын болсақ, жастардың патриоттық деңгейі біз ойлағаннан әлде-қайда жоғарғы деңгейге жетеді. Зерттеп отырған мәселемізді нәтижелі жұмысқа айналдыру мақсатында болашақта МТЖ-ның бүкіл формасында дамыту жоспарлары жасалып, ізденістер мен толықтырулар енгізіледі. МТЖ арқылы жастардың патриоттық сезімін арттыру атты арнайы әдістемелік құрал жасау, жоғары деңгейде практикалық жағынан жүзеге асыру бағытында зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Әдебиеттер:

1. Ә. Дербісәлі. Жұма мінбері – «Дін және Отан». Көкжиек баспасы –2012 ж. –15 бет.
2. <http://kshg.kz/kz/content/bastauysh-synpytarda-patriotyk-trbie-berudin-ozektiligi>.
3. www.bsh.kz/news/2012-10/8/
4. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы – «Егемен Қазақстан» // 2007 ж.
5. Саяси түсіндірме сөздік – Алматы. – 2007 ж.
6. А.Н. Выричиков, М.Б. Кусмарцев – Патриотическое воспитание молодёжи в современном российском обществе. – Волгоград. – 2006 г.
7. http://vk.com/video?z=video214817648_171422462%2Falbum280506093
8. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік – Павлодар. – «ЭКО»ҒӨФ. 2006.
9. Россия в переломные периоды истории: научные проблемы и вопросы гражданско-патриотического воспитания молодежи. Сборник материалов. // 2012 г.
10. М.И.Исатаев. Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы. // Өркен. №11(837) – 2008ж.
11. Т.М. Дариева. Формирование Казахстанского патриотизма студента как коопонент воспитательной работы вуза.
12. Россия в переломные периоды истории: научные проблемы и вопросы гражданско-патриотического воспитания молодежи. – Сборник материалов // 2012г. – 282 с.
13. М.И. Исатаев. МТЖ негізгі формалары. (дәріс). – Бос уақытты ұйымдастырудың көркемдік педагогикалық әдістемесі.

Исатаев М.И. Зинелова Т.

Повышение патриотического чувства молодежи через культурно-досуговую работу

В данной статье рассматриваются методы повышения патриотического чувства у молодежи через реализацию культурно-досуговой работы.

Ключевые слова: образование, воспитание, процесс, патриотизм, этнопедагогика, культурно-досуговая работа, фильмы, шоу программы, концерт, шествие, конкурс, игры.

Issatayev M.I., Zinelova T.

Improving patriotic feelings of youth through cultural and leisure activities

This article describes how to increase the patriotic feelings of young people through the implementation of cultural and leisure activities.

Key words: education, process, patriotism, ethnopedagogics, cultural and leisure activities, films, show programmes, concert, parade, competition, games.

ӘОЖ: 517.95, 372.85

Калимбетов Б.Т. – ф.-м.ғ.д., доцент

Х.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

E-mail: bkalimbetov@mail.ru

Сапаков Д.А. – *Х.А.Ясауи атындағы ХҚТУ*

PhD докторанті


E-mail: sapakov1986@mail.ru

ӘЛСІЗ ЕРЕКШЕЛІКТІ ЯДРОЛЫ ИНТЕГРАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ ШЕШІМДЕРІ ТІЗБЕГІН ҚҰРУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Аннотация. Мақалада, ғылыми бағытындағы математик бакалаврларға сингуляр ауытқымалы Абель ядролы интегралдық теңдеулердің шешімдері тізбегін құрудың, компьютерлік математика бағдарламаларының қолданылумен интегралдық теңдеулер шешімінің мінездемелік сипаттамалық теориясын үйретудің және оқытудың әдістері қарастырылады.

Кілт сөздер: интегралдық теңдеулер, компьютерлік бағдарлама, Абель ядросы, түрлендіру, шешімдер тізбегі, оқу материалын меңгеру.

Көптеген әртүрлі интеграл теңдеулердің өзіндік ерекшелігімен бірге мағынасына орай, Абель ядролы интеграл теңдеудің де әртүрлі қолданыстарына байланысты мағыналары бар. Мысал ретінде келесі есепті



қарастырайық [1]. Материалдық нүкте (ξ, τ) – тік жазықтықта ауырлық күшінің әсерінен қайсібір қисық бойымен қозғалсын (1-сурет). Материалдық нүкте өзінің бастапқы жылдамдығынсыз ординатасы s – ге тең болған қисықтың нүктесінен бастау алып, ξ – осіне $t = f(s)$ болған уақытта жетсін делік. Мұнда $f(s)$ алдын ала берілген функция. Қозғалып бара жатқан нүкте жылдамдығының абсолютті шамасы $v = \sqrt{2g(s - \tau)}$ болады. γ арқылы көлбеу

жанаманың ξ осімен жасайтын бұрышын белгілесек, келесі дифференциалдық теңдеуге келеміз:

$$\frac{d\tau}{dt} = -\sqrt{2g(s - \tau)} \sin \gamma. \quad (1)$$

(1) теңдіктен

1-сурет

$$dt = -\frac{y(\tau) d\tau}{\sqrt{2g(s - \tau)}}$$

(2)

мұнда $y(\tau) = 1 / \sin \gamma$, теңдігін аламыз. Сонымен, (2) теңдіктен

төмендегідей

$$\int_0^s \frac{y(\tau) d\tau}{\sqrt{(s-\tau)}} = -\sqrt{2g} f(s) \quad (3)$$

интегралдық теңдеуге келеміз. (3) теңдеу әлсіз ядролы интегралдық теңдеу немесе Абель ядролы интегралдық теңдеуі. Бұндай теңдеулермен көп санды қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін алғашқы шартпен берілген есептердің шешімдерін құру барысында жиі кездесеміз. Қолданбалы бағыттағы көптеген құбылыстардың күрделі математикалық моделдермен өрнектелетінін есепке ала отырып, (3) интегралдық теңдеулердің аналитикалық немесе сандық шешімдерін құру қазіргі жағдайда, әсіресе жоғары білікті мамандарды даярлау жүйесінде өзекті мәселелердің бірі екендігін айта кету керек.

Ақпараттық технологиялардың дамуы көптеген жай немесе дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерге қойылған алғашқы немесе шекаралық есептердің шешімдерін сандық әдістер көмегінде шешуге, шешімдердің графиктерін сызуға, сонымен шешімдердің сипатын жаңа тұрғыда зерттеуге өз септігін тигізіп келе жатыр. Тағы да бір айта кететін жайт: интегралдық теңдеулерді зерттеудің әмбебап сандық әдістері дәл осы күнге дейін қалыптасқан емес. Интегралдық теңдеулердің аналитикалық әдістерменен құрылған шешімдерін заманауи компьютерлік бағдарламаларменен талдау математикалық білімнің қолданбалы негізінің дамуына әсер етеді. Болашақ математик бакалаврларды даярлау сапасының жоғарылатуын қалыптастыруда интегралдық теңдеулерді шешуді оқыту әдістері, құралдары, формалары, компьютерлік бағдарламаларын іріктеу маңызды рөл ойнайды. Интегралдық теңдеулер пәнін оқыту барысында қалыптасқан тәжірибелеріміз нәтижесінде келесі зерттеу мәселелері айқындалғанын көреміз:

- интегралдық теңдеулерді шешуді оқыту барысында ақпараттық технологиялар құралдарын, компьютерлік технологиялар бағдарламаларын қолдану мүмкіндіктерін айқындау, таңдау және «білімдегі ақпараттық технологиялар» түсінігін зерделеу;
- интегралдық теңдеулердің анықталған класстағы шешімдері үшін компьютерлік бағдарламаларды қолдану мақсатын анықтау және негіздеу;
- оқу құралдарын, формаларын, әдістерін, мазмұнын мақсатқа сәйкес анықтау, компьютерлік бағдарламаларды қолдану мен интегралдық теңдеулерді шешуді оқыту әдістері үйлесімділігін және моделін жасау;

Жоғарыдағы айқындалған мәселелерді зерттеуді алдымен келесі қолданбалы есептерді қарастырудан бастаймыз. Сингуляр ауытқымалы интегралдық теңдеуі берілген болсын:

$$\varepsilon y(t, \varepsilon) + \beta \int_0^t \frac{y(s, \varepsilon)}{(t-s)^{\alpha_n}} ds = f(t), \quad (4)$$

мұнда, $\alpha_n = 1 - 2^{-(n+1)}$, $n = 0, 1, 2, \dots$, $\beta = \text{const}$, $\varepsilon > 0$ – шексіз аз шама.

Зерттеулеріміз үйлесімді болуы үшін $y(t, \varepsilon) \in L_1[0, \infty]$, $f(t) \in C[0, \infty]$ тиісті

деп есептейік. Сонымен қатар, $\lim_{n \rightarrow \infty} \alpha_n = \lim_{n \rightarrow \infty} (1 - 2^{-(n+1)}) = 1$ екенін байқауға болады. Қарастырылып жатқан (4) интегралдық теңдеуде α_n – нің мәндері үшін әрдайым шешімдерін табуға болатынын көрсетейік.

1) $n = 0$ де (4) интегралдық теңдеу келесі

$$\varepsilon y(t, \varepsilon) + \beta \int_0^t \frac{y(s, \varepsilon)}{(t-s)^{1/2}} ds = f(t), \quad (5)$$

көрінісіне келеді. Осы (5) теңдеудегі t айнымалыны τ айнымалыға алмастырып, $\frac{1}{(t-\tau)^{1/2}}$ -ға көбейткеннен кейін 0-ден t -ға дейін τ айнымалы бойынша интегралдаймыз:

$$\varepsilon \int_0^t \frac{y(\tau, \varepsilon)}{(t-\tau)^{1/2}} d\tau + \beta \int_0^t \frac{1}{(t-\tau)^{1/2}} \left(\int_0^\tau \frac{y(s, \varepsilon)}{(\tau-s)^{1/2}} ds \right) d\tau = \int_0^t \frac{f(\tau) d\tau}{(t-\tau)^{1/2}}. \quad (6)$$

Мұнда,

$$\int_0^t \frac{1}{(t-\tau)^{1/2}} \left(\int_0^\tau \frac{y(s, \varepsilon)}{(\tau-s)^{1/2}} ds \right) d\tau = \Gamma^2(1/2) \int_0^t y(s, \varepsilon) ds,$$

екенін ескеріп, (6) теңдіктегі интегралдау айнымалысын бірдей айнымалы бойынша жазсақ,

$$\int_0^t \frac{y(s, \varepsilon)}{(t-s)^{1/2}} ds = -\frac{\beta}{\varepsilon} B\left(\frac{1}{2}, \frac{1}{2}\right) \int_0^t y(s, \varepsilon) ds + \frac{1}{\varepsilon} \int_0^t \frac{f(s) ds}{(t-s)^{1/2}} \quad (7)$$

теңдігін аламыз. Осы (7) теңдіктің оң жағын (5) теңдікке қойсақ келесі сызықты дифференциалдық теңдеуді аламыз

$$\left(\int_0^t y(s, \varepsilon) ds \right)' - \frac{\beta^2}{\varepsilon^2} B\left(\frac{1}{2}, \frac{1}{2}\right) \left(\int_0^t y(s, \varepsilon) ds \right) = \frac{1}{\varepsilon} f(t) - \frac{\beta}{\varepsilon^2} \int_0^t \frac{f(s) ds}{(t-s)^{1/2}}. \quad (8)$$

$$(8) \text{ теңдеуде } \frac{1}{\varepsilon} f(t) - \frac{\beta}{\varepsilon^2} \int_0^t \frac{f(s) ds}{(t-s)^{1/2}} = f_1(t), \quad \frac{\beta^2}{\varepsilon^2} B\left(\frac{1}{2}, \frac{1}{2}\right) = \beta_1 \text{ белгілеуін}$$

енгізіп, интегралдасақ төмендегідей теңдікті аламыз:

$$\int_0^t y(s, \varepsilon) ds = e^{\beta_1 t} \left(\int_0^t f_1(s) e^{-\beta_1 s} ds + C \right). \quad (9)$$

(9) теңдеудің екі жағын t бойынша дифференциалдасақ,

$$y(t, \varepsilon) = \beta_1 e^{\beta_1 t} \int_0^t f_1(s) e^{-\beta_1 s} ds + f_1(t), \quad (10)$$

түріндегі (5) интегралдық теңдеудің шешімін аламыз. Алғашқы белгілеулерді орнына қойып, соңғы шешімді төмендегідей жазамыз, яғни

$$y(t, \varepsilon) = \frac{\beta^2}{\varepsilon^2} B_{1/2} e^{\frac{\beta^2}{\varepsilon^2} B_{1/2} t} \int_0^t \left(\frac{1}{\varepsilon} f(s) - \frac{\beta}{\varepsilon^2} \int_0^s \frac{f(\tau) d\tau}{(s-\tau)^{1/2}} \right) e^{-\frac{\beta^2}{\varepsilon^2} B_{1/2} s} ds + \\ + \frac{1}{\varepsilon} f(t) - \frac{\beta}{\varepsilon^2} \int_0^t \frac{f(s) ds}{(t-s)^{1/2}}. \quad (11)$$

Maple компьютерлік бағдарламасында (11) функциясының $f(t) = 1, \beta, \varepsilon = 1$ мәндерінде $t = 2$ нүктеде (5) теңдеуді қанағаттандыратынын көруге болады (2-сурет).

2) $n = 1$ болсын. Онда (4) интегралдық теңдеу келесі

$$\varepsilon y(t, \varepsilon) + \beta \int_0^t \frac{y(s, \varepsilon)}{(t-s)^{3/4}} ds = f(t) \quad (12)$$

көрінісіне келеді. Сонымен қатар (12) интегралдық теңдеуде $t = 0$ де $\varepsilon y(0, \varepsilon) = f(0)$ шартының орындалатынын байқаймыз. Осы (12) теңдеудегі t айнымалыны τ ға алмастырып, $\frac{1}{(t-\tau)^{3/4}}$ -ке көбейткеннен кейін 0-ден t -ға дейін τ айнымалы бойынша интегралдаймыз:

$$\varepsilon \int_0^t \frac{y(\tau, \varepsilon)}{(t-\tau)^{3/4}} d\tau + \beta \int_0^t \frac{1}{(t-\tau)^{3/4}} \left(\int_0^\tau \frac{y(s, \varepsilon)}{(\tau-s)^{3/4}} ds \right) d\tau = \int_0^t \frac{f(\tau) d\tau}{(t-\tau)^{3/4}}. \quad (13)$$

Мұнда,

$$\int_0^t \frac{1}{(t-\tau)^{3/4}} \left(\int_0^\tau \frac{y(s, \varepsilon)}{(\tau-s)^{3/4}} ds \right) d\tau = B(1/4, 1/4) \int_0^t \frac{y(s, \varepsilon) ds}{(t-s)^{1/2}},$$

екенін ескеріп, (13) теңдіктегі интегралдау айнымалысын бірдей айнымалыға келтіріп жазсақ,

$$\int_0^t \frac{y(s, \varepsilon)}{(t-s)^{3/4}} ds = -\frac{\beta B(1/4, 1/4)}{\varepsilon} \int_0^t \frac{y(s, \varepsilon) ds}{(t-s)^{1/2}} + \frac{1}{\varepsilon} \int_0^t \frac{f(s) ds}{(t-s)^{3/4}} \quad (14)$$

теңдігін аламыз. (14) теңдіктің оң жағын (13) теңдікке қойсақ

$$\varepsilon y(t, \varepsilon) + \frac{\beta^2 B(1/4, 1/4)}{-\varepsilon} \int_0^t \frac{y(s, \varepsilon) ds}{(t-s)^{1/2}} = f(t) - \frac{\beta}{\varepsilon} \int_0^t \frac{f(s) ds}{(t-s)^{3/4}} \quad (15)$$

теңдеуін

аламыз.

(15)

теңдеуде

$$\frac{\beta^2 B(1/4, 1/4)}{-\varepsilon} = \beta_2, \quad f(t) - \frac{\beta}{\varepsilon} \int_0^t \frac{f(s) ds}{(t-s)^{3/4}} = f_2(t) \text{ белгілеуін енгізсек,} \quad (5)$$

теңдеуге эквивалент

$$\varepsilon y(t, \varepsilon) + \beta_2 \int_0^t \frac{y(s, \varepsilon)}{(t-s)^{1/2}} ds = f_2(t) \quad (16)$$

теңдеуді табамыз. (16) теңдеудің шешімін


$$y(t, \varepsilon) = \frac{\beta_2^2}{\varepsilon^2} B_{1/2} e^{\frac{\beta_2^2}{\varepsilon^2} B_{1/2} t} \int_0^t \left(\frac{f_2(s)}{\varepsilon} - \frac{\beta_2}{\varepsilon^2} \int_0^s \frac{f_2(\tau) d\tau}{(t-\tau)^{1/2}} \right) e^{-\frac{\beta_2^2}{\varepsilon^2} B_{1/2} s} ds +$$

$$+ \frac{f_2(t)}{\varepsilon} - \frac{\beta_2}{\varepsilon^2} \int_0^t \frac{f_2(s) ds}{(t-s)^{1/2}} \quad (17)$$


көрінісінде анықтауға болады.

Осы алгоритмнен пайдалана отырып, $n = 2, 3, \dots$, мәндеріне сәйкес шешімдер тізбегін табуға болатынын, сонымен шешімдер тізбегінің ядролары n – нің үлкен мәндерінде $\lim_{n \rightarrow \infty} K_{\alpha_n}(t, s) = \frac{1}{(t-s)}$ ядросына ұмтылуын дәлелдесе болады.

Maple компьютерлік бағдарламасында (17) функциясының $f(t) = 1$, $\beta, \varepsilon = 1$ болған жағдайда $t = 2$ нүктедегі мәні (12) теңдеуді қанағаттандыруың көру мүмкін (3-сурет). Компьютерлік есептеу барысында функциялар мен оларға қолданылатын амалдардың күрделілігі мен көлемі ұлғайған сайын қателіктің де жоғары болатынын ескерген жөн [2].



2-сурет



3-сурет

(4) интегралдық теңдеуге сәйкес

$$y(t, \varepsilon) + \int_0^t \frac{y(s, \varepsilon)}{(t-s)^{\alpha_n}} ds = f(t)$$

интегралдық теңдеу үшін $(0;1)$ интервалда α_n рационал және кез келген нақты сан болғандағы шешімдері әдебиеттерде келтірілген. [3-5]

Қорытындылай келе интегралдық теңдеулердің шешімдерін оқытуға қатысты келесідей тұжырымдама жасауға болады: интегралдық теңдеулердің аналитикалық шешімін құру барысында айнымалыларды дұрыс өрнектеу маңызды рөл ойнайды; аналитикалық шешімнің компьютерлік бағдарламаларды қолдану нәтижесінде құрылған графиктері оның сипатамалық мінездемесін жан-жақты зерттеуде, қажетті қорытынды жасауда үлкен қызмет атқарады; интегралдық теңдеулер пәнін

толыққанды игеруге үлкен әсер етеді; пәнаралық байланыстарын дамытуға, сонымен болашақ математик бакалаврлардың математикалық дүниетанымының кеңейуіне өз септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Михлин С. Г. Лекции по линейным интегральным уравнениям. – Ленинград: Физматгиз, 1959. – 232 с.
2. Дьяконов В.П. Математическая система Maple V R3/R4/R5. – М.: Солон, 1998. – 397 с.
3. Brakhage H., Nickel K., Rieder P. Auflösung der Abelschen Integralgleichung. Art. – ZAMP, V. 16, 1965. – 295-298 pp.
4. Смирнов В.И. Курс высшей математики. Том 4, часть 1. – М.: Наука, 1974. – 155-156 с.
5. Полянин А.Д., Манжиров А. В. Справочник по интегральным уравнениям: Точные решения. – М.: «Факториал», 1998. – 432 с.

Калимбетов Б.Т., Сапаков Д.А.

**Методические основы построения последовательностей решения
интегральных уравнений
со слабыми особенностями ядра**

В статье обсуждаются вопросы построения последовательностей решений сингулярно возмущенных интегральных уравнений с Абелевым ядром, изучение качественной теории поведения решений интегральных уравнений с использованием компьютерной математической программы и методика их обучения для математиков бакалавров научного направления.

Ключевые слова: интегральные уравнения, компьютерная программа, Абелево ядро, преобразование, последовательность решений, усвоения учебного материала.

Kalimbetov B.T., Sapakov D.A.

**Methodical bases of construction of a sequence solutions of integral equations
with a weak singularity kernel**

The article discusses issues the construction of sequences of solutions of singularly perturbed integral equations with Abelian kernel, studying the qualitative theory of the behavior of solutions of integral equations with the use of computer mathematical programs and the a technique of their training for mathematicians of bachelors science directions.

Keywords: integral equations, a computer program, Abelian kernel, transformation, sequence of solutions, assimilation of the teaching material.

ӘОЖ: 371Б29

Бахтиярова Г.Р. – п.ғ.к., доцент
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
E-mail: aibol04@mail.ru

**ХАНДЫҚ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ ЖЫРШЫ-ЖЫРАУЛАРЫ
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАМЕН
ҮНДЕСТІГІ**

Аннотация: Мақалада халықтық тәрбие тарихында айрықша орын алатын және өзіндік тарихи қалыптасқан дәстүрлі педагогикалық мәдениетімізді танытатын қазақ хандығы дәуіріндегі жыршы-жыраулар толғауларының халықтық педагогикамен үндестігі, сабақтастығы жан-жақты талданып, тұжырымдалады. Жыршы-жыраулар шығармаларының танымдық-тәрбиелік рөлі айқындалып, сөз етіледі.

Кілт сөздер: халық педагогикасы, этнопедагогика, дәстүрлі педагогикалық мәдениет, халықтық тәрбие.

Мақала егеменді Қазақстан тарихында айрықша орын алатын қазақ хандығының 550 жылдық тарихи тойына арналған іс-шаралар аясында жазылды.

Егеменді Қазақстанның мемлекеттілік тұғырының нығаюы мен бүкіл әлем алдында саяси-экономикалық беделінің өсуі Республикамыздың халықаралық аренадағы саяси-мәдени рөлін арттырып, бұрынғыдан да айқындап отыр. Бүкіл дүниежүзі алдында қазақ мемлекеті өзінің дербестігімен және әртүрлі халықаралық саясаттағы рөлімен ғана емес, бай, әрі терең тамырлы тарихи, рухани-мәдени мұрасымен көзге түсуде.

Үстіміздегі жылы елімізде президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен мемлекеттік және халықаралық деңгейде қазақ хандығы құрылуының *550 жылдық тарихи тойын* атап өту аясында бірқатар игі іс-шаралар атқарылып жатыр. Осы орайда қазақстандық педагогика ғылымының өкілдері де 550 жылдық тарихы бар қазақ жыршы-жырауларының терең тағылымдық-тәрбиелік мұраларын қайта саралап, этнопедагогикалық тұрғыдан талдап, тұжырымдауға талпынуда.

Ел тарихындағы бұл қазақ хандығының құрылуы ұзаққа созылған этно-мәдени, рухани және саяси дамулардың нәтижесінде жүзеге асқан тарихи күрделі процесс. Сондықтан да бұл кезеңнің өкілдері болған қазақ жыршы-жырауларының толғауларының мазмұны зор саяси-қоғамдық, рухани-мәдени және әлеуметтік-педагогикалық мәнге ие.

Адамзат дамуының барлық кезеңдерінде де әрбір ұлттың төл мәдениеті ұрпақтар сабақтастығының қайнар бұлағынан нәр ала отырып, өзінің өркениеттік мәдени тәжірибелерін дәстүр жалғастығы заңдылықтарына сай дамыта білген. Бұл табиғи өмірдің басты заңдылығы болып табылады, ұлттық мәдениеттің өресі дәстүрлілік сарын мен жаңашылдықтың өзара үйлесім тапқанында ғана биік болады [1, 12 б.].

Тарихи-мәдени даму барысында қалыптасқан қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті бүгінгі ғылыми педагогикамен үйлесім тауып байланыспайынша, ұрпақ тәрбиесінің нәтижелі, оның болашағының айқын болуы күмән туғызады. Осы ретте терең тамырлы өз халқымызға тән дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің қалыптасып, даму тарихында ғылымда XIV-XV ғасырлардан бастау алатын ***қазақ хандығы тұсындағы есімдері дала ұстаздары ретінде танылған жыршы-жыраулар шығармашылығының*** алар орны ерекше.

Қазақ халқы тарихында алғаш рет елдікке қол жеткізіп, XV ғасырдың орта тұсында, яки 1456 жылы Шу бойында іргетасы қаланған Қазақ

хандығының үш ғасыр бойғы тыныс-тіршілігінің (XV-XVIII ғғ.) рухани өміріне дем беруші қазақ жыршы-жыраулары мен би-шешендерінің тәлім-тәрбиелік мұрасын зерттеп, туған еліміздің педагогика тарихын тану бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің көкейкесті мәселесінің бірі. Бұл орайда Қазақстан тарихы мен рухани мәдениетінде өзіндік із қалдырған даламыздың ғұламалары атанған ақын, жыршы-жырауларымыз бен би-шешендеріміздің өмірі мен шығармашылығы жөнінде мол деректер беретін танымал Қазақстан *философтарының* (Ж.А.Алтаев, Ғ.Есімов, А.Қ.Қасабек, М.С.Орынбеков т.б.), *тарихшыларының* (М.Х.Әбусейтова, К.М.Байпақов, С.Ж.Жолдасбайұлы, М.Қани, М.Қ.Қозыбаев, Ә.Х.Марғұлан, Х.Маданов т.б.), *әдебиетшілерінің* (Б.Адамбаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Мағауин, М.Байділдаев, С.Негимов, Ж.Дәдебаев т.б.), *педагогтарының* (Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Т.М.Әлсатов, Г.Р.Бахтиярова және т.б.) ғылыми еңбектері халықтық рухани мұраларымызды танымдық-тәрбиелік тұрғыдан талдап, зерделеуге зор мүмкіндіктер береді.

Қазақ халқының саяси-тарихи, мәдени-рухани дамып, қалыптасуына айрықша үлес қосқан XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген дала ұстаздары – ақын, жыршы-жырауларымыз: *Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Бұқар, Шал, Әнет және т.б.* көптеген бабаларымыз болды. Түрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген дана ойшылдар, «ел басқарған би-шешендер, ақындар, жыршы-жыраулар ел ішінде ой түйіп, әділ төрелік айтумен бірге бүкіл халықтың болашақ ұрпағын тәрбиелеуде теңдесіз қызмет атқарумен қадірменді саналған» [2, 37 б.].

Қазақ сөз өнерінің иелері атанған ақын-шешендер мен жыршы-жыраулардың қалдырған әдеби мұрасы ата-бабалардан жеткен тарихи қалыптасқан халықтық педагогикалық мәдениеттің айқын көрінісі, ол бүгінде жас ұрпақ үшін өткен тарихтың шынайы бейнесін танытатын рухани қазына, әрі таптырмас тәрбие құралы.

Көрнекті түрколог-ғалым В.В. Радлов қазақ тілінің тазалығы туралы айта келіп, «... қазақтар басқа тайпаларынан суырып салып айтуға ұста, шешендігімен ерекшеленеді» - деп, халқымыздың сөзге шешен, қажетті жерінде сөз тауып айта білетін ой жүйріктігімен ерекшеленетін өнерін жоғары бағалаған болатын [3, 30 б.].

Ұрпақ тәрбиесі жөнінде өнегелі сөз айтып, қазақ халық педагогикасының мазмұнын байытқан *Асан қайғы, Шалкиіз, Доспанбет, Жиёмбет, Марғасқа, Бұқар, Қазтуған, Ақтамберді, Шал, Әнет және т.б.* поэзия тіліндегі толғаулары, қанатты сөздері танымдық маңызымен қатар, тарихи, мәдени, рухани, адамгершілік, эстетикалық, отаншылдық, патриоттық тәрбиелік мәнімен де аса құнды. Аузы дуалы жыраулар мен шешен, билер елге басшылық етіп, ақыл-кеңесші болумен бірге, өз шығармаларында сол дәуірдегі халықтың ауыр тұрмыс жағдайын, ел мұңын, азаттық үшін болған қанды майдан көрінісін, ерлердің ерлігі мен қаһармандығын арқау етіп, тарих шындығын өз жырларына қосты. Олар өз шығармаларында халықты өнегелі сөздерімен, жыр толғауларымен ынтымағы жарасқан ел болуға, береке-бірлікке шақырып, елі мен жерінің тұтастығын сақтауға ықпал етті. Қоғамдық өмір сахнасынан көкейкесті ойлар айтып, ел ұйытқысына айналды. *Олар өз шығармаларында халыққа тән*

адалдық, патриотизм, гуманизм, еңбек сүйгіштік, мейірімділік, достыққа деген беріктілік, өз жауына деген қаталдық, батылдық секілді қасиеттерді жан-жақты жырлады.

Жыршы-жыраулар шығармашылығы тарихтағы түркі тектес көшпелі тайпалардың этникалық топтарға жіктеліп, қазақтардың халық болып қалыптасуымен, XV ғасырдың орта тұсында қазақ хандығының құрылуымен, оның рухани кескін-келбеті, әлем таныған дәстүрлі мәдениетінің өркендеп, дамуы секілді қоғамдық жағдайлармен тығыз байланыста өмір сүрді. Осы тарихи кезеңде халық ішінде сөз өнерінің қадір-қасиеті айрықша артты. Қарапайым халық сөз өнеріндегі тапқырлық пен ұтымдылықты, білгірлікті бағалайтын болды. Халық арасынан небір жезтаңдай ақындар мен жыршы-жыраулар шықты. Осылайша қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті, рухани тыныс-тіршілігінің өзіндік сипаты айқындалып, тұлғалана түсті. Әсіресе **тіл** әрбір халықтың ерте кездерден бергі өсіп-өркендеуінің, дамуының, тұтастай дерлік болмысының көрінісі екендігін ескерсек, сол тілдің арғы жағында халықтың тыныс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, тарихы тұрады. ***Тілсіз мәдениет те жоқ. Тіпті халықтың тектілігін танытатын да осы қасиетті ана тілі*** емес пе? Әр халықтың болмысын, арман-мұратын, болашағын бейнелейтін де тіл болып табылады.

Бұл орайда **қазақ ауыз әдебиеті** белгілі бір кезеңнің өмір оқиғаларын, халық басынан өткерген түрлі тарихи-саяси, мәдени жағдайларды көркемсөз арқылы баяндап бере білген. Қазақ тарихында XV- XVIII ғасырларда халық ішінен шығып, қазақ ауыз әдебиетінің абыройын тасытып, ұлттық педагогикалық мәдениетімізді жоғары дәрежеге көтерген ақындар, жыраулар аз болмаған.

Қазақ жыршы-жырауларының көш басшысы ретінде есімі танымал **Асан қайғы** халық ішінен шыққан кемеңгер дала философы, дана ой иесі. Ол жұрт қамын жеп өткен дана, батагөй, кемеңгер кісі. Өзінің ұзақ жасында бір күлмей, халықтың қамын көп ойлап, уайым жеп өткендіктен, «Асан қайғы» атанған екен. Асан қайғының Қорқыт сияқты елге үлгі ретінде айтқан нақыл сөздері өте көп, ол фәлсафалық ойлар елге күш қуат берген - деп жазады танымал әдебиеттанушы ғалым Ә. Марғұлан [4, 146 б.].

Оның жыр-толғауларынан танымдық-тәрбиелік мәні терең қанатты сөздерді, тағылымдық ой-пікірлерді көптеп кездестіруге болады. Асан қайғы өз толғаулары арқылы бірде:

Арғымаққа міндім деп,	Ғылымым жұрттан асты деп,
Артқы топтан адаспа.	Кеңессіз сөз бастама.
Күнінде өзім болдым деп,	Жеңемін деп біреуді
Кең пейілге таласпа.	Өтірік сөзбен қостама [5, 25

б.], -

деп, жас ұрпаққа көптен қол үзбеу керектігін ескертіп, қатарымның алдымын деп асқақтық жасамау, асып-таспау, өз ортаңда қадіріңді арттыру үшін ибалы мінез көрсетіп, асылық сөз айтпау, әрдайым сабырлы, ұстамды болу жөнінде ақыл-кеңес берсе, енді бірде:

Таза мінсіз асыл тас	Су түбінде жатқан тас –
Су түбінде жатады,	Жел толқытса шығады,
Таза мінсіз асыл сөз	Ой түбінде жатқан сөз –

Ой түбінде жатады.

Шер толқытса шығады...

- деп, адамның жан-дүниесінің тазалығы мен шынайылығы, сезім сұлулығы туралы бейнелі, табиғат құбылысымен астарласып жатқан терең философиялық ой айтады [5, 133-134 б.].

Шығармаларында жақсылық пен жамандықтың ара жігін ашып көрсетуге талпынған жырау кейінгі ұрпағының өзара адал ниетті дос болып, тату-тәтті өмір сүргенін қалайды. Бұл орайда жырау өз ой-арманын жырға былай деп қосады:

Еділ бол да Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те, қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа [5, 16 б.].

Асан қайғының адамдар арасындағы ізгі қарым-қатынасты, ынтымақ-бірлікті, этика нормаларын арқау еткен патриоттық сарындағы мұндай толғаулары елді бітім мен сыйластыққа үндейді.

Асан қайғыдан бастау алатын жыраулық дәстүрді жалғастырушылардың бірі – Еділ бойын мекендеген түркілердің ру көсемі, әскербасы, батыр, жыраулық өнерде үлкен орны бар **Қазтуған** жыраудың халық педагогикасымен үндес толғауларының жас ұрпақ үшін бүгінде тағылымдық-тәрбиелік маңызы зор.

Жырау:

Азамат ердің баласы
Жабыққанын білдірмес,
Жамандар мазақ қылар деп!-

жырлай отырып, ол өз өлеңінде қазақ ерлерінің азаматтық тұлғасын оларға тән қайраттылық пен шыдамдылық, намысқойлық, қайсарлық қасиеттері арқылы көрсетуге талпына отырып, кейінгі жастарға үлгі етеді [6, 29 б.].

Қазтуған жыраудың толғауларында көркем, бейнелі тенеулер арқылы суреттелетін туған жердің сұлу табиғат көріністері тыңдаушы жүрегін толқытып, туған елге деген аялы сезімдерін оятады.

Алаң да, алаң, алаң жұрт,	Қарғадай мынау Қазтуған батыр
туған жұрт	
Ақала ордам қонған жұрт,	Кіндігімді кескен жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш	Кір-қоңымды жуған жұрт,
Күйеу болып барған жұрт,	Қарағайдан сабақ бұдырып,
Анамыз біздің Бозтуған	Қылшанымды сары жүн оққа

толтырып,

Келіншек болып түскен жұрт, Жанға сақтау болған жұрт,-

деген өлеңінде ақын атамекен, туған жеріне, ата-анасына деген перзенттік махаббатын терең сезіммен, ерекше жүрекжарды тоғаныспен жырлайды [5, 29 б.].

Қазтуғанның бұл тоғауы бүгінде тыңдаушысына кіндік қаны тамып, туып-өскен ел мен жерін сүйіп, ардақтаудың шынайы үлгісіндей әсер қалдырады.

Көне дәуірдегі қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілі – *Шалкиіз* жырау шамамен 1465 – 1560 жылдары өмір сүрген.

Жыраудың ақындық өнері туралы қазақ әдебиетінің өкілі М. Мағауиннің айтуынша «Жырау туындылары көңіл пернесін дөп басар әсерлілігімен, кезегенін орып түсер өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемдігі, асау серпімді қуатымен ерекшеленеді. Жыраудың ғасырлар көгінен өтіп, біздің дәуірге жеткен шағын көлемді, шымыр толғауларынан көне заман таңбасы – тұз тұрғынының дүние танымы, адамдық табиғаты, мінез ерекшеліктері, моральдық, этикалық қағидалары айқын аңғарылады» [6, 8-9 б.].

Жырау өз толғауларында адам бойында кездесетін мақтаншақтық, қорқақтық сияқты түрлі жағымсыз қасиеттерді, ел басқарып отырған мықтылардың қарапайым халыққа көрсетіп отырған озбыр мінез-құлықтарын батыл сынап, мінейді. Қазақ батырларының ерліктері мен отансүйгіштік қасиеттерін дәріптеп, жырға қосады.

Ақылсыз достыдан
Ақылды дұшпан артық-ты...
Жаманға сырынды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда
Сол жаман айғақ болар басына... [6, 38-39 б.].

Жақсының жақсылығы сол болар-
Жаманменен бас қосып,
Сөйлемекке ар ертер;
Жаманның жамандығы сол болар-
Сөйлесе дәйім бетін қара етер,-
деп толғайды жырау өз шығармаларында [7, 22 б.].

Бұл жыр жолдарынан жолдас пен достың жақсы мен жаманын айыра білу керек, басыңа іс түскенде жаман достың жолда қалдыруы мүмкін, жақсы адам кез-келген адамға сырын ашпайды, әр сөздің өз тыңдаушысы болғаны жөн деген ой аңғарылады. Көне заман шындығын, халықтың дүниетанымын, адамның мінез-құлық, табиғи ерекшеліктерін, моральдық қағидаларын бейнелейтін жырау туындылары аз сөзге көп мағына сыйғызған нақты ой тереңдігімен, әсерлілігімен, сазды әуезділігімен оқырманына ерекше әсер етіп, ойға қалдырады. «Әлін білмеген әлек» деген халық мақалымен астарлас мына бір шумақтарында жырау:

Бар күшінді сынамай,
Балуандармен күреспе,
Таң боларсың әлемге,
Сөз боларсың күлемге,-

деп, әр адамның өз орнын, әлін біліп, өмірде соған орай әрекет етуі керектігін мегзеп, өзгелердің алдында ұятқа қалмауды ескертеді [5, 38 б.].

... Атаның ұлы ерлерге
Малынды бер де басың қос,
Басыңды қос та бек сыйлас,
Күндердің күні болғанда
Басың жауда қалар ма!-

деген жырау толғаулары кейінгі жастарға қай заманда болмасын ел ішінде ауызбіршіліктің болуын, туыстық қарым-қатынастың сақталуын, сыйластықтың болуын ескертіп, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген ынтымақтастыққа шақыратын халықтық қағидамен үндеседі.

Жыраулық дәстүрдің тағы бір ірі өкілі – *ерлігімен, ақылымен көпке танылған Ақтамберді жырау* шығармашылығының қазақ халқының педагогикалық мәдениетінен алар орны ерекше. Ақтамберді Сарыұлы 1675-1768 жылдары өмір сүрген жырау, қолбасы, дипломат. Небары 17 жасынан бастап қазақтардың Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстарына қатысып, нағыз ерлік таныта білген жырау өзінің жалынды жырларымен ел тәуелсіздігін аңсап, ерлерді ерлікке шақырады.

Ақтамберді толғаулары жастарды елін-жерін сүйуге, ерлікке, батылдыққа үндеп, ұлттық рухты оятатын жалынды күшке ие. Бұл орайда жырау:

Ел шетіне жау келсе,
Алдына сірә дау келсе,
Батырсынған жігіттің
Күшін сонда сынаса! -

деп нағыз батырлықтың, ер жігіттің сыналар сәті елін, туған жерін жаулардан қорғаудағы көрсеткен ерлігінде екендігін сөз ете отырып, жастарды өз елінің нағыз ұлтжанды патриоты болуға үндейді [6, 60 б.].

Сондай-ақ Ақтамберді жырау шығармашылығы бүгінгі жас ұрпақты бірлікке, жолдастыққа, үлкенді, ата-ананы құрметтеуге, білімді, тәрбиелі болуға шақыруымен де құнды. «Тірліктің күші бірлікте», «Байлық байлық емес, бірлік байлық» деген ата-бабалар тағылымымен үндестік тауып жатқан жыраудың өмірдің мәні береке-бірлікте деген ойлары оның жырларынан айрықша орын алады. Кейінгі жастарға:

Бірлігіңнен айрылма,	Қылмасын жұрт келеке,
Бірлікте бар қасиет.	Араз болсаң алты ауыз
Татулық болар береке,	Еліңе кірген әреке... -

деп бірлігі жарасқан туыстық қатынасты, ел ішіндегі ауызбіршілікті сақтау туралы терең философиялық ой толғайды [7, 146-147 б.].

Ал, ұрпағының білімді болуын армандаған жырау бірде:

Білімді туған жақсылар
Аз да болса көппен тең -
десе, енді бірде:
Білімді туған жақсыға
Залал қылмас мың қарға,
Жаман туған жігітке
Рақатты күн бар ма -

деп, жақсы азамат болудың шарты білікте, білімділікте екендігін

ескертеді [7, 146-147 б.]. Ақтамберді шығармашылығының негізгі идеясы адам өмірдегі өз бағы үшін күресуі тиіс, ал ол үшін адамға рухани қуат, білім, талаптылық, талпыныс, керектігін айтқан ақынның: «Әркім өзі талпынбақ, Басына бітер бағы үшін», - деген тұжырымы бүгінгі қоғамдағы жастарға да мақсатты еңбек пен тынымсыз тірлік, жан-жақты, терең білім арқылы ғана бақытқа қол жеткізуге болатындығын ескертіп тұрғандай.

Тәлім-тәрбиелік, терең танымдық ойларға ие жыраулар поэзиясының дамып, өркендеуіне үлкен үлес қосқан, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі – **Бұқар жырау** шығармашылығына да тән.

Бұқар жырау өз толғауларына елдің ынтымақ-бірлігін, халық мүддесін арқау етіп, туған елге, Отанға деген сүйіспеншілікті патриоттық сезіммен асқақтата жырлайды. Жырау шығармаларында жеткіншек ұрпақты ең алдымен адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі. Жастарға жақсылық пен жамандықтың ара-жігін айырып берумен бірге, адамның әр жас белесіндегі қабілет-қарымын, мүмкіндігін саралайды, әсіресе, жастық шақта барынша кимылдап, өнерге ұмтылып, жақсы, игі қасиеттерді бойға сіңіруге талпынып қалу қажеттігін айтады.

... Ағайынның аразы

Елдің сәнін кетіреді,

Абысынның аразы

Ауыл сәнін кетіреді. –

деп келетін толғау шумақтарында елдің тату-тәтті, берекелі өмір сүруі, ағайын, туған-туыс арасындағы сыйластық түсіністікке байланысты, сондықтан әрқашан ынтымақшыл, ұйымшыл болған жөн деген кеңес береді [8, 36 б.].

Жырау:

Ер жігітке жарасар

Қолына алған найзасы,

Би жігітке жарасар

Халқына тиген пайдасы...-

деп, елінің қамын ойлау, халқына бас болып, жерін қорғау, халық игілігі үшін еңбек ету әр азаматтың әр-азаматтың парызы екенін ескерте отырып, әрі қарай:

Қызда қылық болмаса,

Құр шырайдан не пайда;

Ерге дәулет бітпесе,

Шүлдіреген қызыл тілден не пайда, -

деген өлең жолдары арқылы тәрбиелі, өнегелі қыз бен ер жігіттің сыр-сипаты туралы ерекше көзқарасын білдіреді [5, 88-89 б.].

Қыз бала сыртқы сұлулығымен ғана емес, ақылымен, қылығымен, тәрбиелілігімен көрікті атанады, құрғақ сөзге әуес, ештеңе тындырмаған, еліне, өзіне пайда келтірмеген ерден де еш қайыр жоқ деген ой айтады.

Жыраудың дүниетанымдық көзқарастағы шығармаларының ішінен «*Бірінші тілек тілеңіз*» атты толғауын ерекше атап айтуға болады. Он бір тілектен тұратын бұл жырда Бұқар тыныштық, адамгершілік, адалдық, тазалық, мұсылмандық парызды орындау мәселелерін сөз ете отырып, өз дәуіріндегі адамдардың ой-тілегі мен арман-мұратын жинақтап көрсетуге

талпынған.

Аллаға адал болуды, құдай жолын ұстануды жырау мұсылмандардың басты парызы деп түсіндіреді. Бұдан тек аллаға сеніп, сиынған пенденің ғана тілегі қабыл болады деген тұжырымды аңғаруға болады. Бұқар ұсынған игі тілектердің алғашқылары ислам дінінің шарттары мен қағидаларын орындауға:

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір аллаға жазбасқа...
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытта бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа;
келесісі тыныш, бейбіт өмірді сақтап, елін, жерін қорғауға:
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз,
Төреңіз тақтан таймасқа;
енді бірі өмір түйіні – адамгершілік асыл қасиеттерге:
Екінші тілек тілеңіз,
Ер шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа –
арналған.

Қалған жеті тілек отбасы амандығынан бастап, ел тыныштығын, бейбіт өмірді аңсап, армандау ниетімен, ата-ананы сыйлау, әсіресе әйел-ананы қастерлеу қағидаларымен астасып жатыр. Сол сияқты, жырау бұл толғауында жеке адам өз тағдырын ел бірлігімен, халық тағдырымен тығыз байланыстырғанда ғана ырыс-бақытқа қол жеткізеді деген ой қорытады. Сонымен, Бұқар шығармаларының басым көпшілігін құрайтын насихат түріндегі толғауларында адамгершілік мәселелері – адамды ізгілікке, бауырмалдыққа, адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу кеңінен уағыздалады.

«Тегінде жырау ақын емес, ол толғау айтатын ақылшы, қиыншылық үстінде халық ортасына шығып қамқор сөздер сөйлейтін данышпан ойшыл адам. Ол ерте кезде ұлыс ордасында отырып ақыл, кеңес беретін әрі тәрбиеші, әрі ұстаз, әрі сәуегей, ұлы ойдың иесі.

Жыраулар әр заман халықты сарқылмас ойға, адамшылық қасиетке, игі істерге, жаратылысты білуге шақырады. Осыған орай олардың шығармаларында халыққа арнап айтатын тәрбиелік ойлар, терең ақылдар өзінің келісті сұлу түрінде төгіліп, сай суындай ағылып, тасқындап отырады. Олардың түбегейлі ойы халыққа үлгі беретін нақыл сөздер, әдемі ойлар.

Жыраулардың келістіре айтатыны ел басқарған кеменгер адамдардың ерекше жаралған сипаты, ел қорғаған алып ерлердің жұрттан асқан ерекшелігі, олардың өзіне хас жойқын суреттері; халықтың саяси, мәдени, шаруашылық тіршілігі, елді бейбітшілік бірлікке, ерлікке баулу, көрші елмен достықты ардақтау; ел басқарған адамдарға кеңес беріп, татулықты мұрас ету. Бұл толғау әсіресе Сыпыра жыраудың Тоқтамысқа, Бұхар жыраудың Абылайға айтқан өсиет сөздерінен осыны анық көруге болады» - деп,

Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр аңыздар» атты еңбегінде қазақтың жыраулық өнеріне, терең мағыналы, мазмұнды жоғары баға береді [4, 146-147 б.].

Бүгінде біз қазақ ақын, жырауларының тағылымдық ойларына талдау беру барысында, есімдері педагогикалық зерттеулерде көп айтылмай жүрген сөз зергерлері, тарихи тұлғалар туралы да айта кетуді жөн көрдік. Мәселен, бұл орайда ұрпақ тәрбиесі жөнінде өнегелі сөз айтып, қазақ халық педагогикасының мазмұнын байытушы жоғарыда есімдері аталған дала ұстаздарының қатарында **Бөлтірік Әлменұлының** (1771-1853ж.) поэзия тіліндегі толғаулары, қанатты сөздері танымдық маңызымен қатар, тарихи, әдеби, мәдени, эстетикалық, отаншылдық, патриоттық мәнімен де аса құнды деп білеміз.

Қазақ халқының ақындық өнерінің даму тарихында орны ерекше, шығармашылығы этнопедагогикалық зерттеулерде жете қарастырылмай жүрген Бөлтірік шешен сөз иірімдерінің өзі тұнып тұрған тәлім-тәрбие көзі деуге болады.

Әрі ақын, әрі сөзге шешен, әрі батыр бабамыз Бөлтірік Әлменұлының шешендік толғауларына зер салып, үңілетін болсақ ар мен ождан, әдеп пен әдет, дәстүр мен салт, ел мен жер, жақсы мен жаман туралы халықтық таным ерекшеліктерін аңғартатын ғибратты ойларды көп кездестіреміз.

Мәселен Бөлтірік шешен мына бір сөзінде:

Саңылауы жоқпен	Тілегі жаманмен
Сабақтас болма.	Қапаға түспе.
Байлауы жоқпен	Тегі жаманмен
Санаттас болма.	Ортаға түспе [10, 99 б.]-

деп баланың қандай ортада, қандай адаммен жолдас болуын, әр басқан қадамды ақыл безбенімен таразылау қажеттігін айтса, енді бірде:

Ақылсыз адым баспайсың,
Ақылыңа сай талабың болмаса.
Жалғыз ақылмен алысқа аспайсың.
Білімсіз бірлік жоқ,
Малсыз тірлік жоқ.
Мал мен білімге сай кісілігің болмаса,
Бірлік пен тірліктен опа таппайсың ... -

деп жастарды білім алуға шақырып, адам бойындағы ақыл мен білімнің бірін-бірі толықтыратындығын, білімсіз адамзат тірлігінде ешқандайда мән-мағына жоқтығын қатаң ескертеді [10, 102 б.].

Сондай-ақ, шешеннің:
Үлкен алдында иіліп сөйле,
Кіші алдында сызылып сөйле.
Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді,
Сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді [10, 103 б.]
немесе,
Екі ойлы болма,
Екі ұшты сөйлеме
Ұрының қасында жүрме.
Өтірікшінің қасында тұрма.

Ежелгі жаумен достаспа

Ескі доспен ұстаспа.

Жаманмен кеңеспе

Баламен егеспе -

деп келетін жыр жолдары жастарды әдептілікке, ұстамдылыққа, ізеттілікке, кішіпейілділікке, адалдыққа, береке-бірлікке үндейді [10, 103-104 б.].

Осындай адамның мінез-құлық, табиғи ерекшеліктерін, моральдық қағидаларын бейнелейтін аз сөзге көп мағына сыйғызған рухани-мәдени туындыларды туған халқымызға қайта оралтып, этнопедагогикалық тұрғыдан зерттеп, талдай отырып жас ұрпақ тәрбиесінің тәжірибесінде кең түрде қолдануымыз қажет деп білеміз.

Міне біз бүгін сөз еткен қазақ хандығы тұсында өмір кешіп, XV-XVIII ғғ. арлығындағы қазақ елінің әлеуметтік, саяси-экономикалық, рухани-мәдени дамуында зор үлестерін қосқан дала ұстаздары *жыршы-жыраулар мен ақындар шығармаларының* идеялары танымдық-тәрбиелік қызметінің ауқымдылығын, өміршендігін аңғартады. Осындай тарихи тұлғалар қазақ ақын-жырауларының еңбектерімен танысу арқылы бүгінгі жас ұрпақ туған халқының өткен өмірін, тарихын, ұлттық дүниетанымын, тұрмыс-салтын, өз ата-бабасының арман-үмітін, терең тамырлы дәстүрлі тәрбие мәдениетін танып-біледі.

Қорыта айтқанда, қазақтың тәлім-тәрбие тарихында өзіндік орны бар, халықтық педагогикалық мәдениеттен хабардар ететін, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде мәні зор ақын-жыраулар шығармашылығын бүгінгі ұлттық білім беру жүйелерінің оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың тиімділігін барынша арттыру қажет. Оларға танымдық, тәрбиелік тұрғыдан талдау жасау арқылы, тәрбиеленушілердің жасы мен ақыл-ойының даму ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие міндеттеріне, меңгертілетін пәндік білім мазмұндарына сай ұтымды пайдалану қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті //Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Зият пресс, 2004. – 160 б.
2. Н. Ақбаев. Ата салтыңды аяла. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 160 б.
3. Ел қазынасы – ескі сөз. (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). – Алматы: Ғылым, 1994. – 616 б.
4. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
5. М. Мағауин, М. Байділдаев. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. I том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 495 б.
6. М. Мағауин, М. Байділдаев. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды). II томдық. – Алматы: РББ. 1991. – Т. 1. – 384 бет.
7. Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев. – Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. /Құраст. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
8. Мұхаметханұлы Қ. – Бұхар жырау. //Қазақ әдебиеті. 1993. – 8-9 б.
9. Жармұхамедов М. – Көненің көзі. Оқу құралы. – Алматы: Санат. – 1996. – 144 б.
10. Әлменұлы Б. – Шешендік сөздер. /Құраст. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Ғылым, 1993. – 144 б.

Взаимосвязь творчества представителей устной поэзии (жырышы-жырау) с народной педагогикой в период казахского ханства

В данной статье рассматривается взаимосвязь творчества представителей устной поэзии (жырышы-жырау) с народной педагогикой в период казахского ханства, занимающая особое место в истории народного воспитания и дающая представление о традиционной педагогической культуре. Также автором определена и подчеркнута познавательная и воспитательная роль творчества казахских жырышы и жырау.

Ключевые слова: народная педагогика, этнопедагогика, традиционная педагогическая культура, народное воспитание.

Bakhtiyarova G.R.

Relationship of representatives of oral poetry (zhyrshy-zhyrau) with national Pedagogy during the Kazakh Khanate

This article examines the relationship of creativity representatives of oral poetry (zhyrshy-zhyrau) with national Pedagogy during the Kazakh Khanate, which occupies a special place in the history of public education, and gives an idea of the traditional pedagogical culture. A cognitive and educational role of Kazakh zhyrshy and bard's creativity is also examined by the author.

Key words: national Pedagogy, ethnopedagogy, traditional pedagogical culture, national education.

ӘОЖ: 781

Ерболатова К.Е. - магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: erbolatova.89@mail.ru

**МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ
ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Аннотация: Шығарманы тыңдай отырып, балалар – шығарманың ырғағын, дыбыс биіктігін, дыбыс күшін немесе екпінін (қатты, ақырын, жәй т.б.), көңіл-күйін (нәзік, көңілді, мұңлы т.б.) ажыратуға үйренетіндігі жөнінде, осы белгілер арқылы музыка баланың санасына жететіндігі, осылар арқылы шығарманың сипатын, көңіл-күйін сезінетіндігі жөнінде қарастырылған.

Кілт сөздер: музыка, аспап, орындаушылық, шығармашылық, өнер, тәрбие, адамгершілік, қабылдау, қабілет, тыңдаушы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, азаматтыққа тәрбиелеу және олардың ақыл-ой танымдық шығармашылық қабілетін айқындау басты міндет екендігі баса айтылған. Бүгінгі ұрпақ жаңа ғасырдың белесінде жаңа тұрмыс салты бойынша өмір сүруі қажет. Оқушы бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, танымдылық, сана-сезімді қалыптастыру салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құруды керек етеді.

Дүниенің терең де нәзік сырын сезіне алатын жас ұрпақты тәрбиелеу – әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның қасиетті борышы. Ж.Баласағұнның балаға ұстаздық ету жөніндегі көзқарасы тәрбие мен білімнің сабақтастығы жайлы салмақты ойға жетелейді. Бала жас кезінен білім мен өнерге, еңбекке

араласуы тиіс. Тән мен жан тазалығы сабақтас. Тәрбие мен білім берудің бұл жүйесі парасатты ұрпақ өсірудің мәнін ашады. Сол талаптардың бірі – оқушылардың қабілетін қалыптастырып, дамыту [1, 3 б.].

Жалпы орта білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының нәтижесі мен сапасын көтеру мәселесі - бүгінгі таңда алдыңғы қатарда тұрған маңызды істердің бірі.

Еліміз егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласына да түбегейлі өзгерістер мен жаңалықтар енгізіліп, оқыту мүмкіндіктері туды. Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы - осының айғағы.

Бастауыш сатыда білім берудің түбегейлі мақсат - міндеттерін жүзеге асыруда музыка пәнінің де алатын орны ерекше. Оқушылардың эстетикалық талғамын, рухани байлығын, әсемдігін, терең сезімін, музыкалық сауатын қалыптастыруды шығармаларды тыңдау, музыканы айту, тыңдау арқылы жүзеге асыру үшін музыка пәні мұғалімдерінің алдына көптеген міндеттер жүктейді.

Мектептегі музыка пәнінің негізгі міндеті – музыкалық өнердің ықпалы арқылы оқушыларды жан-жақты да үйлесімді дамыту. Музыка пәні мұғалімінің негізгі мақсаты – оқушылардың музыканы қабылдау, есту іс-әрекетін тәрбиелеу және дамыту. Кез-келген іс-әрекетті ойдағыдай табысты жүзеге асыру үшін дарындылық, бірнеше мақсатты бір уақытта шешу қабілеті талап етіледі, ал бұл үшін белгілі дағдылар мен іскерлікті меңгеру қажет.

Балалар музыка сабағынан өзін қоршаған дүниенің әдемілігі мен сұлулығын өнермен үйлесімді сезінуге тиіс болса, ұстаз осыларға сәйкес музыкалық шығармалардың терең педагогикалық дәстүрін таныта білетін тәрбиенің әдістемелік көздерін табуы қажет.

Мектептегі музыка сабақтары оқушыларды әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезінуге, одан рухани ләззат, әсер алуға, өмір жайлы ой толғауға, ізгілікті мұрат-мақсаттарға жетелеп өнегелі істерге баулиды.

Музыка сабағы мектептегі басқа пәндерге қарағанда оқушыларға ерекше әсер етіп, олардың ой-өрісінің дамып, шығармашылығының қанаттануына зор ықпал етеді. Музыка сабағы арқылы оқушылар тек қана ән айтып, музыка тыңдап қана қоймайды, ғылым-білімнің әр саласынан мағлұмат алып, бойларындағы қалаған өнердің немесе мамандықтың негізін қалыптастырады. Музыка сабағында оқушылар еркін ойлап, қиялдап, өз қиялдарының нәтижесін баяндауға немесе суреттеуге дағдыланады.

Оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігі, өмірге деген құштарлығы, еңбекке, іскерлікке деген ынтасы артып отыруы үшін мұғалімнің әр сабақты сапалы да, жүйелі ұйымдастыруы қажет. Дұрыс ұйымдастырылған музыка сабағы арқылы оқушылардың бойында адамгершіліктің, жоғарғы мәдениеттіліктің негізі қаланып, саналы, тәртіпті, ақылды болып өсуі қалыптасады.

Музыкалық есту қабілеттері мынандай іс-әрекет түрлерінде қалыптасады: ән айтуда, музыкалық аспаптарда ойнауда, қосылған музыканы қабылдау процесінде. Дәл осы сәтте орындалған музыканы қабылдау процесі

музыкалық есту қабілетін белсендіруде ерекше орын алады. «Әр өнер туындысы адамға: «Мені қабылда, мені өміріңнің мәніне айналдыр; келші мен сенің жаныңды жадыратайын, иеленейін, сәулелендірейін, тереңдетейін», деп тұрғандай болады», - деп түйіндейді И.А. Ильин [1, 14 б.].

Музыка бағдарламасы талаптарының бірі қабілетпен, музыкалық естуді дамыту болып табылады. Музыкалық қабілет және музыканттың есту мәселелері көптеген психологтар мен педагог – музыканттардың

(Б.В. Асафьев, Б.М. Теплов, Н.Н. Ланге, А.Е. Мальцева, Д.Б. Кабалевский, И.А. Ильин және т.б.) зерттеу еңбектерінде қарастырылған. Олардың тұжырымдамалары бойынша қабілеттер іс-әрекеттер барысында қалыптасатыны айқындалған.

Музыкалық қабілеттің жоғарғы буыны болып табылатын музыканттың есту мәселелерін зерттеген ғалымның бірі Б.В. Асафьевтің пайымдауынша, «Музыкалық есту түсінігі – музыканттың ішкі естуімен қабылданатын, орындаушылық қимылдарды іріктеуде, оларды талдауда, қорытындылау мен жетілдіруде бағыттаушы рөлі бар шынайы өмірдің көрінісі ретіндегі дыбыстық бейне» [2, 41 б.].

Музыканы қабылдау күрделі үрдіс. Сонау ХІ ғасырдағы Шығыс педагогикасы тарихында тәлім-тәрбиелік мәні жағынан аса құнды еңбек болып табылатын «Кабуснама» шығармасында музыканы тыңдау және қабылдауға байланысты біраз пікірлер айтқан. Автор (Кайкаус) осы еңбегін 63 жасында ұлы Гиланшахқа арнап жазған. «Жыршы және музыканттық туралы» деп аталатын 16-тарауында «Балам, біліп қой, егер музыка жолына түсер болсаң жеңіл де жайдарлы бол. Музыка өнеріне арналған сарайға кіргенде бет-әлпетіңді тыжырайтпа, қабағыңды түйме. Бір ғана баяу не жылдам орындалатын шығармаларды тыңдай берме. Өйткені, адамның мінезі де бірдей емес...» деген екен. Музыканы қабылдауды Яворский: «Музыканы қабылдау ісіне негіз болатын нәрсе – ойлау, бәрімізге анық естілетін сөйлеген сөз сияқты түсіне білу» деп есептейді. Асафьев «белгілі бір шығарманы жанды орындау арқылы тыныстыру, сол арқылы музыкалық терминдерді жеткізу, оларды пайдаланудың анық та, айқын түсінікті түрін қарау. Ең негізгісі – оларды қызықтыра білу» [3, 27 б.].

Музыканы тыңдау төмендегідей кезеңдерден тұрады. Шығарманы тыңдау (орындап көрсету). Сабақ тақырыбына сай жаңа ән немесе күйді таныстырғанда әуелі шығарманы тыңдатамыз. Бұны күйтабақ т.б. техникалық құралдардан немесе мұғалім өзі орындап көрсете алады. Музыка тыңдай білмейтін құлақ үшін, ең әсем музыканың да ешқандай мәні болмайды» деп К.Маркс айтқандай, музыканы саналы түсініп, оны қабылдау өте маңызды.

Шығарманы тыңдай отырып, балалар – шығарманың ырғағын, дыбыс биіктігін, дыбыс күшін немесе екпінін (қатты, ақырын, жәй т.б.) көңіл-күйін (нәзік, көңілді, мұңлы т.б.) ажыратуға үйренеді. Осы белгілер арқылы музыка баланың санасына жетеді, осылар арқылы шығарманың сипатын, көңіл-күйін сезінеді. Д.Б. Кабалевскийдің «... Музыканы белсенді қабылдау – жалпы олардың барлық бөлшектерін музыкалық қабылдаудың негізі» және «... балалар музыканы қабылдауға үзіліссіз сабақ барысында: ән айтуда, аспаптарда ойнауда, өзі тыңдаушы рөлінде аса жоғары назарды, рухани күшті

қажет ететін сәттерде үйрену қажет. Музыкамен кездесулер формасы, әрбір музыкалық сабақтар тыңдау, ойлану іскерлігін жетілдіре отырып, музыканы естуге үйретеді» - деп жазған сөздерін естен шығармаған жөн [4, 22 б.].

Музыкаға деген эмоционалды жауап әртүрлі музыкалық іс-әрекеттерден көрінеді. Олар: қабылдау, орындау, шығармашылық. Жоғарыда көрсетілгендей, музыкаға деген эмоционалды жауап келесі бағыттағы екі қабілеттен: дыбысты ести білу (эмоционалды дыбыстық құрылым) және ырғақты сезіне білу (эмоционалды қабілет) байқалады. Олай болса музыкаға деген эмоционалды жауап реакциясы музыканы қабылдаудан және музыкалы ырғақтық қозғалыстардан көрінеді. Демек, музыкаға жағымды жауап реакциясы балалардың орындаушылық және шығармашылық іс-әрекеттерінен де сезіледі.

Музыканы қабылдау дыбысты белсенді есту процесі болғандықтан, музыкаға деген эмоционалды жауапты қимыл қозғалыс әрекеттерін тудырады (қолдың ұсақ қозғалыстары, би қимылдары). Ендеше музыканы қабылдауда музыка ырғақты қозғалыстар да негізгі рөл атқарады. Балаларда музыкаға деген жауап реакциясы өте ерте кезінен көріне бастайды. Яғни, бала көңілді музыкаға сергектікпен, қимыл қозғалыспен, дыбыс шығарумен жауап берсе, баяу музыкаға тыныштықпен, көңіл аударумен жауап қайтарады. Уақыт өте келе қимыл қозғалыс реакциялары музыкамен үйлесімділік табады.

Музыка туралы әңгіме. Бұл кезеңнің де балалардың музыкалық деңгейлерін дамытуда маңызы зор. Оқушылар музыкалық шығармаларды тыңдап қана қоймай, ән немесе күйден алған әсерлерімен бөліседі, шығарманың авторларын, шығу тарихын, мазмұнын әңгімелейді, сұрақтарға жауаптар қайтара алады, ой қозғайды, сурет салады, талдайды. Сонымен қатар, жеткізуші – орындаушы – тыңдаушы – көрермен т.б. ұғымдармен танысады.

Музыка тыңдау ережелері

- 1.Музыканы түсіну үшін оны басынан аяғына дейін зейін қойып тыңда.
- 2.Музыканы тыңдап отырғанда басқаға көңіл аударма.
- 3.Әннің немесе күйдің атына, мазмұнына назар аудар.
- 4.Музыканы есінде ұзақ сақтау үшін оны бірнеше рет қайталап тыңда.
- 5.Музыканың негізгі әуенін еске сақтап қалуға тырыс.
- 6.Әуенін ішіңнен айтып орында.
- 7.Тыңдалған музыканың композиторын ұмытпа.

Музыканың мәнін түсініп, қабылдау үшін бұл өнер саласының өзіндік ерекшелігін айқын аңғарып, табиғат құбылыстарын, өмір шындығын музыкалық дыбыстар қандай жолмен бейнелейтініне ой жүгірткен жөн. Музыка тілі – басқа өнердің салаларымен салыстырғанда күрделі тіл. Музыкада айтылатын ой мен оқиға сазды дыбыстар арқылы беріледі.

Музыка өнерінің ерекшелігі – сөз бен тіл жеткізіп айта алмайтын, адамның жан дүниесіндегі құбылыстарды, сезімде дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудыруында. Музыка таза эмоцияға әсер ете отырып, адамның қиялы мен көңіл күйіне байланысты қабылданады.

Музыкадағы барлық оқиға желісі дыбыс үнінің құдіретті тілі арқылы беріледі. Күрделі мазмұнға құрылған композициялық желісі, байланысы бар кесек туындыларды тыңдай білгенмен, толық түсіну қиын.

Сабақтағы әуен ерекшелігін талдау біртіндеп, музыка құрылымына қарай ойысып, күрделене береді, фраза, период шығарманың құрылысына тоқталады.

Сонымен мұғалім – өзінің барлық болмысымен, мамандығына деген ыстық ықыласымен, ұстаздық еңбегіне жанкештілігімен балаға деген шынайы махаббатымен көрінетін ең үлгілі, өнегелі адам.

Мұғалім – қоғамның тұтас ауқымына айналған қайта құру, жаңару процесінде оң өзгерістер, жаңаша ойлау, шығармашылық іс қимыл арқылы танылатын басты тұлға.

Жасөспірімдерді музыка әлеміне терең бойлап, түсініп қабылдауға, талғамын арттыруға, эмоциялық сезімдерін қалыптастыруға, жан-жақты білімді, мәдениетті болып өсуіне зор ықпал ететін музыка сабағының орны ерекше. Ал осы музыка сабағын баланың мектепке келген алғашқы күнінен бастап дұрыс ұйымдастырып, музыкалық тәрбие беру музыка пәні мұғалімінің алдында көптеген міндеттер жүктейді.

Музыка пәнінің мұғалімі шығармашылық қиялы мол, арнайы бір аспапты еркін меңгере алатын, музыкалық сауатты, жан-жақты ғылым-білімнен хабардар, ой-өрісі кең маман болғанда ғана жасөспірімдерге жүйелі музыкалық білім бере алады.

- Location of the region on the coast of the Azov Sea, and there are a lot of marine names in the nomination: cafe «Аквагория» (Aquatoriya), shops «Волна» (Wave), «Прибой» (Surf), «Альбатрос» (Albatross), «Дельфин» (Dolphin), «Курортный» (Resort), «Белый парус» (White sail); rest house «Голубая волна» (Blue wave), hotel and café «Чайка» (Sea-gull), cafés «Отдых» (Relaxation), «Парус» (Sail), «Фрегат» (Frigate), names of hotels «Моряк» (Seaman), «Морская» (Maritime), «Якорь» (Anchor), mini-market «Пристань» (Pier).

- Development of the metallurgical branch of industry in this region, which is also reflected in ergonymiya: firms «Азовметаллургстрой» (Azovmetallbuild), «Металл» (Metall), «Металлопрокат» (Metall rolling), «Метснабресурс» (Metsupplyresource), «Металл» (Metall), «Металл-ресурс» (Metall-resources), «Металлтрейд» (Metalltrade), «Металлформ» (Metallform), «Метинвестхолдинг» (Metinvestholding), «Укрстальсервис» (Ukrsteelservice).

- Availability of coal mining industry is also reflected in the nomination: a supermarket «Шахтер» (Miner), rest camps «Шахтерскиеозоры» (Miner's dawns), «Шахтостроитель» (Minebuilder), «Уголек» (A small piece of coal), sanatorium «Шахтер» (Miner), cafe «Уголек» (A small piece of coal), cinemas «Шахтер» (Miner), «Горняк» (Miner), hairdresser «Горнячка» (Minress/ a female miner).

Landmarks south and east are used much more often in naming, than words north and west because they have been fixed in the south-eastern part of Ukraine.

Our research shows that the names of objects are usually motivated. Originally a nominator gives certain functions to a name. Almost all considered ergonyms carry a positive emotive charge (positive connotation).

When a name is given to any urban object its semantic direction changes. Thus, the noun *обжора* (great eater, glutton), that denotes a fat person with excessive appetite and often with a large body, after the opening of the supermarket «Обжора», might produce associations with plenty of theirsold and purchased goods.

The main functions of ergonyms are: nominative, informative and advertising, but here should be mentioned the effect of a psychological function, as the name impacts (sometimes through advertising) the subconscious of potential recipients, provides confidence in high quality of goods or services. Security function of ergonyms is in the owner's exclusive right to use the name, which guarantees him/her legislative protection from unfair competitors.

The main role of the informative function is to inform recipients about activities of institutions, businesses and other organisations. The information may be rendered through the description of their activities or location of organisations. The main task of the owner is through the title to report the information about the organisation or company which is directly connected with its activities.

In the 90s due to a sharp increase of the number of ergonyms, weakening of their informative function, but strengthening of the advertising function are observed. One of the tasks of the advertising function is an impact on the subconscious level of the human mind.

Names form an image representation about activities of the object, which acts on the conscious and subconscious of a client. At a subconscious level, it creates a certain social and psychological setting, which predicts choice. Affecting feelings and emotions, the name of the object convinces in its significance and indicates exclusivity. A successful name is able to excite imagination and cause emotional reaction regarding this object. Bright and emotional name carries an advertising function and it expands the range of clients. The name of a company models its image to take advantage of its goods or services at the lowest cost.

To strengthen the advertising function ergonyms should be aesthetic, laconic,

and be easily remembered and pronounced. All the diversity of ideas that arises in the human mind can be expressed through verbalized elements. The name, created by taking into account mentality, stereotypes, conscious and subconscious mind of people, carries special social, psychological and cultural values that promote a favorable emotional perception.

Today, names of objects perform the advertising function everywhere: on television, commercial posters along city avenues, billboards, on promotional leaflets in transport and in our postboxes.

High quality products, proper service and entertainment prolong the life of ergonyms and promote the successful transformation of a name into a brand.

The role of certain functions cannot remain unchanged with time. They develop, depending on economic, political and social conditions in society. Due to competition some functions might become stronger and others might become weaker. After some time, their positions may change.

Perception of created names depends on extra linguistic context in which they operate. Thus, over the years of independence names transmitting national character and national traditions of Ukraine and providing valuable information about the history and culture of the region appeared. These names help to understand the processes of formation of the people's mentality, show the relationship of onomastic units with the vocabulary of other languages, reasons and processes of borrowing foreign vocabulary, its distribution and functioning in speech.

While selecting an object the consumer orients not only to its name, but also to other characteristics: location (geographic proximity), affordability, high level of service, quality guarantee. Here are the roots of the importance of the economic factor in nomination. In fact, the name itself reflects the fight for a client, for the absorption of his attention among similar competitive companies. So, a successfully created name and marketing knowledge allow the owner and his team to take the winning solution using purposefully formed or already existing demand. Earlier, because of domination of state ownership, in the absence of competition and scarcity of the commodity market, concern about naming objects of human activity was almost unnecessary. Economic and political transformation in the country at late XX – early XXI centuries could not avoid the impact of the development of commercial activities. The number of industrial and trade businesses in major industrial regions of Ukraine has significantly increased. Dynamics of growth of enterprises is reflected in a variety of ways of ergonyms formation, which are not always consistent, but often spontaneous.

Economic competitiveness of enterprises suggests that the title should contain information, attracting potential clients to the services of this firm. This pragmatism is in the impact on the recipient by the nominator.

The name is a guarantee of the quality of a company. The client, who has received high quality services, desires to get them again. And on the contrary after receiving a bad product or service of low quality, the customer will not only wish to ask for that service again, but will create anti-advertising in his/her environment. Thus, having existed for some period of time, ergonyms acquire the ability to cause both positive and negative associations. For the success of an enterprise its name should play a role not only of legal designations of the firm but also it should serve

as an element of the company image. The name served to communicate information about the object to a number of individuals, whom the object is concerned to.

The entire vocabulary of names is responsive to political, social, cultural changes in society. Ideological factors affect the state of ergonyms at all stages of the history of the city or even a region. Signs on the institutions vary according to governmental decisions. This relates primarily to administrative and state enterprises, institutions and organisations. Changes in the social and political situation affect ergonymiya of any city.

Thus, city ergonymiya as well as toponymiya are products of social and political systems, which reflect everything that happens in society: cultural, social, political and economic processes. Influenced by various political transformations in society ergonyms can turn into ideologemes of the social consciousness of their time. Despite of the large influx of romantic "fancy" names and names pointing on the location of objects and the type of products or services provided, ergonymiya remains one of the most ideologised areas of onymic space.

National and cultural identity of nominative units is reflected in wide use of vocabulary that cannot be translated and can be understood only by native speakers, for example, a travel agency «ГалопомпоЕвропам», (*Crossing Europe very fast*) – phraseological unit; cafe «Гуси-лебеди» (*Geese-swans*) – under the name of a folk tale; café «Кавказская пленница» (*Kidnapped Caucasian female*) – by the name of a famous comedy film; café «ПапаКарло» (*Daddy Carlo*) – the name of one of the characters in Tolstoy's fairy tale «Золотой ключик» (*Golden Key*), cafe «Птичье молоко» (*Bird's milk*) – its name indicates the abundance of dishes of any kind, even it has "bird milk"; bookstore «Буквоед» (*Verbalist, letters eater*) – for lovers of reading.

There are words that can be found in the names of shops, hotels and other objects almost in every city of Ukraine: «Киев» (*Kiev*), «Украина» (*Ukraine*), «Дружба» (*Friendship*), «Престиж» (*Prestige*).

As the basis of the nomination the following factors are marked: social, economic, political, cultural and historical. Ergonymic system has a dual nature – its formation is influenced by both natural and social factors.

Periodically objects change their names. At certain stages in history, economic and political processes form new spiritual priorities that manipulate the consciousness of the population and contribute to renaming, which does not always have a positive effect on the development of the literary language.

In naming processes nominators worry about the impression of firms' names and use terminological lexicon. In contrast, in the category of objects of trade, services and entertainment owners turn to general linguistic imagery for meaning, which is emotionally attractive.

The fact of the interaction of the Ukrainian and Russian languages constantly presents. The transition from the first state of bilingualism into polylingualism began since the mid-90s with the massive current of foreign words. Economic situation of the post-Soviet period contributed to the appearance on the territory of Ukraine a range of joint ventures and offices of foreign investors with foreign-language titles. Most of these names are world-famous brands and designers' names. Their meanings are clear and do not require a deep knowledge of the

languages from which they were borrowed. English words and phrases play a dominant role among other borrowings. French names are also present in names as France for many years has had a positive reputation for elegance and luxury items. In recent years, the same factors contribute to the spread of Italian names, as well as through melody of Italian language. High quality of German products and precision machinery led into use German names of famous car brands. Also joint Ukrainian-German enterprises in their names contain the name of a German co-owner or a place name, indicating the location of the head office.

In recent years a number of names borrowed from other languages appeared and also some errors in lexical and spelling rules were noticed.

Peculiarities of the political situation in which the society is nowadays, explain a large influx of foreign words which are used to name objects of private business: shops, clubs, cafes and salons. English words predominate among borrowings: airline *Federal Express*, pharmacy *Welcome*, the hotel *Azania*, cafe *Mc Pizza & Chicken*, shops *Cabani*, *Second Hand*, etc.

Advertisement and television program are full of foreign words. Foreign investors also contribute to the names formation. Emerging joint tv enterprises tend to have unusual names. Goods produced by the companies often have foreign names. Some of domestic enterprises for fashion are called in English too, as if pointing with its same name to their European quality.

Primarily prestigious and international words are borrowed. Particularly prevalent among English-speaking ergonyms are names of computer clubs: *Android*, *Hilton*, *Spider*; internet cafes: *Matrix*, *Neo*; nightclub and entertainment facilities for young people: *Chicago Bowling*, *Cyber Zone Club*, *Mooncity*, *Redline*. This tendency can be explained by the fact that English is widely used among computer users as well as other segments of the population.

As a result, new words, including trademarks (and ergonyms), having appeared in one country quickly become well known in many others. For example, you can find *McDonalds* very where.

However, the sound is the main party in perception, whereas the value of foreign words is understandable only to those who mastered the language. In addition, there is some vocabulary, which cannot be translated into another language because of absence of similar concepts and facts. Words and phrases that have specific meanings are clear to native speakers, but not always to a recipient. So, transliteration of "a speaking name" leads to semantic losses. Translation sometimes causes introduction of alien national colour.

The name of any property object is a proper name so it may not be always translated into another language correctly, it must be recreated anew in the host language. The translation of proper names is affected by their structural, semantic and stylistic features. However, there are so-called word realities that may exist in only one language and cannot be translated.

Foreign names appear as a result of different political, economic and cultural changes in our life. The process of transformation of foreign words into the native language receives much attention these days, but it has not been investigated completely yet and requires further research.

The current process of ergonyms formation happens due to the formation of new ergonymic units with the help of various ways and means. Ergonyms can also

be presented as symbols, figures and other characters which may be the subject of further research.

Literature:

- Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М.: Наука, 1988. – 170 с.
- Суперанская А.В. Товарные знаки и знаки обслуживания // В пространстве филологии: [Сб. ст.] / Отв. ред. В.М. Калинин. – Донецк: Юго-Восток, 2002. – 55 – 71 с.
- Сидоренко Е.Н. Номинационные процессы в полилингвальной эргонимии онетчины. / Дис. ...канд.филол. н.: 10.02.15. – Донецк, 2013. – 210 с.
- Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М.: Наука, 1973. – 367 с.
- Веркманк. Дж. Товарные знаки. – М.: Прогресс, 1986. – 520 с.

Сидоренко Е.Н.

Экстралингвалдық факторлардың эргонимдердің қалыптасуына әсері

Мақалада Украинаның іскер объектілерінің номинациялық процесстері қарастырылады. Экономикалық, идеологиялық және әлеуметтік экстралингвалдық факторлардың қалыптасуына әсері көрсетілген.

Кілт сөздер: эргоним, эргонимия, номинация, аттардың қалыптасуы, экстралингвалдық факторлар, мотивация, негізгі функциялар, қарыздар.

Сидоренко Е.Н.

Влияние экстралингвальных факторов на формирование эргонимов

В статье рассматриваются процессы номинации деловых объектов в Украине. Показано влияние на образование названий таких экстралингвальных факторов как экономический, идеологический и социальный. Описаны основные функции эргонимов. Отмечено использование лексических единиц украинского и русского языков как основных источников формирования названий. Среди заимствований доминирующее положение занимают англицизмы, что объясняется лидирующим положением английского языка в мире.

Ключевые слова: эргоним, эргонимия, номинация, образование имен, экстралингвальные факторы, мотивация, основные функции, заимствования.

ӘОЖ: 82 (574)

Мүтіев З.Ж. – ф.ғ.к., М. Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: mutiev_ziynolla@mail.ru

Сапарова Ж.К. – М. Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

E-mail: zhakalek-sk@mail.ru

**3. ҚАБДОЛОВТЫҢ «СӨЗ ӨНЕРІ» - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ
ҒЫЛЫМЫНЫҢ БАС КІТАБЫ**

Аннотация. Бұл мақала ұлт әдебиеттануының қалыптасуында өзіндік ізі қалған сыншы-ғалым 3. Қабдоловтың ғылыми-теориялық зерттеулерін талдауға арналған. Әдебиеттанушы ғалымның (теорияшы, тарихшы, сыншы) ретіндегі ой-

толғаныстары, эстетикалық таным-көзқарастары негізінен «Сөз өнері» оқулық-монографиясына жинақталған. Мақалада ғалымның әдебиеттанушы, сыншы ретінде қазақ әдебиетін зерттеуге қосқан үлесі, қазақ әдеби процесінің мәселелері жан-жақты, жүйелі түрде, еңбек ізімен біртұтас бірлікте алынып, қарастырылады.

Кілт сөздер: сөз, өнер, әдебиеттану, оқулық, монография, тарих, сын, теория, шеберлік, эстетика, шығармашылық, базис.

Академик Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» оқулық-монографиясы алғашында әу бастағы атауымен («Әдебиет теориясының негіздері», 1970) [1] жарық көріп, 1976 жылы екінші басылымында «Сөз өнері» [2] атауымен, одан соң бірнеше қайтара әр түрлі баспалардан толықтырылып, жетілдіріліп қайта-қайта басылуында да үлкен мән-мағына жатқандығын аңғаруға болады. Әрине, 1926 жылы жарық көрген А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» [3], орта мектептің жоғары сынып оқушылығына арналған Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» [4], Е. Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» [5] т.б. зерттеулер мен оқу құралдары әр дәуірде жарыққа шығып, өз ізденушілеріне қызмет қылғанымен де дәл «Сөз өнеріндей» мерейлі биіктерге көтеріле алған жоқ. «Әдебиет танытқыштың» тағдыры оның авторымен бірге тарих сахнасынан ысырылса, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов еңбектерінің таралу, пайдаланылу өрістері де тар болды. Бірақ та, «Ахаңның әдеби қисындарын біз қазақ әдебиеттануында тұңғыш туып-қалыптасқан әдебиет теориясының «әліп-биі» деп жайдан-жай атағанымыз жоқ» – деп жазады З. Қабдолов [6, 75 б.].

Осы біз «Сөз өнерін» неге қазақ әдебиеттануының бас кітабы деп ерекшелеп отырмыз? Соған келейік. Оның басты, негізгі бірнеше себеп-дәлелдері бар.

Біріншіден, бұл кітап – оқулық және монография, сонымен бірге зерттеу еңбек қызметтерін кешенді түрде атқаруға әбден лайық дүние, рухани азық және соған сай атқарып та келеді.

Екіншіден, филологиялық мамандықтар беретін оқу орындарының білім бағдарламаларындағы «Әдебиеттануға кіріспе» (1-курс), «Әдебиет теориясы» (4-курс) сияқты пәндердің мазмұндық-пәндік сипаты негізінен «Сөз өнеріне» тәуелді, соған жүгінеді.

Үшіншіден, ұлт әдебиеттануының қазақ топырағында туу, қалыптасуында, жетіліп-жетісуінде аталған үлкен саланың (сөз өнерінің) негізгі бағыты әдебиет теориясымен қатар әдебиет тарихы, әдебиет сыны делінетін арналарының табиғатын танытуда «Сөз өнері» жан-жақты, толыққанды яки кешенді (оқулық, монографиялық зерттеу) қызмет атқарып келеді. Бұл айтылғандардың сыртында филологиялық ЖОО кейінгі жалғасатын магистратура, докторантура шәкірттері мен ізденушілерге, филолог-мамандарға беретін білімі мен тәлімі, сонымен бірге жалпы сөз өнеріне ден қойып, ықылас танытқандарға рухани азық боларлық өнегесін айту да ләзім.

«Сөз өнерінің» сегіз тарауын жеке-жеке алып, ой сүзгісінен өткізбес бұрын оның әр жылдардағы өзгеріс-толықтырылуына назар аударсақ, кітап авторы былайша сыр шертеді: «1961 жылы біз тұңғыш рет мемлекеттік университеттер мен педагогикалық институттарға арнап «Әдебиеттану негіздерінен» бағдарлама жасадық. Ол бірнеше мәрте басылып шықты.

Бірақ ұстаздар үшін де, шәкірттер үшін де тек бағдарлама ғана емес, сол бағдарламалық проблемаларды байсалды пайымдайтын арнаулы еңбек жазу қажеттігін өмірдің өзі талап етті» [7, 5 б.].

Иә, сол дәуірдегі қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық мәселелерін оңтайлы және түбегейлі шешуге ұмтыла арналып жазылған оқулықтың өз оқырмандарына тигізген пайдасы шаш етекпен десек, қате айтпаспыз. Қырық бес жылдан бері студент-жастардың игілігіне молынан жарап келе жатқан «Сөз өнерінің» аталған ғылым саласының бас кітабы атануға толық мүмкіндігі бар деп ойлаймыз.

Кітаптың «Сөз басы» атанған кіріспесінде автор қазақ топырағындағы әдебиет туралы ғылымның туу, қалыптасу дәуіріндегі әдебиеттің тарихы мен сынының жеткен жетістіктерін сөз ете отырып, кенжелеп қалған сала ретінде әдебиет теориясының мәселелеріне айрықша ден қоя әңгімелейді. Әйтсе де, осыған дейінгі А.Байтұрсынов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев және т.б. еңбектерінің пайдалы тұстарын айта келе, орыс тіліндегі Г.А.Абрамович [7], Л.И.Тимофеев [8] кітаптарының үлгілі жақтарын өнеге етеді. Ғалым пайымынша жоғарыда есімдері аталған ғалымдармен қатар кеңес және орыс әдебиеттануы зерттеушілерінің, яки А.М.Горький атындағы дүниежүзілік әдебиет институтының ғылыми қызметкерлері дайындап, жарыққа шығарған үш томдық «Әдебиет теориясы» [9] кітабы «айтылмыш саладағы ірі адым, іргелі еңбек» боп табылады. Аталған оқулық пен оқу құралдарының ұтымды тұстары мен «толып жатқан даулы тұстарына қарамастан, әдебиеттанудың кеңестік кезеңіндегі әжептәуір әдемі құбылыс екенін аңғартса керек» [7, 6 б.] – деп ой түйеді ғалым. Оқулық – монографияның «Сөз басына» отыз екі жылдан кейін қайтадан толықтыру енгізген З. Қабдолов: «Әр дәуірдің әдебиеті – сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығын «шындап» қана қоймай, келешекке – келер ұрпақтан ұрпаққа «шегелеп» қалдыратын күдіретті күш осы арада жатыр» [7, 9 б.] – деген байламды қош көреді.

Тәуелсіздік ұстанымын басты бағдар еткен кіріспеде әдебиет пен әдебиеттанудың тоталитарлық жүйеден босанып, шығармашылық еркіндікке, басыбайсыз бостандыққа шыққанын әңгімелеумен бірге әдебиеттің таптығы, әдебиеттің партиялығы деген идеологиялық қондырмалардың кері шегінгенін, азат ойлы өнерге жол ашылғанын әңгімелеп өтеді. Алайда «эстетикалық сауаты шағын біреулер, мәселен, кеңес дәуірі өтті, «Кеңес әдебиеті» сонымен бірге кетті, өйткені ол жалған әдебиет еді деп ойлайды да «шын әдебиет енді басталады» деп жазады. Ағат ұғым!» - деген пікір ұсынады автор. Бір ғасыр бойына партиялық әдебиеттің шырмауында келген сөз өнерінің катал да қасаң қағидасына бой ұсынған жазушылар қауымының ұрандатқан тірлігін өткен дәуірдің танымал ақындары В.Маяковскийден Х.Ерғалиевке дейінгі аралықта алып, олардың кеңестік идеологияға құмыққан туындыларынан үзінділер ұсынып, олар «осы заңмен өмір сүрді» дейді ғалым.

Өткен қоғам жағдайындағы әдебиет пен тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттің ара жігін, бітім-болмысын саралай келе оқулық авторы халқымыздың өткен ғасырдағы көркем дамуында болған ақиқат шындықты сол кейпінде тануға (оған еш нәрсе де алып, қосуға болмайтынын ескертіп) міндеттіміз дейді және бұларды тарих бетінен сызып тастау мүмкін емес»

деген тоқтамға келеді. Әрине, еңбек авторының бұл пайымдарына толық қосыламыз. Орыс ғалымы М.М.Бахтин өз еңбегінде: «Қазіргі әдебиеттанушылар (көбіне структуралистер, өздерінше) негізінен бәрін түсінетін тыңдаушының имманентті туындысын анықтауға ұмтылады» – деп жазған болатын [10, 46 б.]. Бұдан шығар түйін: «Қазақ әдебиетінің ғылымдық тарихын жасау аса күрделі, қиын проблема, мұның өзі қазақ әдебиеттану ғылымының бар дәуірдегі түйінді мәселесі» [11, 47 б.].

Жалпы алғанда З.Қабдолов кітабының бірнеше басылымдық алғы сөзіндегі жазылған әдеби толғаныстардың баршасы ғалымның эстетикалық өнерге деген көзқарасын егжейлі-тегжейлі танытатын, әдеби-танымдық, ғылыми-зерттеушілік үдеріске толы қағидалар екені даусыз.

Оқулық-монографияның «Сөз өнері туралы сөз» аталатын 1-тарауы көркем әдебиеттің не екені туралы, оның шығу төркіні мен өзіндік жеке-дара табиғаты жайлы әдеби толғаныстан тұратын қилы қиындықтардан түзілген. Қисын болғанда жай, құр баяндау ғана емес, көркем тілмен көмкерілген ой-өрнектерден өрілген, оқырманын немесе ізденушісін еріксіз өз соңынан ертіп және елітіп отыратын дәрістер тізбегі десек, дұрыс айтқан болармыз. Әдебиеттің – сөз өнері екендігін кітап авторы басқа да көркем өнер түрлерімен (мәселен, мүсін, сурет, ән, сәулет т.б.) байланыстыра, сабақтастыра баяндайды. Мықты суретші Микеланджело, шынайы драматург Шекспир, сырбаз сазгер Глинка, нәзік лирик Абай, сарабал суретші Суриков сияқты өнер алыптарының өнер тудырудағы шығармашылық келбеттерін үлгі етеді. Әйтсе де ғалым түсінігінде, түсінігінде емес, түсіндіруінде «өнердің көп салаларының ішінде ең бір қадірлісі әрі қасиеттісі» - көркем әдебиет. Сөз өнерінің соншалықты керемет, соншалықты құдіретті өнер екенін еңбек авторы өзіне дейінгі айтылып, қалыптасып кеткен сыншы ғалымдар мен жазушы-суреткерлердің қисындарының үзіктер келтіре отырып, оны одан әрі дамыта баяндайды. Мәселен, әлем әдебиеттанушыларының дуалы аузынан шыққан: «Поэзияны біреу су десе, біреу от дейді» (Белинский), «Сөз – әдебиеттің құрылыс материалы» (Федин), «Сөз өнері – өнер атаулының ең қиыны және күрделісі» (Бальзак) – деп келетін қағидалар қисынын қазақы қалыпқа түсіріп, оң беріп әрі қарай жеткізе, дамыта түседі.

Аталған тараудың екінші тараушасында З.Қабдолов сөз өнерін жасаушылардың (жазушы, ақын) мақсат-міндеттерін айқындай бастайды. Сөз өнерін жасаушыларды шебер деп алады да, суреткер тұлғасы қандай болмақ, талант табиғаты деген не – деген сұрақтарға жауап іздейді. Талант туралы толғанысында атам қазақ ұғымындағы «құдай сыйы», яки жаратқанның өнер адамына көрсеткен шапағаты түрінде бағзы заманнан келе жатырған қағида-көзқарастарға өзіндік түсінік береді де: «Әңгіме сол қабілет пен дарынның қалай тәрбиеленуінде, қалыптасуында жатыр» – жатыр дейді ғалым [7, 19 б.]. Суреткер сипатын анықтауда автор жазушының азаматтық рухын, қоғамдық бітімін таразылап алуды жөн көреді. Нағыз суреткерге тән бірнеше ерекшеліктерді атап көрсетуде З.Қабдоловтың ғалымдық-сыншылық болжалдық танымы, эстетикалық аңғарымы бірте-бірте сатылап өсе түседі. Мәселен, ғалым-зерттеуші талан табиғатын айқындап алуда бірнеше ерекшеліктердің болуын талап етеді. Айталық, «Біріншіден, сезім. Нәзік

сезімталдық» - дейді автор. Суреткерге ең бастысы, сезімталдық екенін, әсіресе ақындар қауымында осы қасиеттің болу қажеттігіне баса көңіл аударады. Белгілі ақын Баратинскийдің «Гетенің қазасына» аталатын нәзік түйсінудің үлгісін тапқан ғалым мұндай тамаша эмоциялық қасиеттердің Пушкин мен Абайда, Достоевский мен Әуезовте, Маяковский мен Мұқановта болғандығын нақты мысалдармен нақтылай түседі.

Академик З.Қабдолов екінші ерекшелік есебінде – бақылау, жіті бақылағышты атап көрсетеді. «Нәзік сезім көреген, дәл бақылаумен ұштасып жатады. Көрмесе, сезім қайдан болмақ» - деп өз ойын нығарлай, қуаттай түседі автор [7, 25 б.]. Яки, шын талант табиғатына тән сезімталдықтың ақиқат шындыққа қатысы бар екен.

Шынайы суреткерге тән тағы бір ерекшелікті зерттеуші - қиялмен, творчестволық фантазиямен байланыстыра қарастырады. Ғалым пайымынша: «бақылап білген, сезген шындықты кең өріске шығаратын қанатты творчестволық қиял – таланттың серігі». Өзге ел әдебиетіндегі мысалдарды айтпағанның өзінде қиялдың, фантазияның қазақ халық ауыз әдебиетіндегі орнын қайда қоярмыз. Қиялдау, фантазиялық арман-тілек сияқты әдеби процеске қажетті бірліктердің төл әдебиетімізге бірден-бір жақындығын ескерсек, ғалым қисындарының дәлдігіне күмән келтірмесіміз анық.

Егер де зерттеушінің теориялық қисындарын жинақтай айтсақ, төртінші ерекшелікке интуицияны таңдап алған ғалым пікірінше ақынды немесе өнер иесін «салқын қанды ақыл емес, ыстық сезім билемек», бесіншіден, өмірбаян, алтыншыдан, парасат, жетіншіден, шеберлік, жетіншіден, шеберлік, сегізіншіден, шабыт сияқты эстетикалық таным-талғамдардың суреткер бітімін, шығармашы тұлғасын толықтыратын негізгі әдеби, ғылыми индикаторлар есебінде қабылдарымыз анық. Сайып келгенде ғалымның бұл санамалып көрсеткен эстетикалық өлшемдерінің түпкі төркіні суреткер болмысын, талант табиғатын тануға қызмет қылатын тәлімі бірліктер боп табылары анық. Аталған керекті ерекшеліктердің қасында шынайы суреткерге тән және бір ілесіп жүретін (болуға тиісті, жанама емес) мінез байлықтарының тізбегінде жеке басының дара қасиетін, «рухани жан дүниесін, әлеуметтік кейпі мен моральдық кескінін, дүниетанымы мен қоғамдық қызметін, білімі мен мәдениетін ескермеуге тіпті де болмайды» дейді еңбек авторы. Суреткерлік шеберлікке қатысты қағидаттар хақында әдеби терминдер сөздігінде: «Качество этой внутренней организации зависит от многих кричин: от степени талантливости и творческой опыности, от мастерства автора, а главное от значимости идейной правдивости содержания художественного произведения которая является основным критерием художественность» [12, 452 б.].

Яғни, суреткердің бітім-болмысы, өнерпаздық тұлғасы оның шығармашылығының ең түбегейлі міндет-мақсатынан туындап, одан әрі өрістеп, одан бетер дамып, керекті тұста толысып отырғанда ғана, анау айтқан биіктен табылары анық. Сонда ғана: «Қаламгерлік іс – қоғамдық іс», «Суреткер – қоғам қайраткері» - деген пайымға иланарымыз анық.

«Сөз өнері туралы сөздің» үшінші тараушасында автор жоғарыда айтылған эстетикалық ой-танымын одан әрі тереңдете, кәсібилендіре түседі. Сөз өнерінің ғылыми-теориялық ерекшелігін қоғамдық құбылыстармен, өмір

зандылықтарымен қатар қойып, салыстыра саралайды. Әдебиеттің қоғамдық мәнін, көркем дүние мен өмір шындығының аражігін, заман мен қоғамның арақатынасын оны мекендеген адамдар тағдырымен сәйкестендіре ой толғайды.

«Қандай бір көркем шығарма болсын, ол оқырманға бұрын беймәлім өмірді, шындықты, бейтаныс заманды, адамды танытады» - деп ой сабақтаған автор: «Бальзакты оқымай француз тұрмысын, Толстойды оқымай орыс өмірін, Абайды оқымай қазақ тірлігін білем деу ағаттық» деген көшелі пікір айтады. Бұл ойын Бальзактың «Адам ажуасы», М. Әуезовтың «Абай жолы», Н.Г. Чернышевскийдің «Не істеу керек?», Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықты», М. Өтемісұлының жырлары мен С. Мұқановтың «Ботакөз» романы сынды шығармаларының оқырманға, қоғам мүшелеріне, тіпті болашақ ақын-жазушыларға қаншалықты әсер ететіндігі хақында, аталған көркем туындылардың жеке адам тәрбиесіндегі ықпалы мен маңыздылығы жайында әсерін баяндайды. З.Қабдолов байқампаздығы мен зерттеушілігінің ізденушілігіне үңілсек, Бальзак жоғарыда сөз болған шығармасында капитализмнің адам айтқысыз қорқаулығын әшкерелесе, камерун жазушысы Бенжамен Матип М.Әуезов романын оқу арқылы қазақ өміріне қызыға ғашық болған, Чернышевскийдің замандастары жазушының кейіпкерлеріне ұқсап әр алуан коммунарлар құра бастаса, болгар халқынаң көсем Г. Дмитров Рахметов үлгісін алып, күрескер болуға бел буса, Н. Островскийдің Павел Корчагині тұлғасының қалыптасуына Лилиан Войничтің «Бөгелек» романы едауір ықпал етіпті. Ұлы Отан соғысы жылдарында Махамбет, Жамбыл жырларының, С.Мұқанов романдарының қазақ жауынгерлеріне патриоттық, өнеге-рухтық мәнінің қаншалықты зор болғандығы да баршаға мәшһүр болса керек.

Өнерге, оның ішінде әдебиетке, берілген әр алуан анықтамалардың әр қайсысына әр қырынан үңіле келе, зерттеуші көркем әдебиеттің құдіретті күшін оның эстетикалық табиғатын танудан бастау керек деген тұжырымға келеді. Ол үшін дүниежүзілік эстетиканы зерделеуші ойшылдардың еңбектеріне үңіледі, барлау жасайды. Жай әшейін қияли ұстанымға ғана құрылған теориялық анықтамалардан шешулі, тұщымды жауап таппаған ғалым жазушы Глеб Успенскийдің «Тез» әңгімесіндегі Тяпушкин есімді мұғалім-кейіпкердің Париждегі әйгілі Милос Венерасына кіріп барып, сол жерде оның бастан кешкен әсерлі сәтін баяндаудағы жазушының суреткерлік шеберлігін әңгімелей отырып, адамның өнер туындысынан алған әсерін баян етеді де: «Осындай жан тебіренер, адамды баурап алар әсем әсер жоқ жерде шын мағынасындағы өнер туындысы да болмағаны деп білу керек» [10, 31 б.] деген қорытынды тұжырымға келеді.

Бірінші тараудың төртінші тараушасы көркем әдебиеттің қондырма ретіндегі қызметі мен әдебиеттің таптығы, әдебиеттің партиялылығы деген саяси қоғаммен байланысты ұғым-түсініктерге анализ жасауға негізделген. Соның ішінде қоғамдық сананың болмысы, идеологиялық ықпалы, базис пен қондырмаға тәуелді әдебиеттің табиғи әрекетін өткен дәуірлердің маркстіл ілімімен рухтанған философ-ойшылдардың көзқарас-түсінігінде алып қарастырады. З.Қабдолов пайымынша, әр ғасырдың, әр қоғамның өзіне тән базисі бар, алайда ол базис қондырмаға тәуелді емес. Мәселен, қондырма

базисті нығайтуға тиіс, ал әдебиетте үнемі олай болмайтынын алға тартқан эстет-сыншы З.Қабдолов, оның жарқын мысалы ретінде Пушкин, Абай шығармаларының сол шайырлар өмір сүрген феодалдық базисті нығайтуға емес, керсінше әлсіретуге қызмет еткенін алға тартады. Әр қилы, әр пиғылды көқарастардың қай қоғамда да болғандығын, марксшілдердің іліміндегі «Әдебиет - қондырма» деген пікірдің қоғамдық санаға тәуелді екендігін, әр дәуірдің өз базисі пайда болатынын дәлелді қисындармен қиыстыра пайымдайды [11, 28 б.]. Шешуі шытырман күрделі сұрақтардың жауабын мынандай уағызбен ұғындырады: «Әдебиет өзінің әлеуметтік табиғатында базиске, тап тағдырына, қоғамдық құрылыс тағдырына енжар қарай алмайды, оларды я жақтайды, я даттайды; олардың я дамуына ықпал жасайды, я құлдырауына әсер етеді».

Кеңестік дәуірдегі өзге де одактас елдер сықылды Қазақстандық идеология жағдайындағы әдебиеттің де «қондырмалығы», одан пайда болатын таптығы, таптықтың мықты патшалығы – партиялық десек, ғалым тұжырымдап таратқан, айтып ұғындырған теориялық қисындардың автордың сыни көзқарасын байқататын, эстетикалық пайым-танымын дәйектейтін сарабал ойларға құрылғанын айта кеткен жөн.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 380 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. 2-ші бас. – Алматы: Мектеп, 1976. – 374 б.
3. Байтұрсынов А. Орта мектептің жоғары кластарына арналған құрал. – Алматы: Мектеп, 1960. – 243 б.
4. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы, 1940.
5. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Жалын, 1997. – 243 б.
6. Қабдолов З. Сөз өнері: / Оқулық-монография. Алматы: Өлке, 2014. – 496 б.
7. Абрамович Г.А. Введение в литературоведение. – Москва: Просвещение, 1975.
8. Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. – Москва: Просвещение, 1971.
9. Бахтин М.М. Әдебиеттану методологиясына. – Кітапта: Рымғали Н. Әдебиет теориясы. Нұсқалық. – Фолиант, 2003. – 344 б.
10. Ысмайылов Е. Қазақ әдебиетінің ғылымдық тарихын жасау жолындағы міндеттер. – Кітапта: Рымғали Н. Әдебиет теориясы. Нұсқалық. – Фолиант, 2003. – 344 б.
11. Словарь литературоведческих терминов. – Москва: Просвещение, 1974. – 509 с.

Мутиев З.Ж., Сапарова Ж.К.

Книга З.Кабдолова «Искусство слова» – главная книга казахского литературоведения

Данная статья посвящена анализу научно-теоретических исследований критика З.Кабдолова. Эстетические взгляды ученого как теоретик, историк и критик рассматриваются в монографии-учебнике «Искусство слова».

Ключевые слова: слово, искусство, литературоведение, учебник, монография, история, критика, теория, художество, эстетика, творчество, базис.

Mutiev Z.Zh., Saparova Zh.K.

«Art of the word» by Z. Kabdолоv the basic book of the kazakh literary

This article analyzes the scientific-theoretical researches of the critic Z. Kabdолоv. Esthetic views of the scientist as the theorist the historian and the critic is considered in the monograph textbook «Art of the word».

Keywords: word, art, literary, monograph, textbook, history, criticism, creative, desorption, esthetic, basic.

УДК: 81'255.2

Чечетко М.В. – к.ф.н., доцент ЗКГУ им.М. Утемисова

Кунарова С.А. – магистрант ЗКГУ им. М. Утемисова,

E-mail: saltanatsss@mail.ru

ДРАМА УИЛЬЯМА ШЕКСПИРА «ЗИМНЯЯ СКАЗКА»: СЦЕНИЧЕСКАЯ И ЭКРАННАЯ СУДЬБА

Аннотация. В статье рассматривается драма У. Шекспира «Зимняя сказка», ее сценические и экранные воплощения. «Зимняя сказка» - одно из последних драматических произведений Шекспира. Впервые была напечатана в 1623 г. На сюжет пьесы имеются множество постановок, экранизаций, созданы музыкальные произведения.

Ключевые слова: драма, пьеса, постановка, спектакль, сцена, роль, Шекспир, экранизация, драматическое произведение, Зимняя сказка.

Пьесы Уильяма Шекспира – востребованы в театрах всего мира и уже несколько столетий продолжается их появление во все новых и новых сценических и экранных воплощениях на сцене и экранах. Трудно перечислить знаменитые имена прославленных деятелей кино и театра – авторов экранных и сценических версий шекспировских шедевров таких, как Лоуренс Оливье, Николай Охлопков или Юрий Любимов, которые обессмертили и свои имена, прикоснувшись к вечным творениям и имени Шекспира. Однако, когда речь заходит о прославленных фильмах и спектаклях, чаще всего это – версии «Гамлета», «Отелло», «Макбета», «Короля Лира». Значительно менее известны сценические и экранные версии других пьес Шекспира и это особенно касается его позднего творчества, таящего в себе много загадок и неразрешенных проблем.

Жанр поздних пьес Шекспира – это открытая проблема. Их называют просто «пьесами», «притчами», «трагикомедиями», «сказками». В пользу каждого из этих жанровых определений написано немало работ. Жанр в этом случае важен не только в теоретическом, литературоведческом смысле, но и в плане сценической или экранной трактовки – ведь подход к экранизации или постановке комедии и трагедии принципиально различен со стороны режиссера и актеров. В данном случае мы обращаемся к сценической и экранной судьбе одной из самых значительных поздних пьес Шекспира – «Зимней сказке» («The Winter's Tale»).

«Зимняя сказка» - поздний шедевр Шекспира, загадочная, поэтичная,

грустная и светлая пьеса. Жанровая природа ее соединяет черты сказки, трагикомедии, грустной комедии, драмы и все это причудливо и искусно соединяется Шекспиром, который словно играет со зрителем в романтическую игру, рассказывая историю королевы Гермионы и принцессы Утраты.

Отличительной чертой построения пьесы являются два конфликта, соединенные в один, где двойная развязка мгновенно разрешает все трудные проблемы пьесы. Чудесное превращение статуи в живую женщину которая, как, оказалась, не умерла и даже мало изменилась за шестнадцать лет разлуки, - это и сказка, и реальность. Шестнадцать лет, которые миновали, пока шло действие пьесы, также являются отличительной чертой: у Шекспира редко заложен в пьесу такой большой промежуток времени.

Отличительной чертой пьесы является также эклектика, с помощью которой Шекспир вновь как бы играет с читателем. Богемия, Сицилия, и Дельфы, ставшие островом, медведь на морском берегу, Дельфийский оракул, шотландская волынка и дочь русского императора – все это смешано в пьесе не по невежеству автора, а по его прихотливому желанию. Читателю и зрителю остается только удивляться этому разнообразию и богатству.

Язык Шекспира богат, но здесь он находит новые краски. Тема Времени с двумя крыльями и образ его, осеняющий героев. Разнообразие ритма, белый стих, вобравший в себя и поэтически высокую речь и разговорную и простую. Метафоры, сравнения, эпитеты, часто связанные с образами Времени и Зимы. Речевая характеристика героев и общая поэтичность слова в пьесе: живая речь эпохи соединена с высокой речью поэта.

Начнем с первой постановки пьесы: весной 1611 года СаймонФорман, известный лекарь и маг елизаветинской эпохи, записал впечатления о недавно виденных пьесах. Он был среди тех тысяч зрителей, что посетили в «Глобусе» постановки «Макбета», «Цимбелина» и совсем новый спектакль под названием «Зимняя сказка». Он осторожен в оценке «Зимней сказки», хотя ясно, что из героев более всего его привлекает Автолик, «бродяга, выходящий весь в лохмотьях как леший». Этот персонаж в исполнении Роберта Армина, несомненно, производил огромное впечатление, судя по следующему замечанию Формана: «Опасайся доверять тем, кто притворяется нищим, и тем, кто хочет к тебе подольститься».

«Зимнюю сказку» Шекспир создал годом ранее в 1610. Ее пасторальный фон навел некоторых критиков на мысль, что он писал эту пьесу в «Нью-Плейс» в Стратфорде. С таким же успехом можно сделать вывод, что «Бурю» Шекспир сочинял на острове посреди Средиземного моря. «Зимняя сказка» была из тех пьес, которые годились для постановки как в «Блэкфрайерз», так и в «Глобусе»; поскольку в 1611 году театры работали десять месяцев без перерыва, эту пьесу, по-видимому, играли в обоих театрах. Тщательно продуманную постановку венчала финальная сцена, в которой чудесным образом оживала Гермиона, превращаясь из статуи в живую женщину на глазах изумленных мужа и дочери. Зрителей в этот миг охватывало воодушевление. У Шекспира дважды была возможность наблюдать подобный эффект. Во время въезда короля в Лондон в 1604 году и

во время открытия Лондонской биржи в 1609 году статуи также «оживали» и разговаривали. Возможно, на празднике, посвященном открытию биржи, это искусно проделал кто-то из мальчиков-актеров шекспировской труппы. Увидев этот трюк, Шекспир, разумеется, его тоже использовал [1].

«Зимняя сказка» ближе к жанру музыкальной комедии, чем какая-либо другая пьеса Шекспира. В ней шесть песен, пять из них пел Армин в роли Автолика; автором музыки, вероятнее всего, был Роберт Джонсон. Одну песню исполняет трио. Два замысловатых танца — сатиров и пастухов — скорее напоминают сценку театра масок, нежели народные танцы. Волшебное преобразование статуи также сопровождается музыкой. Пьеса очень понравилась публике, ее даже при дворе исполняли шесть раз, а это беспрецедентный случай. Она была интереснее театра масок, ибо представляла собой превосходное во всех отношениях развлечение, в котором соединились театральная и обрядовая традиции. По словам Формана, пьесой восхищались и толпы зрителей в «Глобусе». Многие сцены были рассчитаны на зрительное восприятие не меньше, чем на эмоциональное.

В третьем акте встречается знаменитая ремарка:

Что за шум?

Добраться б мне до лодки... Гонят зверя!

Ну, мне пришел конец!..

(Убегает, преследуемый медведем.) [2, с. 70]

Представления с медведями всегда пользовались популярностью в Бэнксайде, и на улицах Лондона часто можно было увидеть дрессированных медведей, которые плясали или что-нибудь изображали. Однако вряд ли «Слуги короля» стали бы одалживать зверя у тех, кто устраивал травлю медведей. Гораздо смешнее выглядел актер в костюме. Внезапное и вроде бы случайное появление на сцене зверя Шекспир умело использует для развития действия. Появлением медведя отмечается поворотный момент в пьесе: из мрачной трагедии она превращается в эксцентричную комедию, и зритель постепенно привыкает к новому ритму и тону. Старика преследует медведь — это, конечно, страшная, но и удивительно смешная картина. Она символ всей пьесы.

Как и во всех романтических историях или музыкальных комедиях, страсти в «Зимней сказке» выражаются бурно, и скрыть их почти невозможно. Основная тема — безумная ревность, за которой следует чувство вины и раскаяние; несчастные и разлученные герои соединяются в финальной сцене прощения и примирения. Пьеса эта дарит зрителям радость и надежду.

«Зимняя сказка» была чем-то вроде подарка публике, средством против печали. В ней человеческая сущность неотделима от природы, они движутся вместе в великом ритме жизни. Поэзия диалога — естественное следствие свободного полета и поворота мысли героя; в речи отражается движение ума.

Заглавие «Зимняя сказка» напоминает те беседы у пылающего камина, которыми в шекспировской Англии любили коротать длинные зимние вечера. «Зиме подходит печальная сказка», — говорится в этой пьесе. Это именно зимняя сказка — сказка, рассказанная в тяжелое и печальное время.

Гермиона - жертва безрассудной ревности, ее ждет гибель. Но вот на сцене появляется аллегорическая фигура Времени - целителя всех бед. Выход Времени делит пьесу на две части: первая полна трагических событий, вторая - музыки и лиризма. Наступит час, таков лейтмотив «Зимней сказки», - и мечта превратится в действительность. Оживление статуи Гермионы - вершина этой радостной трагедии, сценический момент, не раз производивший потрясающее впечатление на зрителей.

Пьеса быстро снискала успех у публики. К 1640 г. она была уже семь раз сыграна при дворе. Во второй половине XVIII в. трагикомедия обычно ставилась с большими купюрами. Наибольший успех имела версия Дэвида Гаррика «Флоризель и Утрата» (1756). Этот вариант основывался главным образом на двух последних актах, что говорило о неприятии Гарриком большого временного разброса в оригинале пьесы.

Джон Филип Кембл осуществил постановку более полного текста в «Друри-Лейн» в 1802 г., где сам выступил в роли Леонта, а Сара Сиддонс - Гермионы. У.Ч. Макриди часто обращался к образу Леонта с 1815 по 1843 г., а в 1837 г. в «Ковент-Гарден» он играл в дуэте с Хеленой Фосит - Гермионой. Сэмюэл Фелпс с успехом поставил пьесу в «Сэдлерс-Уэллс» в 1845 г., а Чарльз Кин представил свою зрелищную версию в театре Принцессы в 1856 г. Мэри Андерсон одновременно играла Гермиону и Утрату в сокращенной версии пьесы (1887). В спектакле Бирбома Три в театре Его Величества (1906) Гермионой была Эллен Терри. Харли Гренвилл-Баркер осуществил историческую постановку в театре «Савой» в 1912 г. Режиссер поставил почти полный текст пьесы, но спектакль не имел успеха у широкой аудитории. Немало постановок пьесы было осуществлено на сценах «Олд-Вик» и Стратфорда-на-Эйвоне. Питер Брук поставил свою «Зимнюю сказку» в «Фениксе» в 1951 г. с Джоном Тилгудом - Леонтом, Дайаной Уайнъярд - Гермионой и Флорой Робсон - Паулиной. В постановке Тревора Нанна (Стратфорд-на-Эйвоне, 1969) Джуди Денч играла и Гермиону, и Утрату. Питер Холл включил пьесу в сезон «поздних пьес» в 1988 г. (Национальный театр), а Адриан Ноубл поставил масштабный спектакль в 1992 г. (Королевский Шекспировский театр), который увидели зрители разных стран мира. «Театр де Коммюнисите» в том же году осуществил изобретательную постановку, в которой Кэтрин Хантер виртуозно справилась с ролями Мамилия, Времени, Антигона и Автолика [3].

В 1887 г. в Малом театре была показана «Зимняя сказка» в переводе Соколовского.

Постановка этой пьесы вызвала даже протесты и недоумения. Писали, что Шекспир велик не этой пьесой, что это неправдоподобная шалость его пера и оставить ее нет причины.

Такого мнения придерживался, например, тот же И. Иванов, критик и пропагандист Шекспира.

Спектакль был очень плохо обставлен дирекцией театра. Для него не было сделано ни новых декораций, ни костюмов. И тем не менее, по дошедшим до нас отзывам, это был один из самых удачных шекспировских спектаклей Малого театра. В нем был передан и сказочный дух пьесы, и комическая стихия ее. Каждый исполнитель - и главный и второстепенный -

был на своем месте.

В фигуре циничного Автолика М. Садовский подчеркнул юмористическое простодушие и незадачливую хитрость. В роли Паулины Федотовой не только прекрасно произносила патетические речи, но и раскрывала комические черты характера этой решительной дамы, которая командует своим мужем и может даже отчитать самого короля.

Рецензенты отмечают, что Рыбаков мастерски играл Поликсена, а Ленский - Леонта (особенно хорош он был в I акте).

Но, конечно, спектакль этот был прежде всего спектаклем Ермоловой.

В роли Гермионы, как и в некоторых других шекспировских ролях, Ермолова нашла близкую себе тему: нравственную стойкость, бескорыстие и чистоту своих героинь она противопоставляла жестокому и хищному миру.

Современники оставили нам подробные и восторженные описания того, как Ермолова играла эту роль.

«Светлый образ Гермионы» назвал это создание Ермоловой один из них.

Удивительной особенностью исполнения было то, что Ермолова создавала жизненную и вызывающую симпатии фигуру и одновременно в Гермионе было нечто неуловимо сказочное.

Характер Гермионы дан был в движении и развитии.

В I акте Ермолова играла спокойную и счастливую женщину. Она знает, что ее любят и боготворят, внутренне гордится своим мужем и даже позволяет себе обращаться к Поликсену с шутливым кокетством.

Гермиону II акта Т. Л. Щепкина-Куперник сравнивает с Рафаэлевой мадонной. В ее слегка замедленной походке и осторожных движениях, в ее внутренней сосредоточенности перед нами предстал поэтический облик будущей матери.

«Тем разительнее был перелом свершавшийся в ней, когда в эту мирную атмосферу врвался Леонт со своим позорным обвинением. Не забыть, как она приподнималась на локте и с изумлением спрашивала его: «Что это, друг мой, шутка?»» [4, с.93].

Скорбь Гермионы Ермолова передавала без слез и рыданий. Тем сильнее она действовала на зрителей. И все же это была сказочная королева «даже и в страдании, даже перед лицом возможной казни - обвеянная светлой дымкой счастливого конца...» [4, с.24].

«Одна из вершин шекспировского творчества - защитительная речь Гермионы на суде - нашла в Ермоловой исполнительницу, достойную гения поэта.

Особенно, помню я, волновало то место речи, где Гермиона говорит, что ей не страшны угрозы, ведь она потеряла детей, потеряла любовь мужа – самое дорогое в жизни:

Оставьте ваши

Угрозы государь! Того, чем вы

Хотите запугать меня, желаю

Душевно я сама... Мне жизнь не в радость. [2, 61 с.]

Не о жизни ей теперь надо думать, а о спасении своего доброго имени:

Я не прошу

За жизнь свою: она мне тяжела,
Как горе, от которого всем сердцем
Желала б я избавиться! Но честь!
Честь перейти должна и на потомство -

Ее хочу спасти я... [2, 61с.].

Не забыть мне никогда и заключительной сцены, когда Паулина показывает Леонту спасенную ею Гермину в виде статуи, постепенно оживающей:

Оставь земле оцепененье смерти
И снова к жизни радостно спустись, - [2, 146 с.]

говорит Паулина. Гермину-Ермолова медленно спускается с возвышения, подходит к мужу, обнимает его, - и с каждым шагом, с каждым движением артистки какие-то светлые лучи лились в душу зрителя. Предельная на сцене поэтичность, эманация «вечно женственного» была в этой забываемой сцене», - пишет современник.

В современной интерпретации имеется спектакль «Зимняя сказка» в постановке Королевской Шекспировской Компании, представленного на летнем фестивале Линкольн Центра 2011 года.

Так на сцене – настоящее Рождество. Горят свечи, маленький мальчик примеряет бумажную корону, хозяева радушны, гости веселы. Атмосфера счастья и доверия царит при дворе короля Леонта. Ничто не предвещает надвигающейся бури. Так начинается спектакль Королевского Шекспировского Театра в постановке Давида Фарра.

В начале II акта маленький принц Мамилий рассказывает королеве, своей маме, сказку про гоблинов, объясняя, что «зиме подходит грустная». Шекспир пишет грустную сказку, сказку с «шекспировскими страстями», с персонифицированными Добром и Злом, где король Леонт, ревнивец и тиран, олицетворяет зло, а прекрасная Гермину, незаслуженно обвиненная мужем в неверности, - воплощенную добродетель. В этой сказке есть и кораблекрушение, и страшный медведь, и оживающая статуя, и молодые влюбленные, и оракул, и чудом спасенная принцесса.

И еще в этой сказке есть Время, оно же хор, Время, которое все ставит на свои места, заставляет короля Леонта осознать свою ошибку и горько раскаяться. Сила его раскаяния и чувство вины перед любимой женой так велики, что исцеляют его самого и всё вокруг.

Но прежде чем это происходит, король Леонт в порыве безумной ревности уничтожает гармонию и мир вокруг себя.

Грег Хикс, играющий Леонта, блестяще передает всю разрушительную силу ревности, пожирающей короля изнутри. Его ревность вспыхивает внезапно, она не нуждается в доказательствах, как ревность Отелло, она как бы питается сама от себя, заставляя Леонта желать смерти любимой жене и новорожденному ребенку, которого он считает последствием ее греха.

События в спектакле молниеносно сменяют одно другое: умирает от горя принц Мамилий, умирает сраженная этой новостью Гермину, до этого стоически переживающая арест и заточение (ее удивительно тонко, и вместе с тем, мощно играет Келли Хантер), новорожденную принцессу приказано бросить на волю судьбы, и различные беды и неприятности преследуют

близких королю людей.

В спектакле крушение мира происходит буквально, на глазах у зрителя. Две огромных, под потолок, книжных полки, плотно заставленных философскими трудами (действие спектакля перенесено в эпоху Просвещения) и сказками братьев Гримм, которые, очевидно, читал принц Мамилий, - эти полки рушатся; тысяча книг разлетается по сцене, по замыслу режиссера и художника, олицетворяя крах мира законности и порядка.

Игровое, театральное начало превалирует во второй, комической части «Зимней сказки». Сколько солнца и веселья в ее полуфантастической деревенской Богемии! Яркие, фольклорные костюмы, деревенский оркестр, играющий на празднике стрижки овец – аккордеон, скрипка, барабан Старый пастух, в чьем доме выросла принцесса, в исполнении Ларрингтона Уокера, благообразен и полон природного ума. Граффад Глин трогательно играет его доверчивого и недалекого сына. А в центре событий – отталкивающий и обаятельный одновременно, фонтанирующий энергией заядлый вор и мошенник Автолик – БрайенДохерти.

Эти герои только подчеркивают чистоту и очарование влюбленной пары – мнимой пастушки, не знающей, что она принцесса, и принца Богемии Флоризеля. Прямо с веселого праздника молодые герои бегут в Сицилию от гнева Богемского короля. Предсказание оракула сбывается: король Леонт находит пропавшую дочь. И, в довершение всего, внезапно оживает статуя умершей Гермiony. Все, как и положено в сказке, кончается хорошо.

Но ... последним выходит на сцену Автолик и подмигивает залу, как бы намекая на то, что в жизни не все можно вернуть так же легко, как в сказке.

Образ рухнувшего мира, пожалуй, самая большая удача спектакля. Вызывая в душе множество ассоциаций с миром сегодняшним, он помогает нам увидеть за сказочными превращениями реальные чувства живых людей, еще раз оценить такие качества как верность, любовь, достоинство, и, вслед за Шекспиром, поверить в то, что «человек является началом и концом всего происходящего между людьми» (А. Аникст) [5].

Нет ничего удивительного в том, что вариации на темы Уильяма Шекспира и экранизации его произведений как с опорой на театральные спектакли, так и в более свободной, кинематографической манере появлялись с первых лет истории кино. Надо сразу подчеркнуть, что в период «Великого немого» кинематографисты не обременяли себя проблемами верности классике и точностью воспроизведения литературных или сценических «оригиналов» (ведь сам Шекспир вольно обращался со «Сказанием о принце датском» или историческими хрониками) — без звучащего слова это было априори и невозможно и не нужно.

Считается, что кино официально обрело статус зрелища в декабре 1895 года, а уже в 1898 -м появились первые шекспировские экранизации. Их названия говорят сами за себя: «Макбет», «Король Джон», «Дуэль Гамлета», «Ромео и Джульетта», «Сцена дуэли из «Макбета»», «Буря», «Отелло», «Гамлет», опять «Ромео и Джульетта», и т. д. по несколько раз по списку..., а также «Какой ты меня желаешь», «Ричард III», «Антоний и Клеопатра», «Укрощение строптивой», «Юлий Цезарь», «Венецианский купец», «Король Лир», «Сон в летнюю ночь», «Двенадцатая ночь», «Зимняя сказка»,

«Виндзорские насмешницы»... И это только ленты, вышедшие на экраны в начале 1900-х годов, то есть немые и короткометражные из основных кинопроизводящих стран того времени: Франции, США, Великобритании, Италии... [6].

Всего за годы существования немого кино, вплоть до конца 1920-х, на экранах можно было увидеть самые различные версии и отдельных эпизодов, и пьес Шекспира в целом в более или менее пространных и свободных пересказах. Естественно, без звучащего текста эффект был несколько ослаблен, зато авторы чувствовали себя вправе вольно обращаться с первоисточниками, как о том свидетельствует французский фильм 1909 года «Ромео становится бандитом». В этот период снимались десятки сюжетов, вольно пересказывающих историю Макбета, Гамлета, Отелло с Дездемоной и Ромео с Джульеттой.

По художественной значительности «Зимняя сказка» является совершеннейшим в своем жанре произведением, «поэтической симфонией», как назвал ее Аникст. Сходство этой пьесы с музыкальным произведением отмечают почти все исследователи Шекспира. Так, Аникст приводит следующую цитату: «Отдельные этапы действия предстают перед нами, как следующие друг за другом части, различные по настроению и темпу, как это бывает в симфонии» (Д. Траверси). При этом выделяются мрачное патетическое начало с кульминацией в сцене суда, поэтичная и шутливая пастораль четвертого действия, гармония и умиротворенность развязки в пятом.

Некогда осуждаемая за неправдоподобие и структурную асимметрию, «Зимняя сказка» выросла во мнении критики в течение XX в. и ныне признана одной из ярчайших поэтических драм Шекспира. Она затрагивает широкий круг проблем, наделена тонким юмором, соединяет романтику и жестокость, обладает чудесным поэтическим звучанием, наделена чертами мифа и при этом остается глубоко человеческой.

Литература:

1. Акройд П. Шекспир. Биография // URL: <http://www.w-shakespeare.ru/library/shekspir-biografiya-akroyd.html>
2. Шекспир У. Зимняя сказка. /Пер. с англ. Т.Щепкиной-Куперник. М.: Эксмо, 2008.
3. Акройд П. Шекспир. Биография // URL: <http://www.w-shakespeare.ru/library/shekspir-biografiya-akroyd.html>
4. Ермолова Т.Л. Щепкина-Куперник – М.: Искусство, 1972, 93 с.
5. Катаева М. Королевские игры «Зимней сказки» в Линкольн центре.// URL: <http://www.runyweb.com/articles/culture/theater/winters-tail-at-lincoln-center.html>
6. Разлогов К. Планета Шекспира. (Шекспир в кинематографе) //Вестник Европы. 2014, №40-41.

Chechetko M.V., Kunarova S.A.

William Shakespeare's drama «Winter's Tale»: scenic and screen story.

The article deals with the W. Shakespeare's drama «Winter's Tale», its scenic and screen embodiments. «Winter's Tale» - one of the last dramatic works of Shakespeare. It was first printed in 1623. On the plot of the play there are many productions, filming, and musical works.

Key words: drama, play, stage, performance, scene, role, Shakespeare, filming, dramatic work, Winter's Tale.

Чечетко М.В., Кунарова С.А.

«Уильям Шекспирдің «Зимняя сказка» драмасы: сахналық және экрандық тарихы.

Бұл мақалада У. Шекспирдің «Зимняя сказка» шығармасының сахналық және экрандық іске асырулар қарастырылған. Шекспирдің «Зимняя сказка» соңғы драмалық шығармасы. 1623 жылы ең бірінші рет қағазға басылған. Пьесаның сюжетіне көптеген қойылымдар, экрандық түсірілімдер және музыкалық шығармалар қойылған.

Кілт сөздер: драма, пьеса, қойылымы, ойын, сахна, роль, Шекспир, экранға түсіру, драмалық шығарма, Зимняя сказка.

ӘОЖ: 82 – 7(045) 01

Қабылов Ә.Д. – ф.ғ.к., доцент,
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
E-mail: adlet_kabylov@mail.ru

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ИРОНИЯ ТУРАЛЫ

Аннотация: Мақалада көркем әдебиеттегі ирония туралы кейбір ой-пікірлер пайымдалып, иронияның көркемдік-стильдік қызметіне талдау жасалады. Ирония – қоғам мен адам кемшіліктерін қабылдамаудың көрінісі. Автор қолдап, қостап отырғандай болып, оны бекіте түскендей көрінгенімен, шын мәнінде, оны күлкі етіп, теріске шығарып отырады. Көркем шығармада ирония белгілі бір құбылыстарға эстетикалық баға берудің амалы ретінде көрінеді.

Кілт сөздер: ирония, сыншылдық көзқарас, эстетикалық бағалау, кекесінмен сөйлеу, астыртын мағына, сарказм, ирониялық баяндау.

Стиль – шығарманың мазмұндық түрінің барлық элементтерінің бірлігі мен тұтастығының жиынтығы ретінде суреткердің шығармашылық даралығы мен оның көркем ойлау формасының көрінісі десек, шығарманың жалпы мазмұнынан да, оның жекелеген компоненттерінен де, әсіресе тілдік-стильдік даралығынан көрініп отыратын өнімді стильдік-көркемдік тәсілдердің бірі – ирония.

Көркем прозадағы ирония – философиялық-эстетикалық феномен. Ирония көбінесе поэтика құрауыштарының сан алуандылығы мен фунуциональдық бірлігін шығарманың персонаждар мен сюжеттік, мифопоэтикалық және кеңістіктік-уақыттық саласында анықтайтын стильтүзуші фактор ретінде көрінеді. Шығармадағы иронияның табиғатын пайымдау оны талдап-түсіндіру мен көркемдік-мағыналық тұрғыдан жасалу механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттану сөздіктерінде, негізінен, иронияның мынадай мағыналары көрсетіледі: 1) әдейі қолдау немесе мақұлдау түрінде айтылатын терістеу немесе күлкі ету; 2) айтылған ойдың, сөздің контексте қарама-қарсы мағына беруі жолымен жасалатын кекету мағынасы; 3) субъектінің артықшылық

сезімін астарына бүккен, байыптылық пердесін жамылған күлкі ету.

Болгар эстетигі И.Славов иронияны үш түрге жіктеп қарастырады: афоризмдік, лингвистикалық және қисынды-құрылымдық. Афористік ирония деп тұспалды-образды анықтамаларды атайды [1, 12-13 б.]. Екінші топқа ежелгі грек заманынан келе жатқан этимологиялық мағынасын жатқызады. Ал қисындық-құрылымдық деп иронияның айтылу түріне қарай ашылатын мағынасын, яғни күлкі түріндегі ділмарлық әдісті атайды.

Иронияның әдеби мәтіндегі көркемдік орнымен қатар, қоғамдық-әлеуметтік мәні туралы айтылған көптеген тұжырымдар бар: «Ирония – онсыз кез-келген астың дәмі келмейтін бір шымшым тұз секілді» (И.В.Гете), «Ирония – адамзаттың ұяты» (Ж.Ренар), «Ирония проблемасының барлық проблемалардың ішіндегі ең терең, ең қызықты проблема екенінде сөз жоқ» (Т.Манн).

Әлемдік мәдениеттануда ирония деп оның бір ғана қырын немесе бір ғана түрін түсінгендіктен, оны пайымдауда қайшылықтар да кездесіп отырды. Мысалы, Аристотель иронияға жүгінуші адамның «мейірбандық сипаты» туралы айтқан, ал стоиктер парасатты адам ешқашан иронияны қолданбайды деп санаған. Мұндай қайшылықтың себебі – иронияға әр түрлі қырынан қарауға байланысты: Аристотель интроверттік, ал стоиктер – экстраверттік ирония туралы айтып отыр. М.М.Бахтин ирониялық күлкіні «көмескі күлкі» деп атайды.

Сөздіктерде иронияға көбінесе сырттай «зат пен құбылыс туралы ойлап тұрғанына керісінше айту» деген анықтама беріледі. Осыған жақын «тікелей айтылып тұрған ойға керісінше, астарлы мағыналы сөз» деген анықтаманы З.Фрейд, В.П.Шестаков, Б.Дземидок секілді ғалымдар да қолдайды. Бұл анықтама өтірік, жалған, екіжүзділік, жарамсақтық деген сөйлеудің басқа да астарлы мағыналарына сәйкес келеді. Алайда, Д.Вико иронияны «шындықтың пердесін жамылған» өтірік деп атайды. Алайда ирония – бұл түсініктерден мүлдем өзгеше категория. Ирония – риясыз қатынас, ол ироникке ешқандай пайда әкелмейді, ал өтірік айтуда, жарамсақтық пен жалғандықтың негізінде пайдакүнемдік мақсат жатады [2, 299 б.].

Иронияның формальды-логикалық ерекшелігін А.Ф.Лосев мейлінше айқын түсіндіреді: «Иронияның өтіріктен ерекшелігі, ол шындықты жай ғана жасырып қоймайды, оны ерекше астарлы түрде айтады. Ирония, мен «жоқ» дегім келе тұра «иә» деген кезімде пайда болады және сонымен қатар мен бұл «иәні» тек шынайы «жоқты» білдіргім келгендіктен айтамын. Ойланyp қарайықшы, мұның қайсысы бірінші: мен «иә» деймін, бірақ шынында ішімнен «жоқ» деп ойлап тұрмын. Әрине, бұл тек өтірік, жалған болмақ. Иронияның мәні сонда, мен «иә» дей тұра өзімнің «жоқ» дегенімді жасырмаймын, қайта айтып, білдіріп тұрамын. Менің «жоғым» өзінше факт болып қалмайды, мәселе «иәнің» қалай айтылуында, өзін солай мақұлдатып тұр ма, соған байланысты, онсыз ешқандай мәні болмақ емес» [3, 327 б.].

Ирония тек күлкіліліктің түрі, күлкімен кемсітудің әдіс-тәсілі ғана емес, ол мағыналық жағы, эмоциональдық-құндылықтық қатынасы, әсерлендірушілік табиғаты тұрғысынан көркем шығармашылықтағы идеялық-эмоциональдық бағалау құралы да болып табылады.

Ирония антикалық мәдениетте пайда болды. Тарихтың түрлі

кезендерінде иронияның алуан түрлері жетекші маңызға ие болып отырған: Гомерде – трагикалық, Э.Роттердамский мен Вольтерде – сайқымазақтық, романтиктерде – түңілушілік, Герценде – әлеуметтік сыншылдық, Блокта – идеал иен ақиқат өмір арасындағы қайшылықтарды ашу, Ницшеде – нигилизм мен пессимизмді білдіру, Кьеркегор мен экзистенциалистерде – жаппай терістеудің пессимистік түрі.

Болгар эстетигі И.Паси иронияны зерттеу тарихының үш кезеңін атап көрсетеді: 1) Ирония таным мен моральдық жетілу құралы (Сократ); 2) суреткердің шығармашылық субъективтілігі (Ф.Шлегель); 3) рухани-тарихи процесс (Зольгер, Гегель) [2, 245-305 бб.].

Антикалық авторлар иронияны ерекше стильдік әдіс ретінде қолданғаны мәлім. Ежелгі гректер ирония деп өзін әдейі ақымақ етіп көрсетіп, сөз арқылы қулық жасау, жорта мақтауды атаған. Иронияның тақырыптық-идеялық, көркемдік мәселелерін ерте замандардан бастап көптеген философтар өз еңбектерінде қарастырып келеді. Иронияның функциональдық ерекшеліктерін (романтикалық, трагедиялық, нигилистік, т.б.) саралаған шетел әдебиеттанушыларының көптеген еңбектері бар. Мысалы, А.Ф.Лосевтің В.П.Шестаковпен бірігіп жазған «Эстетикалық категориялар тарихы» еңбегінде иронияның тарихына кеңірек тоқталады [4].

Иронияны танымдық тәжірибеде қолдану тарихы туралы айтқанда ең алдымен ежелгі грек философы Сократ есімі ойымызға оралады. Платон өзінің «Пир» атты диалогында Сократтың пікірталас жүргізу құралының маңызды ерекшелігі оның ирониясы болғанын жазады. Сократтың ирониясы – өзін көп білемін деп санайтын даңғойларды астарлы келекемен «отырғызып тастау» құралы болды. Сократ иронияны софистермен пікірталастарында белсенді қолданып, олардың масаттанушылықтарын басып, ежелгі дүние «білгіштерінің» ой-саналық шектеулігін әшкерелеп отырған. Сократ философиясының түпкі позициясы оның екі сөз орамынан көрінеді: «Мен ештеңе білмейтінімді білемін» және «Өзіңді өзің таны». Сократ әркімнің өз қабілеті мен мүмкіндігін жақсы тануын және оны шындықпен әрі сыншылдықпен бағалауды қалады.

Сократтың маңызды тәсілі - «ирониялық майевтиканың» (грек. «балаң өнер») мәні – ол сұхбаттасына өзін аңқау әрі надан адам қылып көрсетіп, одан «даналық білімдер» үйренбек болады. Қарапайым аңғалдықпен сұрап отырғандай көрініп, ұдайы сауал қоя отырып, Сократ өз сұхбаттасын тұйыққа тіреп тастайтын, сөйтіп олардың білімсіздігін дәлелдеп беретін болған. Сократ ирониясының ерекшелігі де сонда, оның мақсаты – біреуді жер қылу емес, адамның өзін-өзі тануына, сұхбатта еркін болуына, шығармашылық мүмкіндіктерін ашуына көмектесу болды. Ф.Шлегельдің пікірі бойынша, иронияға бейімділік адамды тұрмыстың қайшылықтарынан, әсіресе күнделікті күйкі тірліктен жоғары қояды. Сол Ф.Шлегель Сократқа қатысты «ирония бүкіл дүниені әжуалайды» дегенді айтады [5, 286-287 бб.].

Ф. Шлегель иронияға аса мән берілетін суреткердің «кемел» субъективтілігі туралы өз түсінігін жариялады. Оның түсінігінше, талантты суреткер өзінің қайталанбас талантын көркем шығармаларында толық ашуға мүмкіндігі жоқ екенін жақсы сезінеді. Объективтендірілген дүниенің жетілмеген, толық емес болмысы мен дарынды суреткердің кемел идеалдық

әлемінің арасындағы аралық белгілеуші құрал ирония болып табылады. Ирония суреткерге өз туындысын дүниеге әкелуде еркіндікте болуға мүмкіндік береді.

Ирония – интеллектуальды танымның формасы, ол екі бағыттағы қайшылықты құбылыстарды өзара іштей салыстыра келіп, бимодальды мағыналық құрылым түзеді. Ирониялық өлшемдерді дұрыс қабылдау үшін бай тәжірибе мен алғыр ақыл керек. XX ғасырдың интеллектуальдық романдары әлемдік мәдениеттің бай мұрасына сүйене отырып, иронияны да белсенді пайдаланып келеді (Т.Манның «Ғажайып тауы», «Доктор Фаустусы», Д.Джойстың «Улисі», т.б.). Ирония, сонымен қатар, XIX-XX ғасырлар тоғысы мен одан жүз жылдан кейінгі мәдениетте тағы да қайталанып отырған дәстүрлі гуманизмнің қазіргі дағдарысын да бейнелейді [6, 30 б.].

Қазіргі қоғамымыздағы гуманистік-мәдени құндылықтардың қайта қаралуы кезіндегі иронияның ролі тиісінше бағалануы لازم, өйткені постмодернистік мәдениет ирониялық көзқарастың, ирониялық пародияның қызметіне жиі жүгініп отырады. Өтпелі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық қиындықтары, рухани жүдеушілік, болашақ бағдарына күмәнданушылық секілді екіұдай сезім жетегінде жүргізетін тарихи жағдайларда адамның кісілік келбетін жоғалтпауға ықпал ететін эмоциональдық-рухани, интеллектуальдық-этикалық құралдардың бірі – ирония. Адамның рухани саулығы мен өмірге деген құштарлығы оның өмірдегі кез-келген жөнсіз жағдайды, рухани қысымды юморлық сезіммен, ирониялық көзқараспен жеңуіне мүмкіндік береді.

Ирония көбінесе объектіге ондағы жоқ жағымды сапаларды танады, сөйтіп оған жоғары баға береді, алайда тұспалдау арқылы, «ирониялық белгі» арқылы мұндай мақұлдаудың жалғандығын, контекске орай ақиқат бағаны дұрыс түсіну керектігін көрсетеді, мұндай қайшылық «ирониялық қатынас» деп аталады.

Иронияны, әдетте, көркем әдебиеттегі сатира мен юмордың қатарындағы күлкі тудырудың түрі деп таниды, кейбір зерттеушілер (Тимофеев) ирония сатира мен юмордың арасындағы аралық түр дейді. Юмор – жанашырлық күлкі, жеңіл әзіл, сатира – ащы, әшкерелеуші, жер қылушы күлкі, ал ирония – астарлы мазақ, өз артықшылығын сезінту. Күлкінің екі жағы болады: сынаушы және мақұлдаушы (қостаушы), мұндай екіұдайлық «амбиваленттік» деген терминмен аталады. Юмордың сыншылдық жағы онша күшті болмайды, онда мақұлдаушылық реңк болады. Сатирада, керісінше, күлкінің мақұлдаушылығынан сыншылдық сипаты басым болады. Ал ирония өзіне осы екі сипатты тоғыстырып, кейде сатиралық, кейде юморлық қуаты басымдық алып отырады. Кейбір зерттеушілердің иронияны сатиралық және юморлық деп жіктейтіні де сондықтан.

А.Бергсон тиістілік пен шындықтың қатынасының бағыттылығына қарай иронияны юморға қарсы қояды: ирония тиістілікті шындық етіп көрсетеді, ал юмор шындықты тиістілік етіп көрсетеді [7, 117-118 бб.]. Оның ойынша, ирония мен күлкіліліктің айырмашылығы олардың сыншылдық сипатына байланысты. Күлкілілік жамандықты, тоғышарлықты күйретеді,

олардан дүниені арылтуды мақсат етеді. Ал иронияның міндеті - тұлғаны, оның идеалдары мен құндылықтарының беріктігін, өміршендігін тексеру, сынау болып табылады.

Иронияның эстетикалық категория ретіндегі мәні басқа күлкі категорияларына (сатира мен юморға) және негізгі категорияларға - асқақтыққа, әсемдікке, тратикалыққа қатынасынан көрінеді. Ирониялық қатынас тратикалық пен комикалық қатынасты байланыстырушы буын, сондай-ақ асқақтық пен патетикалыққа қайшылықтағы жұптық категория болып табылады.

Ирония да басқа күлкі формалары секілді өзінің сыншылдық қызметінде идеал туралы, әлеуметтік үйлесімділік туралы белгілі бір түсініктерге сүйеніп отырады. Яғни, иронияның алғышарты ирониялаушы субъектіде жағымды идеал немесе құндылықты-бағдарлық іс-әрекетінде қалыптасқан негіз болып табылады. Және бұл «идеал» туралы түсініктің жалпыға ортақ маңызы болатынына сенім болуы керек. Мұндай сипат күлкі формаларының барлығына да тән. Мұндай «бастапқы идеал» үнемі саналы түрде айқындалған болмауы, соқраттық ирониядағы секілді, күдіктің де араласып отыруы мүмкін.

Ирония субъектілік «Меннің» басқаларға, сондай-ақ өзіне де қатынасын айқындап отырады. Адамның өзі туралы түсінігі ол туралы өзгелердің беретін бағалары арқылы кеңейіп отырады. Субъективті сана ретінде «Мен» өзге «Мендермен» диалогке түсіп отырады. Ирониялық қатынаста «Мен-субъектінің» «Мен-объектіден» айырмашылығын ажырата алу ерекшелігі - сана дамуының жоғарғы сапасы болып табылады.

Ирониялық қатынаста субъект өзінің ирония объектісінен жоғары тұрғанын сезінеді. Сонымен қатар, субъект өзінің саналық дамуының деңгейі мен қабілетін де бағалап отырады. Өзін-өзі бағалаудың өлшемдерінің бірі өзіндік сын болса, самоирония (сайқымазақ күлкі) – тұлғаның өз санасын дамытудың бір жолы болып келеді. Эстетикалық санада мұндай адамның өзіне бағытталған кекесіні интроверттік иронияның нысанасы болып келеді. Онда «Мен-субъект» мен «Мен-объект» бір адам болып кететінімен, біріншісі екіншісіне екінші жақтан «Сен» деп тіл қатады.

Ирония стильдік тұрғыда «мақсат» та, «құрал» да болып табылады. Кешенді көпфункциональды ирония дүниетанымдық құрылым және эстетикалық сана формасы (эстетикалық категория) болатындықтан, көркем ойлау импульсі ретінде қызмет етіп, шығарманың эстетикалық ерекшелігін айқындайды.

Қазіргі эстетикада иронияның тарихи (А.Ф.Лосев, В.П.Шестаков, П.П.Гайденко, Т.Т.Гайдукова, Р.М.Габитова), көркемдік бағыттағы функциональдық (Н.Я.Берковский, В.В.Ванслов, И.Славов), әдеби көркем әдіс түрінде (Н.Я.Берковский, М.М.Бахтин, Б.Аллеман), күлкі құрылымындағы (В.Я.Пропп, Ю.Б.Борев, М.С.Каган, Б.Дземидок, И.Паси) секілді аспектілері біршама зерттелген.

Қазақ әдебиеттанушыларының ирония туралы пікірлері бір арнаға тоғысып отырады. А.Байтұрсынов атақты «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «Сөздің тысқы лебіз мағынасына ішкі астыртын мағынасы қайшы келсе, кекесін болып шығады. Кекесінмен сөйлеуді кекесіндеу дейміз», – дейді [8,

68 б.]. Қ.Жұмалиев: «Сөйлем құрылысының түріне қарағанда, адамға, нәрсеге сырттай жақсы баға берсе де, ішкі мағынасы оған қарсы шығып, жақсы бағаны жоққа шығарса, және сол нәрсені келекеге айналдырса, ирония дейді», – деп жазады [9, 129 б.]. «Ирония – «кемшілікті, мін-мүлікті астармен перделеп сынау, сықақтау, мысқылдау, кекету. ...жоқ жақсылықты өп-өтірік бар ету арқылы әдейі сол жоқ нәрсенің орнын ойсырата көрсету, мазақ қылу, оның өзін астарлап, объектіні тәлкек ету», – дейді З.Қабдолов [10, 89 б.]. «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» (З.Ахметовтің мақаласы) иронияға мынадай анықтама берілген: «Кекесін (ирония) – сөзді тура мағынасында айтылғандай қолдана отырып, бірақ оған қарама-қарсы мағына беру, сөйтіп ойды жеңіл әзіл-қалжыңмен, зілсіз кекесінмен керісінше айту тәсілі. Қай сөздердің осылай астарлы мағынада, керісінше қолданылып отырғаны олардың айтылу қалпынан, ой желісінен, сөйлеу интонациясынан сезіліп отырады. Кекесін тәсілін қолданудың әсерлілігі жағымды, жылы сөздермен айта отырып, жағымсыз мінез, іс-әрекеттерді көрсететін тапқырлықты, қарама-қайшы жайларды тартыстыру арқылы ойды жасырын түрде жеткізе білетін көркемдік шеберлікте» [11, 25 б.].

Ирония – сан-салалы қоғамдық құбылыстар мен мың құбылған өмір-тіршіліктегі түрлі келеңсіздіктерге, тоғышарлық пен рухани қысымның барлық көріністеріне қарсылық әрекеті ретінде қалыптасып, сыни ойлар мен әлеуметтік талдаушылық көзқарасты өткізудің астарлы көркем амалы ретінде орнықты. Иронияның негізінде дүниеге сыни көзқарас жатады, қоғамдағы әділетсіздікке, әлеуметтік қысымның жойқын күшіне қарсылықты ерекше эстетикалық әдіспен берудің шығармашылық әдісі болып табылады.

Ирония – ауыз әдебиетінен бастау алатын көркемдік құбылыс. Жазба әдебиетіміздің арғы бастауларында ауыз әдебиеті түр десек, қай елдің де фольклоры мен ел аузындағы аңыз-әңгімелерде иронияның көркем мысалдары көптеп кездеседі.

Қазақ халқының мінез-құлық пен дүниетаным, сыни талдау мен баға беру дағдысы да иронияға өте бейім келеді. Ирония мақал-мәтелдердің өзінен молынан ұшырасады. «Өзің білме, білгеннің тілін алма», «Апама жездем сай, ағама жеңгем сай», «Бай үйінің мұржасы қисық болса да, түтіні түзу», «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін», «Әкімің соқыр болса, бір көзінді қисып өт» секілді мақал-мәтелдерде жеке адамға бағытталған әрі әлеуметтік мәндегі кекесін, парадокстық тұрғыдан, ирониялық сарынмен астарлап мұқату, тұспал-ишарамен мазақ етушілік бар.

Абайдың қара сөздерінде сыналатын («Жиырма тоғызыншы сөзі») мақалдардың дені осындай ирониялық астармен айтылатын сөз мәйектері екенін ескеруіміз керек. Мысалы, «Жарлы болсаң, арлы болма», «Қалауын тапсаң, қар жанады», «Атың шықпаса, жер өрте», «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол», «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» дегендердің қай-қайсысы да – өткір кекесінді нақылдар [12, 126-127 бб.].

Тұрмыс-тіршіліктегі кездескен нақты бір жөнсіз жәйт, орынсыз оқиға, кешірілмес күнә, құптауға болмайтын көріністерге орай туындаған кекесін түрінде айтылған нақыл сөз уақыт өте келе ғибратты мақал-мәтелге айналған. Ал мұндай нақыл сөздер барлық уақытта тура мағынадағы өсиет түрінде ғана

емес, кейде осылай астарлы-түспалды кекесін, мұқату, мошқау түрінде айтылып, ел есінде жатталатыны бар.

Әдеби мұраға таптық көзқарас тұрғысынан қараған кешегі кеңестік кезеңде кейбір мақалдардың «үстем тап шығарып, оған таптық идеясын қосқан, идеологиялық құрал еткен» деп түсіндірілгені мәлім. Алайда, сол «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін», «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас», «Алтын басты әйелден бақа басты еркек артық» деген секілді мақалдар сол кешегі «байы менен кедейі жоқ, теңдікті» заманда да, бүгінгі күні де ұмытылмай келеді. Асылы, осы мақалдардың да өзегінде ащы әжуа, кекті кекесін жатқаны анық.

Халық – қашан да сыншы, қапысыз тәлімгер, ал мақал-мәтел – жекенің мұрасы емес, халықтың ғасырлар бойы сүзгіден өтіп, өмір-тұрмыс тәжірибесімен дәлелденген, еленіп-екшелген ақыл-ойының тұнбасы. Ендеше, «Малым – жанымның садақасы, Жаным – арымның садақасы», – деп мал-мүлік, тапқан-таянғанын жаны үшін қиятын, ал сол жанын арының жолында құрбандыққа шалып, ар-намысты жоғары ұстаған қазақтың «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» деп (тура мағынасында ұғынсақ), ата-анасынан гөрі малды ардақтайтындай не жөні бар!? Олай десек, мұндай гәп халықтың ой-тұжырымы емес, бірлі-жарым түйсіксіздің ғана «пәлсапасы» болып шығар еді. Демек, соңғы мақалды алдыңғысының нақты бір кезеңге икемделген метаморфозасы емес, керісінше, белгілі бір жағдайға сәйкес ирониялық тұрғыда тәмсілденген парадокстік нұсқасы деп түсінбек лазым.

Алайда, әуелдегі шығу тегі мен қолданысы осындай болғанмен, өз ісінің жөнділігіне «уәждеме» қылу үшін кейбіреулер сөз төркініне үңілмей, мақалды тура күйінде қабылдауға бейім тұрса ше!? Абайдың өзі айтпақшы, «жұбанышы: жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ, болады-дағы деген сөзді жұбаныш қылатын» («Жиырма үшінші сөз») қазақеңнің осы мінезін, қарапайым халық өкілдерінің балаң ой-өресін ескерді ме екен, ұлы ақын осы мақалдардың тура мағынасынан сақтандырып, әрқайсысын жеке-жеке талдап көрсетеді.

Ирониялық сарын, кекесін-мысқылды сыншылдық көзқарас халық ақындарының шығармаларында да жиі кездеседі. Қашаған ақынның «Оразалы байға айтқанындағы»:

...Бет терісін түлетіп,
Төбесінен күн өтіп,
Шыбын жанын пида етіп,
Шаруаға жанды жүдетіп
Жүргенде кетпесе игі еді
Біздің аршыланға тіл өтіп, –

деген жолдарында бір қарағанда жанашырлық танытып отырғандай көрінгенмен, қайырсыз байдың дүниеқоңыз, сараңдығын тілдеген өткір кекесін жатыр.

Ирония – қоғам мен адам кемшіліктерін қабылдамаудың бір көрінісі. Автор қолдап, қостап отырғандай болып, оны бекіте түскендей көрінгенімен, шын мәнінде, оны күлкі етіп, теріске шығарып отырады. Басқаша айтқанда, ирония – өзінің сипаты жағынан дүниедегі ұсқынсыздық пен қауіпті саналатын көріністерге қарсы бағытталған субъективті, эстетикалық өзгеше

қатынас болып табылады. Ирония – кемшілікке кемелділік тұрғысынан қараудың этикалық-адамгершілік көрінісі.

Ирония құбылысын бір сөзбен «сырттай қоштап отырғандай көрінгенмен, ішкі мағынасымен кемітіп, кекетіп отыру» деп түйгенімізбен, оның көркемдік-поэтикалық өрнегі де, ішкі мағына-мәнері де сан алуан, иірімдері мол. Ол туралы А.Байтұрсыновтың: «Кекесіннің түрі толып жатыр. Бірақ толып жатқан түрін екі топқа бөлуге болады: 1) Зілсіз кекесін (ойын, қулық, қалжың, әзіл), 2) Зілді кекесін (мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, келеке, әжуа), – деп көрсетеді, сөйтіп иронияның ішкі мағыналық реңктерінің сан алуандығына көңіл аударады [8,71 б.]. Қазақ тілінде де иронияның келеке, кекесін, мазақ, әжуа, мысқыл секілді нұсқалары бар және олар халық шығармашылығында да, қазіргі прозада да түрлі өрнекпен кеңінен ұшырасып отырады.

Иронияның ұлғайған түрі – сарказм. Яғни мысқылдың ызаға айналған түрі, зілді де ащы кекесін. Сатира зерттеуші орыс ғалымы Л.И.Тимофеев ирония мен сарказмды юмордан сатираға өтудегі аралық форма дейді. Демек, ғылым тілінде, күлкі реңктерінің жаймашуақ әзілден бірте-бірте қаһарлы, мансұқтаушы күлкіге өтуі юмор – ирония – сарказм – сатира баспалдағымен көтеріледі.

Әлем әдебиетінде Гомердің әйгілі «Иллиадасы» мен «Одессеясынан» бастап, ирониялық баяндау Шекспирде де (XVI ғасыр), Гоголь мен Бальзакта (XIX ғасыр) да кездеседі, түрлі ағымдардағы арғы-бергі көптеген қаламгерлердің қай-қайсысының шығармашылығында ұшырасып отырады.)азіргі әдебиеттегі постмодернистік ағым да өмірдің барлық көріністеріне өзгеше ирониямен қарауға ден қоюда.

Ирония негізінен шығармадағы пафостың түрі, идеялық-эмоциялық баға берудің амалы, авторлық эмоциялық көзқарас секілді көркем мазмұнның субъективтік ұйымдасуынан көрінеді. Бұл жағынан ол комизм, трагизм, қаһармандық секілді «эстетикалық сана модальдылығына» жақын келеді. Көркем шығармадағы ирониялық көзқарас пен көңіл-күй, негізінен авторлық баяндаудан көрінеді, кейде ол кейіпкер сөзімен, ішкі монологымен астасып жатады.

Модернистік және постмодернистік әдебиетте түрлі сипатта көрінетін ирониялық бейнелеу (баяндау) социалистік реализм әдебиетінде де өзіндік үйлесімімен көрінді. Әдебиет пен өнерде, әсіресе, адамдар мен олардың тұрмысындағы, тарихи тәжірибелеріндегі қайшылықтарды өзінше қабылдаудан туындап, нақты әрі терең пайымдайтын көркем ирония сатиралық және юморлық шығармалардағы (немесе бейнелеу түріндегі) өнімді тәсіл ретінде кеңінен қанат жайды. Көркем әдебиеттегі ирония өзінің жылы сөзді алдына салып, ащы сөзбен ептілікпен әдіптеп кемітушілік қасиетімен, астарлы-тұспалды сыншылдық сипатымен қазіргі прозамыздағы сыншылдық көзқарастың, әшкерелеуші-бағалаушылықтың әмбебап құралына айналды.

Әдебиет әлеміне 1960-жылдардағы жылымық кезінде келген орыс ақын-жазушылары – қазіргі орыс әдебиетінің мойындалған классиктері А.Вознесенский, В.Аксенов, В.Войнович, Ф.Искандер, Б.Окуджава, Е.Евтушенко, В.Астафьев, А.Синяевский, т.б. шығармашылығы ирониялық

сарындарымен ерекшеленеді.

Кеңестік ұлт әдебиеттерінде, әсіресе, эстон проза мектебінің өкілдері Э.Ветемда, Э.Бээкман, А.Вальтон, П.Куусберг, грузин әдебиетінде Н.Думбадзе, Ч.Амирэджиби, А.Сулакаури шығармаларында иронияның сан қырлы қасиеті жарқырап көрінді. Сыншыл реализм әдебиетінде өзіндік өрнекпен көрінген ирония қазақтың көркем прозасында Ж.Аймауытов, Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы сатира мен юмордың қатарында бой көрсетіп, XX ғасырдың 60-80 жылдарынан бері көркемдік әдіс ретінде өнімді қолданылып келеді. А.Сүлейменов, Т.Нұрмағамбетов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Т.Әлімқұлов, Қ.Ысқаков, Ә.Тарази, О.Сәрсенбаев, т.б. шығармаларында ирониялық өрнектер жан-жақты қырымен ұшырасып отырады.

Әдебиеттер:

1. Славов И. Иронията в структурата на модернизма. – София. 1979. – 290 с.
2. Паси И. Смеишото. – София. 1972. – 300 с.
3. Лосев А. Ирония античная и романтическая. // Эстетика и искусство. – М., 1966. – 354 с.
4. Лосев А.Ф., Шестаков В.П. История эстетических категорий. – М., 1965. – 376 с.
5. Шлегель Ф. Эстетика. Философия. Критика. В 2 томах. – М., 1983. Т. 1. – 446 с.
6. Пивоев В.М. Ирония как феномен культуры. – Петрозаводск: Изд-во Петрозаводского гос. унив-та. 2000. – 104 с.
7. Бергсон А. Смех. – М., Искусство, 1992. – 127 с.
8. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 319 б.
9. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы. Мектеп, 1960. – 247 б.
10. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. Мектеп, 1982. – 360 б.
11. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырған З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы, 1998. – 255 б.
12. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы. Жазушы, 1986. – 200 б.

Кабылов А.Д.

Ирония в художественной литературе

Ирония есть отрицание или осмеяние, притворно облекаемое в форму согласия или одобрения. Она является свидетельством определенного уровня зрелости культуры. Статья посвящена к проблемам иронии в художественной литературе.

Ключевые слова: ирония, критический подход, эстетическое отношение, ироническое высказывание, скрытый смысл, сарказм, ироническое повествование.

Kabylov A.D.

The irony in literature

Irony is a denial or ridicule, consent or approval feigned taken to the form. It is an indication of a certain level of maturity of the culture. The article is devoted to the problems of irony in literature.

Keywords: irony, critical approach, aesthetic attitude, ironical statement, hidden meaning, sarcasm, ironic story.

ӘОЖ: 821.512.122

*Қадыров А.Қ. – ф.ғ.к., профессор,
Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ
E-mail: moldir_amangazykyzy@mail.ru*

ШӘКІР ӘБЕНОВТІҢ «ҚОЗЫ КӨРПЕШ - БАЯН СҰЛУ» ПОЭМАСЫ

Аннотация: Бұл мақалада Ш. ӘбенOVтің «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасы жан - жақты ғылыми тұрғыдан зерттеледі. Сондай - ақ, Ш. ӘбенOVтің халық жадында сақталған ескі жырды кеңес уақыты кезінде жаңғырта жырлап, көркем де көлемді дәрежеге жеткізгендігі нақты мысалдар арқылы көрсетіледі.

Кілт сөздер: фольклор, поэма, дастан, монолог, диалог, кейіпкер.

Шәкір ӘбенOV «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасы арқылы қазақ әдебиетіне салмақты үлес қосты.

Ақындар поэзиясын сөз еткенде ақындық дәстүрге зерттеушілеріміз жиі назар аударатыны белгілі. Ауыз әдебиетінің алтын бастауынан сусындамаған жазба поэзияның көсегесін көгертпейді деген қағида да қалыптасқан. Олар зерттеу объектісінен осы екі дәстүрдің ара салмағын өлшеп бағады. Шәкір ӘбенOV өнернамасындағы осы дәстүрлердің таразы бастарының теңдігін көруге болады. Шәкір ауыз әдебиетіндегі үлгілердің керектісін алып, айтар ойы, белгілі бір идеясы бар, композициялық құрылысы ширақ, сюжетті, оқиғалы поэма тудырған. Белгілі ғалым Р. Нұрғалиевтің «Жалпы Шәкір ӘбенOV поэзиясында фольклормен жазба әдебиет дәстүрінің жақсы тоғысуын көруге болады» - деген пікірі толық құптарлық [1, 238 б.].

Тағы бір ескертетін жайт - осы өлшемнің теңдігінен ақынның көлемді туындыларына бірде «дастан», бірде «поэма» деген ұғымды қолдана береді. Зерттеуші Көбей Сейдаханов «Тарихи құбылыс және көркемдік шындық» атты еңбегінде ақынның «Қозы Көрпеш - Баян сұлуына» «дастан» деген ұғымды қолданса, 1991 жылы «Жазушы» баспасынан жарыққа шыққан, ішіне «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Таңшебер - Жапал», «Кейпін батыр» кірген ақынның жинағына «дастандар» деген ат қойған. Ал Шәкір ӘбенOV шығармаларына терең үңілген білікті мамандар Р. Нұрғалиев, Ы. Дүйсенбаевтар өз зерттеулерінде тек қана «поэма» деген ұғымды қолданған. Қазақ кеңес фольклористика саласында кейінгі кезге дейін «поэма» мен «дастан» бір ұғымда қолданылып келгені белгілі.

Осы жерде ең соңғы жарық көрген «Әдебиеттану терминдерінің сөздігіндегі» белгілі ғалым Ө. Күмісбаевтың «дастан» мен «поэмаға» берген түсініктемелеріне жүгіндік. «Дастан - Таяу және Орта Шығыстың, Азияның, оңтүстік - шығыстың әдебиеті мен фольклорындағы эпикалық жанр, өлең түріндегі уақиғалы шығарма. Көбінесе, бұрыннан белгілі ертегі сюжеттерінің, аңыз, хикаялардың әдеби өңделген түрі болып келеді» - деген.

Дастанға берілген ереже мен Шәкір шығармаларын салыстырсақ, бұл ұғым ақын бағасын төмендеткендей. Ал ғалымның «поэмаға» берген түсініктемесінің мына бір жері: «Қазіргі заман поэмасында бір қаһарман тағдырымен байланысты болып келе бермейді, кең түріндегі баяндау тәсілі

қолданылып, өмір шындығы жан-жақты қамтылады» деген, Шәкір шығармаларына ғана арнап айтқандай әсерде қаламыз. Демек, Шәкір ӘбенOVтың көлемді туындыларына «дастан» терминін қосарламай, «поэма» қолданған дұрыс деп ойлаймыз. Шәкір поэмаларындағы заман шындығынан көркемдік шешім табуына назар аударғанда тілдік бояуына, айшықты сөздерді, бейнелі тіркестерді қолдану тәсіліне зер салғанда, халықтың поэзиясында қалыптасқан сөз тіркесін сол күйінде алмай, түрлендіріп, кейде жаңа мағына беріп, тігісін жатқызып жіберетіні байқалады. Жазба поэзияға тән айшықты сөз оралымдары өлең өрімін, жыр кестесін құлпыртып, теңеу, салыстыру, эпитет, метафора, кейіптеу, әсірелеу, аллегория тәрізді өрнек нақыштарына молынан қанық боламыз [2, 240 б.].

Ана тіліміздегі ұмыт болып қалған көп сөздерді қайта енгізуге ұмтылудағы еңбегі зор. Тіпті, тілдік қорымызды молайтуда орыстың «дар» - сөзін қазақиландырып та қолданған.

Ақын поэмасының суреттілік қасиеті оның жалғыз тілінде емес, көбінесе идеясында, адам образдарында, оқиғаның қызық, шебер болып суреттелуінде.

Шәкір ӘбенOV қазақтың көне дәуір шындығын елестететін бағалы мұрасы «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын өзінше жанарта, жаңғырта поэманың қалыбына салып қайта жазып шықты.

Көп нұсқалы ескі жырды Шәкірдің отызыншы жылдардан бастап жаңғыртуының себебі, ерте кездегі адам еркіндігі, бас бостандығының жоқтығы мына заманда жаңаша сипат алуы, асыл қазыналары әдет - ғұрып, салт - дәстүрі, тілі - дінінің үлкен қатерге бұрылып бара жатқанын байқағандықтан жасалған шара. Шәкірдің еркіндікті, азаттықты аңсауын, ұлтшылдық, халықшылдығын халық таныған. Алғашқы ақындық бағытынан қанша қиындық көрсе де қаламы қолынан түскенше айнымаған. Оған жаугершілік заман тарихын жазып, елін, жерін қорғауға, батырлыққа тәрбиелеген туындылары мен аңыз - ертегілер негізінде жазылып, адамгершілікке баулыған шығармалары куә. Шәкірдің ұстанған бағытының ақтығын уақыт дәлелдеді.

Шәкір ӘбенOVтың отызға тарта нұсқасы бар «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырына қайта оралуы ағаттық емес, қайта Абай мен Абай айналасындағы ақындар ұстанған шығыстық дәстүрдің жалғасы. М.Әуезов осы шығыстық дәстүрге тоқтала келіп, «Абай сол дәстүрді жақсы біліп қана қоймаған, қолданғанда, Назира жолымен алдыңғы ақынның поэмасы бойынша, қайтадан жаңа поэма жазатын бұрынғы ақындар да кейінгі заманның көзқарасын, творчестволық жаңа поэзиясын танытады», - деп игі дәстүрдің жаңа өріс алуына назар аударған. Низами, Жәми, Ноуайлар жырлаған ортақ тақырыптарды айтпай-ақ Абайдың «Ескендірді», Шәкәрімнің «Ләйлі - Мәжнүнді» тудыруы немесе Абайдың «Еңлік - Кебекті» Шәкәрімге де, Мағауияға да жаздыруы ақындық өнерге қойылатын баға, үлкен талап. Шәкір де осы өнерге өзінің күшін, талантын, шабытын білгеннен кейін, жыр идеясының өзінің алға ұстаған бағытына сәйкестігінен барып, осы жарысқа түскен.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры Шәкірге жасынан құлағына сіңісті, таныс есейе келе жырды жаттап, домбыраға қосып айтқан. «Қазақ

әдебиетінің тарихында» атты оқулықта, Шәкір Әбенov «Қозы Көрпеш - Баян сұлудың» өзі айтатын нұсқасын домбыраның мөлдір үнімен оннан артық әуенге қосып орындайды. Онда Арқаның әсем сазды музыка ырғағы айтылатын оқиғаға, сөйлейтін сөзге орай үндесіп жатады», - дейді [3, 194 б.].

Шәкірдің осы жырға құштарлығының артуына айналасындағы Абай бастатқан алдыңғы толқын ақындардың көп назар аударып, бірінен кейін бірі жырлап, тыңнан толғау салып, сынасып, жарысып жатқанының үлкен әсері болса керек. Осыған орай Ысқақ Дүйсенбаевтың сынындай мәліметтерін келтіруге болады. «Бір әңгімеде Мұхтар Әуезов бұл жырды шамасы 1924 - 1925 жылдары Керей Уәйіс ақынның айтуы бойынша жазып алғанын, оның түбі атақты Жанақ ақынға апарып соққанымен, кейінірек Бекбай, Сыбанбай, Бейсенбайлар кезек - кезек орындап келгенін және олардың түп нұсқаға өз тарапынан көптеген өзгерістер енгізгенін ескерткен еді. Сонымен қатар осы нұсқаны Бейсенбайдан Абайдың балалары Ақылбай мен Мағауия да өңдегенін М.О. Әуезов арнайы көрсеткен болатын», - деп олардың өлеңдерінен үзінді келтіреді [4, 23 б.].

Осы «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының жиналуы, басылуы, нұсқасының соншалықты көп екендігі, бірнеше тілде кездесетін, әрі бұған көптеген ақын, зерттеушілердің ерекше көңіл аударғандығына М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Р. Бердібай, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллин, Ы. Дүйсенбаев секілді тағы басқа ғалымдардың зерттеу еңбектерінен көпшілік қанық. Осы жырды әр салада зерттеген ғалымдар оның негізгі көне дәуірдегі тарихи шындықтан алынғандығына баса назар аударған. Осы тақырыпта күрделі зерттеу жазған М.О. Әуезов эпосты жан - жақты талдай отырып: «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырында ғашықтық тақырыбы қазақ халқының бұрынғы құрылысында, тарихында болған ескілік салтпен нық байланысты. Ол салт - рушылдық, феодалдық қоғамдар туғызған, заң еткен салт», - дейді. Жырдың тарихилығына терең үңілген аса көрнекті ғалым Әлкей Марғұлан «Жырда ерте дәуірде алысқа көшіп, мал бағатын, байтақ өлкені ен жайлаған, суы, шөбі мол қонысты іздеген кезеңнің елесі басым. Ол дәуірде дәл осылай өмір кешкен тайпалар ғұндар, қаңлылар, қыпшақтар, қырғыздар, ұйғырлар еді», - деп «Жаз шыға Қарабайдың Аяғөзден көшіп жайлауы мол теріскей өлкеге беттеуі, Түменде, Табыл өзенінің бойында, ұлы жайлау Балталы да отыруы өмір шындығына сәйкес. Тарихи дәуірлерде көшпелі тайпалар жаз күні сол теріскей өлкені жайлауды көп заманнан салт еткен», - деп жырдың тарихи шындығын дәлелдей түскен [5, 368 б.]. Ал профессор Ә. Қоңыратбаевтың пікірі де ілгеріде алынған үзінділермен үндес, орайлас. «Сасық бай Қарабай мен кедей Қодар ескі қоғамның өмір шындығын, қуатын көрсетсе, бай қызы Баян мен жетім Қозы сол замандағы адам арманын суреттейді», - дейді [6, 132 б.].

Ал Қ. Жұмалиев «Бұл жыр бір - біріне ғашық болған екі жастың өмірін ғана баяндайтын дастан емес, ол сонымен қатар қоғамдық мәні бар әңгімелерді қамтыған, халықтың өткендегі тұрмыс - салтын суреттеген жыр», - деп әділ мінездеме берген.

Қазақ фольклорын ұзақ жылдар бойында зерттеп, елеулі еңбектер жазған Р. Бердібаев «Ең алдымен «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры қазақ елінің ерте замандағы әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларынан мол дерек бере

алатындығымен құнды. Адамның бас бостандығы, сүйіспеншілік еркіндігі тосқауыл көрген көне дәуірдің шындығы мұнда толық баяндалған», - деп кесіп айтады. Бұл және басқа бағалар жырдың көне дәуірдегі шындығын ашқан әділ анықтамалар.

Ш. Әбенov көне жырды жаңартуда алғашқы басылыммен шектеліп қана қоймай, бірнеше рет қайта оралып, тынбай еңбектенгендігіне бұлтартпас цифрлар куә. 1965 жылы жарыққа шыққан поэмасы 3460 жол болса, 1991 жылғы нұсқасы 5300 жол, сонда алдыңғы жазғанын 1840 жолға өсірген. Осы поэмасын үнемі ізденіп, толықтырып, көркейтуді мақсат еткен. Авторды озық ақындар қатарына қосып, халыққа танытып, зерттеуші ғұлама ғалымдар назарына іліктірген де осы әдемі жырланған «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасы.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының көне нұсқасына, оның тарихилығына терең үңілген көрнекті ғалым Әлкей Марғұлан «Көп жаңалық қосып, сондай бір нұсқасын бергі кезде шығарушы Абай үлгісінен тәрбие алған Шәкір Әбенov», - десе, Әуелбек Қоңыратбаев «Қазақтың халық ақындары ішінен «Қозы Көрпеш» әңгімесін Абай ауданынан Шәкір Әбенov жаңғырта жырлаған», - деп жырды зерттеген ғалымдар атап өтсе, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымының докторы Ы.Т. Дүйсенбаев «Қазақтың лиро-эпосы» атты ғылыми еңбегінде Ш. Әбенovтың 1965 жылы жарыққа шыққан «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасына арнайы тоқталып, жан - жақты ғылыми талдау берген.

Ы. Дүйсенбаевтың «Ш. Әбенov өз нұсқасын Жанақ - Бейсенбай нұсқасы бойынша жазған секілді. Әрине, бұдан тек соларды ғана қайталаумен қанағаттанады деген жансақ ұғым тумаса керек. Көп жағдайда ақын ескі арнадан кетіп өзінше толғайды. Сөйтіп, поэманың мазмұнын тереңдетіп, көркемдік жағын жетілдіре, кемелдендіре түседі. Ең алдымен шығарманың композициясында да өзгешелік бар. Поэманы үлкенді - кішілі он төрт тарауға бөліп, олардың әрқайсысында бір яки бірнеше кейіпкердің басындағы оқиғаны өте қонымды суреттейді автор», - деген білікті де білімді ғалым пікірі құптарлық.

Зерттеу поэманың жаңа қоспалармен жарық көрген 1991 жылғы үлгісі төңірегінде болмақ. Поэманың алдыңғы баспаларында тікелей Қарабай мен Сарыбайдан басталса, бұл нұсқа /1991/ кіріспе бөлімнен басталады. Автор кіріспеде осы жырдың идеясын қозғап, кейінгі ұрпақ саралап алатын, сабақ боларлық тәлім бермегін айтқан.

Тегінде текке айтпаймын өрнекке айтам,

Ой саналы, ұғымды сергекке айтам.

Өткендердің салт - сана мінез құлқын,

Тексеріп, теңестіріп термекке айтам.

Салыстырып алсын деп тағылым сабақ,

Кейінгі жеткіншекке бермекке айтам.

Осы өрілген ойдан поэзия туындысына ақындық өнердегі мақсатының айқындылығын көреміз.

Бұл поэмада тыңнан қосылған Сарыбайдың асы, Қарабайдың көшіндегі Баянның сән салтанатының суреттелуі, Айғыз ханымның түсі, Қозы Көрпеш жолға шыққандағы шешесінің зары, Тазша кейпіндегі Қозының мұңы, Тарту

тоқалдың Қодарға айтқан қайрауының тереңдетілуі. Таңсықтың ұйықтап жатқан Қозыны оятқанда айтқаны, Баянның Ташкеннің сарайларын салып жүрген шеберлерін жалдап, халықты жауып Қозының моласын тұрғызуы, Ташкеннің саудагер бойы Байбатшаның Сасан бимен ақылдасып Баянды алмақ әрекеті, Айбастың Байбатшамен соғысы арқылы мазмұны кеңейтіліп, бір - бірімен қисынды түрде қиюластырып, жыр өн бойымен органикалық тұтастық танытады.

Автор поэмадағы жағымды, жағымсыз бейнелерді аша түсуде монолог арқылы тың жолдар қосып, ішкі жан дүнесімен толғанта, психологиясын тереңдете ашып көрсетуде өзінің үлкен сөз шебері екенін аңғартады.

Туындыдағы оқиғаға оқиға қосылып жалаң баяндалмай қатыгез хан, қайырымсыз бай, әділетсіз жемқор би мен бек жайлаған ортада болған әлеуметтік теңсіздікті тереңдете түседі. Поэмада қазақтың салт - дәстүрі, әдет-ғұрпы шебер суреттеліп, қисынмен байланысып отырады. Қарабай мен Сарыбайдың құдаласуы, Сарыбайдың өлімін ханшаға Тазшаның алыстан орағытып түсті жорытуы арқылы естіртуі, көш кезіндегі Баянның айналасының суреттелуі секілді толып жатқан халықтың қасиеті мол көріністерінен өткен заман өмірінің шындығы бейнеленген.

Жетім ұлға қыз бермеймін деп, тоқсан мыңын шұбырта көшкен Қарабай Арқадан Ертіс тартып, Алтай мен Тарбағатайдан көктей өтіп, Алатау айналып, сырға тұрақтай алмай, бетпақ құмды, шөл арқылы Аягөзге түседі. Осы тұста ақынның Қарабай өткен жермен судың атын атай отыруы, поэмадағы кейіпкерлер атымен аталатын жер, су аттары, Қозы Көрпештің кешегі ел аузындағы аңыздардың шындыққа жанасымдылығының елесі.

Академик Әлкей Марғұланнның қалайда «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» - жыры ерте кезде шын оқиғадан шыққан болу керек» - деген тұжырымдамасы қосыларлық.

Қалмақ пен қазақ арасындағы шапқыншылықтан олжаланған қалмақ қызы Тартудан немесе қақпандағы аюын соғып берген Қозыға жолыққан Қалмақ шалдың:

Белгілі қазақ, қалмақ ежелден жау,
Кетпейді арасынан Ұласқан дау.
Шолғыншы деп қалмақтар нанбас саған.
Үйге ертіп барғанмен жібермес сау, -

деген жолдардан қазақ пен қалмақ арасындағы ұзақ жылдардағы қақтығысуындағы тарихи шындықтың нақты суреттерін көреміз.

Қазақ әдебиетіндегі эпостық жырлардың білгірі көрнекті ғалым Рахманқұл Бердібаев жырдағы қалмақтар жөнінде: «Торғауыт қалмақ көп замандар Қазақстанның шығыс өңірінде шектес жатқаны тарихи анық нәрсе. Торғауыттар Еділ сыртына, Россия қарауына 1608-1610 жылдарда көшкен», - деп оқиғаның болған уақытында қалмақтармен көршілестігін нақтылайды [7, 58 б.].

Байбатшаның керуені арқылы да Аягөз маңының ежелден тоғыз жолдың торабы болғандығын ескерсек, шындықтың сәулесінің ұшқыны көрінеді.

Поэмадағы Сарыбайдың өлімін ханымға кім естіртеді деген Тайлак бидің кеңесінде:

«Жыр - шайтанның сабағы» емес пе деп,
Өзім барсам, дегендей, ноғай молда
Олай болса, сен молда жөніңді тап,
Атам қазақ күн көрген молдасыз - ақ
Балақтан өрлеп басқа шапшыдың ба,
Қаңғып келген қайыршы ең, жалаң аяқ».

Поэманың осы тұсындағы диалогтан автордың молдаға деген көзқарасынан, ақынның өзі өмір сүрген уақытында тәуелсіздігі көрінсе, жалпы қазақтардың дінге құлай берілмегендігі, ноғайлардың қазақтарға қарағанда ислам дінін бұрын қабылдап, күн көрістері үшін қазақтар арасына еніп молдалық құрғандығын ескерсек ескіні жаңғырта, толықтыра жырлап отырған Ш.Әбеневтың өзіндік шындық нышандары бар қоспасын көреміз.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасының тақырыбы - екі жастың бір - біріне деген адал сүйіспеншілігінің ең жоғарғы сезімі. Өмірдегі шындықтарда сезімінің жоғарғы шыңы, махаббат жолындағы бөгет көбіне дәрменсіз. Туындыдағы Қозы мен Баян да заманның қаталдығын, озбырлығын, мейрімсіздігін жеңіп, бір-бірімен кездесті, артына ұрпақ тастады. Олардың баянды өмір сүруі, мақсатына жетуі басқа мәселе. Автор Жанақ вариантын негізге алса да, Қарабай мен Қодарды Қозыға өлтіртпей, Қозыны Қодарға өлтіртіп ғасырлар бойы жасап келген ескіліктің салт, заңы шындығынан аттап кетпейді.

Поэманың бас қаһарманы Қозыны автор жастайынан айналасында мейірімді де ақылды, ізгі ниеттегі адамдар арасында еркін өсіріп, жан - жақты тәрбие көрген адал, ісі әділ, қайырым, қайратты намысқор, адал махаббат иесі ретінде ауыз әдебиетіндегі ескі варианттар ізінен бұрылып, келешек ұрпаққа үлгі боларлық тәлімі бар қимылы, ісі нанымды бейне ретінде ұсынады. Поэмада Қозы қарапайым адам қалпында, шындық болмысқа сай алғыр азамат ретінде сипатталады.

Он жеті Қозы Көрпеш жасқа келді,
Түгел күтіп ту алып бастады елді.
Топтан таңдап басады тақымына,
Нар күрең дейтұғын бір емен белді
Асқан мерген садағы сағым ілген,
Топта нелер қайсарды тілмен жеңген
Ішінен ханым күнде тәубе істейді,
Сақта», - деп жалғызымды көзден тілден .

Халықта астына бәйге ат мінген, асқан мергендігі мен шешендігі мен танылған жігіттер аз ба? өмірдегі адамның бойына сиымды жәйттар. Ауыз әдебиетінің үлгілеріндегідей Қозының қалап алған тайы ұстап, жүгендеп, ерттеп мінгенде кереметтің күшімен бірден бестіге айналатын әсірелеу, көтермелеу мүлде жоқ.

Балталының бір байының қызын ұзату тойында, Тайлақ би жақтан балуандыққа түсетін кісі табылмай намыстың қолдан кетіп бара жатқан жерінен, он жеті жасар Қозы биден рұқсатын алып, қарсыласы қара кемпір ұлын жығып, долы кемпірдің «жетім, жесіріңді тауып ал» деген сөзі Қозының намысын оятады.

Бұл сөзің , рас болса, биім Тайлақ,

Ыза - кегім қозады, қаным қайнап.
Жақсы болса, қыз Баян - менің жарым.
Жаман болса, артыма салам жайдақ .

Автор Қозыға бірден Баянды жақсы көргізіп, сүйгізіп тұрған жоқ, ол оның әлі қандай екенін де білмейді. Жалғыз шешесін, елін, жерін тастап ұзақ сапарға намыс үшін аттанғанын көреміз. Қозының поэмадағы әрекеті қуатты да қайратты адам бойында болатын намыс сезімінен басталып, сүйіспеншіліктің жоғарғы биігі махаббатпен ұштастырылады.

Қозының сайланып ұзақ сапарға аттануы, жолда кездескен кедергілерді, амалын тауып жеңе білуі, бір атын қасқыр жеп, бір атының аяғының ақсауы, тамағының таусылуы, көненің көркіне дақ түсірмей, ескі арнадан бұрылып, поэманы жаңаша жаңғырта жырлауы. Ескі нұсқалардағыдай қиялға беріліп, адам нанымдылығынан тыс әрекеттер мүлдем жоқ.

Поэмада Қозының жасқану, имену қылықтарынан бойының тазалығы, жол сапарындағы кедергілерді, Қодармен болған қақтығыстарды жеңудегі ептілігі, қуаттылығы кейіпкерді батырлық дәрежемен теңестіреді. Сүйгені Баянның ақылымен, Таңсық пен Көсемсарылардың жанды әрекеттері арқылы қатерлерден құтылуы, Қозының аңғалдығынан көрініс береді.

Қозының адамгершілік, мейірімді, қайырымдылық сезімдері поэмада жанды, іс-қимылмен сипатталып, тіпті өзін өлтіруге ұмтылған Қодарды еш жазасыз құлатып, қалдырып кетуі оның адамдық бейнесін биіктете берері хақ.

Поэманың құндылығын арттыруда осындай адамды өлімге қиса да, артына ұрпақ қалдыруынан адамгершіліктің, ізгі мейірімділіктің жолы өмірлік деген қағидаға әкелсе керек. Ізгілік іс, ниеттің қамқоршысы әрқашанда да табылатындығын, жеңіске жететіндігін Айбас арқылы бейнелеген. Поэмада басқа нұсқалардағыдай емес, Айбасқа жан бітіріп, жерін, елін қорғайтын, сауыт сайманы сай, қол бастаған батыр ретінде ашыла түседі. Қозыны іздеп шыққан Айбас оның өлгенін естіп Қодармен айқасқа түсіп, оған өз көрін өзіне қаздырып, мертіктіріп тастап кетеді. Байбатшаның мың қолымен соғысып жеңгендегі қимыл - әрекетін, ыза - кегін нанымды түрде бергендігі анық көрініп тұр. Сүйгеніне қосылуды аңсаған Қозы орта жолда мерт болғандықтан аңсаған ақ жолға жетуін Айбас арқылы толықтыруға ұмтылған.

Поэмадағы ең негізгі бейненің бірі - Баян. Өйткені, поэманың көтеретін әлеуметтік идеясы - әйел теңсіздігі, өз сүйгенін аңсап, оған қосылуды арман еткен қыздардың жиынтығы. Автор Баянды аса көрікті сыртқы тән сұлулығы мен ішкі жан дүниесінің сұлулығын қатар алып жүрген бейнеде көрсетеді. Баянның сұлулығын жеткізуде жан-жақтан естіп, дәмелі жігіттердің келіп жатуы, олардың таласынан туған жанжалдары автордың көнеден көп ауытқымай, ал кескінін, көркін суреттегенде қиял жетегіне еріп шарықтамай, күнделікті адам бейнесінен ауытқытпай, сырлы бояу, орынды теңеулер таба білген. Баянның көріктілігі, ақылдылығы, адамгершілік қасиеттері Қозымен махаббатының баяндылығына жетуге ұмтылудан шыққан қалыпты көріністер. Баянның Қозыға айтқан түсі, күдігі, ақылды жардың аңғал жігітіне жасаған ескертпелері тәрізді үйреншікті тіршілік аумағында көрінеді. Сүйікті Қозысын өлтірген Қодардан кек алу үшін оны ақыл айламен тежеп,

арзан өлімді қимай, өмірлік жер басып жүре алмайтын қара қарғыстың астында қалдырады. Поэмаға кейіннен әкелген қоспасы, Тәшкеннің талай сарайын салған шеберлері мен айналадағы халықты ұйымдастырған игілікті ісі Қозының басына мола тұрғызып, сол молада махаббат сезіміне өте берік Баянның өзіне-өзі қанжар салуынан да оның ұнамды бейнесінің әр қырлары ашыла береді.

Автор ескі нұсқалардағыдай Баянға қанжар ұстатып, Қодарды өлтіріп қолын қандатпай сұлулыққа, нәзіктікке, адалдыққа тән сезім арқылы гуманизм рухында, ауыз әдебиетінің бояуларын жаға беруден алшақтатып әкеткен. Автор Баян бейнесін көрсетуде ескі дәстүрлерден де мүлде қол үзбей жаңа, шындыққа жанасымды көптеген жаңалықтармен поэмадағы оқиғалардың даму барысында нанымды, реалистік тұрғыдан суреттелген.

Поэмадағы Қозының шешесі, Айғыз, Ай, Таңсық бейнелеріне /1965 жылғымен салыстырғанда/ жан бітіріп іс - қимыл, әрекетін көбейткен. Аналар бейнесінің ақылдылық, адамгершілік қасиеттерін аша түсіп, балаға деген сүйіспеншілік сезімдерін тереңдетіп нақты көрініспен көрсеткен. Қозының шешесінің Сарыбайдың өлімін естірте келген Тазшаның түсін жоруының өзінен ақылдылықтың, адамдықтың белгілері көрінсе, бір жылдан соң Сарыбайдың асына Қарабай бір жастағы Баянды ала келгендегі Қозының шешесінің Баянды көргендегі аналық мейірімі шынайы суреттелген.

Бір жасар жүгіріп жүрген Баян қызды,
Сарыбайдың ханымы келіп көрді.
Шақырып ап бетінен сүйіп - сүйіп,
Ет жүрегі елжіреп, емшегі иіп,
«Қозыма шын сай боп туыпты»- деп
Көзінің ала алмады жасын тиып .

Ақын Баянның шешесіне «Айғыз» деп ат қойып, аналық мейірімін кеңінен көрсетуге тырысқан.

Ай, Таңсық бір анадан егіз туған,
Ақылы - тұнық судан, ойы - удан,
Анасы туған күні қайтыс болып,
Шарана кіндік қанын қайғы жуған,
Қарабайдың әйелі асқан дана,
Жетім менен жесірге болған пана,
Екеуін туған күні бауырына сап,
Тәрбиелеп өсірген Айғыз ана - десе,
Еркелей сөйлеп, қыз Таңсық
Келеді Айғыз анаға,
Еркелік, әзіл жарасар
Ана менен балаға, -

деп мейірімді, ақ пейілді ананың ішкі жан дүниесімен қоса сыртқы әсем де әдемі сұлулығын бейнелеген жолдар да бар. Сонымен қоса, Ай мен Таңсықтың сүйгендеріне қосылуға рұқсат сұрай келгенде ақ батасын берген абзал ана. Осындай жомарт, адал, айналасына қайырымды ізгі жанды ақын Баян өлгеннен соң Қарабайдың қолына тастап кетпей, Қозы менен Баяннан қалған бала екеуін, ақ нарға жегілген қаудакқа салып, Айбас батырға ертіп жібереді.

Қозының намысын қорғайтын, Баянның тілегін тілейтін олардың бейнелерінің ашыла түсуіне ат салысқан қосалқы бейнелер Ай мен Таңсық. Бұлар жырдағыдай, поэманың дамуына тікелей әсерін тигізбесе де, олардың елін тастап, көшердегі қоштасуы арқылы ақын туған жерге, туған елге деген халықтың сүйіспеншілігін, адал махаббатын бейнелеп бере білген. Сонымен қоса туған, өскен жерінен айрылардағы өкініш зары ғана емес, опасыз әкенің озбырлығына көрсетілген қарсылық та бар. өздерінің аянышты ауыр халдерін қазақ қыздары тура айтуға бата алмаса «сыңсу», «зарлау», «жар - жар» алуандас әдет - ғұрып жырлары арқылы әрдайым іштегі шерлерін тарқатып, сол замандағы катал заңға әлсіз түрде болсын қарғысын айтып, қарсылығын білдіретін. Ақын Ай мен Таңсықты сүйгендері Айбас пен Көсемсарыға қосады. Олардың сүйгендеріне қосылуы, бүгінгі таңдағы жастардың бақытымен сәйкестендірілуі, бүгіндегі ескілік салттың дәрменсіздігінің куәсі.

Поэмадағы аса мейірімсіз, автордың қара бояуды молынан жағып көрсеткені - Қарабай бейнесі. Қазақ халқында Қарабай бейнесі жырдың ескі нұсқаларында белгілі мейірімсіз, катал, жауыздықтың символы. Ысқақ Дүйсенбаев 1965 жылғы жарыққа шыққан нұсқадағы Қарабай бейнесін жан-жақты тексере келіп, «Қарабайдың мінез - құлқын, пішін - келбетін суреттегенде ақын ескіден қалыптасқан түсінікті тұтынғанымен өз тарапынан жаңа штрихтар тауып, тың бояулар қолдану арқасында толық қанды образ жасау деңгейіне көтеріле алған» деген жоғары баға берген. Ал 1990 жылы жарыққа шығарған нұсқасында Шәкірдің Қарабайдың зұлымдылығын әділетсіз, екі жүзділігін нақты қимыл әрекетпен тіпті тереңдеткенінің куәсі боламыз.

Қарабайдың көші кезіндегі Баян мен Таңсықтың, Таңсық пен Айғыздың әңгімелерінен автор Қарабай бейнесіне жағылған қара күйені қоюлата түседі.

Қарабайдың қармағына
Ілінгелі не көрмедім.
Үміт талшық, ойым қаңсып,
Улы уайым болды ермегім.
Дәл қырық жыл аю бақтым,
Теріс азу, темір тырнақ,
Тәнге жара, жанға жәбір,
Түсірді аю тістеп, тырнап
Құтылуға лажым жоқ.

Қырық жыл отасқан бәйбішесі Айғыздың көрген қорлығы осы болса, басқа жұртқа не істемейді? Қарабайға тәуелді батырлардың бірі он төрт жасар қалмақ қызы Тартуды Қарабайға беріп кеткендегі әрекетін суреттеуі:

Қойды көрген қорқаудай Қарабайдың
Мұнартып екі көзі қанталады.
Қарабай жас сұлуды тоқалға алмақ,
Ілтетін ол емес ептеп, алдап.
Арын таптап, ұшырып қасиетін,
Қанды қара шеңгелін бірақ салмақ.
Қорқау бай - тырнақты құс, азулы аң
Жандарының азығы жазықсыз қан.
Сол түні Қарабайдың шеңгелінде,

Не керек, шырылдады жас балапан .

Дүние қоңыз, пысық, сараң, қатал, тұрпайы Қарабайды осы әрекеті арқылы хайуандықтың шыңына жеткізген. Сарыбайдың асында Қарабай Аққайыңды бәйгеге қосып «Аққайыңның бәйгесін шаппай бер» деп салған әлегі, аты бәйгеден келмей ашуланып атын сабағаны поэмада оның жағымсыз бейнесін әр қырынан ашып, тереңдетіп, реалистік шындықтан аттамай, жаңа штрихтармен толықтырған. Жанақ ақын Қарабайды тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да, үйінде сілкіп киер киімі жоқ - деп ештеңеге қызықпайтын, мал деп қана қатып қалған топас адам ретінде көрсетсе, Шәкір оның малсақтығын, қараулығын, қатты, қайырымсыздығын көрсете отырып, Қарабайға Сарыбай асында ұйымдастырылған бәйгеге ат қосқан адам ретінде, оның бәйбішесі Айғызды суреттегенде:

Үстіндегі киімі,
Білгі асыл қымбатты
Алтындаған ер - токым, -
деп көрсетеді.

Баянның қудағының ақ маржаннан алтын, күміспен әшекейленуінің барлығы Қарабайдың байлығы. Шәкір Қарабайға қанша қара күйе жаққанымен, тоқсан мың жылқысы бар адамның байлығын көрсетуде шындыққа жанасымды жағын көрсетуге ұмтылғанын байқаймыз.

Осы туындағы Қарабай кешегі мал құмар сараң, мейірімсіз, байлық десе туған қызын да малға сатып келген топас байлардың жиынтық бейнесі.

Поэмадағы қара күштің иесі, қиянатшыл шын топас адам - Қодар. Ш. Әбенұлының осы поэмасында да Баянға ғашық өзінің дүлей күшін пайдаланып, ойлаған мақсатына жетуге әрекеттенеді. Ақын поэмасында да Қодардың зор күштілігімен қоса ақылсыз, намыссыз, жасқаншақ, қорқақтық әрекеттеріне тереңдей түсіп, басқа Қодарларға ұқсатпағандығын көреміз. Поэмада оның келепайсыз кейпін: «бет аузын түк басқан, түйе ерінді», «сойдиган қабан тісті», «бұқа шүйде, жар қабақ, қоңқақ мұрын», «кесер басы қазандай», «құлағы тебінгідей», - деп суреттейді. Автор Қодардың портретін жасауда алдағы істелер ісіне сай келістіріп көрсетеді.

Түйе жүні сулығы - сары шекпен,
Айнала дүриямен әдіптеткен.
Өзіне шақ болғанмен, бізге өрескел,
Жағасы шалқасынан кейін кеткен.
Бөркінің одырайып алты сайы,
Ыстықта киюге де жоқ ыңғайы немесе

Көйлегіне бес баттам тері сіңген,
Маңайынан жүргізбес сасық демі,-
деп бейнелейді.

Осы туынды да басқа нұсқаларға қарағанда Қодардың киім киісі, бет - бейнесі, көп жердегі іс - әрекеті, ес - ақылының сәл кемдігі бар, ақымақтау, кісі күлерлік кейіпте көрсету басым. Ол қасындағы серіктеріне: «Баян сағынып жүрген шығар, мен барып өрік, мейіз әкелейін» - деп ауылға барғанда Қарабай жылқы иесіз қалды деп, қаратпай қайта қайтарғанда, қасындағы жылқышылардан ұялып далада ұш қонып, қосқа төртінші күні

бірақ келеді. Қодардың ақыл, ой ойлау қабілетін «топас ақыл, тұйық ой, кезбе қиял» - деп кейіптеп,

Ғашықтық есалаң болып кеткен,

Шынында бұрын Қодар ондай емес,-

деген жолдардан кемшілік мінез - қылықтары бірте - бірте әр қырынан ашыла береді. Поэмада ақылсыз, қара күштің ғана иесі Қодарды «батыр», «мырза» деген сөздерінен астарлы мысқылды көреміз.

Қодардың Баянды меншіктенуі мен қоса Қарабайдың Қодарға «малынды бақ», «малын» - деген сөзге масаттануынан байлықтан үлкен үміткер, барлық күш кайратын жұмсап, малды шөлден аман алып қалып, жылқыны беріле бағып жүргендегі астарлы ойын да байқау қиын емес. өзінің осындай топастық мақсатын орындауда Баянның сүйгені Қозыны тығылып тұрып атқан қанды қол қарақшы. Оның да ойлағаны Баянды алу арқылы мал, дүние, байлық әйтпесе сұлулыққа сүйсінер сезім Қодарда жоқ. Автор сұлу да ақылды Баянды осындай Қодарға меншіктетіп, оқырманның оған деген жиіркенішін арттыра береді. Шәкірдің поэмадағы жағымсыз кейіпкерлері Қарабай мен Қодарды жетеріне жеткізе бейнелеуінен, ауыз әдебиетінің ежелгі дәстүрін еркін меңгеріп, жазба әдебиет үлгілерімен орынды байланыстыра білгендігінің куәсі боламыз.

Поэмада басқа нұсқаларға қарағанда кейіпкерді қимыл - әрекеттері үстіне көрсету басым. Композициялық құрылысында, тіл байлығында ақындық олжалары мол.

Шәкір Әбенұлының «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасын Шыңғыстау өңірінің ақындары көбірек жырлаған. Жанақ нұсқасын негізге алды десек те, Шәкір поэмасының аяқталуы мүлде басқаша. Жанақта Қарабай мен Қодарды Қозы өлтірген болса, Шәкір ескі нұсқалардағы Қодардың Қозыны өлтірген версиясын пайдаланған.

Шәкір поэмасының соңғы бөлімінде «Дала уалаятының газетінің» 1899 жылғы 9, 10 сандарында басылған «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының қара сөзбен жазылған нұсқасын пайдаланса керек. Баянның Қозының бейітін соқтырудағы сауда керуені адамдарын пайдалануынан, керуен басының Баянға «маған ти», - деп қолқа салуынан, Баянның өлер алдындағы айналасындағы жақындарын жиып мал-мүлкін бөліп беруінен, ақын поэмасындағы өзгерістерге ұшыраған сәйкестікті анық көруге болады [8, 17 б.]. Автор өз поэмасының композициялық құрылысын көне нұсқалардан ауытқытпай Қарабай мен Сарыбайдың құда болуымен бастатып, шарықтау шегі Қозының өліміне келіп, шешуі Баянның өзіне - өзі қол жұмсауы.

Поэмадағы бейнелердің өз мақсат - тілектерін жүзеге асырудағы жанталас, қарым - қатынастарынан мінез - қылықтары шыншыл, шынайы әрі көркем ашылған. Поэманың 1965 жылғы басылымындағы келте, қысқа қайырылған жерлерін ақын кеңейткен. Олар Сарыбай өлгендегі кемпірінің жоқтауы, шөл кешіп келе жатқан Қарабайдың көші, Қозының Баянды іздеуге шыққандағы шешесінің зары, Қозының тазша болып жүргендегі арманын айтып жырлағаны, Қозының басына қауіп төнгенде Таңсықтың жырлап келіп оятуы, тағы басқа жерлерін кеңейтіп, байытып қана қоймай, лирикалық қуатын күшейтіп, құлпыртып, жаңғыртып жібереді.

Автор оқиғаны баяндауында оның өте ертеде болғандығын, онда

қайырымды, қайырымсыз хандар туралы, оқиғаның өрбу барысында әр түрлі бейнелердің алатын сипаттары, сезімдері және кейіпкерлердің сөзін толықтыруда баяндаудың ролі ерекше. Поэмадан ақынның суреттеу шеберлігі молынан кездеседі. Кейіннен қосқан жерлерінде шөл даладағы Қарабай көшіндегі мал - жанның құмды ыстықтағы әрекеттері өте дәлдікпен берілген ғажап суреткерлік.

Мысалы:

Жүк астында шөңгел нар,
Кекіріп жиі дән шылап,
Ыстық бүріп тұяғын,
Тұлпардың тері тамшылап,
Ерлердің ерні кезеріп,
Түкіреді қаңсымақ.
Жата қалып арландар,
Табанын жалап қыңсылап , -

деп жаратылыстың қатал мінезімен айналасындағы қоршаған ортаны байланыстырады, енді бірде табиғаттың жансыз құбылысына жан беріп, тіл бітіреді, дидактикалық қозғалысқа келтіреді.

Кейіпкерлер бейнесіне қарай суреттеуде лайықты сөз тауып қолдануға да шебер.

Жүзінен сүйкімділік ерекше бір,
Ерекше реңікпенен тамылжып тұр.
Тамағына түсірер күн сәулесін
Қасиетті жүзінен төгіліп нұр.
Қардан аппақ, мамықтан жұмсақ етті,
Мінсіз ерін - қызыл гүл, сүйеге епті.
Не түсті сәуле екенін болжатпайды,
Бұтағында бір тұс бар күн сәулетті,
Жауырыны жап - жазық, тіп - тік иық,
Қандай шебер орнатқан қасын қиып.
Ерінінің үшіне жаны келер,
Көргеннің алсамау деп сүйіп - сүйіп .

Абай өзінен кейінгі қазақ поэзиясына әлеуметтік сипаты, идеялық бағытымен ғана емес, көркемдік қырларымен де ерекше әсерін тигізгені белгілі. Қ. Жұмалиев атап көрсеткендей, «Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті Абай үлгісінде өсіп, өркендеді. XX ғасыр бас кезінен бүгінге дейін өлең құрылысы, тілі жөнінде Абайдың әсерінсіз әдебиет тарихының қатарына қосылған қазақ ақынын табу қиын». Осы арада Абай ұстаз да сөз ұғатын ынталы, талантты жастардың бәрі - шәкірт»,- деп М.О.Әуезов айтқандай, Абайдың ынталы шәкірттерінің бірі Шәкір екендігі де көрінеді.

Түгін түлеп, өзгеріп мал ыраңдап,
Ойда орман, қырда тастан күй - жыр аңдап,
Майда желмен тұрғандай әзілдесіп,
Күлімсіреп құлпырар гүл бұраңдап.
Тар кеңіп, таңдыр жібіп, тапшы ұлғайып,
Төл менен дәулет өніп ел де байып.

Аяғөздің бойына келіп қонды,
Қалың ел қарлығаштай қанат жайып,
Ойдағы ел араласып қырдағы елмен
Ерулікке шақырып бұрын келген .

Абайдың табиғат туралы жазылған өлеңдерімен салыстырып байқасақ, көркемдік тенеулер мен тәсілдердің сәйкестігі айқын сезіледі. Ақынның сөз саптау кестесіндегі еркіндік, құйылып тұрған тұтастық, бөтен сөз бен былғанбай жарасымын тапқан осы жолдардан қазіргі классикалық поэзияның суреттеу әдісі бірден - ақ көзге түседі.

Автор кейіпкерлердің мінез - қылығын, бейнелерін, іс - әрекетін ашуда диалогты кеңінен пайдаланып, кейіпкерлердің психологиясы, ішкі сырын, көңіл - күйін көрсетуде монологты орынды қолданған. Автор адамдарды бір - бірімен көп сөйлестіріп, поэманың көркемдік ерекшелігін арттырған.

Поэманың құнды жағының бірі - халықтың байырғы таза тілі. Кейінгі оқырман қауым түсіне бермейтін көне атаулар ақын шығармасында көптеп кездеседі. Мысалы: қаңсар, кезгіз, шемен, телім, кеней, дүрия, торқа, дөре, дәндәку, берен, қудак, күддері, күләпа тағы басқа ерте кезден қалыптасқан өрнекті сөздерді орынды пайдаланған.

«Сағыныш - сары ауру, үміт - талшық», «Қодардың атасы жел, анасы шөл», «Сыр - шымылдық, шындық - айна», «Қыз қырсығар жігіттің киесінен» тәрізді көптеген көркем тіркестер мен мақал - мәтелдерді айтайын деген ойының мән-мағынасын мейлінше тереңдету үшін көп қолданған «Кеткенің - тұлпар болса, құйрығын кес, Келгенің - сасық болса, мұрнынан сүй», «Батырлықтың бағасы жалғыз - ақ оқ», «Түс - түлкінің құйрығы бұлаңдаған», «Тағдыр бір тарғыл мысық қой, өмірдің адам тышқаны», - деген жолдардан мақал - мәтелдерді тікелей пайдаланып қана қоймай, ақындық шеберлікпен, ойлаумен кейбірінің философиялық мәнін тереңдетіп, поэма тілін, мағынасын көркемдеп, ажарландырып жіберген.

Поэмада халықтық поэзияның шағын түрлеріне тән естірту, жоқтау, қоштасу, қарғыс, тілек, бата, түс жору өлеңдері поэманың мазмұнын кеңейтіп, көркемдігін арттыра түскен.

Біз Шәкір ӘбенOVтың «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасына тереңірек үңіле отырып, халық поэзиясының ежелгі дәстүр ізімен жүріп отырып көркемдеу жағымен классикалық және қазіргі поэзияға тән тәсілдерді жиі қолданғандығының куәсі болдық.

Ш. ӘбенOVтың «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасын тексере келе фольклордың жазба әдебиетімізді байытатын мол қазына екенін байқаймыз. Осындай эпостық үлгілер қазақтың жазба әдебиетінің негізі ғана емес, халқымыздың сахналық шығармалары пьеса, кино ретінде де көріп, ләззат, ғибрат алар бүкіл мәдениеттің халықтық негіздегі тамаша табысы болды. Оған Шәкірдің үлесі де жоқ емес.

Сахнада Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» пьесасы қойылғанда қоюшы - режиссерлердің өңдеуімен Шәкір поэмасының алғы сөзін монолог ретінде жиі қолданған. Оған бұрынғы Семей облысының кәсіподақ қызметкері Қайырлы Жанбаевтың мақаласындағы «1950 жылдардың бас жағында Абай атындағы театр «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» спектаклін қойған еді. Осы спектаклдің шымылдығы:

Қажырлы, қажымайтын ерді айтамын,
Ертеде ел қажытқан шерді айтамын,
Өзі үшін өзге жанға рақым етпес,
Малға құл, ойы боқыр көрді айтамын.
Нақақтан жазығы жоқ күйгенді айтам,
Мезгілсіз ажал оғы тигенді айтам.
Судан тұнық, сүттен ақ таза жүрек,
Кіршіксіз бірін - бірі сүйгенді айтам,
Тоймас құлқын, тоймайтын қарынды айтам,
Би - батыр, хан мен тектің бәрін де айтам.
өлсе де айнымайтын берген серттен,
Сұлу қыз ер жігіттің арында айтам,
Тегінде текке айтпаймын, өрнекке айтам,
Ой саналы, ұғымды сергекке айтам,
өткендердің салт - сана, мінез - құлқын,
Тексеріп, теңестіріп термекке айтам
Салыстырып, алсын деп тағылым, сабақ.

Кейінгі жеткіншікке бермекке айтам,- деген толғаудан соң ашылушы еді. Сол кездегі студент біздер: «Осы біледі-ау» деген өзімізден ересектерден «бұл толғау кімдікі» дегенде: «тек... оның авторы «халық жауы» Шәкір Әбенов деп сыбырлай айтатын», - деген жолдары еріксіз назар аудартатын айғақ.

Шәкір Әбенов шығармаларын үнемі назарда ұстаған ғалым Р. Нұрғалиев «Тіл байлығында, оқиғалық негізде фольклор қазынасынан алған дүниелері көп, ал пейзажда, диалогта, сюжет поэтикасында, идеялық тереңдікте классикалық жазба әдебиет дәстүрі барлығын айту дұрыс», - деген тұжырымы ақынға берілген нақты түйін.

Қорыта келе, Ш. Әбенов халықтың жадында сақталған ескі жырды кеңес уақыты кезінде жаңғырта жырлап әр қырынан қосқан өзіндік қоспасымен көркем де көлемді дәрежеге жеткізген.

Әдебиеттер:

1. Нұрғалиев Р. Арқау. – Алматы: Жазушы, 1991. – 238 б.
2. Ахметов З., Шаңбаев Т., Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы. Ана тілі., 1996. – 240 б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Екінші кітап. – Алматы: 1964. – 194 б.
4. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. – Алматы: ғылым, 1973. 23 б.
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: 1991. – 132 б.
7. Бердібаев Р. Қозы Көрпеш-Баян сұлу. – Алматы: 1985. – 78 б.
8. Дала уалаятының газеті. 1899-1902 жылдары. – Алматы: 1992. – 17 б.

Кадыров А.К.

Поэма Ш. Абенова «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»

В этой статье научно исследуется В конкретных примерах можно увидеть, как Ш. Абенову удалось в советское время превратить любовиюющуюся народу сказание в красивое и объемное произведение.

Ключевые слова. фольклор, поэма, эпос, монолог, диалог, персонаж.

A.K. Kadyrov

The poem «Kozy Korpesh – Bayan Sulu»

The poem «Kozy Korpesh – Bayan Sulu» by Sh. Abenov is considered deeply and scientifically in this article. Moreover it also deals with exact examples that Sh. Abenov sang and transferred the old epic poems which people remember to perfect and major degree in the Soviet Union.

Key words. Folklore, poem, epos, monologue, dialogue, personage.

ӘОЖ: 82/821(100-87)

Қобланов Ж.Т. – ф.ғ.к., доцент,
Ш.Есенов атындағы КМТИУ
E-mail: koblanov64@mail.ru

ДОН ПЕДРО КАЛЬДЕРОН ДЕ ЛА БАРКА ШЫҒАРМАЛАРЫ

Аннотация. Мақалада испан әдебиетінің көрнекті өкілі Дон Педро Кальдерон де Ла Барка шығармалары қарастырылған. Әсіресе, Дон Педро Кальдерон драматургиясындағы ерекшеліктер, дәуір көрінісін ашудағы ақын шеберлігі жан-жақты сөз болады.

Кілт сөздер: драма, өнер, пьеса, интермедия, реалистік мазмұн, характер, комедия, драмалық момент, барокко, лирикалық өлең, кейіпкер, образ, идея.

XV ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастаған испан монархиясы XVI ғасырда гүлденіп, XVII ғасырдың бірінші жартысында дағдарысқа ұшырайды.

Англия мен Францияда жеке билік мемлекеттегі ұлттық бірлікті қамтамасыз ету және оны экономикалық жақтан нығайту үшін күресіп жатқан осы дәуірде, Испаниядағы король өкіметі мұндай жеңістерге қол жеткізе алмайды. Жеке билік өзінің әділетсіз саясатымен мемлекеттің дамуына кедергі болады. Монархтың сеніміне ие болған феодал зодагондардың құқықтары шексіз еді. Әсіресе, Филипп IV заманында (1621-1665) граф Оливарес мемлекет байлығын тонайды, халықты аяусыз қанайды. Әлеуметтік және ұлттық езгіге қарсы басталған көтерілістер жауыздықпен бастырылады. Феодалдық-діни зұлымдықтар өрши түседі. Бұл дәуірде «шіркеу жеке биліктің қолындағы ең қорқынышты қаруға айналған еді». Христиан діні Испанияның саяси өміріне ғана емес, сонымен бірге оның экономикалық жағдайына да ықпал етті. 6 миллион халықтың бір миллионнан артығы діндарлар еді. Жердің төрттен бір бөлігі солардың қолында болды. Мемлекеттің шаруашылығы толығымен күйрейді. Жаугершілік саясат Испанияны ауыр жағдайларға алып келді. Испания отарланған жерлерінен айрылып, ақырында әлсіз, екінші дәрежедегі мемлекеттер қатарына қосылды. Бір ғасырдан да аз уақыт ішінде мемлекет халқы екі миллион адамға кеміді. Инквизиция бірнеше он мыңдаған адамды

құрбан қылады. XVI-XVIII ғасырларда 30 мыңнан аса адам отқа өртеліп, 300 мыңға жуық адам зынданда өлтірілді.

Мемлекеттің әлеуметтік тұрмысындағы маңызды оқиғалар сол дәуірлердегі көркем әдебиетте өз көрінісін тапты.

XVII ғасырдағы испан әдебиетінде үш әдеби бағыт айқын көрінеді. Олар Қайта өрлеу реализмі, классицизм және барокко бағыттары. Антикалық өнер мен халық ауыз әдебиеті жәдігерліктерін шебер ұштастыра білген Қайта өрлеу реализмі Испанияда басқа мемлекеттерге қарағанда едәуір кеш пайда болды. Оның ұсынған гуманизмі католиктік саясаттың қарсылығына ұшырайды. Кейбір жағдайларда христиан діни танымдары жазушылар шығармашылығына өз әсерін тигізіп отырды. Сондықтан, реалистік әдебиетте барокконың жекелеген белгілері анық байқалады. Антикалық әдебиеттің қағидаларын жалаң қабылдаған классицизм Испанияда өзінің дамуына негіз таба алмайды, оны тек жеке ғалым-филологтар ғана қолдайды және олар өздерін ежелгі мәдени мұраларды сақтап қалушылар деп санайды. Мадрид академиясы мен кейбір профессорлар Лопе де Вегадың реалистік эстетикасына қарсы шығып, оның театрын «есуас халық» театры деп кемсітеді. Соның үшін Лопе де Вега классицизмнің әрқандай қағидаларын мойындаудан бас тартады. Бірақ классицистердің жақсы жақтары да болды. Олар әдебиеттегі барокконың бір көрінісі болған гангоризмді (культеранизмді) сынға алды. Классицист Бартоломэ Леонардо де Архенсола (1562-1631) үш бірлік қағидасын ізшіл қорғаушы сипатында гангоризмді сынап, шығармадағы тілдің тазалығы, анықтығы үшін күреседі. Испан ақыны Гангора (1561-1627) шығарма мазмұнын күрделендіре түсетін ақсүйектік әдісті туғызады. Ол қарапайым халық үшін емес, ал ат төбеліндей «таңдаулылар», яғни нәзік талғамдағы «мәдениетті» жандар үшін («культенализм» термині осыдан шыққан) шығарма жазу керек, дейді. Сонымен бірге, гангорашылардың дүниетанымы да күрделі, түңілушілік мазмұнда болды. Гангора сонеттерінде «өте тәтті у», «еркелеу пен зарлану», «ләззатты қасірет» сияқты қарама-қарсы теңеулер көп кездеседі. Әрине, классицистер де «мәдениетті» жандар үшін шығарма жазғысы келді. Бірақ, олар гангорашылар тәрізді қарапайым халыққа жиіркенішпен қарамай, оларды орта ғасыр азаптарынан құтқару мақсатында антикалық өнерден пайдалануға ұмтылады.

Лопе де Вега өте білімді жан болған. Ол әр түрлі жанрларда өз талантын сынап көреді. Сонет, романс, қасида, поэма, пастораллалар, хикая, роман және драмалық шығармалар жазады. Лопе де Вега өзінің бір комедиясында жазған пьесаларының саны 1500 болғандығын ескертеді. Драмашы өлімінен соң, оның өмірбаянын құрастырған шәкірті Перес де Монтальван болса Лопенің барлық пьесасы 1800 екендігін көрсетеді. Бұған қосымша тағы 400 діни мазмұндағы пьесалар жазғандығы белгілі. Жазушының осы уақытта табылған және жарияланған пьесаларының саны 500-ге жақын, соның 50-і діни тақырыптағы пьесалар.

Лопе де Вега драматургия саласында үлкен даңққа бөленеді. Өмір деректерін көп білуі оның тарихи, аңыздық және заманагөй тақырыптарда түрлі пьесалар жазуына мүмкіндік берді.

Жазушының драматургия саласына қатысты ой-пікірлері «Комедия

жазудағы жаңа өнер» (1609) атты өлеңмен жазылған туындысында анық баяндалған. Мұнда ол XVII ғасырдағы итальян классицист теорияшылары тарапынан белгіленген көп қағидаларға қарсы шығады.

Лопе де Веганың «Жаңа өнері» испан ұлттық драмасының негізгі қағидаларын белгілеп берді. Ол әрекет бірлігін сақтай отырып, әдебиеттің дамуына кедергі болатын орын және уақыт бірлігінен бас тартады. Өнерді шектеп қоятын антикалық әдебиет нормаларын формал түрде көшіріп алған итальян классицист теорияшыларының барлық әрекетті тек бір ғана қаһарман айналасына топтастыру сияқты принциптеріне қарсы шығып, ол ішкі бірлікке, шығармадағы негізгі мақсаттың толықтығына ерекше назар аударды. Пьесада бірнеше эпизод яки сюжет жолы болуы мүмкін, бірақ олар басты мәселені шешуге жәрдем беруі тиіс деді.

Лопе де Вега және оның драмалық мектебін қолдаушылар пьесада дәл өмірдегі сияқты қайғы мен күлкіні араластыра суреттеу қажет екендігін көрсетті. Өз эстетикалық пікірлерінің шынайы мазмұнын белгілей отырып, Лопе комедияны «өмір айнасы» деп атады. Ол еркін шығармашылық үшін жазушыны классицизм қағидаларына бағынбауға шақырады. «Қайғыны күлкімен» араластыра отырып, әрекет орнын өзгерту, уақыттан еркін пайдалану принципін де ұсынады.

«Маған комедия жазу керек болса, - дейді Лопе «Жаңа өнерде» - мен барлық қағидаларды үш құлыппен мықтап бекітемін де, өз бөлмемнен Плавт пен Теренцийді шығарып жіберемін». Драмашының бұл пікірлері заман талабы мен халық мүддесіне сай шынайы туындылар жазу тілегінен туындағаны сөзсіз. Лопе де Вега пьесаның көлемі, көріністері туралы пікірлерінде оны 5 актіден 3 актіге дейін қысқартады. Шығармадағы тартыс, интриганың өткірлігі мен пьеса түйінінің шешілуі туралы да өз көзқарасын білдіреді. Лопенің драма туралы мұндай пікірлері классицизмді қолдаушылардың күшті қарсылығына ұшырайды. Бірақ, көп уақыт өтпей, оның испан ұлттық драмасы туралы эстетикалық көзқарастары мен драмалық шығармалары үлкен даңққа бөленіп, антикалық және классицист жазушылардың туындыларын сахнадан ығыстырып шығарады.

Лопенің жаңашылдығы мен халыққа жақындығы оның жасаған образдарының еңбекші халық өкілдері болуында және олардың мақсатының зұлымдықтан құтылып, еркіндікте жасауында жатыр. Бұған ерісу жолы - көтеріліс. Еңбекші халық феодалдық зұлымдыққа қарсы күресте король өкіметінен жәрдем күтеді, бірақ жазушы шаруалардың бұл арманының мүмкін еместігін көрсетеді. Корольдің өлтірілген командор орнына жаңа, одан да жауыз әкімді жіберу керектігі туралы сөзі бұған жақсы дәлел бола алады.

«Қой қайнары» - Лопе де Веганың халық көтерілісін шынайы бейнелеген, демократиялық рухтағы ең көрнекті драмасы.

Лопе де Вега Испанияда жеке биліктің дағдарысы және феодалдық-католиктік озбырлықтың күшейген дәуірінде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысты. Ұлы қаламгер Лопе осы тұңғықта ақиқат жолын іздеді, зұлымдық пен әділетсіздікке қарсы гуманистік идеяларды үлкен ерлікпен қорғады. Халықтың өз тағдырын өз қолына алуы, өз бостандығы үшін күресі тақырыбын суреттеуі оның шығармашылығының демократиялық сипатын

белгіледі. Сол себепті Лопенің жауынгерлік рухтағы туындылары Испанияда билік жүргізген кертарпа топтардың қарсылығына ұшырайды.

Лопе де Вега пьеса композициясының ізшілдігі, диалог өнерін өзінен бұрын өмір сүрген жазушылардан үйренуі, орта ғасырдағы халық театры дәстүрлерінен пайдалануы нәтижесінде Қайта өрлеу дәуіріндегі көңілді мотивтерді бейнелейтін шығармалар жазды.

XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың бірінші жартысында испан драматургиясы Лопе де Веганың тікелей әсерінде дамыды. Оның дәстүрлерін жалғастырушы бірнеше жазушылар өсіп, жетілді. Олардан Гильен де Кастро, Хуан Руис де Аларкон және Тирсо де Молиналардың драмалары сол дәуірдегі испан әдебиетінде маңызды орынды алады. Гильен де Кастро (1569-1631) ұстазы Лопе де Веганың реалистік принциптерін негізге ала отырып, өз шығармашылығында халық ауыз әдебиеті үлгілерінен кең пайдаланды. Оның маңызды шығармасы - испан ұлттық қаһарманы Сид туралы халық романстары негізінде жазылған «Сидтің жастық шағы» драмасы. Пьесада махаббат, отбасының абыройы үшін күрес пен жеке биліктің дағдарысы бейнеленген.

Лопе де Веганың драмалық мектебінің ірі өкілі Хуан Руис де Аларкон (1580-1639) Мексикада ақсүйек отбасында туады, оның жастық шағы осы жерде өтеді. Соң Испанияға келіп, оқуын жалғастырады. Университетті бітіргеннен кейін адвокат болып жұмыс істейді.

Аларконның әдеби мұрасы үлкен емес, ол тілі мен композициясы жағынан ұқыпты жазылған 30-ға жуық пьеса қалдырды. Аларконның ұлттық қаһарман топтамасындағы пьесаларының бірі - «Сеговиялық тоқымашы» (1634) шығармасы. Онда драмашы адам күші мен құдіретінің, әділдік пен нағыз махаббаттың жеңісі туралы хикаялайды.

Жазушы бас қаһарманның ауыр тағдырын суреттегенде, оқиғаларға саяси өң беріп, дворян дон Фернандо күресін әке кегі үшін емес, ал қорланған кедей тоқымашының әділет үшін жүргізген күресі сипатында талқылайды.

Бұл Аларконның интригалық комедиядан характерлер комедиясына өтуін белгілеген озық шығармалар ретінде испан драматургиясы қазынасына қосылған құнды туындысы. Оның осы тәріздес жазған «Күдікті ақиқат», «Қабырғаның да құлағы бар», «Ерлерді сынау», «Әр адамда бір айып» сияқты бірнеше комедиялары бар. Бұл пьесаларда негізгі қаһармандардың қандай да бір кемшілігі көрсетіліп, жақсылық оларға қарсы қойылады. Мәселен, «Күдікті ақиқат» комедиясында айлакерлікті сынға алады. Ақсүйек жігіт дон Гарсия әрдайым айналасындағыларды алдаумен шұғылданады. Күндердің бірінде оның шын сөзіне де ешкім сенбейді. Дворян жігіттің бойындағы мұндай жаман әдет соңында оны ауыр жағдайға душар етеді.

Аларконның бұл комедиясы француз драмашылары болған Корнельдің «Алаяқ», Мольердің «Мизантроп» туындыларының жазылуына белгілі дәрежеде әсер етті.

Драмашы комедияларында қаһарманның характері драмалық жағдайдың негізін құрайды. Лопе де Веганың ғашықтық комедияларының композициясында кездейсоқ оқиғалар оқыс бұрылыстарды туғызса, Аларкон драмаларында мұндай оқиғалар характерлердің психологиясын толық ашып береді. Аларкон шығармашылығы өзінің реалистік характері, әділетсіздікті

сындық тұрғыда бейнелеуі тұрғысынан XVII ғасырдағы испан әдебиетінен маңызды орын алады.

Испан әдебиетінде барокко ағымы XVII ғасырдағы Батыс Еуропа мен Испанияның ішкі және тарихи өміріне сай негізде кең түрде дамыды. Осы дәуірдегі испан философиясы әлсіз, түңілушілік рухта болды. Ағылшын қайраткері Бэконның замандасы испан философы Франческо Санчес Қайта өрлеу дәстүрлерін жалғастырып, орта ғасыр схоластикасына қарсы шыққанымен, ақырында ол үмітсіздікке («Білу мүмкін болған нәрсенің жоқ екендігі туралы») беріледі. Вальтазар Грасиан да қайғы аралас әзілінде бай-ақсүйектердің мінездерін масқаралайды, бірақ оның кекесінге толы философиялық пікірлерінде адамның күші мен құдіретіне деген сенімсіздік бар болатын.

Барокко жазушылары антикалық өнер мен Қайта өрлеу дәуірі әдебиетінің теориялық жетістіктерін, эстетикалық дәстүрлерін жоққа шығармайды, халық шығармашылығынан да қол үзіп кетпейді. Сонымен бірге, орта ғасырдағы діни-клерикал әдебиетті жаңа жағдайда қайта дамытады, ескі әдеби үлгілер орнына енді мазмұны жеңіл, бірақ эстетикалық жағынан әсерлі тәсілдерді табады. Барокко бағытына тән болған мистикалық-аллегориялық тәсілдер осы кезеңнің ірі драмашысы Кальдерон шығармашылығында айқын көрінеді.

Испанияның экономикалық және саяси өмірінде басталған дағдарыс XVII ғасырдың орталарында күшейе түсті. Мемлекеттің бұрынғы құдіреті мен даңқынан ештеңе де қалмады. Феодалдық-католиктік қысымның шабуылы нәтижесінде XVI ғасырдың аяғында дүниеге келе бастаған барокко әдеби ағымы енді жетекші бағытқа айналады. Өнер мен әдебиетте суреттелген шаттық, қуаныш орнын күрделі көріністер алады. Сәулет пен сурет өнерінде реализмнен шеттеу, өмірден алыстау, қандай да сырлы оқиғаға берілу күшейеді[1, 203 б.].

Испанияның осы дәуіріндегі рухын, гуманизмнің дағдарысын бейнелеген соңғы ірі жазушы Кальдерон болды. Дон Педро Кальдерон де Ла Барка 1600 жылы Мадридте ежелгі дворян әулетіне жататын отбасында туды. Он жасында анасынан жетім қалды. Алғашқы білімді иезуиттер мектебінде алады, соң Саламанка университетінде оқиды. Бірақ оны тастап кетеді. Әскери қызмет те атқарады. Италия мен Фландрияға қарсы жасалған жорықтарға қатысады. Дворян жігіттерге тән өмір сүріп, өзара жанжалдарға араласады, діндарларды балағаттағаны үшін абақтыға қамалып та шығады.

Кальдерон драмалық шығармалар жазуға өте ерте кіріседі. Лопе де Вега бұл жас жазушының талантына жоғары баға береді. Лопе қайтыс болған соң ол Испаниядағы талантты драмашы ретінде даңққа бөленеді. 1636 жылы сарай драмашысы атағын алады[2, 158 б.].

Кальдерон 200-ден аса пьеса жазған, солардан 120-на жуығы тұрмыстық, 80-ге жуығы діни мазмұндағы және 20-ға жақыны интермедия секілді сахна шығармаларына жатады. Ол 2 поэма мен лирикалық өлеңдер де жазған.

Кальдерон Лопе де Вега дәстүрлерін жалғастырушы болса да, бұл екі жазушының шығармашылығында айтарлықтай өзгешеліктер бар. Кальдерон алғашқы пьесаларын көпшілік көрермендерге арнап қала театрларына

тапсырғанымен, кейін тек сарай театрына арналған шығармалар жазды. Оның шығармашылығы испан гуманизмінің дағдарысқа бағыт алғандығының көрінісі сипатында танылады.

Барокко ақыны Кальдерон драмашы ретінде діни рухтағы пьесалар жазды. «Әулие Патриктің өмірі», «Пұтқа табыну», «Ержүрек шахзада», «Өмір деген түс», «Алаяқ сиқыршы» пьесаларында феодалдық зұлмат пен католик діндарларын бейнелейді. «Айлакер сиқыршыны» Маркс «Католиктер Фаусты» деп атады. Одан Гете өз «Фаустына» жекелеген жайларды ғана емес, бүкіл бір бүтін көріністерді де алды.

Кальдерон тұрмысқа шынайы қарай алмаса да, шығармаларында оның әдеби таланты айқын көрінеді. Мәселен, «Әулие Патриктің өмірі», «Пұтқа табыну» пьесаларында көп қылмыстар жасаған қылмыскерлер тылсым күштің араласуы нәтижесінде жазадан құтылып кетеді [3, 414 б.].

«Алаяқ сиқыршыда» жанын шайтанға сатқан адам туралы ертегі хикаяланады. Кальдерон пьесасы Фауст туралы неміс халық кітабында суреттелген аңыздан ерекшеленеді. Халық кітабында Фауст дүние сырларын білуге ұмтылған, әділетсіздіктерге жиіркенішпен қараған жан сипатында беріледі. Кальдеронның «Католиктер Фаусты» деп аталған «Алаяқ сиқыршы» пьесасының қаһарманы Киприан ләззат үшін шайтанмен одақтасып, соңында қылмыстарынан азапқа түсіп, христиандықты қабылдайды. Фаустың өлімі аянышты болады, Киприан болса дін жолында жанын қинауға салып, мерт болады.

«Ержүрек шахзада» пьесасында да тұрмыстық оқиғалар діни мәселелермен араласып кетеді. Маврлар қолына тұтқынға түскен португал шахзадасы Фернандо корольге қиянат жасағысы келмейді. Король оның азаттығы үшін бір қаланы бермекші болғанда, бірақ Фернандо мұндай маскара бостандықтан өлімді абзал көреді. Фернандоның отан алдындағы адалдығы, жазушының түсінігінде, оның жеке мүддесінен жоғары тұруы керек.

«Өмір деген түс» пьесасында діни тақырып шығарманың реалистік мазмұнымен сәйкес келеді. Өз ұлы Сигизмундтың болашақ тағдыры туралы мәліметті (көріпкелдер шахзаданы залым, қанішер болып жетіледі, дейді) естіген король Басилио Сигизмундты түрмеге қамайды. Бірнеше жыл өткен соң, король ұлы туралы мәліметтерге күдіктене бастайды. Шахзаданы азаттыққа шығарып, мемлекет билігін оған сеніп тапсырады. Король сарайында ояңған Сигизмунд өз құзырында түрменің жауыз бастығын көреді. Сарайдағы барша жұрт оның бұйрығын орындауға дайын тұрады. Бұл жағдайлар Сигизмундтың ашуына тиеді. Өйткені, жұлдызшылар жорамалына байланысты өзінің жазықсыз жәбір көруі әділдік емес еді. Енді Сигизмунд сотқарларша әрекет жасайды, өзіне қарсы келген қызметшіні зынданға тастайды, айналасындағылардың өміріне қауіп төндіреді. Әкесін де аямайды. Король Басилио оны қайырымды болуға шақырады. «Сен ұйқыда шығарсың, түс көріп жатқан болуың да мүмкін» деген сөздер бірнеше рет қайталаанады. Ақырында ұлын дұрыс жолға сала алмайтындығын түсінген әке, ұйықтататын дәрі беріп, оны қайтадан түрмеге қамайды. Сигизмунд басынан өткен оқиғаларды түсімде көрдім деп ойлайды. Бақыт туралы ойлау, өмір сүру үшін ұмтылу мағынасыз екен, деген қорытындыға келеді. Епті, жігерлі

Сигизмунд пьесаның соңында момын, тағдырға көнген жігерсіз жан болып көрінеді.

Сигизмунд аллегориялық образ, шынайы адамға мүлде ұқсамайды. Ол орта ғасырларда бейнеленген күйзеліске түскен періште-шайтанға өте жақын бейне. Шығарма басында ол күрескер образ, пьесаның ақырында болса жеңілген, тәубеге келген кұнаһар. Бірақ философиялық-діни мазмұндағы бұл драмада жазушы адамды қызықтыратын маңызды мәселелерді қозғайды, терең ізденістерге түседі, қаһарманның ішкі рухани толғаныстарын көрсетуге ұмтылады. Сигизмунд өмір қасіреттерне душар болғандықтан дана болады және ар-ождан азабын тартады. Сол себепті шығарманың реалистік мазмұны оның діни мазмұнынан басым тұрады.

Кальдерон ар-намыс мәселесіне арналған бірнеше драма жазды. Лопе де Вега өз замандастарын қызықтырған отбасы және ар-намыс мәселесін «Айрылысу қаупі», «Намыс жеңісі», «Намыстан азаптану», «Рухани жаза», «Өз үйінде данышпан», «Жаза өш алу емес» сияқты пьесаларында көтереді. Бұл туындылардың кейбірінде («Намыстан азаптану», «Намыс жеңісі», «Жаза өш алу емес») XVII ғасырда болған оқиғаларға негізделіп, әйелден қатты өш алуды суреттесе де, жазушы ата-ана тарапынан зорлап ерге берілген қыздың тағдырына («Жаза өш алу емес», «Би мұғалімі») аянышпен қарайды. Лопе «төгілген қан жүрекке түскен дақты жуа алмайды» деген пікірді көп қайталайды. Ерінің күдігі негізсіз болғанын суреттеген пьесаларын жазушы ерлі зайыптылардың жарасуы, ерінің өз қателіктерін түсінуін баяндаумен («Айып – дәлелдерде», «Айырылысу қаупі») аяқтайды. Бірақ Кальдерон бұл мәселені басқаша шешеді. «Өз арының дәрігері», «Өз арсыздығының шебері», «Жасырын балағаттауға – жасырын кек қайтару», «Қызғаныш – үлкен жауыздық» және басқа пьесаларында ар-намыс туралы дәстүрлі қағидалар өз көрінісін табады. Осы қағидалар «намыс өте әлсіз, ол сәл нәрсеге сынып кетуі мүмкін» деген пікірге негізделген еді. Намыссыздық адам бойындағы ең масқара кемшілік. Абыройға дақ түсіретін оқиға туралы адамдарда қандай да бір күдік туылса болғаны, онда осының өзі-ақ кек қайтару үшін жеткілікті болып жатыр. Осы жолмен ғана адам намысына түскен қара дақты жуа алады. «Өз арының дәрігері» драмасы негізінде міне осындай пікір жатады. Пьесаның бас қаһарманы дон Гутьерре күдік нәтижесінде кұнасыз әйелі Менсияны өлтіреді және қанды қолдарын есікке басып, қылған ісінен белгі қалдырады. Қанішер дон Гутьерре жасаған қылмысын корольге сабырмен айтып береді. «Өнері бар кісі, мәртебелім, есікке өз таңбасын қағып қояды. Өз кегімді қайтарған мен қанды қолыммен есікте белгі қалдырдым. Өйткені, мәртебелім, ар-намыс қан мен ғана жуылады». Дворян намысын қорғаушы дон Педро дон Гутьерренің бұл қылмысын мақұлдайды. «Өз арсыздығының шебері» драмасында да осындай пікірлер ұсынылады [4, 415 б.].

Кальдерон діни-философиялық драмаларынан басқа, «Көрінбейтін әйел», «Өз үйінде қамауда», «Екі есікті үйді бақылау қиын», «Ақырын аққан судан сақтан» сияқты «Плащ пен семсерлер» топтамасындағы комедияларында махаббат пен тұрмыс қуаныштарын көтеріңкі рухта суреттейді. Қаһармандардың бақыт жолындағы арман-тілегі кездейсоқ оқиғалармен байланысты болса да, бұл комедияларда қызықты қиял-

армандар, таңғажайып көріністер және даналық сөздер арқылы жазушы өзінің гуманистік пікірлерін баяндайды. Ғашық жастардың алдында тұрған әрқандай кедергілерді жеңу үшін күрестері реалистік бояулармен суреттеледі.

Көңілді, мазмұны жеңіл, көрермен назарын өзіне тартатын «Көрінбейтін әйел» комедиясында Кальдерон ағаларының қарсылығына қарамастан (Хуан, Луис) өз сүйіктісі үшін күресіп, мақсатына жеткен дана донья Анхеланың әрекетін шебер көрсетіп, отбасы намысын қорғамақшы болған дон Луистің мағынасыз әрекеті мен күдіктерін күлкіге айналдырады.

Реалистік көрініс, характерлердің ұқыпты жасалғандығы және терең демократизмімен ерекшеленетін ең көрнекті драмасы «Саламей алькальдін» шығармасында жазушы шаруа мен бай ортасындағы қақтығысты көрсету негізінде, ар-намыс тақырыбын өзгеше талқылайды. Соның үшін де өз сюжетімен бұл пьеса Лопе де Веганың «Қой қайнары» драмасында бейнеленген оқиғаға жақын келеді.

Оқиғаға шынайы қараған Кальдерон шаруалардың ар-намысы күшті екендігін суреттеуге ерекше назар аударады. Педро Креспо өзінің шаруалардан шыққандығына мақтанады және ар-намысы жоқ жандарға жиіркенішпен қарайды. Офицердің «шаруаларда қандай ар-намыс болуы мүмкін» деген сөздеріне Педроның ұлы Хуан: «Сізде қандай болса, дәл сондай! Шаруасыз капитан не істей алады?» деп жауап қайтарады. Бұл сөздер жазушының феодал-зодогондарға жиіркенішпен, ал қарапайым жандарға үлкен құрметпен қарағанын дәлелдейді. Герцен «Саламей алькальдін» оқып шыққан соң (1844), өз күнделігіне: «Мұнда заң туралы осыншалық мол пайымдаулар бар екен, испан плебейі ұлы да дана ғой, шіркін!» деп жазып қойған еді.

Кальдерон мемлекетте күйзеліс күшейген дәуірде жасағандықтан, оның шығармашылығында қайшылықтар мол болды. Онда барокко ағымына тән болған көріністер де кездеседі. Бірақ оның діни-философиялық, отбасылық-тұрмыстық, қызғаныш пен ар-намыс тақырыбына арналған пьесаларының мазмұны әрине, жазушыны католик танымына толық бағынған және оның белсенді насихатшысы болды деген пікірлерге алып келмеуі тиіс. Драмашыдағы үмітсіздік өмірге қанағаттанбағандықтың нәтижесі еді. Кальдеронның драматургиясында Лопе де Вега шығармашылығына тән болған тұрмыс қуанышы көрінбейді. Гете қойылған мәселелердің маңыздылығы, идеялық мазмұнның кеңдігімен ерекшеленетін «Ержүрек шахзада», «Өмір деген түс» пьесаларына жоғары баға беріп, Кальдеронды «Ұлы драмашы ақын» деп атайды.

Жазушының шығармаларында көтерілген маңызды философиялық пікірлер, қаһармандардың ішкі жан-дүниесін шеберлікпен ашу, лирикалық моменттер – Кальдеронның драмашылық талантын дәлелдейді. Кальдерон - феодалдық-католиктік қысым күшейген дәуірде жасаған, гуманизмнің дағдарысын суреттеген XVII ғасырдағы испан әдебиетінің ең соңғы өкілі. XVII ғасырдың аяқтарында испан театры толығымен күйзеліске ұшырады. Кальдерон 1681 жылы қайтыс болды.

Әдебиеттер:

- Андреев Л.Г. Зарубежная литература второго тысячелетия. – Москва, 2001. – 329 с.
- История зарубежной литературы XVII века. – Москва, 2010. – 487 с.
- Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиетінің тарихы. – Алматы, 2011. – 376 б.
- Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиеті тарихы. – Астана, 2012. – 344 б.

Кобланов Ж.Т.

Произведения Дон Педро Кальдерона де Ла Барка

В данной статье рассматривается художественное мастерство в произведениях известного поэта-драматурга испанской литературы Дон Педро Кальдерона.

Ключевые слова: драма, искусство, пьеса, интермедия, реалистическая содержания, характер, комедия, драматический момент, барокко, лирический стих, персонаж, образ, идея.

Koblanov Zh.T.

The literary works don Pedro Calderon de La of Barque

This article about well-known poet-dramatist of the don Pedro Calderons in the literature Spanis and language mastership in his works.

Key words: drama, art, play, interlude, realistic contents, character, comedy, dramatic situation, baroque, lyrical verse, character, image, idea.

ӘОЖ: 811.512.122

Таласпаева Ж.С. – ф.ғ.к., профессор,
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ
Қадыров Ж.Т. – ф.ғ.к., профессор,
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ
(Петропавл қ., Қазақстан)
E-mail: talaspaeva@inbox.ru

**КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА ЖҰМСАЛАТЫН ТҰРАҚТЫ
ТІРКЕСТЕР МЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ**

Аннотация: Мақалада көркем шығармалар тілінде жұмсалған мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің жұмсалыу ерекшеліктері сөз болады. Тілдік қолданыстардың кейіпкердің әдеби бейнесін ашуда, образ жасауда, автордың ойын танытуда, өзіндік көзқарасын білдіруде әр түрлі тәсілмен және түрлі жағдайларға байланысты орайластырып берілуі нақты мысалдар арқылы талданады.

Кілт сөздер: ұлттық болмыс; кейіпкер келбеті; тілдік амал; әлемнің тілдік бейнесі; авторлық ұстаным; уақыт тынысы; жазушы шеберлігі.

Халықтың ұлттық болмысы, дүниетанымы, өмір сүру салты, әдет-

ғұрпының айқын көрінісі тілде қалыптасқан тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің қорында айшықталып, сақталады, баға жетпес рухани құндылық ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.

Көркем шығармаларда өзгеше бір сипатпен қолданылатын тілдік бірліктер – мақал-мәтелдер. Олар шығарманы ажарландырып қана қоймайды, жазушы шеберлігінің арқасында жансызға жан бітіреді. Аз сөзбен терең ой айтуға қызмет етеді. Ол жазушының баяндау құралында да, кейіпкерлерінің тілінде де жиі ұшырасады.

Көркем сөз шебері Ғабит Мүсірепов өз шығармаларында халық тілін пайдаланғанда өз елегінен өткізіп, оған өзінше ерекше әуен, лебізді үн қосады. Ғабен қолданысындағы кейбір сөйлемдердің өзі табиғаты жағынан нақыл сөздерге айналып жатады. Бұл, әрине, автор ойының тапқырлығы мен ұшқырлығынан туындайды.

Мақал-мәтелдің кейіпкердің әдеби бейнесін ашуда, образ жасауда, автордың ойын танытуда, өзіндік көзқарасын білдіруде рөлі зор. Олар көркем шығарманың сөз кестесімен етене бірігіп, шығарма тілінің әрлене түсуіне, ойдың әдемі айшықтармен берілуіне қызмет етеді. Көркем сөз зергері өз романдарында мақал-мәтелдерді әр түрлі тәсілмен және түрлі жағдайларға байланысты орайластырып, әрқайсысын өз орнында ұтымды қолдана білген.

Әр заманның көркем сөзі, әдебиеті сол заманның салт-санасына, сол заманның тұрмысынан туған мұратына ұқсап туады. Ғабит Мүсіреповтің қолданған мақал-мәтелдері де осы айтылған пікірмен дөп түсіп жатыр.

Қазақ әйелінің бағасы мен сипатын, қадір-қасиетін дәл тауып, оны өзінің даналық сөздері, мақал-мәтелдері арқылы өрнектеп, ұрпақтарына мирас етуші халқымыздың бітім-болмысы, тұрмыс-тіршілігі, асылы мен жасығы туралы көзқарасы аталған теңдессіз мұраларында айқын көрініс тапқан. Мысалы, *«Әйелдің әйелден артықшылығы – мінезінде», «Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық», «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін», «Жақсы әйел жаман еркекті адам қылады, жаман әйел жақсы еркекті надан қылады», «Жақсы әйел өміріңді ұзартады, жаман әйел үстіңе тұз артады»* дейтін халық даналығында жүрген мақалдарды орайын тауып келістіреді. Соның нәтижесінде фразеологизмдер оқиға желісінің ыңғайында орынды пайдаланылып, шығарма тілінің көркейе түсуіне септігін тигізіп тұрады.

Сөз зергері әйел затын, ана құдіретін шығармаларының негізгі өзегі етіп алды десе де болады. Жалпы "Оянған өлке", "Жат қолында" романдарының басты тақырыптарының бірі – қазақ әйелінің тағдыры. Романдардың негізгі нысанасы – қазақ тұрмысына ене бастаған жақсылық, жаңалықтарды көрсету болса, осы қазақ әйелі тақырыбы онымен біте қайнасып жатыр. Бұның астарында қазақ әйелінің жан сұлулығы мен қайсарлығының алдында үнемі бас иіп, риза болу сезімі жатса керек.

Қарағандыға келген жұмысшылар ауыр жағдайда еңбек етеді. Барактарда өмір сүріп, күн кешеді. Соншалық ауыр күйге түссе де еңбек адамдарының жігері жасымайды. Сол қиын өмірдің өзінен жақсылық, ізгілік таба біледі. Осындай жағдайда күрескерлік дәрежеге көтерілген Кенжеғарадай қажырлы жан қорғаныш болады. Осы жәйттерді автор былай берген: *«Кенжеғара келіп араласқанша бұлар да «бөрі арығын білдірместің»*

деңгейінде ғана тұратын" [1, 137 б.]. Сөзі өтімді, екі жақ та бірдей тыңдайтын: шонжарлар жағы күйзеліп тыңдайтын, жарлылар жағы үмітпен тыңдайтын Кенжеғараға ел билеу тізгінін бермек болып өзінен жасы кіші болса да *«Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра деген дұрыс сөз екен»* [1, 63 б.] - деп Игілікке салмақ сала келген кәрі би *«Өсер елдің баласы он бесінде бастын дер, өспес елдің баласы жиырма бесте жаспын дер»* [1,65] дегендегісі осы Кенжеғараға қатысты айтқаны болатын.

«Бала соққан кездіктің басы жарық» [1, 65 б.] - деп Игілік сенімсіздік көрсеткендей болғанмен, оқығаны, ойлағаны бар Кенжеғара әділет іздейді, даланың жөн-жосықсыздығын бұзғысы келеді, өсіп-жетіле береді. Автор өзін ойлантып-толғантқан ой-пікірлерінің денін айтуды Кенжеғараға жүктейді.

«Бірінің басы ауырса, бәрінің балтыры сыздайды», «Ойда он өгіздің мүйізі сырқыраса, қырда қырық өгіздің мүйізі сырқырайды» [1, 323 б.] деген мақалдар арқылы суреткер бір үйдің адамдарындай болып кеткен адамдардың арасындағы достық, татулық, туысқандық, бауырмалдық сезімдерін айныптай танытады.

Жазушы тарихи мазмұнға бай мақал-мәтелдерді ұтымды пайдаланады. Мысалы: *«Дау құған ел жауығар, бау құаған ел сауығар», «Бүтін тұрғанды бүлдірмес болар»;* *«Өрттің өзінен бұрын түтіні көзге түседі»;* *«Ағашқа мәуе бітсе бәсең-бәсең»* тәрізді жазушы пайдаланған мақал-мәтелдер дүние үзіктерінің тілдік константалары болып табылады. Өйткені мұнда өмір сынынан өткен халықтық пәлсапаға кездесеміз, оларда ұлттық даналық, психология мен тұрмыстық тәжірибе жатыр.

Мақал-мәтелдер жазушының қаламгерлік зертханасынан өтіп, әрқайсысы өз орнын табады. Кей тұстарда олар халық тіліндегі түпнұсқасымен берілсе, енді бірде оқиға мазмұнына сәйкестеліп жазушының стильдік қолданысына түседі, яғни халық даналығынан туған дайын нұсқаларды пайдаланумен бірге, сол үлгімен жазушы өзі де жаңа мақал-мәтелдер жасайды. Тағы бір ерекшелігі – Ғабит Мүсірепов кірме мақал-мәтелдерді де барынша ұтымды пайдаланады.

Сөзіміз жалаң болмас үшін мысалдарға жүгінейік. Автор *"Қорқау қасқырға жем болғаниша, арыстанға жем болған жақсы"* деген халық аузында кең тараған мақалды осы күйінде қолданбай өзінше құрады. Бұл мақалды өз мақсатына бағындырып, шығарма мазмұнымен байланыстыра *"болыстың өзінен гөрі поштабайының боқтағаны қатты батады»* [1, 228 б.] деп өзгертіп, басқа сөздермен мазмұнын беріп қолданған.

«Оянған өлке» шығармасында *Осы ызамен келе жатқан Омар көңілі "Әдемі алма көргенде пышақтың да тісі қышып кетеді»* дегендей, *Сармантай жағының қызына ауытқып еді* [1,87] деген сөйлемдегі мақалдың кірістірілуі барынша қисынды әрі жеңіл әжуа туғызарлық қолданыс. «Оянған өлкедегі» Рязанов бір сөзінде *«Ақша араласқан жерге есеп-қисап керек дейді зой орыс мақалы»* [1, 73 б.] - дейді. Бұл қолданыс орыс тіліндегі *«Деньги любят счет»* мақалының қазақ тіліне аударылып берілген нұсқасы. Тағы бір жерде автор *Қазақ «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді дейді. Орыстарда «бір бөшке балды бір тамшы карамай бұзады дейді»* [1, 88 б.] - деп, қазақ тіліндегі мақалға синонимдес орыс тіліндегі *«Ложка дегтя портит бочку меда»* мақалын қазақ тіліндегі аудармасы күйінде береді. Ғ.Мүсірепов романдарындағы мақал-мәтелдер көп жағдайда өзінің тұлға-тұрпатын сақтап, автор ойымен

«дер», «деген», «дейді», «дегендей» сияқты дәнекерлер арқылы байланысады. Мысалы: «...бала соққан кездіктің басы жарық дегендей...», «...бір қарын майды бір құмалақ иірітеді дейді», «Әйел әйелді сықайынан таниды дегендей...», «Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра деген...» т.с.с. Автор кей жағдайларда мақал-мәтелдерді бөліп, тырнақшаға алмай қолданса, кейде тырнақшамен бөліп көрсетеді. «Құдай сыбырлағанды естісе, сайтан сыбырламасақ да естиді», «жаман иттің атын Бөрібасар қоймас болар» «ештен кеш жақсы» «шығасыға иесі басы болады» «жауластыру жаушыдан, елдестіру елшіден» [1, 96 б.] сияқтылар тырнақшаға алынған. Осылайша мақал-мәтелдер бірде төл сөз ретінде, бірде құрмалас сөйлемнің бір сыңары болып келеді. Тіпті кей жағдайда мақал-мәтелдер дербес бір сөйлем ретінде көрініс табады. «Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді», «Орыс байыса там салады, қазақ байыса қатын алады», «Он бесінде ұл еркек, он жетіде қыз да еркек» [1, 211 б.]. Мұндай жағдайда келтірілген мақал-мәтел автордың, әйтпесе кейіпкердің алдында айтқан ойларына қорытынды етіп алынады.

Ал «Әй, кісі асына сабыр бар деген, сабырлап жесеңші» [1, 203 б.], «Сол «шала молда дін бұзар, шартық қошқар қой бұзар» - деген бар емес пе, қара ат дегенді «шорнай лошит деп жазыпты» [1,198] тәрізді мақал-мәтелдер жеңіл юморға құрылған.

Мақал-мәтелді қолданбайтын ақын-жазушы жоқ, алайда, әркім өзінше келістіреді. Мақалға қарағанда мәтелді жазушы Сафуан Шаймерденов аса жиі, әрі қазақи тұрмыстың шынайы өмірін дәл көрсетуде шебер пайдаланғанын байқаймыз. Себебі мәтел айтайын деген ойды емеурінмен, тұспалмен жеткізудің таптырмас құралы. Мысалы : Сондай бір ашумен: – «Сау басыма сақина тілеп» – дегендей, жоқ жерден өңбес жұмыс тауып әуре-сарсаң болғаныма кейіпкіреп есіктің алдында отыр едім, кенет астындағы құласын жүгіртіп кесек денелі, адырақ көз бір қара қасыма келіп тоқтай қалды [2, 39 б.].

«Үмітсіз сайтан ісі» дегендей жақсыға қолымызды созамыз, бірақ уысымызға ілікпесе, сабырсыздық танытып мінез көрсетіп жатпаймыз [2, 546.].

– *Суға кеткен тал қармайды дегендей*: «Сөйтсе де, бірге өскен құрбы емес пе, ең болмаса, кететінін күн ілгері айтып, сырласпайтын не болыпты Қарғашқа? Ойымдағыны сонда жеткізермін!» – деп далбасаладым [2, 13 б.].

«Ашу»повесінде де мақал-мәтелдерді жиі ұшырастырамыз.

– Арақ буына түскен адамға «*Сырдың суы жұлығына да келмейтіні*» бар емес пе? [2, 151].

Расында да Ұмсындықтың сол білегінде ит тісінің таңбасы. Қан әлі тоқтамапты. – *Құтырған ит иесіне шабады деген осы* [2, 133 б.].

Қонақ сәл ойланды. – *Төсекте басы, төскейде малы араласқан* қырғыз-қазақ туыс елміз. Бір күшігінді қисаң қайтеді? [2, 149 б.].

«*Ел құлағы – елу*» дегендей, ауылдан келгендердің кейбірі Қарғабекті көрінеу жамандаса, кейбірі астарлы күлкімен: «Ол ма? Ол...» деп айрықша мән бере әжуалап, көңілге түйткіл салып кететін-ді [2, 182 б.].

Келтірілген мысалдардағы «*ер қанаты - ат*», «*ноқталы басқа бір өлім*», «*жүйріктің делебесі дуда қызады*», «*таңдағы тамақ тәңірден*», «*ит қағанағына қақалмайды*», «*суға кеткен – тал қарамайды*», «*үмітсіз сайтан*

ісі», «сау басына сақина тілеу», «сырдың суы жұлығына да келмейді», «құтырған ит иесіне шабады», «ел құлағы – елу» сияқты мақал-мәтелдер – шығарма жанына әр кіргізеді. Халықтың қазынасы болып табылатын мақал-мәтелдер – келелі ой, кең мазмұнды, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бірақ ауыз сөзбен айтып берудің тамаша үлгісі. Оларды көркем шығармада пайдалана білудің маңызы зор. Орнын тауып қолданған әрбір мақал мен мәтел ойды өткірлеп, ажарландыра түседі [3, 257 б.].

С.Шаймерденов мақал-мәтелдерді халықтық сипатта қолданумен қатар, өзінше өзгертіп жаңғыртып та жұмсаған. Мысалы: *Өзі қонақтап отырған бұтақты өзі аралаған Қаһар Жүсіпті не деуге болады?! [2, 22 б.]*. Прозадағы *өзі қонақтап отырған бұтақты өзі аралаған* анықтауыштық қатынаста жұмсалған үйірлі мүше – халық тіліндегі «өз қолыңды өзің кеспе», «суын ішкен құдыққа түкірме», т.б. мақал-мәтелдермен мәндес болса, орыс тілінің «не руби сук, на котором сидишь» мақалының аударылып алынған нұсқасы деуімізге негіз бар.

Қаламгер кейіпкердің бейнесін ашу мақсатында халық арасында жиі қолданысқа түсетін мақал-мәтелдерді кейіпкердің өз тіліне бейімдеп айтқызады. Мысалы: *«Байтал түгіл бас қайғының»* кері болып, мұғалімдіктің өзінен айрылмай аз-ақ қалдым [2, 31 б.]. *«Шешінген судан тайынбайдының» кері ме*, миы шығып, қорысқа айналып кеткен ақшу көшелермен аяғымды қағылез басып, салып келем [2, 64 б.]. *Мешкей деген жақсы емес*. Тілімді алсаң, қоныс аудар [2, 76 б.]. *Сыйламақ парыз бізден. Алмақ парыз сізден*. Әңгіме жорғада емес, көңілде [2, 47 б.]. *«Қыз сырын сұрамас болар... қыз арынын сынамас болар...»* – деп Қарғаш та болмайды [2, 65 б.]. *«Ат тұяғын тай басар»* деген, Балуан Шолақтан бата алған баласың, жаяу қалғаның жарамас [2, 54 б.]. *«Қолда өскен түйенің тайлақ аты қалмас»* дегендей, дамбалсыз жүрген күніңді көрген соң, бала санай береміз-дағы [2, 24 б.].

Автор мақал-мәтел құрамындағы лексемаларды ауыстырып, мақал-мәтелдің құрылымын кеңейтіп және тарылта, мақал-мәтелді түрлендіре жұмсайды. Мысалы: *«Екеуі де сөзуар, от ала келіп, отыз ауыз әңгіме шертетіндердің дәл өзі»* [2, 21 б.].

«Түнергені болмаса жауары жоқ», «Тақияңа тар соқпайды», «Тоғанын ағытқан судай» деген секілді мәтелдер өзгеріске ұшырап, жиі айтылған.

Кейіпкердің ішкі сезім күйін көрсету мақсатында қолданылған мақал-мәтелдер де кейіпкердің өз ырқына бейімделіп, өзгертілген.

Қарғаш күлкісі қаттырақ шықты: – *Қарашасын таратып жіберсе, хан хан бола ма? – Баяғыдан бері көрші отырып, сені бөтенге қоя берсе, жігіт, жігіт болмайды* [2, 29 б.].

Жазушы мақал-мәтелден кейін *«депті ғой», «деген екен», «дегендей»* етістіктері мен *«әдеті емес пе», «кебін киіп», «кері болып»,* т.б. өз жанынан сөздер қосып, мақал-мәтелдерді ажарландыра түскен.

«Ақсұңқар балапаны үшін торға түседі» демей ме, жаңылыстан мені үйде қалды деп ойлап, лаулаған оттың ішіне қойып кеткен де, содан қайтып шықпаған [2, 13 б.]. *Оқыған адамның көзі ашық демейтін бе еді*, өзі де білер деген шығармын [2, 11 б.]. *«Жығылған үстіне жұдырық»* – дегендей, осы бір жүдеу көңілімді көрші ауылдың мына Арам сары тұрғылас бір қу тақымы

қарсы кездесіп мүлде құлазып кетті [2, 61 б.]. *«Іріген ауыздан шіріген сөз шығады»* дегендей... Есің дұрыс па өзіңнің? – деп ұшып тұрды да есікке ұмтылды [2, 53 б.]. *Жалғыздық бір алланың өзіне ғана жарасқан*, шаршадым, шырағым. Қайтсең де бірер жыл қасымда бол, – деп қарсы болды [2, 5 б.] деген сияқты сөйлемдер шебер қолданыс тапқан.

Сафуан Шаймерденов бейнелі, әсерлі сөз қолданыстары – қаламгердің оқырманын өзіне тартар көркемдік ерекшеліктерінің бірі. Қаламгердің халықтық мақал-мәтелдерді көркем шығармаларында молынан қолданып, қажетіне жаратуы – халық тілінің байлығы, ауыз әдебиетінің нақыл сөз үлгілерінің әдеби тілімізді байытуда рөлі ерекше екенін дәлелдейді. Мақал-мәтелдер қандай мақсатта, қалай қолданылса да өзінің табиғатына біткен, эмоция туғызатын әсер күшінен айрылмайды. Мақал-мәтелдер ойды дәлелдеу, кейіпкерді бағалау, эмоцияны білдіру, пікір қорыту сияқты қызметтерде жиі көрінеді. С.Шаймерденов халықтық мақал-мәтелдерді кейіпкерлердің сөйлеу тілінде, кейіпкерлердің бейнесін нақтылауда жұмсап, оларды тілдік амалдың бірі ретінде қолданған.

Сонымен мақал-мәтелдер айтылар ойды ықшамдап жеткізуде де, сөздің тоқ етерін айтып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтуда да жетекші орын алады. Қаламгер әңгіме орайына сәйкес келген мақал-мәтелдерді молынан келтірген. Мақал-мәтелдерді кейде еш өзгеріссіз, кейде көмекші егістіктермен, кейде өз жанына жақын сөздер қосып сәл өзгертіп береді. Бұл авторлардың сөз саптаудағы тіл шеберлігін көрсетеді.

Жазушылар шығармаларындағы тағы бір тілдік бірлік – тұрақты тіркестер. Сафуан Шаймерденов шығармалары тілінің көркемдік ерекшелігін қарастыруда тұрақты тіркестер ерекше көзге түседі. Қаламгер туындыларында фразеологиялық тіркестердің тілге көркемдік беретін, эмоционалды-экспрессивтік қызметі талғампаздықпен жасалған. Тұрақты тіркестер көбінесе кейіпкердің сыртқы кейпін бейнелеуде қолданылады:

Кеспірі өрт соққандай; етегі елпі, жеңі желпі; бал-бұл жанып, қызара бөрткен; қайыстай қатқан т.б. Кейіпкер бейнесін жасауда, кейіпкерге тілдік мінездеме беруде фразеологизмдер ұтымды жасалған.

– Мұғалім бала-ау, екі иініңнен су кеткендей *ұнжырғаң түсіп* кетіпті зат өзіңнің. Өстіп көз майыңды тауысып, соңынан қарап қала бергенше, қасыңа отырғызып алып неге кетпейсің? Ай, ынжықсың ғой деймін. *Аузын буган өгіздей* үндемейтін Арамсарыдан жұрт неге қаймығады. Ай, біздің Қаракең сөйлейін десе, *тілдің майын тамызды-ау* өстіп... [2, 294 б.].

Тұрақты тіркестер кейіпкердің ішкі сезім толқынысын дөп басып, дәл жеткізу үшін қолданылған: Ұмсындықтың қара көзі *от шашып*, жалт етті.

– Ендеше ана малды жинап алыңдар. Боктарыңды теріп жүре алмаймын сендердің, - деп, тебіне жөнелді [2, 259 б.]. Амал бар ма, тасыған көңіл *судай басылды* [2, 35]. *Көктен тілегенім жерден табылғандай* [2, 35 б.]. Берілген сөйлемдердегі: *көзінен от шашу, көңілі судай басылу, көктен тілегені жерден табылу* тіркестерінің кейіпкер көңіл күйіндегі өзгерістерді, ашу-ыза, ренжу, қуану сияқты сезім толқындарын оқырман қабылдауына әсерлі жеткізуіндегі қызметі ерекше. Кейіпкер басындағы психологиялық жай-күйді танытатын тұрақты тіркестерді қаламгер туындыларынан көптеп кездестіреміз: *жүрегі мұздау, тілі байлану, қаны қайнау, жаны мұрнының*

ұшына келу т.б.

С. Шаймерденов шығармаларындағы тұрақты тіркестердің бірқатары қазақы өмірге қатысты құбылыстарды бейнелеп, ұлттық ерекшелікті танытады.

– *От ала келдің бе, неге қашып бара жатырсың?* [2, 259 б.].

Дүкен алдында кара-құра кісі көп. Кезекте тұр. Қант, май, шай-бәрі де осында. Қазанбас сатушы таразыны *асықтай үйіреді*.

Осы мысалдардағы от ала келу (асығу деген мағынада), асықтай үйіру тіркестері – қазақ өміріне тән құбылыстардан алынған, ұлттық нақышты өрнектейтін тіркестер. Мұндай тұрақты тіркестер жөнінде ғалым Р. Авакова: «Ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын фраземалардың әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы орны ерекше болса, оны танымдық тұрғыда талдау қазақы өркениетті ұлттық мәдениеттің табиғаты мен бітім-болмысын ашуға мүмкіндік береді», - деп түйіндейді [4, 21 б.].

Осындай тұрақты тіркестерді қолдану арқылы қаламгер өзі суреттеп отырған ауыл өмірі мен ауыл адамдары бейнесіне шынайылық сипат беріп, оқырман көңілінде жағымды әсер қалдырған. Қаламгер қолданысында қарапайым фразеологизмдер де ұшырасады. «Әдеби тіл нормасына сай келмейтін, жай дөрекі тұрақты тіркестерді қарапайым фразеологизмдер дейміз. Алайда ол әдеби тіл нормасына жатпағанымен, көркем әдебиетте образ жасау үшін кейіпкер сөзінде кездесіп отырады. Бұл тілдік амал арқылы жазушы кейіпкердің ой-өрісі, өскен ортасын, әлеуметтік халін, мінез-құлқын көрсетеді» [4, 34 б.].

– *Қара басыңа көрінгір, не болды саған? Кет, – деп жекірген кезі де бар* [2, 206 б.]. *О, иттің баласы!* Сомадай боп бір тоқтыға шамаң келмей жатырма? [2, 128 б.].

Кейіпкер тілінде қолданылған қарапайым фразеологизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, мәдениетін көрсетуде ерекше роль атқарған. Мұндай қарапайым фразеологизмдер тек кейіпкер тілінде ғана кездеседі және ерекше стилистикалық қызметімен ерекшеленеді.

Қаламгер тұрақты тіркестерді автор сөзінде де, кейіпкер сөзінде де, қисынын тауып, орынды пайдалана білген. Мұндай тіркестер жазушы туындыларында әр түрлі стильдік мақсаттарға орай орын табады. Олар кейіпкер бейнесін жасауда, портретін беруде, кейіпкерге тілдік мінездеме беруде, сондай-ақ қаһарманның басындағы психологиялық жай-күйді аңғартуда өте сәтті қолданған. Кейіпкер тіліндегі қарапайым фразеологизмдердің стильдік қызметі зор. Мұндай тіркестер кейіпкер мінез-құлқын ашуда таптырмас құрал болып табылады. Тұрақты тіркестердің сәтті қолданылуы, мазмұн әсерлігіне қызмет етуі қаламгер шеберлігінің бір қыры деуге болады.

Сафуан Шаймерденов алдымен, тұрақты тіркестерде берілетін ойды алдын-ала еркін тіркестер арқылы баяндап, мағыналас ұғым, суреттермен сипаттаған. Мысалы: «Бұл шіркінге не болды?» – деп жұрт аң-таң. Қарғаш қылығы оларға терең жұмбақ. Оларға жұмбақ болғанымен маған аян. Сол бір жұмбақ барша жұртқа паш болса, құрыдым ғой онда. Жұрт көзіне қалай көрінем? *Кезенген мылтықтың аузына қарсы жүргендей күнде мектепке құр сүлдерім келеді.* Қашанға дейін өстіп бітеу жараға ұксап жүре бермекпін.

Келсе екен тезірек деймін. *Өлетін баланың молаға қарай жүгіретін әдеті емес пе*, көрсем деп аңсаймын. Әлде бір тал қармағандай: өкпеге қиса да өлімге қия қоймайтын шығар, -деп жоқты медеу тұтып, жұбаныш табам ондайда. [2, 120 б.].

Балуанның баласынан айырылғандығына күйінген жазушы: «...Битабар тұрмады. Жата берді. *Көңіл айтып үлкен келді. Көңіл айтып кіші келді. Дүниенің фәнилығын, жалғандығын айтады. Әдемі айтады: ноқталы басқа бір өлім. Бәріміздің барарымыз сол піл сауырлы қара жердің суық бауыры... Әуел баста солай жазған... Жазмыштан озмыш жоқ...*» [2, 217 б.].

С.Шаймерденов шығармаларында тұрақты тіркестер көбіне кейіпкерлерінің тілінде жұмсалып, сөйлеу стилінің сипатын береді.

Ғабит Мүсірепов шығармаларында аңшылыққа: *қақпан құру, ор қазу, құрылған тор* т.б.; жаугершілікке: *ел шабу, атарға оғы болмау, айбар шегу, тегеурін көрсету* т.б.; діни наным-сенімдерге: *құрай төбесінен ұру, басына жұмақ орнату, қияметтің қыл көпірі* т.б.; төрт түлікке: *ат тұмсығын тіреу, әукесі салбырау, айдағанға жүру* т.б. байланысты мәдени ақпарат беретін, ұлтқа тән дүниенің тілдік бейнесін танытатын әдеби фразеологиялық тіркестер көптеп кездеседі.

Қаламгер Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романында: «Ақ үйдің ортасында от маздап тұр. *Жұрт аяғы басылған шақ*. Қасында екі жеңгесі, Ұлпан келіп кірді. Әдеттегі еркекше киімде емес, қыз киімінде келіпті. Есенеі қуанып кетті» («Ұлпан» романынан). Жазушы «*Жұрт аяғы басылған шақ*» деген сөйлемдегі «*жұрт аяғы басылу*» тұрақты тіркесі арқылы адам аяғының саябырсыған, мал шаруашылығымен айналысатын азан-қазан болып жататын қазақ ауылының тыныштық тапқан кезеңін құлағымызға етене таныс болып кеткен тіркеспен береді. Бұл аталған жайттардан тілдік тұлғаның қатысым барысында негізгі сөздік қорды шебер қолданып, шығарманы жаңа сөз өрнектері арқылы байытып отырғанын аңғарамыз. Ғ.Мүсірепов тілдік бірліктерді қатысымдық тұрғыдан қолдану арқылы әрбір оқырманға этномәдени ақпарат береді.

Тілдік бірліктер сөз тіркесі не фразеологиялық тіркес түрінде келіп, тура немесе ауыспалы мағынаға ие болады, ол контекстен анық көрінеді. Мысалы, «Ауылда қалған *ұя бөріктер*, шал-кемпірлер жүгіріп Итемген үйіне жинала қалды». Осындағы *ұя бөріктер* тура мағынасында емес, ер адамдар деген мағынада қолданылған. Жазушы *ұя* сөзі мен *бөрік* сөздерін кездейсоқ таңдап алмаған. Мұның астарында үйден шықпайтын еркектер деген ұғым жатыр. *Ұя бөріктер* тіркесіндегі *бөріктер* сөзі «*ер адамдар*» деген мағына беріп, үйшік еркектердің Итемгеннің үйіне жиналғандығын баяндайды. Егер де, сөйлемдегі *ұя* және *бөрік* сөздері сөз тіркесі түрінде келмесе, автордың айтпақ ойы ашылмас еді. Тіркес құрамындағы сөздердің қандай қатысымдық мәнде, не үшін жұмсалып тұрғандығын контекстегі қолданысы айқындайды. Сөздердің атауыштық мағынадан қатысымдық мағынаға көшуінің бірден-бір жолы – сөз мағыналарының коммуникативтік акт кезінде өзгеруінде және ол сөздердің контекст құрамындағы мағыналық байланысы арқылы айқындалады.

Адам өзінің танымдық және қоғамдық әрекеттерінің барысында дүниеден немесе басқа да ақпарат көздерінен алған мағлұматтарын нысанаға

алып анықтау және іске асыру үшін тілдік бірліктерге жүгінеді. Тілдік қордағы сөздер қолданыс барысында автордың қатысымдық мақсатына қарай мағыналық өзгеріске ұшырайды және ойға қатысты ақпаратты дәл көрсетуге септігін тигізеді. Бұл жөнінде: «...тіл – сөздер жиынтығы жинақталған үлкен «қойма» болса, қолданыстағы тіл, яғни сөйлеу – «қоймада» сақтаулы тұрған сөз бірліктерінің кәдеге асуы болады» деген тұжырымның орындылығына көз жеткіземіз [5, 86 б.].

Тілдің қатысымдық мәнін анықтауда тура және ауыспалы мағына сөздің қолданыс барысында өзгертіліп қолданылуының негізі факторы болып табылады. Мысалы: - *Ит жанды ит тірілді зой!* – деп қос қабатталған қамшы бас-көзіме жауып кеп кетті («Ашынған ана» әңгімесінен). Жігіттерде үн жоқ. Түні бойы едәуір қалыңдап қалған көбік қарды етектерімен сызып бұлтан-бұлтан етіп жүріп келеді. *Қарындары ашқан. Аздап қамшы жеген.* Еснейдің ұрыға қаталдығын да естіген. Қорқып келеді. Мәтінде автор қолданысындағы *қамшы жеу* тіркесі «*таяқ жеген*», «*соққы көрген*» деген мағынада жұмсалса, *ит жанды, қарны ашу* тіркестері мейлінше жиі қолданатын тіркестер. Тіпті кей жағдайда мұндай тіркестердің даяр тіркестер екендігін бірден байқай бермейміз де, алайда оқиғаны шындыққа жанасымды етіп шебер үйлестіруде қажет ететін таптырмас құрал екендігін мойындаймыз.

Жалпы фразеологизмдерді қатысымдық жағдаятқа байланысты қолдану мағыналық өрістің ұлғайуына әкеледі. Қатысым барысында сөздердің белгілерінің ортақтығына қарай семалар қатары кеңейеді, олар парадигмалық мәндік қатынас түрінде келіп актуалданады. Осының әсерінен қатысымдық мағына өрісі түрленеді. Көркем шығармада тілдік бірліктер сыртқы тұлғасы жағынан да ішкі мазмұны жағынан да автордың айтайын деген ойын іске асыру мақсатында бір-бірімен тығыз байланыста жымдасып жатады. Сөйтіп, көркем шығарма тіліндегі қатысымдық бірліктер шығарманың тұтас мазмұнын түсінуге, идеялық мақсатын ашып беруге мүмкіндік береді. Оның үстіне кез-келген оқиғаның, мәселенің тұсында еске түсетін, тілге орала кететін даяр тіркестер көп ойлануды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені бір-ақ ауыз сөзбен ұғындырады.

Қорыта келгенде, жазушылар қолданысына түскен халықтың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесінен туған фразеологизмдер прозада өз орнын тауып, шығарма тілін шұрайландырған. Мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер кейіпкер тілінде де авторлық баяндауда да орынды жұмсай білу қаламгерлер шеберлігінің бір қыры болса керек. Екі жазушының да шығармаларындағы жұмсалған асыл мұрамыз, біріншіден, олардың дүниетанымдарының кеңдігін, өрелерінің биіктігін, ойларының ұшқырлығын танытса, екінші жағынан, уақыт тынысын, заман сырын, кейіпкер келбетін ашуда үлкен көркемдік әрі идеялық жүк көтеріп тұр.

Әдебиеттер:

1. Мүсірепов Ф. Таңдамалы. Үш томдық. – Алматы: Жазушы, 1980. – 592 бет.
2. Шаймерденов С. Таңдамалы шығармалар. 2 томдық. – Алматы. Жазушы, 1982. Т. 2. Повестер, портреттер. – 520 б.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл.докт. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 49 б.

4. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 б.

5. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі: Монографиялар. Мақалалар. Баяндамалар. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 369 б.

Таласпаева Ж.С., Кадыров Ж.Т.

***Этнокультурная особенность фразеологизмов и пословиц-поговорок
используемых в художественных произведениях***

В статье рассматривается мастерство использования фразеологизмов и пословиц в художественных произведениях. Раскрываются особенности изображения героев и авторская позиция. Применение художественных приемов анализируется в лингвистическо - стилистическом аспекте на основе конкретных языковых материалов.

Ключевые слова: национальный менталитет; образ героев; языковой прием; языковая картина мира; авторская позиция; мастерство писателя.

Talaspayeva Zh., Kadyrov Zh.

Ethnocultural peculiarities of phraseologisms and proverbs in literary works

The article examines the mastery of using phraseologisms and proverbs in literary works. Peculiarities of depicting heroes and author's position are presented here. The usage of literary techniques is analyzed in terms of linguistic and stylistic analysis on the base of certain language materials.

Key words: national mentality, image of heroes, linguistic device, linguistic worldview, author's position, writer's mastery.

УДК: 821.111(411)

*Лысенко Н.К. – магистр, преподаватель
ЗКТУ им. М. Утемисова
E-mail: lysenko.nl@gmail.com*

**ШОТЛАНДСКИЕ БАЛЛАДЫ: РОБЕРТ БЕРНС И РОБЕРТ ЛУИ
СТИВЕНСОН**

Аннотация: В статье проводится сопоставительный анализ шотландских баллад предромантика Роберта Бернса и романтика Роберта Луи Стивенсона. Построение баллады Стивенсона соответствует законам лирической баллады, но он вносит туда многое от своего видения мира. В творчестве Роберта Луи Стивенсона наследие его великого предшественника Роберта Бернса обрело новое возрождение.

Ключевые слова: шотландская баллада, шотландский фольклор, жанр, романтизм, лирический герой, кульминация, рефрен, зачин.

Шотландская баллада – замечательный жанр эпической и лирической поэзии, воплотившийся как в фольклорной традиции, так и в произведениях шотландских поэтов. Традиция не прерывалась и все новые поэты

обращались к старинному жанру баллады, опираясь на опыт своих предшественников. Для великого шотландского поэта Роберта Бернса таким был Роберт Фергюссон /1751-1774/, шотландский поэт, которому Бернс на свои средства поставил памятник и посвятил стихи «О памятнике, воздвигнутом Бернсом на могиле поэта Роберта Фергюссона» и «К портрету Роберта Фергюссона, шотландского поэта», созданные в 1780 и 1787 годах.

Шотландская баллада естественно и вошла в творчество Бернса, так же как и народная песня. Бернс обращался в творчестве к различным видам баллады – и лирико-эпической, и лирико-драматической, прекрасно владел искусством балладного зачина и очень часто прибегал к рефрену, особому виду рефрена, характерного как для песни, так и для баллады. Его баллады «Джон – Ячменное Зерно», «Лорд Грегори», созданы в форме лиро-эпической баллады, а знаменитая баллада «Финдлей» /“Findley”/ и «Нэнси», «Ночной разговор» построены по канонам лирико-драматической баллады. В «Финдлее» разговор лихого сельского парня Финдлея, поздно ночью, когда все спят, явившегося в дом к девушке, и этой девушки, чье не совсем искренне, быть может, возмущение и испуг постепенно сменяются совсем другими чувствами, прекрасно раскрывает возможности этой формы жанра. Обмен репликами, почти без ремарок, искусно использованные повторы раскрывают и характеры и взаимоотношения молодых влюбленных и сельские нравы, а их диалог исполнен юмора, озорства, радости жизни. Бернс обращается к жанру и своей политической сатире – это его «Предвыборная баллада». Он сохраняет присущую жанру «темноту», таинственность некоторых обстоятельств, но в его балладах, созданных в переходный литературный период, сильнее ощущается сеном сентименталистская и просветительская основа, чем предромантические тенденции, хотя Бернс связан и с английским предромантизмом. В его балладах отсутствуют готические, страшные мотивы. Они появляются в поэме «Тэм О Шентер», где мистика и страшные призраки показаны поэтом в духе традиций шотландского фольклора – это мир теней, который преследует запоздавшего ездока. Так что предромантические тенденции обозначились в творчестве Бернса, но его баллады выдержаны в народном, лирическом, поэтичско-песенном тоне [1, 91 с.].

Романтические тенденции в полной мере проявляют себя в балладах другого великого шотландца – поэта и романиста Вальтера Скотта. Именно он подхватывает балладную традицию, опираясь на художественный опыт Бернса, но его метод вполне определенно романтический.

На картине художника Уильяма Бортвикса Джонстона изображен эпизод, который действительно случился в реальной жизни. Пятнадцатилетний Вальтер Скотт часто посещал книжную лавку и изредка покупал там книги; разрешил ему пользоваться лавкой как библиотекой и он подолгу там сидел, просматривая книги. Однажды в лавку зашел Роберт Бернс с друзьями: он жил и работал на своей ферме и его визиты в Эдинбург были нечастыми и каждый из них был праздником. Он подолгу обсуждал с друзьями и хозяином лавки книжные новинки. Вот такая встреча и изображена на картине. Бернс провел в лавке более часа. Его обаяние, юмор, живая речь заворожили будущего романиста и воспоминание о встрече с

великим поэтом стало одним из самых сильных впечатлений его жизни [2, 188 с.].

Скотт начинал как поэт, к прозе он обратился лишь в 1814 году. Вначале он опубликовал три тома собранного им шотландского фольклора – его он стал собирать еще подростком. Это были «Песни шотландской границы» /1802-1803/. Потом последовали три поэмы, написанные им в 1805-1810 годах – «Песнь последнего менестреля», «Мармион», и «Дева Озера». Среди собранного им фольклора было немало народных баллад – и в своих литературных опытах он также обратился к этому жанру. Его баллады ярко воплощали в себе эстетические каноны английского романтизм.

Баллада «Розабелла», переведенная на русский язык Каролиной Павловой в 1839 году, написана в форме лиро-эпической баллады. Баллада основана на сюжетном мотиве сбывшегося предсказания. Розабелла, дочь лорда, владельца замка Россли, гостит в другом замке и путь оттуда лежит по морю. Она вдруг загорается идеей немедленного возвращения домой: она узнала, что в замке ее родителей на празднике будет лорд Линдсей. Ее наивное лукавство никого не может обмануть – она говорит, что соскучилась об отце и матери, но не может утаить своей любви и ни для кого ни секрет, почему она так спешит домой. Напрасно ее останавливают: море грозно и прорицатель видел ее грядущую гибель – она рвется домой! Предсказание сбывается: в разгар праздника замок охвачен огнем, в котором гибнут двадцать гостей, а могилой юной Розабеллы становится бурное море.

Баллада «Красив Брингала берег крутой» также переведена Каролиной Павловой в 1840 году и стала на русском языке популярным романсом. Она выдержана в форме лирико-драматической баллады. Это диалог Девы, дочери владельца замка Дальтон на берегу реки Брингал и неизвестным, проезжающим верхом под стеною замка. Дева вступает в разговор с путником и, пленившись его красотой и статью, говорит, что готова следовать за ним, куда он пожелает. Она троекратно угадывает, кто он такой и ее попытка разгадать «жребий» незнакомца и составляет основу баллады. Дева полагает, что он – лесничий короля, потом, что он ратник, и наконец он сам открывает ей истину – он разбойник, один из «детей тьмы», «глухих лесов жилец»: «Опасна будет жизнь моя, печален мой конец!». Финал баллады выдержан в духе тайны: неизвестно, решилась ли Дева на союз с Разбойником – она стоит ошеломленная и кольцевая композиция баллады завершает ее теми же строками, что и начинали ее: строками о красоте реки Брингала, е ее крутых берегах и «живом ковре цветов» на них.

Знаменитая баллада Скотта “The Eve of St. John”, известная в переводе В.А. Жуковского 1922 года «Замок Смагольм, или Иванов вечер», была опубликована им лишь в 1834 году. Измененное название было связано с этими трудностями публикации: цезура не позволяла печатать балладу, где свидение замужней женщины с ее молодым любовником, рыцарем Ричардом Кольдингамом, назначено ею в супружеской спальне в ночь канун св. Иоанна / праздник Иоанна Крестителя 24 июня / в ночь, когда слуги уйдут в храм на ночную службу, а муж, Смагольмский барон, ушел на войну с вторгшимися в Шотландию английскими феодалами. Мистический сюжет баллады основан на том, что на самом деле Ричард Кольдингам был в то

время уже убит ревнивым бароном, я на свидание к молодой жене являлся его призрак. Таинственность и очарование баллады покоряют. Это баллада о грехе и возмездии: барон и его жена постригаются и уходят в монастырь; а призрак рыцаря на вопрос возлюбленной, спасена ли его душа, ничего не отвечает. Барон наказан за убийство из ревности, его молодой соперник и жена – за измену супружескому долгу и роман с замужней женщиной, но все же молодая пара вызывает сочувствие и поэт сожалеет об их мытарствах и страданиях. Это яркий образ романтической баллады и английский романтизм воплотился в поэзии Вальтера Скотта с огромной силой и художественной выразительностью.

От предромантизма – через романтизм – пролегла традиция к неоромантизму конца XIX века, одним из ярких представителей которого был Роберт Луи Стивенсон, автор знаменитого романа «Остров Сокровищ», других романов, замечательного сборника «Детский Сад стихов», повести «Странная история доктора Джекилла и мистера Хайда» и других произведений. В его творчестве английская баллада также нашла воплощение и – обращение к этому жанру привело его к созданию такого признанного шедевра, как знаменитая баллада «Вересковый мед».

История создания двух поэтических сборников «Подлесок» (1887) и «Баллады» (1890) примечательно в творчестве Роберта Стивенсона. Стивенсон не писал стихов до тридцати пяти лет. Обращение к поэзии было вызвано впечатлением от общения с детьми родственников, приехавших погостить. Стивенсон играл с ними, читал им детские книжки и тут же решил, что придумает для них игры лучше и интереснее, чем те в которые они играли. И напишет книжки лучше и интереснее, чем те, которые они читали. Он с энтузиазмом взялся за дело. И создал свой замечательный сборник «Детский Сад стихов» (1885). Однако поэзия не отпускала его – ему хотелось рифмовать. И у него родился новый замысел. Он обратился к старинному жанру баллады.

В начале Стивенсон собрал стихи, написанные ранее, когда он работал над детским циклом стихов. Это были стихи не для детей, но он записал их и положил в стол, не помышляя об их публикации. Еще в мае 1883 года он шуточно написал одному из своих друзей, что «он сделался поэтом», работает над стихами, и к сорока годам издаст поэтический сборник. После выхода сборника «Детский Сад стихов», он занялся подготовкой своих баллад к печати уже всерьез. Им было написано немало новых стихов. Это совпало с ухудшением его здоровья: по назначению врачей, он лежал в постели в полутьме, но и тут он работал. Он перебирает рукописи, записывает новые варианты стихов и пишет новые стихи.

Когда здоровье его улучшилось, он сразу же стал готовить стихи к печати. Отдельные стихи он публиковал в журналах. Он был самокритичен: в стране, где творили такие поэты, как В.Шекспир, Ф. Сидни, Э. Спенсер, Д. Мильтон, Д. Гордон Байрон, Персий Биши Шелли, поэты Озерной школы, В. Скотт, Дж. Китс, А. Теннисон и другие, трудно создать равное им по духу и мастерству произведение. Но у каждого поэта свой голос и Стивенсон предложил читательской публике созданное им. Он составил сборник, который удивительно точно и самокритично назвал «Подлесок»

/Underwoods/. Название он взял у поэта Б.Джонсона, современника Шекспира. Тот часто писал стихи по случаю, в виде шутки и такие стихи называл не лес (forest), а кустарник, подлесок (underwoods). Стивенсону очень понравился этот образ, вот и его стихи пусть будут не лесом, а кустарником, «но в них присутствует замысел и их можно читать».

Сборник «Подлесок» вышел в 1887 году с посвящением другу и врачу Стивенсона Томасу Бодлее Скотту. В него вошли такие стихи как «Путевая песня», «Прекрасный дворец», «Бродяга», «Там, в горах», «Песня» (Спой мне о том кто упал на скай), знаменитая «Гадалка», и наконец, его не менее знаменитое «Завещание». Он написал эти стихи за семь лет до своей кончины, завещав сделать определенную надпись на своей могиле.

Стивенсон тотчас же готовит еще один сборник. Это совпало с драматическими событиями в его жизни. Ему сообщили, что серьезно болен его отец. Он немедленно выехал в Эдинбург и впервые за долгие годы оказался в родительском доме, где прошло его необычное детство. Здесь все напоминало ему, их разговоры с отцом и совместное чтение шотландских баллад. Эти долгие беседы снова ожили в его памяти. Он оставался с отцом до конца, до его смерти, и с трудом пережил тяжелую утрату.

В эти недели он работал, он записал шотландскую легенду, которую они когда-то обсуждали с отцом: тикондерога. Он переработал и подготовил к печати старинную шотландскую балладу: «Вересковый мед», которую он написал несколько раньше. Он вспомнил их разговоры с отцом, когда он обсуждал с ним свою будущую профессию, стать ли ему юристом или строителем маяков, как его отец. Отец желал видеть в сыне продолжателя семейной династии: строителей маяков. Тогда в семнадцать лет Стивенсон поступил на инженерный факультет Эдинбургского университета. Он успешно учился, проходил практику на строительстве маяков, спускался изучать морское дно в скафандре, написал сочинение о проблесковом огне маяков. Сочинение было представлено в королевское шотландское сообщество искусств и награждено серебряной медалью. Но не взирая на эти успехи, Стивенсон изменил свое решение быть строителем маяков. После мучительного разговора с отцом они решили, что он все-таки станет юристом, как его любимый писатель В.Скотт. Он перешел на юридический факультет Эдинбургского университета, успешно закончил его и получил диплом адвоката, работу по специальности, он, как и В.Скотт, сочетал с литературной работой [3, 8 с.].

Все это ожило в памяти в родительском доме. Здесь и была создано баллада «Рождество в море», которая тематически связана с уделом моряка и отчим домом. Это отголосок его бесед с отцом. Такова история создания этих трех баллад.

Эти три баллады и составили его второй сборник «Баллады», вышедший в 1890 году. Его предсказание исполнилось, ему было сорок лет. Это был последний прижизненный стихотворный сборник Стивенсона. Сборники «Подлесок» и «Баллады» несомненно свидетельствуют о том, что Стивенсон вполне состоялся как поэт.

Мы остановились на втором сборнике Стивенсона и взяли для анализа баллады «Вересковый мед» и «Рождество в море».

Баллады Стивенсона – это новая страница его творчества, которая была раскрыта после того, как он достиг высоких художественных результатов в прозе и детских стихах. Он опирался на традицию балладной поэзии – как фольклорной, так и литературной. Сборник «Подлесок» включает различные по характеру баллады. Стивенсон пробовал себя в разных типах баллады – как лиро-эпической, так и лирико-драматической; также создавал лирические баллады, близкие к жанру песни.

Так близки к жанру песни его баллады «Путевая песня», «Бродяга», «Песня» /Спой мне о том, кто уплыл на Скай .../ и другие. Тематика этих баллад – прославление вольной и близкой к природе жизни, когда весь мир предстает как один светлый дом и одна большая дорога. Путешествия и скитания, по Стивенсону, – это тоже труд, это познание мира и себя самого. В светлые тона и бодрые интонации, однако вплетается немало грусти – ведь путь живущих на земле конечен и рано или поздно все уходит с этой земли; символом вольности выступает также море. Море свободно и велико, оно прекрасно и опасно в одно и тоже время. Визуальные и слуховые образы соединяются в единую мелодию красоты мира и гармонии бытия человека.

В «Путевой песне» веселый сборщик податей играет на дудочке и привычно обходит дома. За ним и идут другие люди, у каждого свой путь и своя песня. Лишь угрюмый глупец пускается в путь без песни – его путь никуда его не приведет. Но даже если путь не приведет к чему-то успешному, к какой-то достойной цели, – все равно сам по себе путь достиг человеческого пристрастия. Труд и долг велят человеку не сидеть на месте и каждый стремиться куда-то, даже если он «идет куда глаза глядят». У этой песни есть рефрен – «Ах, за рекою, за горою».

В балладе «Бродяга» лирический герой утверждает, свой путь к жизни – это вечная дорога и свобода: «Спать на листьях, есть и пить, хлеб макая в реки, – вот какою жизнью жить я хочу вовеки». Герой принимает все изменения в природе: ему милы и осень и весна, и земля и лето, первый снег, костер на камнях, лесные птицы, дорога без конца и края. Ему не нужны обычные человеческие привязанности – любовь, семья, дружба – все это заменяет ему широкий мир и его скитания. Рефреном здесь выступает строчка – «Небеса над головой, а внизу дорога ...».

В балладе «Песня» – лирический герой воспринимает бренность как данность и мир как гармонию, грусть, радость. В песню вплетены названия портов и маяков, и все живущие, подобно морякам, то уплыли, то приплыли куда-то и сама человеческая жизнь теряется в огромном и вопреки всему чудесном мире: «ветер, волна, океан, острова /Ливень, простор и свет - / Все это было когда-то мной, / А ныне меня нет./

Баллада «Вересковый мед» / “The Heather Ale”/ – едва ли не самое известное произведение Стивенсона, но уступающее по всемирному признанию его роману «Остров Сокровищ». Она начинается с традиционного балладного зачина – особой краткой, но содержательной экспозиции, вводящей читателя в мир баллады. Это повесть о древне народе пиктов, заселявших некогда вересковые пустоши. Они были очень маленького роста и имели свои обычаи и культуру, свой нравственный кодекс. Символом их единения и самобытной культуры был «вересковый мед», особый вид эля,

который приготавливался из вереска и рецептом которого владели только они. Этот народ был полностью уничтожен вторгшимися в их земли шотландскими в их земли шотландцами и все его представители были истреблены. С ними был утерян и секрет изготовления их напитка.

From the bonny bells of heather,	Из вереска напиток
They brewed a drink long syne,	Забыт давным-давно,
Was sweeter far than honey,	А был он слаще меда,
Was stronger far than wine.	Пьянее, чем вино.
They brewed it and they drank it,	В котлах его варили
And lay in blessed swound,	И пили всей семьей
For days and days together,	Малютки-медовары
In their dwellings underground.	В пещерах под землей.

[3, 75].

/перевод С. Маршак/ [4,162].

Завязка сюжета баллады – осознание повествователем побежденного края, королем Шотландии, что он – не полный победитель: он не знает секрета варки верескового меда, которым славилась округа. Здесь на лицо переход – от описания кровавых битв и гибели целого народа к иной картине, внешне безмятежной и спокойной, но ведущей к новым драмам. Здесь меняется даже ритм. “Summer came in the country” – прекрасно передает переводчик – «Лето в стране настало, вереск опять цветет». Ситуация становится напряженной, когда стража короля обнаруживает под камнем двух оставшихся в живых жителей края – отца и сына. Далее сюжет связан с наметившимся конфликтом: удастся или нет королю Шотландии заставить пиктов выдать секрет верескового меда.

В лучших традициях баллады здесь есть паузы, сходные с **рефреном**, когда действие достаточно остро, певец припевает и проигрывает рефрен-припев, как бы нагнетает напряжение и оттягивая развязку. Здесь есть такие паузы между напряженным столкновением интересов короля с его приказом выдать секрет и двум обреченным пленниками.

The king sat high on his charger,	Сидел король шотландский,
He looked down on the little men;	Не шевелясь, в седле,
And the dwarfish and swarthy couple	А маленькие люди
Looked at the king again [3, 79 c.].	Стояли на земле [4, 166 c.].

Кульминация – предложение отца поговорить с королем с глазу на глаз “I have a word in private, a word from a royal ear”. Он признается, что готов выдать тайну верескового меда с целью спасения своей жизни, но не может сделать этого в присутствии своего сына и предлагает шотландцам его убить – тогда он получит роковой рецепт! Здесь налицо психологизм баллады, свойственный ей: во-первых, отец говорит о том, что действительно характерно для психологии разного возраста – страхе стариков перед кончиной и неведении юности о значении и смысле жизни. Юные легко рискуют жизнью, ибо не знают ее цены и не понимают серьезности ее утраты. С возрастом цена жизни возрастает. Во-вторых, шотландский король и его свита легко принимают на веру условие старика и их не поражает, что он предлагает им убийство родного сына – это тоже психологически воссоздает их внутренний облик как черствых и грубых прагматиков, не

способных представить себе, что такое благородство и высокие побуждения. Они считают, что старик готов на все, чтобы спасти свою жизнь – так они поступили бы сами, а его идеальные побуждения им непонятны. Кроме того им свойственно шовинистическое презрение и взгляд свысока на местных жителей.

Для баллады характерна таинственность, закрытость сюжетной коллизии и эта тайна часто проявляется лишь в финале баллады в форме “Surprise endings” – неожиданной концовки. Так построена баллада Стивенсона. До поры да времени не только шотландскому королю и его приближенным, но и читателю непонятны побуждения старика: он говорит убедительно и кажется, что он действительно готов выдать заветную тайну и спасти свою жизнь, и одновременно что-то говорит, что здесь все не так просто:

"Life is dear to the aged,	Старость боится смерти.
And honour a little thing;	Жизнь я изменой куплю,
I would gladly sell the secret",	Выдам заветную тайну! –
Quoth the Pict to the King.	Карлик сказал королю.

His voice was small as a sparrow's,	Голос его воробыный
And shrill and wonderful clear:	Резко и четко звучал:
"I would gladly sell my secret,	- Тайну давно бы я выдал,
Only my son I fear. [3, 83 c.].	Если бы сын не мешал! [4, 170 c.].

Кульминация – завершается гибелью юноши: шотландские воины, связав его, бросают его в море. Это вершина трагического пафоса баллады.

И наконец следует **развязка**, выдержанная в духе “Surprise endings”, первой фразой старый пленник как будто подтверждает свое обещание: но тут же открывает правду: он обманул своих врагов и не собирается открывать им тайну. Своей хитростью, которую он применил против них, он сберег эту тайну, которая могла быть вынужденно открыта его юным сыном, и уберег мальчика от уготовленных ему мучений. Сам же он не боится костра и готов сохранить святую тайну до конца.

Для баллады характерны параллельные конструкции – она вся построена на сопоставлениях и контрасте. Этот контраст между убоги видом пленников и пренебрежительным отношением к ним пленивших их шотландцев и – из внутренним благородством и героической гибелью. Внешняя характеристика выражена словами “dwarfish”, “swarthy”, “vermin” – она выражает восприятие шотландцами людей побежденного племени: они для них существа низшего сорта. Однако развязка показывает, что именно эти люди смогли подняться на высоту самопожертвования и мужества.

Именно в речи медоваров использованы слова с положительной мотивацией “dear”, “honor”, “courage”, “secret”, “wonderful”. Название “brewsters” – “медовары», найденное для представителей исчезнувшего народа также выразительно и содержательно. **Контраст** между внешним видом пленников – “the dwarfish and swarthy couple” и силой необычного голоса одного из них обозначен: «shrill was his voice to hear”; “his voice was small as a sparrow’s / and shrill and wonderful clear”, в тексте определение голоса обозначено дважды: автор подчеркивает внутреннюю силу и мужество

маленького ростом человека, его самообладание. Часто повторение слов “son”, “father” подчеркивает родственную связь пленников и их привязанность друг к другу: о том же говорит определение, данное отцом сыну: “sapling”, – молодая поросль. Баллада богата средствами художественной выразительности: здесь есть сравнения / “Was sweeter far than honey/ Was stronger far than wine”/, метафоры / “Summer came in the country”/, антитезы / “And they looked high and low”/, инверсия, параллельные конструкции и повторы. Стиль баллады выразителен, в них нет лишних слов и она динамична и при этом глубоко раскрывает трагическую древнюю легенду о бесценном вересковом меде.

Вторая баллада, взятая нами для рассмотрения, “Christmas at Sea” совершенно иная по характеру. В ней тоже есть драматизм и напряжение, но иного рода, это лирическая исповедь героя и создание им своего пути. Напряженное, вместе с тем, лирическое, описание страшного момента в жизни парусного судна: проход этим судном опасного места у рифов. Моряки рискуют жизнью и это происходит в день Рождества, что вдвойне обостряет ситуацию.

Действие в балладе происходит в двух планах: они контрастно сопоставлены. С одной стороны, представлена реальность: с рассветом корабль попадает в поток прибоя и его несет неудержимо к Южному мысу, прямо на скалы и весь день моряки во главе с капитаном борются со стихией, стараясь вытянуть судно к Северному мысу, где безопасно. Этот поединок со стихией представлен в суровых, жестких тонных: обледенели снасти, режут руки, палуба превратилась в ледяной каток, на котором трудно устоять, кругом пенящиеся волны, буруны и гул бушующего моря. С другой стороны, Северный мыс, к которому рвется корабль – это место, где расположена деревня лирического героя, и он ясно чувствует и видит все знакомые ему детали, домики деревни, крыши, печные дымящиеся трубы, слышит гудение колоколов, рождественскую службу в старой церковке, словно чувствует запах обеда. Он видит родительский дом, своих старых родителей, они говорят о нем, он видит огонь в камине и старый знакомый семейный сервиз и полностью ощущает себя в родном доме, до которой рукой подать. Родные, знакомые детали как бы вытесняют суровую картину мира ураганом, хотя это происходит в воображении героя – дом хоть и совсем близко, но конечно не виден, но он также реален как морской поединок. Кульминация – момент, когда корабль вырвался из волн и прошел в пролив на маяк, причем ситуация была исполнена огромного риска – судно могло не выдержать напора, но он выдержал и вышел в открытое море. Развязка также таит в себе двойной смысл, радостный и грустный: опасность миновала, но при этом корабль все дальше уходит от Северного мыса, от отчего дома. Невзирая на описательное повествование в балладе, которое разрывается лишь обменом репликами капитана и первого помощника, – напряжение в ней очень велико. Стивенсон находит выразительные детали и удивительно точный ритм для каждого из фрагментов. Начало – описание бури и борьбы матросов за корабль.

Затем идет переход к почти призрачному образу родной деревни и ее обитателей.

Далее в мыслях и воспоминаниях героя, в его близком ощущении

родного дома идет укрупнение картины: он видит интерьер дома близко, во всех деталях.

И, наконец, идет возвращение к суровой картине борьбы с морской стихией, момент наивысшего напряжения и – чудесное спасение корабля, и одновременно, удаление от родного очага и стареющих родителей:

Таким образом построение баллады соответствует законам лирической баллады, но Стивенсон вносит туда многое от своего видения мира. Его мир всегда близкий к морской стихии, с обостренным чувством домашнего очага, с удивительной ясностью деталей и лирической проникновенностью – делает эту балладу неповторимой.

В балладе поэт находит точные и вместе с тем, живописные детали. Использует средства художественной выразительности: **зевгма** / “My mother’s silver spectacles, my father’s silver hair”/, **метафора** / “They heard the surf a-roaring before the break of day”, “For very life and nature we tacked from head to head”, “So’s we saw the cliffs and houses, and the breakers running high, and the coastguard in his garden, with his glass against his eye”, “The good red fires were bright in every long-shore home”/, **эпитет** / “The windows sparkled clear, and the chimneys volleyed out”/, **сравнение** / “The decks were like a slide, where a seamen scarce could stand”/.

Стивенсон обратился к поэзии в зрелом возрасте, уже освоив законы прозы, но его лирическая, романтическая стихия и выразительность языка, техника стиха – сочетают умелость и художественную значимость с каким-то молодым по духу пафосом.

Жанр английской баллады – жанр фольклорный и эту фольклорную традицию одним из первых воспринял и развил великий поэт Шотландии Роберт Бернс. К фольклору обращались предромантики, романтики, неоромантики – им были близки народные напевы и яркие ситуации и характеры. В творчестве Вальтера Скотта и Роберта Луи Стивенсона наследие их великого шотландского предшественника обрело новое возрождение.

Литература:

- Апенко Е.М., Белобратов А.В и др. История зарубежной литературы века, учеб. пос. для филол. спец. вузов, 2-е изд., испр. и доп. – М.: Высш.шк; изд. Центр «Академия», 1999. – 335 с.
- Бернс, Роберт. Стихотворения. Сборник. сост. И.М.Левидова. на англ. и рус. языках, – М.: Радуга, 1982.
- Стивенсон Р.Л. Собрание сочинений. В5т. – М.: Правда, 1982.
- Robert Stevenson. A Child’s Garden of Verses. – L.:1968.

Лысенко Н.К.

Шотландық балладалар: Роберт Бернс және Роберт Луи Стивенсон

Бұл мақалада романтизмді қолдаушы Роберт Бернстің және шотландық романтик Роберт Луи Стивенсонның балладалырының салыстырмалы талдауы жасалынады. Стивенсонның балладаларының құрылымы лирикалық балладалардың заңдарына сәйкес, сонымен қатар ол өзінің әлем туралы ойын кірістіреді. Роберт Луи Стивенсонның шығармашылығында оның алдындағы шотландық бастамашысының мұрасы өркендеді.

Кілттік сөздер: шотландық баллада, шотландық фольклор, жанр, романтизм, лирикалық кейіпкер, шарықтау шегі, қайырма, бастама.

Lyssenko N.K.

Scottish ballads: Robert Burns and Robert Luis Stevenson

Comparative analysis of Scottish ballads by pre-romanticist Robert Burns and romanticist Robert Luis Stevenson is made in the article. Stevenson's ballad structure is as lyrical ballad, but he contributes to it many of his own vision of life. Robert Burn's heritage gets new renaissance in Robert Luis Stevenson's works.

Key words: Scottish ballad, Scottish folklore, genre, romanticism, lyric hero, culmination, refrain, introduction.

ТАРИХ
ИСТОРИЯ
HISTORY

ӘОЖ: 009.891 (574)

Рысбеков Т.З. – т.ғ.д., профессор,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ
Мырзабаева Б.М. – М. Өтемісов атындағы
БҚМУ магистранты
E-mail: bakit_murza82@mail.ru

**АКАДЕМИК Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
ЖҮРГІЗІЛУ МӘСЕЛЕСІ**

Аннотация. Мақалада академик Р.Б. Сүлейменов еңбектеріндегі Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілу мәселесі талқыланып, сол мәселеге арналған Р.Б. Сүлейменов еңбектеріне тарихнамалық шолу жасалады.

Кілт сөздер: мәдени құрылыс, ғылыми-зерттеу жұмыстары, академик Р.Б. Сүлейменов еңбектері.

Академик Рамазан Бимашұлы ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі арқылы Қазақстан тарихы ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Республикада жүргізілген мәдени құрылыстың өзекті саласы ретінде өркендеген ғылым тарихы Р.Б. Сүлейменовтің мақалалары мен монографияларынан лайықты орын алды. Олардың қатарына С.Б. Нұрмұхамедов, В.К. Савосько, Х.И. Бисеновпен бірге жариялаған зерттеулерінен басқа "Кеңестік Қазақстан мәдениеті 50 жылда", "Великий Октябрь и культурные преобразования в Казахстане" кітаптары, сондай-ақ "Ұлы ынтымақ жемісі", "Ұлы достық мерейі" атты зерттеулердегі және 1963 жылы, 1967 жылы, 1984 жылы шыққан "Қазақ ССР тарихы" (5-том) академиялық басылымдарындағы мәдениет құрылысы жайлы тараулары жатады. Ғылым туралы ойлары В.А. Моисеевпен бірге жариялаған "Шоқан Уәлиханов - шығыстанушы", Х.М. Әбжановпен бірге жазған "С.Д. Асфендияров" атты еңбектерінде жүйеленген. Мерзімді баспасөз беттерінде республикадағы ғылымның дамуын, оның өзекті мәселелерін көтерген көптеген мақалалар жариялады [1].

Оның ғылым тарихы мен ғылыми таным мәселелерін қозғаған тырнақ алды мақаласы студент кезінде-ақ жарық көрді. Ол 1956 жылы "Коммунист Казахстана" журналында жарияланған Г. Плеханов, оның ғылыми социализм идеялары жайлы мақала болатын. Мұнда жас тарихшы көрнекті ойшылдың философиялық көзқарасын, пролетарлық революция және социализм туралы қағидаларын, дүниеге монистік талдауын саликалы түсіндіре алды.

Ғылымның даму тәжірибесі мен тағылымына арналған алғашқы мақаласы 1961 жылы "Қазақстандағы ғылымның даму тарихынан" деген атпен жарияланды. Мұнда 30-жылдарда қазақстандық ғылыми мекемелердің құрылуы, дамуы, ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты және ғалымдардың социалистік құрылыс ісіне қосқан үлесі баяндалды. Кандидаттық диссертацияның мақсат-міндеттеріне сай даярланған еңбек болғандықтан, хронологиялық шеңбері 1933-1940 жылдар аралығын қамтыды.

1970 жылы Қазақ КСР "Білім" қоғамынан жарық көрген "Кеңестік Қазақстан мәдениеті 50 жылда" атты еңбегінде Р.Б. Сүлейменов Қазақстан ғылымын дамытуда Кеңестік Ресейдің шешуші көмек көрсеткенін атап өтеді. Орыс оқымыстылары революцияға дейінгі жылдардың өзінде-ақ қазақтардың тұрмысын, мәдениетін, тарихын, дәстүрін, тілін, жерінің табиғат байлықтарын зерттеді. Олардың

ықпалымен бірінші қазақ ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов өсіп шықты. Алайда революцияға дейінгі Қазақстан тарихын және табиғатын ғылыми тұрғыдан зерттеудегі жұмыс тым аз, әрі әлсіз болды. Артта қалған Ресей империясының самодержавиелік құрылысы ғылымның дамуына жағдай жасамады, ол халықтан оқшау қалып, академизм мен жаттаудың қысымында болды.

20-шы жылдарда КСРО Ғылым академиясының құрамында одақтас және автономиялық республикаларды зерттеу жөнінде Ерекше Комитет құрылды. Академик А.Е. Ферсман басқарған бұл комитет Қазақстанның өндіргіш күштерін зерттеуде үлкен жұмыс атқарды.

1926-1927 жылдарда КСРО Ғылым академиясының арнаулы Қазақстандық экспедициясы ұйымдастырылып, ол жүйелі түрде статистикалық-экономикалық, топырақ-ботаникалық, геологиялық және гидрологиялық зерттеулер жүргізіп, қазақ халқының экономикасымен, дәстүрімен танысты. Орыс ғалымдары Қазақстанды зерттеп, оның мәдениетін үйреніп қана қойған жоқ, сонымен қатар республиканың жергілікті ұлт өкілдерінің ішінен көптеген ғалымдарды тәрбиелеп шығарды. Соның арқасында 1932 жылы Қазақстанда КСРО Ғылым академиясының тұрақты Базасы құрылып, 1938 жылы ол өзгертіліп, КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық филиалына айналды [2, 29-30 бб.].

30-жылдардағы Қазақстан ғылымы жоғары оқу орындарында, бірен-саран ғылыми-зерттеу институттарында бой көтергені белгілі. Р.Б. Сүлейменов осылардың ішінен 1932 жылы шаңырақ көтерген КСРО Ғылым академиясының Қазақ базасына айрықша назар аударады. Автордың пайымдауынша, осыдан бастап республикадағы ғылымның дамуында маңызды ілгерілеулер орын алды. 1932 жылы республикадағы ғылым жүйесін 75 мекеме құраса, 1934 жылы олар 91-ге жетті, оның ішінде ғылыми-зерттеу институттары - 15, тәжірибе станциялары - 16, тірек пункттері мен лабораториялар - 60. Аталған мекемелерде 1932 жылы 558 ғылыми қызметкер еңбек еткен, ал 1934 жылы 844-ке жетеді, бұлардың төрттен бірін қазақтар құрады. Мақалада ғылыми кадрлар саны мен құрамына айтарлықтай мән берілуі кездейсоқ емес. Өйткені ғылымның тағдырын шешетін фактор мекеменің аты емес, ондағы ғалымдар. Мәселенің осы қырын терең ұғына білген Р.Б. Сүлейменов аспирантура тарихына жіті үңілген. КСРО Ғылым академиясының Қазақ базасы жанынан алғаш рет ол 1936 жылы ұйымдастырылған болатын. Оған барлығы 15 қазақ, зоологиядан - 3, ботаникадан - 3, геологиядан - 4, Қазақстан тарихы мен әдебиетінен - 5 аспирант қабылданды. Осы жылдары Қазақстанның барлық жоғары оқу орындары мен ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы жанынан аспирантура ашылды.

Ұлттық ғылыми мамандарды даярлауда көптеген қиыншылықтар

мен кедергілер алдан шықты. Басты қиыншылық ретінде ғылыми атақ-дәрежесі бар ғалымдардың аздығы айтылады. Мамандардың өсуіне орталықтың көмегі, әсіресе Мәскеу мен Ленинградтың қолғабысы игі әсер еткені дұрыс бағаланған. КСРО Ғылым академиясының көрнекті ғалымдарының басшылығы мен қамқорлығының арқасында 30-жылдары танымал болған қазақ ғалымдары деп геологтар К.И. Сәтбаевты, биолог К.М. Мыңбаевты, гидрогеолог У.М. Ахмедсафинді, тарихшылар С.Ж. Асфендияровты, Ғ. Тоғжановты, филологтар Қ. Жұбановты, С. Аманжоловты, философ І. Қабыловты т.б. көрсетті [3, 81-83 бб.].

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының кең өріс алуының нәтижесінде КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасы 1938 жылы филиал болып қайта ұйымдастырылды. Оның төрағалығына геолог, көрнекті орыс ғалымы, академик А.Д. Архангельский тағайындалды.

Қазақстандық ғылыми ойдың даму барысы, ғылыми-зерттеу мекемелерінің саны мен жүйесіндегі өзгерістер динамикасы Р.Б. Сүлейменов шығармаларында 60-жылдары одан әрі ашыла түсті. Бұл мәселені "Очерки истории социалистического строительства в Казахстане (1933-1940 гг.)", "Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов", "Ұлы ынтымақ жемісі" кітаптарындағы тарауларда талдап көрсетті. Мәселенің хронологиялық ауқымы айтарлықтай кеңіді. Әсіресе, Х.И. Бисеновпен бірлесіп жариялаған монографияда қазақ ғылымының тарихы орта ғасырларға кететіні, оның көрнекті өкілі әл-Фараби екендігі көрсетілген, Орта Азия және Қазақстан халықтарында жазба әдебиеттің ерте кезеңде-ақ қалыптасқанын жаза отырып, сол кезеңнен Ж. Баласағұни, М. Қашқари т.б. ойшылдардың шығармалары бізге жеткені баяндалған [4, 40-41 бб.]. ХІҮ ғасырдан бастап ХХ ғасырдың басына дейін ғалымдар негізінен шығармаларын араб тілінде жазған, сондай-ақ түрік және парсы тілдері кең қолданылған. ХҮІ ғасырдағы Қ. Жалайыри мен М.Х. Дулати еңбектерінің маңыздылығын атап өткен [4, 55 б.]. Ш. Уәлихановтың ғылыми мұрасын жоғары бағалаған. Революцияға дейінгі қазақ ғылымына тежеу болған фактор ретінде патшалықтың отарлық саясаты аталады. Бұл ойлар "Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане" атты монографияда дамытылады. Онда: "Говоря о развитии научной мысли в Казахстане в досоветский период, следует, во-первых, подчеркнуть, что ее истоки уходят в далекую древность. Во-вторых, ее изучение свидетельствует о древней духовной общности народов Средней Азии и Казахстана, о широких культурных связях Казахстана (и притом далеко не односторонних) с различными сопредельными и несопредельными странами Востока и Запада", - делінеді [5, 110 б.].

Республиканың жер қойнауы байлықтарын ашуда геологиялық

зерттеулер үлкен орын алды. Қазақстандағы геология ғылымының дамуында Қ.И. Сәтбаев, А.А. Гапеев, Н.Г. Кассин, И.С. Яговкин, М.П. Русаков, Р.А. Борукаев, В.П. Нехорошев, М.М. Пригоровскийлер жемісті еңбек етті. Профессор И.М. Губкиннің басшылығымен Қазақстан геологтары мен инженерлері Орал-Ембі мұнайлы ауданын зерттеп шықты. М.П. Русаков Қоңырат мыс рудалары кенін, Р.А. Борукаев Бозшакөл мыс кенін зерттеуді ойдағыдай жүргізді. Геологтардың бытыраңқы күштерін біріктіріп, байланысын нығайту үшін КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасында 1935 жылы геология секторы ұйымдастырылды. Геологиялық зерттеулердің табысты жүргізілуі 30-жылдардың аяғында-ақ іске қабілетті ғалымдар ұжымын топтастыратын дербес институт құру мәселесін алға қойды. 1941 жылдың басында КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының жанынан Геология институты - республикадағы болашақ Ғылым академиясының бірінші ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылды. Институт директоры болып Қ.И. Сәтбаев тағайындалды. Жезқазған мыс кенінің қорын анықтау үшін Қ.И. Сәтбаевтың ұзақ жылдар бойындағы зерттеуінің нәтижесі орасан зор болды.

1932 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасының құрамында алғашқы болып ботаника мен зоология секторлары және ботаника бағы құрылды. Бұл ғылыми мекемелер Қазақстанның хайуанаттары мен өсімдіктер дүниесін зерттеу, республикада өсімдіктердің әр алуан түрлерін және өнеркәсіптің шикізат өсімдігін, кәсіптік маңызы бар хайуанаттардың жаңа түрлерін шығару, өсіру жұмыстарын жүргізді. Қазақстан ботанигі, кейін Қазақ КСР ҒА академигі болған Н.В. Павлов тынымсыз ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 1938 жылы "Орталық Қазақстанның өсімдіктер дүниесі" деген еңбегін жарыққа шығарады [4, 203 б.].

Р.Б. Сүлейменов Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға эвакуациямен келген ғалымдар мен жоғары оқу орындары еліміздің интеллектуалдық әлеуетін нығайтуда маңызды рөл атқарғанын лайықты бағалай алды. Ресей мен Украинадан республикаға 20-дан астам ірі-ірі ғылыми-зерттеу институттары, 36 жоғары және орта арнаулы оқу орындары эвакуацияланды, олардың ішінде Украин КСР Ғылым академиясының физика-техника институты, КСРО Ғылым академиясының физиология институты және т.б. бар еді. Осы институттардың құрамында көрнекті орыс ғалымдары еңбек етіп, ұлттық жас мамандардың өсіп-жетілуіне айтарлықтай үлес қосты. Атап айтқанда, тіл білімінен И.И. Мещанинов, Е.Р. Истрина, тарихшылар А.М. Панкратова, Н.М. Дружинин, Б.Д. Греков, М.П. Ким, белгілі түріктанушы С.Е. Малов, әдебиеттанушы А.С. Орлов соғыс жылдары басталған қамқорлықтарын кейін де жалғастыра берді. 1941-1944 жылдары Бурабайда әлемге танымал ірі ғалымдар - академиктер В.М.

Алексеев, А.Н. Бах, Л.С. Берг, С.Н. Бернштейн, В.Н. Вернадский, Н.Д. Зелинский, Л.И. Мандельштам, С.Г. Струмилин, т.б. жұмыс істеді [4, 280-291 бб.]. 1942/1943 және 1943/1944 оқу жылында республика жоғары оқу орындарында КСРО Ғылым академиясының 20 ғылым докторы, 2 академик, 3 корреспондент-мүшесі, Мәскеу, Ленинград, Киев, Харьков және басқа қалалардан 35 профессор, 92 доцент қызмет жасады [5, 391 б.].

Одақтас республикалардан келген ғалым-педагогтар түрлі саладағы мамандарды, сондай-ақ қазақстандық жоғары оқу орындары оқытушылары мен аспиранттарынан ғылым кандидаттары мен докторларын дайындауға үлкен көмек көрсетті. Мәселен, Р.Б. Сүлейменов 1967 жылы Х.И. Бисеновпен бірлесіп жазған ұжымдық еңбегінде, соғыс жылдары тек бір ғана Қазақ мемлекеттік университетінде 40 кандидаттық және 4 докторлық диссертация, Қазақ тау-металлургиялық институтында 8 кандидаттық және 3 докторлық диссертация қорғалғандығын жазады. Соғыс жылдары Қазақстанның жоғары оқу орындарының барлығы 130-ға жуық оқытушылары ғылым кандидаты және докторы ғылыми дәрежесін алды. Осылайша, соғыс елге қайғы-қасірет, қиыншылық әкелгенімен, Қазақстан ғылымы үшін ілгерілеуге негіз қалады.

Авторлар өз еңбектерінде осының барлығы соғыс кезеңіндегі қиындықтарға қарамастан, біріншіден, Қазақстандағы жоғары мектепті айтарлықтай кеңейтуге және нығайтуға, екіншіден, Ресей, Украина және Белоруссияның жоғары оқу орындары мен техникумдарының кері эвакуациялануына және үлкен көлемдегі профессорлар мен оқытушылардың кетуіне қарамастан халық шаруашылығы үшін жоғары білікті мамандарды дайындау сапасын арттыруын жалғастыруға мүмкіндік бергенін атап өтеді [4, 278-279 бб.].

Р.Б. Сүлейменов республикаға келген ғылыми ұжымдар құрамындағы төмендегідей көрнекті кеңес ғалымдарын көрсетеді: И.И. Мещанинов, Л.И. Прасолов, А.С. Орлов, И.М. Завадовский, В.А. Догель, Б.М. Козо-Полянский, Н.Н. Баранский, А.Б. Думанский, Н.М. Дружинин, А.М. Панкратова, Е.Р. Истрина, Н.В. Юшманов және басқалары. Кейбір эвакуацияланған ғалымдар соғыс аяқталғаннан кейін де өздерінің одан арғы ғылыми қызметтерін түпкілікті байланыстырып, Қазақстанда жұмыс жасауын жалғастырды.

1946 жылы 16 ғылыми-зерттеу институты мен 7 сектор негізінде Қазақ КСР Ғылым академиясы ашылды. Р.Б. Сүлейменов Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылуын республика ғылымы тарихындағы ең ірі құбылыс деп бағалады. Академиялық ғылымның іргесін қалаған зерттеушілердің табыстарын сала-салаға бөліп талдады. 1950 жылдың аяғында Қазақ КСР Ғылым академиясының жүйесінде 50 ғылыми-зерттеу мекемесі, оның ішінде 19 институт, 13 сектор, 2 мұражай,

обсерватория, 3 ботаника бағы және 8 ғылыми база жұмыс жасап, оларда 427 аспирант оқыды [5, 404 б.].

Р.Б. Сүлейменов жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған ғалымдардың ғылыми мұралары мен еңбектерін, есімдерін ақтау және қалпына келтіру ісіне ғылымға ден қойған 50-ші жылдардың аяғында-ақ көңіл бөлген болатын. КОКП XX съезінен кейін жеке басқа табыну құрбандары ақтала бастағанда алғашқылардың бірі қатарында С.Ж. Асфендияровтың өмірі мен ғылыми мұрасын зерттеуге қалам тартты. 1959 жылы "Санжар Жағыпарұлы Асфендияровтың ғылыми қызметі туралы" [6, 101-102 бб.] және "Көрнекті қоғам қайраткері және ғалым" деген екі мақала жариялап, онда С.Ж. Асфендияровтың мемлекеттік және ғылыми қызметтерін алғаш жүйелі баяндады [7, 4 б.]. Хрущевтік "жылымық" тұсында бастау алған үрдіс - заңсыздық құрбаны болған жеке тұлғаларды зерттеу ісі брежневтік тоқырау тұсында біртіндеп азайып, тіпті олар туралы жазуға бейресми тиым салынғанына қарамастан Р.Б. Сүлейменов С.Ж. Асфендияровқа қатысты зерттеулерін тоқтатпай, жалғастыра берді. 1966 жылы "Қазақ КСР ҒА хабаршысы" журналында "Первый казахский историк-марксист" деген мақаласын жариялап, онда С.Ж. Асфендияровтың ғылыми мұрасы, Қазақстан тарихын зерттеуге қосқан үлесі жаңа ақпараттармен талданады [8, 65-76 бб.]. Алайда 1969 жылы 1979 жылы тамаша тарихшының 80, 90 жылдық мерейтойына байланысты ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырмақ болған ниеті қолдау таппай, партиялық-идеологиялық өктемдікпен "жоғарыдан" кері қайтарылды.

1985 жылы елімізде жүргізілген қайта құру мен жариялылықтың арқасында С.Ж. Асфендияровтың ғылыми еңбектері мен республика ғылымын дамытудағы қызметі қайта бағаланып, ғалымның жақсы аты қалпына келтірілейін деді. Осы игілікті істің көпшілік арасында қолдау тауып, ғалымның шығармашылық мұраларын жинақтап, оның мәнін, мазмұнын талдап, бағалауда Р.Б. Сүлейменовтің еңбегі ерекше. Ғылыми журналдар мен газет беттерінде бірнеше мақала жариялады, оларда қазақстандық тарихнамадағы Асфендияровтың орнын, ислам дінінің шығу тарихын саралауға қосқан үлесін, республика ғылымын көтерудегі қызметін талдады. Сондай мақалалардың бірі 1987 жылы "Санжар Джафарович Асфендияров" атауымен жарық көрді [9, 86-95 бб.]. Рамазан Бимашұлының қазақ ғалымы С.Ж. Асфендияров туралы, оның ғылыми мұраларын халыққа жеткізуде, насихаттауда сіңірген еңбегін ғылыми қауым жоғары бағалады.

1989 жылы Санжар Жағыпарұлы Асфендияровтың туғанына 100 жыл толу мерекесін атап өту үшін Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетіне қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы Р.Б. Сүлейменов хат жолдады [3, 88-89 бб.]. Онда мерейтойға орай ғалымның өмірі мен қызметі туралы арнайы кітап немесе кітапша

шығару, газет және журнал беттерінде ол туралы мақалалар жариялау, конференция өткізу қажеттігі сөз болады. Елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты бұл жолы ұсыныс қолдау тауып, 1989 жылы қазанда Қазақ КСР Ғылым академиясында С.Ж. Асфендиаровтың 100 жылдығына арналған "С.Ж. Асфендиаров: уақыт, өмірі мен творчествосы" деген тақырыпта ғылыми-теориялық конференция өтті.

Осы жылы Р.Б. Сүлейменов пен Х.М. Әбжановтың құрастыруымен "Ғылым" баспасынан "Қазақстан ғалымдарының библиографиясы" сериясы бойынша "Санжар Жағыпарұлы Асфендиаров" деген кітапша жарық көрді.

Академик Рамазан Бимашұлының ғылымның дамуына үлес қосқан басқа да ғалымдар жайлы зерттеулері баршылық. Мәселен, орыстың ұлы ғалымы М.В. Ломоносовтың өмір жолы, тарихи көзқарастары, тарихи еңбектері туралы "М.В. Ломоносов тарихи көзқарастары", "Ғалым-патриот", "Отандық тарихтың мәселелерін талдауға Ломоносовтың үлесі" атты мақалалар жазды. Мәдениет құрылысы тарихын зерттеуге академик М.П. Кимнің сіңірген еңбегі "Көп ұлтты Кеңес мәдениетінің көрнекті зерттеушісі" деген мақаласында ашылды. Әйгілі қазақ ғалымы Ә.Х.Марғұланға арнап "Ғылымға арналған ғұмыр" атты мақала жазса, А.Н.Нүсіпбеков туралы "Жауынгер, ұстаз, ғалым" деген еңбегін жариялады. Тарих ғылымының дамуына үлкен еңбек еткен Б.А.Төлепбаев, С.Б.Бейсембаев, Г.Ф.Дахшлейгер, П.В.Волобуев, В.П.Юдин, Е.Бекмаханов туралы мақалалары әр жылдары жарық көрді. Ғылым жолындағы ұстазы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 90-жылдығына арналған жиында сөз сөйлеп, заңғар жазушыны мәдениет тарихының көрнекті зерттеушісі ретінде бағалап, "Ауэзов М.О. как историк культуры" деген тақырыпта баяндама жасады. Сондай-ақ республика Ғылым академиясының тұңғыш президенті, Қазақстандағы металлология ғылымының негізін салушы, ғылымның талантты ұйымдастырушысы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қоғамдық ғылымдарды дамытудағы үлесіне арнап мақала жазды. 1989 жылы шыққан "Сатпаев К.И. Избранные статьи о науке и культуре" деген кітаптың редакция мүшесі болды.

Р.Б. Сүлейменов 80-жылдары ғылымның пайдасы төмендеп, оны дамытуға ресурстар бөлудің, қаржы бөлудің қалдықты принципін қалыптасқанын ашына жазды. Сондай-ақ ол "әрқашан өмірмен ілесіп, халық шаруашылығының маңызды проблемаларын оң шешіп келген Қазақстан ғылымы (соғысқа дейінгі және соғыс жылдарындағы академиктер: Қ.И. Сәтбаев, И.И. Бок, Р.А. Борукаев, Е.Д. Шлыгин, И.Г. Галузо, Х.Ж. Жұматов, В.А. Бальмонттардың ғылыми қызметі) соңғы жылдары халық шаруашылығының маңызды проблемаларын шешуде

тәжірибеден алшақ жатты. 1981-1985 жылдары ғылыми ұжымдар нысаналы ғылыми бағдарламаны талдап, ғылыми жаңалық енгізбеді. Қазақ КСР Ғылым академиясының бірде-бір институты елімізде құрылған салааралық комплекстерге кіре алмады" - деп ғылым мен өндірістің байланысы әлсірегенін көрсетті [3, 89-92 бб.].

Қорыта айтсақ, Р.Б. Сүлейменовтің Қазақстан ғылымы тарихын зерделеуі 60-80-ші жылдардағы ғылыми ой биігіне толық жауап берген табыстар қатарына кіреді. Оның деректік негізін қалаған құжаттар мен айғақтарды бүгінгі күн қажетіне сай ой елегінен өткізсе, маңызды тұжырымдарға жетелері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Сүлейменов Р.Б., Нурмухамедов С.Б., Савосько В.К. *Очерки истории социалистического строительства в Казахстане (1933-1940)*. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 280 с.; Сүлейменов Р.Б. *Великий Октябрь и культурные преобразования в Казахстане*. – Алма-Ата, 1987. – 86 с.; Сүлейменов Р.Б. *Ұлы ынтымақ жемісі*. – Алматы, 1969. – 98 б.; *История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. (В пяти томах)*. – Алма-Ата, 1980. – Т.5. – 45-59 с.; Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А. *"Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы"*. – Алматы: Ғылым, 1985. – 112 б.
2. Сүлейменов Р.Б. *Кеңестік Қазақстан мәдениеті 50 жылда*. – Алматы, 1970. – 48 б.
3. Әбжанов Х., Исабек Б. *Академик Рамазан Сүлейменов*. – Алматы, Дайк-Пресс // 2007. – 252 б.
4. Сүлейменов Р.Б., Бисенов Х.И. *Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов*. – Алма-Ата: "Наука", 1967. – 424 б.
5. Сүлейменов Р.Б. *Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане*. – Алма-Ата: "Наука", 1972. – 494 б.
6. Сүлейменов Р.Б. *О научной деятельности Санджара Асфендиярова* // *Вестник АН КазССР*. 1959. – №12. – 101-102 б.
7. Сүлейменов Р.Б. *Видный общественный деятель и ученый* // *Алма-Атинская правда*. 1959. 24 октября. – 4 б.
8. Сүлейменов Р.Б. *Первый казахский историк-марксист* // *Вестник АН КазССР*. 1966. – №9. – 65-76 б.
9. Сүлейменов Р.Б. *Санджар Джафарович Асфендияров* // *Народы Азии и Африки*. 1987. – №6. – 86-95 б.

Рысбеков Т.З., Мырзабаева Б.М.

Проблемы понимания научно-исследовательских работ в Казахстане в трудах академика Р.Б. Сүлейменова

Аннотация. В статье рассматриваются проблема понимания научно-исследовательских работ в Казахстане в трудах академика Р.Б. Сүлейменова. Дается историографический обзор трудов Р.Б. Сүлейменова в этом контексте.

Ключевые слова: культурное строительство, научно-исследовательские работы, труды академика Р.Б. Сүлейменова.

Risbekov T.Z., Myrzabaeva B.M.

Problems of understanding scientific research in Kazakhstan in the works of R.B. Suleimenov

Annotation. The article «Problems of understanding scientific research in Kazakhstan in the works of R.B. Suleimenov» deals with the problem of

understanding of scientific research in Kazakhstan in the works of academician R.B. Suleimenov. There is given historiographical review of R.B. Suleimenov works in this context.

Keywords: *cultural building, scientific research, works of academician R.B. Suleimenov.*

ӘОЖ: 94(574)

*Утениязов С.К. – т.ғ.к., профессор
Қазақ-Американ университеті*

ТАЛАЙ ҰРПАҚТЫ АЛДАҒАН ӘБІЛХАЙЫР ХАННЫҢ ТАРИХИ ХАТЫ

Аннотация. Бұл мақалада 1730 жылы Әбілхайыр ханның тарихи хатында бодандық туралы бір сөз болмағаны айтылады. Хат мазмұны туысқан қазақ- башқұрт халықтарының Ресей бұзған достығын қайта орнатуға арналған.

Кілт сөздер: тарих, хат, дерек, мұрағат

Осы уақытқа дейін Ресей империясы Әбілхайыр ханның хатымен талай ұрпақты алдап келді. Сол тарихи хаттың түпнұсқасы 1999 жылы оқылғанда талай ғалымдардың көктен іздегені жерден табылғандай қуанды және тарихымыздың шындығын 180 градусқа бұрып жіберді. Сол тарихи хаттың бұлтартпас нақты аудармасы да осы уақытқа дейін талай жерде жарыққа шықты [1].

Әбілхайырдың қолынан қалай болмасын бір хат алу керек деген мәселені де қойған І Петр болатын. Ол осы тапсырманы 1722 жылы Тевкеловке қатаң тапсырды. [2, 19 б.]. Тевкелов сол үшін көп еңбек етті. Оған қолы жетті тек І Петр өлген соң 5 жылдан кейін, яғни 1730 жылы. Бұл тарихи хатта бодандық туралы бір сөз жоқ, болуы да мүмкін емес еді. Оның мазмұны Қазақ пен Башқұрт халқы арасындағы бұрынғы достықты орнату ғана еді. Осы уақытқа дейін оның орысша жалған аудармасын пайдаланып келдік. Бұрынғысы мен жаңа аудармасын төменде көрсетіп отырмыз.

Мынау осы уақытқа дейін қаншама ұрпақты алдап келген Әбілхайыр хатының бұрынғы аудармасы:

Послание в Петербург ее величеству

Величайшей, благородной, богатой и умной обладательнице многих земель, ее величеству государыне императорице ежедневно, ежемесячно и ежегодно желаем божией милостью благополучного государствования. Наше заявление Вашему величеству состоит в том, что с подданным Вам башикирским народом, который находится за Уралом, у нас близких отношений не было. Желая быть совершенно подвластным Вашему величеству, я посылаю своего посланника вместе с Вашим подданным Алдарбаем. Этот Алдарбай требовал посланника от нас к Вашему величеству, и поэтому мы, Абулхаир-хан с подвластным мне многочисленным казахским народом Среднего и Малого жузов, все

преклоняемся перед Вами, являемся Вашими слугами и все вместе в простом народом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи, чтобы с подданным Вам башкирским народом, находящимся за уралом, жить в согласии.

Желаем Вам всякого благополучия и будем Вашими подданными.

(Передали): Сеиткул, Главный посланник Куттумбет с товарищами.

Асты сызылып кара әріппен берілген сөздер мен сөйлемдер хат түпнұсқасында жоқ. Сол тарихи документтің дұрыс аудармасы төменде берілген. Әбілхайыр хаты Ресей арнайы жіберген Алдарбай деген кісінің өтінішімен жазылған. Осыдан түсінуге болатын мәселе Әбілхайыр башқұрттармен достық қатынасты қалпына келтіруге аса ынталы болғаны. Төменде А.Исин аударып жариялаған сол хаттың дұрыс нұсқасы берілген:

Величия и милости высокой, государства превыше, правящей землями ее величеству белой великой императрице обращаемся с обыденным намерением. Изю дня в день, из месяца в месяц, из года в год государство да пребывает в здравии и приумножается.

Наше заявление Вашему величеству следующее. С народом Вашего величества уральским ештеком-башкортами меж нами нет согласия.

Теперь желая получить под покровом Вашего императорского величества защиту и спокойствие, посылаю, присоединив к лесной дороге уральскому ештеку подданному Вашему Алдарбаю, своего посла. Поскольку этот Алдарбай просил посла к Вашему императорскому величию, мы, Абулхайр-хан, сорок санов казахов, Средней и Младший жузы со всеми подвластными мне караша склоняем голову.

Ярлык: с Вашими слугами уральскими ештеками хотим достичь согласия. С Вашим ярлыком да будем в согласии.

Посланный посол Сеиткул во главе с Кутлуметом с товарищи.
(«Абай»журнал, №, 2-2001)

Осынау тарихи хаттың қысқаша мазмұны мен міндеті төменде Ярлык бойынша қарасақ башқұрт халқымен арадағы бұзылған достық қатынасты қалпына келтіру болатын... Бодандық туралы ештеңе айтылмаған.

Бодан болуға ант беру оқиғасы да (1738 жылы) солай. Шындыққа он қайнаса сорпасы қосылмайтын жалған ақпарат. Жалпы Әбілхайырды қазақ елі керемет құрметтейтінін көрген Патша өкіметі, келешекте қазақ еліне оны ұмыттыру мақсатымен бір ғасырдан соң Левшинге кітап жаздырды. Сонда Левшин 1830 жылғы кітабында Әбілхайырды бірнеше рет ант берді деп жазған. Оның Орынбор басшыларымен барлық кездескендерін ант берді деп жазуының өзі осы мәселенің шикі екенін аңғартады. Сөйтіп Патша өкіметі Әбілхайырды қазақ елінің бүгінгі ұрпағына жексұрын етіп көрсетуге қолы жетті.

Әбілхайыр өмір бойы Ресейге қарсы күрескен себепті ата жауы болды. Оны талай рет өлтірмекші болды, ақыры оның өлімін Неплюев жақсылап ұйымдастырды. 1748 жылы Ресей патшасына жалданған Барақ сұлтан арқылы Әбілхайыр өлтірілген соң оның балаларына: Әкең өзі бізге бодан болуға уәде берген деп сол тарихи хаттың оригиналын емес орысша жалған аудармасын көрсетіп қазақ жеріне претензия жасаған. Әбілхайыр тұсында бодандық туралы айту мүмкін емес еді. Себебі ол бодан болса орыстармен

өлгенінше соғыспас еді.

Енді тарихи хат жаздыруды туралы идея І Петрдікі болғанын қарайық. 1722 жылы І Петр Астарханға келгенінде Тевкеловке мынандай указание берген сол документте: *«стараться, ...несмотря на великие издержки, хотя бы до миллиона держать, но токмо, чтоб только одним листом под протекцию Российской империи быть обязались»*...[3, 79 б.; 4, 15 б.] - деп жазылған.

І Петрдің бұл арманы өзі өлген соң 6 жылдан соң орындалғанын білеміз (1731). Бірақ бұл хаттың мазмұны осы уақытқа дейін айтылып келгендей бодан болуға берілген хат емес еді. Башқұрт елімен бұрынғы достықты орнату үшін жазылған хат еді. Алайда осы уақытқа дейін біз оның орысша жалған аудармасын пайдаланып келіп нақақтан Әбілхайыр сынды тарихи тұлғаны айыптап келіппіз [2]. Әрине бұл басқа мақаланың үлесінде. Біздің бұл жерде айтпағымыз осы бір қазақ халқына жасалған **кезекті қиянаттың** өзі де І Петрден шыққанын еске сала кету біздің міндетіміз.

Әрине қазақ еліне қиянат пен қастандықты үйіп төккен Ресей патшасы жалғыз І Петр емес, басқаларының жасаған жамандықтары да жетерлік. Алайда, солардың бәрінен Ақтабан шұбырынды оқиғасы асып түседі.

Қысқаша және қорыта айтарымыз тарихымыздың соңғы жылдардағы жаңалықтары ешқандай оқулықтарға енгізілген жоқ. Ал, «Қазақстан тарихы» оқулықтарын әрбір Қазақстандағы жоғары оқу орындарында бір бірімен жарыса шығарып жатыр. Солардың ешқайсысында соңғы жылдардағы тарих зерттеулерінің жаңалықтары кірген жоқ. Бұрынғы айқай бір айқай болып қалып жатыр. Тарих оқытушылары соңғы жаңалықтарды баяндамаларына кіргізгенмен сиясы кеппеген жаңа оқулықтарда олардың болмағаны таңқаларлық жағдай.

Жоғарыда айтылған тарихи хаттың мазмұны қазақ – башқұрт халықтары арасындағы Ресей арқылы бұзылған достықты қайта орнату болғаны белгілі. Енді Қазақ – башқұрт қатынастары тарихының кейбір деректеріне жалпы шолу жасайық: 1707-09 жылдардағы әйгілі Башқұрт халқының Ресей патшасына қарсы ұлт азаттық көтерілісі кезінде Әбілхайыр сұлтан Арал мен Каспий өңірі қазақтарынан құралған 3 мың әскермен келіп көмектескен еді. Бұл оқиға деген біздің түркі халықтары тарихының аса жарқын беттері... Сонда башқұрттар қазақ сарбаздарының жәрдемімен көп жетістіктерге жеткені соншалық башқұрт халқы Әбілхайыр сұлтанға енді біздің ханымыз бол - деп жалынып үлкен өтініш жасаған еді. Осы жағдайды есіткен Қазақ билері мен Тәуке хан Әбілхайырды шұғыл шақыртып алып Кіші жүз ханы етіп сайлап бекітеді (1709 жылдың күзі). Бұрын Кіші жүзде хан билігі болмаған еді, Орталық Ханға яғни сол кездегі Тәуке ханға бағынатын еді...

1736-39 жылдардағы Башқұрт көтерілісіне де қазақтар Әбілхайыр басшылығымен қыруар көмек көрсетті. Сол Ресейге қарсы қырғын соғыстар кезінде башқұрт елінің басшылары Әбілхайыр қол астына кіруге қаншама әрекет жасады... Әрине Ресей оған көп кедергі жасағаны белгілі... Сол кезде Әбілхайыр мен Кіші жүз қазақтары Ресей қол астына кіргені шындық болса осындай әрекетті башқұрт басшылары жасайтындай ақымақ емес еді...

Белгілі ғалым Шоқан Уәлиханов 1730 жылғы Әбілхайырдың, және

басқалардың Ресейге бодан болу үшін өтініп жазған хаттарын көрген жоқ, сондай-ақ қазақтардың Ресейге бодан болғанына сенген де жоқ болатын. Олардың жалған хат екеніне күдіктенсе де, мойындауға мәжбүр болған еді. Шоқан түгілі осы мәселені арнайы зерттеген /1871 жылдан кейін/И. Крафт секілді ғалымдардың өзі шындыққа көз жеткізе алмай кеткен еді. Дегенмен Крафт Қазақ жүздерінің Ресейге өз еркімен қосылды дегеннің жалған екенін делелдесе де, 1730 жылғы Әбілхайырдың хатының шындығын біле алмай кеткен еді. Себебі ол да, басқалар сияқты Әбілхайыр жазған хаттың түпнұсқасын көрмей, тек орысша аудармасын ғана көрген болатын. Сондықтан көптеген зерттеушілер, және алаштың ардагер азаматтарының өзі шындыққа көздері жетпегендіктен соңғы жылдарға дейін Әбілхайырды нақақтан айыптап келді.

Осынау хаттың түпнұсқасын көріп шындыққа көз жеткізудің сәті түсті, тек Совет Одағы ыдыраған соң, 9 жылдан кейін...

Сол тарихи хатта бодандық туралы әлде Ресейге қосылу туралы ештеңе де жоқ, ондай әңгіменің болуы да мүмкін емес еді. Себебі 1709 жылға дейін, және сол жылы (1709) Әбілхайыр хан болып сайланған Кіші жүз елі өз шегарасын қорғап Ресеймен 150 жыл бойы соғысқан еді. Сол соғыстың соңғы 30 жылын/1730 жылға дейін/ Әбілхайыр өзі басқарды. Сондай адам Ресейге бас иіп бодан болуы әрине мүмкін емес. Себебі Ресей бодандығындағы туысқан башқұрт халқының жағдайын Әбілхайыр өте жақсы білетін еді. Сол хаттың мазмұны Ресей қоластындағы туысқан халық башқұрттармен бұрынғы достық жағдайды орнату үшін ғана жазылған еді. Сол хатты алып кету үшін башқұрт өкілі Алдарбай келмегенде ондай хатты Әбілхайыр ешқашан жазбаған болар еді. Алдарбайды жіберіп отырған патша әкімдері болатын...

Алдарбайдың Әбілхайыр ордасына келуі өздігінен емес, оны осы мәселе үшін әдейі жіберген Ресей өкіметінің басшылары. Біз осы жерде кішкене шегініс жасап Қазақ – башқұрт қатынасына шолу жасайық...

Татар мен башқұрт халықтарын ХҮІ ғасырдың ортасында Иван Грозный жаулап алып Ресей құрамына кіргізген еді. Осы екі халық Қыпшақ мәдениетінің жалғастырушылары және ежелден көрші аралас құралас болса да екі түрлі халық, және екі түрлі тағдыры бар. Мысалы башқұрт халқы ХҮІІІ ғасырдың ақырына дейін Ресей бұғауынан босану үшін қаншама рет ұлт-азаттық көтеріліске шықты. Олардың арасынан елін, жерін қорғау үшін көптеген халық батырлары шықты. Солардың ішінде біздің халықтың көп білетіні – Салават Юлаев, 1770 жылдардағы Пугачев көтерілісіне белсене қатысқандардың бірі...

Бірақ, татар елі ешқашан Ресей отарлығына қарсы күреспеген халық. Сондықтан олар патша өкіметіне өте сыйлы болды және басқа халықтарды отарлауға Ресейдің оң қолы бола білді. Тевкелов секілді татарлар Ресейдің дипломаттық қызметін жақсы жүргізу үшін қазақ еліне барғанда өзін башқұртпын деп таныстыратын болған. Себебі қазақтар башқұрттармен дос, сыйлас, тағдырлас халық...

Башқұрттардың Ресейге қарсы кезекті көтерілістерінің бірі 1707-09 жылдары болды. Соған көмектесуге Әбілхайыр батыр үш мың әскермен келді. Сонда башқұрт халқының күресі көп жеңіске жеткен себепті, аса ырза

болған башқұрт елінің игі жақсылары Әбілхайырға – *Біздің ханымыз бол*-деп шын жүректен жалынған еді...Әрине Әбілхайырды мұндай құрмет жай қалдырмаған болуы мүмкін. Алайда ол 1709 жылдың күзінде Қазақ билерінің шақыртуымен Түркістан жаққа кетіп қалды да, Башқұрт көтерілісі жеңіліске ұшырады...

Қазақ билері Әбілхайырды текке шақыртпаған екен. Қазақ елі басшыларының сол жиналысында екі үлкен мәселе қаралды. Бірі Жоңғар шабуылына қарсы күш біріктіру болса, екіншісі Әбілхайырды Кіші жүз ханы етіп сайлады. Бұрын Кіші жүзде хан болған жоқ еді, орталық хан билейтін еді. Алайда, соңғы он жылда Ресей тарапынан Жайық казактарының шабуылы қатты күшейді. І Петр Еділ қалмақтарына Аюкені хан қойып және оларды тісіне дейін қаруландырып Кіші жүз жеріне шабуылды үдеткелі 15 жылдан асып барады...Осынау қырғын соғыста қазақ жерін қызғыштай қорғап, батырлығымен, жанкештілігімен және ұйымдастыру қабілетімен көзге түскен Әбілхайыр болатын... Сөйтіп Әз-Жәнібектің Сүйік деген баласынан тараған ұрпағы Әбілхайыр алғаш рет Кіші жүздің ханы болды. Ол енді Кіші жүз жерін хан болып басқаратын және қорғайтын болды...

Осылай башқұрттар мен қазақтар арасындағы тағдырлас достық қатынастар жалғасып жатты. Себебі екеуінің де қарсыласы, яғни ата жауы Ресей болатын. Сондықтан Ресей басшылары қалай болмасын екі халықтың достығын бұзу үшін неше түрлі айла –шарғыны көп жылдар бойы жасады. Мысалы түнде барып казачьи отрядтар башқұрт ауылын шабады, кісілерін өлтіреді және малын айдап кетеді де жаланы қазақтарға жабады...Сонсоң башқұрттарға көмектесіп қазақ ауылын шабады. Қысқасын айтқанда 1730 жылға дейін қазақ пен башқұрттың арасындағы достық бұзылған еді. Әбілхайырдың жанына батқаны да сол еді. Ал, енді осы достықты қалпына келтіру үшін патша ағзамға хат жазу керек – –деп башқұрт Алдарбай айтып келгенде Әбілхайыр алданып қалған еді. Бұл 1730 жылдың маусым (июнь) айы еді...Ресейге керегі де сол еді. Хат жазды деген факті бар, оның түпнұсқасын ешкімге көрсетпей, аудармасымен келешекте Әбілхайыр өлген соң оның балаларын және талай қазақ төресін алдауға болады...

Башқұрттармен достық қатынасты Әбілхайыр жалғастыра берді. 1736 жылы башқұрт көтерілісі бұрқ еткен кезде, патша өкіметіне қазақтар мен башқұрттарды және бір рет жауластырмақшы болып көп ақша бөлді. 1738 жылдың ақпан айында Татищев сонда *“Әрбір башқұрттың басын әкелген қазаққа 60 рубльден ақша беріледі. Кек алатын және байып қалатын жағдайыңыз бар”* -деп қазақ еліне жар салды [5]. Кейбір қылмысты істерді башқұрттан көріп жүрген қазақтар осыны пайдаланып кек алмақшы және ақша таппақшы болған еді, бірақ олардың бірде бірін Әбілхайыр жібермеді, керісінше ол бұрынғыдай башқұрт халқына көмек берді.

Сонымен, осы уақытқа дейін орысша аудармасы арқылы 1731 жылдан бері Қазақ елінің Кіші жүзі мен Орта жүздің бір бөлегі Ресейдің боданы болды-деген жалған ұғым да келмеске кетті. Әбілхайыр хатының түпнұсқасын көрмесе де, кезінде бұған талай ғалымдар күдікпен қарағаны рас. Мысалы белгілі зерттеуші В.Я. Басин: *“...широко употребляемый термин о подданстве казахов...правомерен лишь на завершающем этапе присоединения Казахстана к России”* - деп қазақ елінің түгелдей Ресей отары

болғаны 1865 жылы Шымкент пен Ташкентті алған кездерді көрсетеді [6, 250 б.]. Шын мәнінде өмір бойы Ресеймен соғысқан Кіші жүздің және оның әйгілі батыр ханы Әбілхайыр сынды тарихи тұлғаның ата жауы етегіне жармасуының ешқандай қисыны жоқ еді. Тарихи шындық оның 1748 жылы қаза тапқанынша Ресеймен соғысып өткенін көрсетеді. Өзі жалынып, бодан болған адам осындай әрекет жасауы мүмкін емес. Біз де, бұрын осылай күдіктеніп келдік, ал оны түгелдей дәлелдеуге Әбілхайырдың “тарихи хатының” түпнұсқасын көргенде ғана қол жеткіздік...

Мысалы Шоқан Уәлиханов Әбілхайырға қатысты Сібір губерниялық канцеляриясының бір документінің көшірмесін алыпты.

“Номер 3. Указ Сибирской губернской канцелярии от 10 декабря 1739 г. /за номером 10659/ в Верхне-Иртышскую крепость командующему, господину секунд-майору Нелюбову, дабы иметь предосторожность от киргиз-кайсаков, потому что оренбургский казак Измаил Обрязаков, бывший в Орде у Абульхаир-хана, сообщал, что Джанибек-батыр собирает войско, но куда идут, того не знал он, Обрязаков... Это сообщено в Сибирскую губернскую канцелярию полковником и воеводой Татищевым из Исецкой провинциальной канцелярии с произведением копии с указа канцелярии Оренбургской комиссии, порученной господину генерал-лейтенанту князю Урусову”[7, с.267 б.]. Міне осындай документтер Әбілхайырдың Ресеймен өлгенінше, яғни 1748 жылға дейін соғысқанын көрсетеді. Ресейге қолтығыңа ал –деп жалынған адамда сондай жағдай болуы мүмкін емес. Қорыта айтқанда барлық тарихи оқиғалар оның Ресейге бодан болғанын теріске шығарады. Әлгі Измаил Обрязаков деген казак емес татар. Ал, Урусов Василий- Адмиралтейство коллегиясының советнигі. Сол 1739 жылы В.Н. Татищевтің орнына /Начальник Оренбургской комиссии/ тағайындалған еді. Жәнібек батыр – Кіші жүздегі белгілі батыр, Әбілхайырға жасынан көп қамқорлық жасаған тарихи тұлға. Және екі Жәнібек бар екенін ұмытпауымыз керек. Бірі Кіші жүздегі сұлтан Жәнібек, екіншісі Орта жүздегі арғын Шақшақұлы Жәнібек.

Шоқан жинаған және бір документте қазақтар мен башқұрттардың қайтадан мәмлеге келіп достасып кетуінен қауіптенген Ресей үкіметі Верхне-Иртыш крепостының секунд-майоры Нелюбовқа *“...чтобы киргиз кайсаки, с башикирами не помирились...”* деп қатаң ескертпесі сақталған [7, 267-268 б.].

Міне, сонша нақты материал жинаса да, осындай тарихи шындықтың түбіне жете алмай кеткендердің бірі Ш.Ш. Уәлиханов болатын. Дегенмен ол Орта жүздің Ресей отары болуы 1820 жылдардағы өз атасы Уәли хан өлгеннен соңғы кезең екенін жазып қалдырған. Дәл осындай пікірді сол заманда өмір сүрген К. Маркс пен Ф. Энгельс те айтқан болатын. Олар: *“...до 30-х годов XIX в. ...власть России над тремя ордами или племенами киргизов оставалась чисто номинальной...”* – деген болатын [8, 615 б.].

Ш.Ш.Уәлиханов 1863 жылы жазған зерттеуінде отарлық жағдайдағы қазақ елінің аса қиын проблемасының бірі билер институтінің тағдыры туралы: *“Если 40-летнее русское владычество, внесшее много совершенно новых элементов в общественную жизнь казахского народа, не имело никакого влияния на древней казахский суд биев, если суд этот мог устоять против неблагоприятных условий русского законодательства/например,*

закона 1854 года/, ясно, что он вполне удовлетворяет настоящему развитию казахского народа. ”- деп суреттеп Орта жүздің отар болғанына 40 жыл болғанын көрсетеді [9, 506 б.]. Сондай –ақ ол мұсылманшылықпен айналысып қазақ елін алдап, патша саясатын жүргізуші татардың дүмше моллаларына шек қою керектігін айтып көптеген өтініштер жазады [9, 528 б.].

Ш. Ш. Уәлиханов қазақ хандарының жерленген жерлері мен басына тұрғызылған мавзолейлер туралы жазған еңбегінде Әбілхайыр моласына көп көңіл бөлгендігі көрінеді [7, с.64]. Қалай болғанда да Ш.Ш. Уәлиханов басқа зерттеушілерге қарағанда Әбілхайырдың және басқа хандардың Ресейге отар болғаны туралы нақтылай ештеңе айтпаған. Соған қарағанда оның күдігі біздікіне қарағанда әлдеқайда көп болғанын көрсетеді.

Әдебиеттер:

- 1.Исин А. Әбілхайырдың хатын қалай оқыған дұрыс // «Абай» журналы. 2001, – № 2.
- 2.Утениязов С.К. Мы не знали такого Абулхаир – хана // Газета «Свобода Слова» – 2007 г 18 январь.
- 3.Ерофеева И.В. Хан Абулхаир поководец, правитель и политик. Алматы, 1999.
- 4.Разные бумаги генерал-майора Тевкелова об Оренбургском крае и киргиз-кайсацких ордах // Временник МОИДР. 1852, кн.13,
- 5.Олкот М.Б. Әбілхайыр хан. // газета «Аруана» – 1994
- 6.Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. Алматы – 1978.
- 7.Валиханов Ч. Ч. том 3. Алматы – 1964.
- 8.Маркс К. и Энгельс Ф. – т. 12.
- 9.Валиханов Ч. Ч. –Алматы – т. 1. – 1961.

Утениязов С.К.

Историческое письмо Абилхайырхана обманувший всю поколения

В статье подробно рассказывается - в исторической письме Абулхаир хана 1730 года не было ни одного слово о подданства. Цель прошение Абулхаира – восстановить прежние дружбы между казахскими и башкирскими народами.

Ключевые слова: история, письмо, факт, архив

Uteniyazov S.K.

Historic letter Abilhayyrhan deceived the whole generation

The Article deals with the detailed description of the letter created by the Khan Abulkhair in 1730 with no mention on the application for the citizenship. The actual reason of the application was the attempt to restore the friendship between the Kazakh and Bashkir peoples.

Keywords: story, writing, fact archive

ӘӨЖ: 82.0; 82.09

Дүйсенбаева Р.И. – аға оқытушы
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ
E-mail: raihan-kz@mail.ru

Р.НҰРҒАЛИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫ

Аннотация. Мақалада ғалым Р.Нұрғалидың қазақ драматургиясын жан-жақты зерттеп, қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі қарастырылады. Ғалымның қазақ драматургиясының табиғатын, жанрлық жүйесін зерттеумен қатар драма жанрының ерекшеліктерін, поэтикасын айқындап, кезеңдердегі әдеби даму заңдылықтарын ашқаны баяндалады.

Кілт сөздер: Ұлттық, шығармалар, драма, әдебиеттану, қойылым, зерттелу, тарихи-мәдени

XX ғасырдың басында дамыған қазақ әдебиеті толысып, озық ұлттық әдебиеттердің жанрлық салаларына жол тартып. әлемдік әдебиетке тән құбылыс - «Кайта өрлеу дәуірін» басынан өткізді. Елді елең еткізер жаңалықтар бірінен соң бірі халықтың рухани азығына айнала бастады. Солардың қатарында роман жанрымен бірге сөз өнерінің іргелі саласы болып табылатын қазақ драматургиясының туып, қалыптасуы осының куәсі еді. Алғаш қазақ жастары арасында әдеби-сауық кеші болып бастау алған бастама соңынан ұлттық деңгейдегі драмалық шығармалардың жазылуына ұласты. Осы саланы дамытуға Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Әуезов, Қ. Кемеңгеров, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Ж. Шаниндер бастаған ұлт зиялылары үлкен үлес қосты. 1915жылы Көлбай Төгісовтің «Надандық құрбаны» драмасы жеке кітап болып басылып шықты. 1916-1917 жылдары Ж. Аймауытовтың тұңғыш үш пьесасы «Рабиға», «Мансапқорлар», «Қанафия-Шәрбану» жазылды. 1917жылы жайлаудағы Әйгерімнің қонысында «Еңлік-Кебектің» тұңғыш қойылымы көрсетілді. Міне, осылай басталған қазақ драматургиясының қадамы қарыштай дамып, бүгінде әлемдік деңгейдегі үздік шығармаларды тудырып, биік тұғырдан көрінуде. Жоғарыда айтқанымыздай қазақ әдебиеттану ғылымында поэзия, эпикалық проза, оның ішінде ерекше роман түбегейлі зерттелді. Ал драматургия жайында Ө. Тәжібаевтың «Қазақ драматургиясының очеркі», Р. Рүстембекованың «Қазақ совет комедиясы», М. Дүйсеновтың «Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі», Е. Жақыповтың «Дастаннан драмаға», Н. Ғабдуллиннің «Ғ. Мүсірепов-драматург» сияқты еңбектері дүниеге келді. Ғ. Тоғжанов, І. Жансүгіров, Н. Львов, Қ. Қуандықов, Б. Құндақбаев, О. Қайдалова, У. Садықова, А. Токпанов, Л. Богатенкова, Ө. Сығаев, Ғ. Уәлиев сияқты театр сыншыларының еңбектерінде айтылған. Құнды пікірлерден бастау алған сыншылық үрдіс қазіргі сыншылар еңбектерінде өз жалғасын табуда. Әлем драматургиясы мыңдаған жылдарды артқа тастап, сан ғасырлар бойында қалыптасу жолынан өтті. Ал қазақ драматургиясының тарихы бір ғасырға да толмайды. Кешегі Қазан төңкерісінен кейінгі қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық, тарихи-мәдени дамуы халқымыздың мыңдаған жылдық дәстүрлі фольклоры мен бай әдебиетінен, жаһан мәдениетінің орыс мәдениеті арқылы жеткен озық дәстүрлерінен бастау алып, қазақтың жаңа сапалы өнері — драматургия мен театрды дүниеге әкелді. Осының арқасындатұтас, жүйелі, жан-жақты әдеби-мәдени процесс бастау алды. XX ғасырда қазақ драматургиясы жалпы драмаға тән қасиеттер мен сапаларға жанрлық

құрылымдар мен пішіндерге ие бола отырып қазақ әдебиетімен, мәдениетімен бірге, өсіп, жетіліп отырды. Әдебиеттің айрықша бір түрі - драматургияның негізгі нысаны театр, сондықтан театрға арналып жазылады. Драматургия - танымдық, тәрбиелік мәні зор, идеялық-эстетикалық әсері күшті өнер. Мұнда тағдырлар тоғысуы мен характерлер қақтығысын, сезімдер шайқасын көрсете отырып ерекше көркемдік құрал - диалогтар мен монологтар арқылы болмыстың сан алуан шындықтарын ашады, өмір құбылыстарына баға береді, билік айтады. Жанр мәселесі өнертану мен әдебиеттануда өзекті болғандықтан, ерекше көңіл бөлініп, көптеген зерттеулер мен еңбектер дүниеге келді. Әлемдегі барлық халықтардың мәдениеті мен әдебиетінде де жанр мен оның түрлері мәні бар құбылыстардың қатарына жатқызылып, кең орын алады. Типологиялық тұрғыдан жанр табиғаты ұқсас, сарындас. Олар бір жерде ішкі жағдайлардың әсерінен дүниеге келсе, екінші ортада тарихи-мәдени алыс-беріс кезінде тууы да мүмкін. Бұл мәселенің бетін ашу мақсатында эстетикада әртүрлі мектептер, бағыттар болғанын білеміз. Мысалы, Аристотель «Поэзия өнері туралы» шығармасында драмалық жанрларға анықтама берсе, Буало «Поэтикалық өнер», Дидро «Драмалық поэзия туралы» еңбегі, Гегель «Шығармалар жинағы», Белинскийдің көптеген сыни еңбектерінде жанр мәселесі қозғалған. Буржуазиялық оқымыстылардың бір тобы жанрларға психологиялық, екінші тобы грамматикалық категориялар арқылы түсінік жасамақ болады. Ал кеңес ғылымы бұларға қарама-қарсы, объективті критерий ұсынады - жанрды қоғамдық, мәдени- әдеби жалпы дамумен сабақтас қарап, нақты әлеуметтік-тарихи, эстетикалық-көркемдік аспектіде анықтама береді. Жанр тудыратын элементтер деп сюжет түзілісі, композиция, поэтика, бір сөзбен айтқанда, шығарма идеясы мен мазмұнын ашатын көркемдік құралдарды айтуға болады. Бұған драмалық эмоциялық әсер беретін формаларды да қосқан дұрыс: трагедия, комедия, драма. Даму үдерісінде жанрлар бір-біріне өзара ықпал етеді, бірін-бірі байытады. Кейбіреуі жаңғырып өссе, енді бірі өшеді, өледі. «Жанр әрқашан өзі, әрі өзі емес, әрқашан көне, әрі жаңа, жанр әдебиет дамуының әрбір жаңа кезеңінде, әрбір жаңа шығарма тұсында қайта туындап жасарады... Жанр бүгінгі күннің тынысымен өмір сүреді, бірақ әрқашан өзоткенін ерекше қасиет ретінде өз бойында сақтайды. Жанр - әдеби даму үдерісіндегі шығармашылық тұжырым түрінде қалады», - деп жазды М. Бахтин [1]. XX ғасырдың 60 жылдары жалындаған жас ғалым Р. Нұрғали өзінің жаңашыл ғылыми зерттеушілік бағытымен әдебиеттану ғылымына келіп қосылады. Ғалым қазақ драматургиясындағы трагедия, комедия, драма жанрларының ұлттыкерекшеліктерін, дүниежүзілік әдеби дамуға қосылатын белгілерін көп жылдар бойы аса бір ұқыптылықпен тексерді. Оның айғағы ретінде «Трагедия табиғаты» [2], «Талант тағдыры» [3], «Күретапыр» [4], «Өнер алды - қызыл тіл» [5], «Өнердің эстетикалық нысанасы» [6], «Драма поэтикасы» атты монографияларын айта аламыз[7].

Әдебиет әлемі жөнінде өрелі ой, орнықты пікір айтып, қазақ әдебиетінің ғылым мен сынында өзіндік сара жол салған Р. Нұрғалидың «Айдын. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі» атты монографиясы қазақ драматургиясының табиғатын, жанрлық жүйесін жан-жақты саралап

зерттеген бірегей еңбек деп айтуымызға болады [8]. Р. Нұрғали қазақ драма жанрларының - өзіндік ерекшеліктерін, поэтикасын айқындаудың, олардың әдеби дамудағы орны мен маңызын ашудың өрістеу үрдісін тиянақтаудың, жанрлық құрылымдардың өзгерістерін, сонымен қатар олардың өзара байланысы мен баюын көрсетудің уақыты келгенін айта келіп, өз зерттеуінің негізгі нысанасы етіп алуға бел байлайды. Ғалым бұл зерттеуінің XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдеби көркем процесс диалектикасына енуге, ұлттық және интернационалдық дәстүрлердің арақатынасын көрсетуге, белгілі кезендердегі әдеби даму заңдылықтарын ашуға мүмкіндік туғызатынына, сондай-ақ қазақ драматургиясының дамуындағы қалыптасқан дәстүрлер мен тұрақты байланыстарды анықтауға, олқылықтар мен кемшіліктерді көрсетуге, болашағын барлап болжауға жағдай жасайтынына кәміл сенеді. Әдебиет жанрлары жөнінде тұжырым жасаған академик Д.С. Лихачев «Жанрлар түрлі өзгермелі факторлардың әсерімен қалыптасып, сан алуан қасиеттерге ие болғандықтан, әдебиет тарихы алдында ерекше міндеттер туады: жанрларды ғана емес, жанрлық саралауды тудыратын принциптерді зерттеу керек, жеке жанрларды, олардың тарихын ғана емес, әр дәуірдегі жанрлар жүйесін зерттеу керек» - дейді.

Ғалым академиктің осы талаптарын ескере отырып нақты шығармаларды талдап, жанрлардың оның ішінде барлық жүйелердің, даму үдерісіне зейін қояды. Р. Нұрғали драматургия жанрларын жай қағида, қатаң тұжырым етіп қана алмай, олардың қоғамдық мәдени дамуы мен сабақтастығына мән беріп, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан баға береді. Өзі көтеріп отырған күрделі теориялық мәселенің негізгі түйінін ашуға тырысады. Р. Нұрғалидың бұл еңбегі ұзақ уақыттар бойы сарқыла зерттеу нәтижесінде дүниеге келді. Осы салада жүргізген ізденістері мен көптеген құнды ғылыми топшылаулар өз жемісін берді. Монографияда қазақ пьесалары жанрлық тұрғыдан жіктеліп, белгілі бір ретпен қарастырылады. Қазақ қаламгерлерінің алпыстан аса пьесалары ғылыми тұрғыдан зерттеліп, олардың идеялық-көркемдік қасиеттері, жанрлық-стильдік сипаттары ашылып талданады. Ғалым драмалық шығармаларды бұрынғы зерттеуші ғалымдар сияқты трагедия, комедия, драмаға бөліп, әр жанрдағы шығармаларды ішкі сипаттарына қарай бірнеше бөліктерге бөледі. Монография «Трагедиялық тартыс және трагедиялық характер» деген тақырыппен ашылады. Ғалым қазақ әдебиет тануында алғаш рет драманың негізгі түрлерінің бірі трагедияға жан-жақты жанрлық тұрғыдан сипаттама береді: «Драматургия жанрларының ішінде өмірге айрықша жақын түрі-трагедия, өйткені бұл формада тіршіліктің сан алуан қайшылықтары, ғаламат тартыстар, құштарлықтар мен сезімдер шайқасы, ойлар мен идеялар қақтығысы ерекше зор пафоспен, әрі реалистік тереңдікпен бейнеленеді. Классикалық әдебиеттегі трагедияларда дара тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтармен кереғар қайшы келуі, бітіспес күреске түсуі көрсетілген. Трагедия қаһармандары сұм заманның қатігез әдеттерімен шайқаста опат болады; олардың алдарына тас қамалдай неше түрлі кедергілер, асу бермес тосқауылдар тұрады; трагедия асқақ рухты қайсар жанның алапат күресін суреттейді. Трагедия қаһарманы теңіздей сұрапыл тебіреніс құшағында; ол өз ішіне терең бойлайды; қамырықты, қайғылы азапты хал кешеді; кедергі,

қарсылықтармен қаймықпай күреседі» [8].

Трагедия категориясына қатысты көптеген ғылыми зерттеулер жазылып, көптеген зерделі пікірлер айтылды. А.В. Луначарский дүниежүзілік драматургия тарихына сүйене отырып, трагедияны символдық және реалистік деп екі салаға бөліп қарайды. Бірінші қатарға Гетенің «Фаустын» қосса, екінші қатарға Шекспирдің «Гамлетін» жатқызады. Трагедияны оқыған немесе сахнадан көрген адам орасан зор тебіреніске түсіп, сан алуан сезім толқынына бөленеді, қапалы ой құшағына енеді. Бұл идеялық-эстетикалық әсер ету ерекшелігін Аристотель - жан ашу, қорқыныш һәм қуаныш сәттерінің шарпысуынан туған ерекше күй деп атайды.

Ғалым трагедияның тағы бір маңызды сипатына кейіпкердің үлкен қателік жіберіп, зор адасуларға ұшырайтынын жатқызады. «Бұл әлеуметтік жағдайлар мен қоғамдық қарым-қатынастар тудыратын, кейіпкердің өз еркінен тыс, оның идеал-мұраттарын күйретіп, мақсатына жеткізбей мерт қылатын зауал іспетті, тағдыр мен жазмыш бұйрығы тағылеттес ерекше жағдаяттардан шығады».

Сонымен ғалым трагедияға жан-жақты жанрлық тұрғыда сипаттама жасай отырып: «Сөйтіп, трагедия - драматургияның қаһарлы тартыстар мен адасулар шайқасы қат-қабат өмірлік объективті қайшылықтарын терең образдар арқылы ашып, зор айқастар, үлкен күрестерді бастан өткеріп, шындыққа жету жолында опат болатын күрделі тұлғаның қайғы- шері, мұң-ызасы эмоциялық-эстетикалық ғаламат әсермен оқырманға (көрерменге берілетін. болмыстың қаны сорғалаған сұрапыл шындықтарын айқара ашып, қопара бейнелейтін іргелі жанры. Әрине, қалыпты өмірдің өзіндік тілек. талап, шарттары мен тарихи, трагедиялық тұлғаның мақсаты арасындағы күрес, конфликт, тартыс атаулының әр қоғамда, әр дәуірде, әр әлеуметтік, ұлттық ортада сан алуан форма, көрінісін тудыруы - объективті заңдылық. Трагедиялық тартыстар мен адасулар табиғатын, эстетикалық-эмоциялық әсер ерекшелігін сюжеттік материал, көркемдік-композициялық құралдар жүйесін, тақырыптық идеялық нысананы ескере отырып, қазақ трагедиясын мынадай салаларға бөлуге болады: а) эпикалық трагедия; ә) тарихи трагедия; б) адамгершілік- тұрмыстық трагедия», — деп бірнеше бөлікке бөледі [8]. Бұл жүйелеуден ғалымның драмалық шығармаларды жан-жақты терең зерттеп, жанрдың ішкі жақтарына көп үңілгеніне көзіңіз жетеді. Бұл зерделеу монографияның жаңалығы деп айтуымызға да болады.

Ғалым қазақ әдебиетіндегі классикалық үлгіде жазылып, жанр шарттарына толық жауап беретін ұлттық құндылығымыз - «Еңлік-Кебек» трагедиясын алғаш рет жоғары бағалап, әдеби- эстетикалық талдау жасады. Бұл шығарманың эпикалық трагедияның барлық талабына сәйкес келетінін дәлелдеді. Алдымен ғалым М. Әуезовтің шығармашылық зертханасына тоқталып, жазушының Шекспир шығармашылығынан аударған туындыларына тоқталады.

Р. Нұрғали монографияда ғалымдар арасында бірінші болып зерттеудің жаңа ұстанымын қолданды. Бұл дүниежүзілік әдебиеттанудағы қолданылып жүрген жаңа типологиялық әдіс еді. Ғалым зерттеуге нысаны етіп отырған шығармаларын өздеріне тән сипаттары мен ерекшеліктерін, ұқсастықтарын бір-бірімен салыстырады. Ұлттық әдебиеттің өзіне тән

ерекшіліктерін ескеріп отырады. Мұны да бұл еңбектің құндылығына жатқызуға болады.

«Еңлік-Кебектің» осы уақытқа дейінгі белгілі бірнеше нұсқаларын бір-бірімен салыстырып, сабақтастырып, оның қойылу тарихын, сахнадағы қойылымдарын тізе отырып, ғалым әрбір кейіпкерге, оның тіліне, мінезіне, іс қимылына, көркем шығармадағы тартыс, мінезінің өзгеруі мен әдеби кейіпкердің өмірде болған, болмағанына, шығарма шындығы мен оның жасалуына, сомдалуына жіті көңіл бөледі. Көркем мәтінді жақсы білетін ғалым шығармаға әдеби-эстетикалық талдау жасайды. Эпикалық трагедияның жанрлық сипатына сараптама жасай отырып, оны әлемдік драматургияның жетістіктерімен салыстырып отырады. Зерттеуге әлемдік салыстырмалы-тарихи-типологиялық әдістің барлық мүмкіншіліктерін пайдаланады. Бұдан Р. Нұрғалидың зерделі білімін, жан- жақтылығын байқай аламыз.

Ғалым «Еңлік — Кебек» аңызының екі әңгіме, екі поэма түрінде жеткен төрт нұсқасын салыстырып, мынадай байламдар жасайды. «Ұсақ ауытқуларды айтпағанда, барлық нұсқадағы оқиға, оның баяндау реті, аяқталуы, аты аталатын адамдар, негізінен бірдей. Адам бейнелерін кескіндеу де ұқсас. Кебек батыр. Еңлік - асқан махаббат иесі, Кеңгірбай опасыз болып көрінеді. Шыңғыстау, Орда, Хан, Доңғалаң, Ащысу барлық нұсқада айтылады. Нысан Абыздың бал ашқан сөзі, Еңлік портреті, бүркіт салу суреті сөзбе-сөз дәл келіп отырады. Бірталай тіркестер, жеке детальдар, жаулар үстерінен түскендегі қашу сәті, Кебек мойнына арқан тасталуы, Еңліктің үш тілегі, жөргекте зар қағып қалған бала өзгеріссіз қайталаынады. Барлық нұсқа Еңлік пен Кебектің өлімімен тынады. Кеңгірбайдың екі жүзділігі, тобықты, найман рулары арасындағы кикілжіңнің бас себебі тағдырдың бұйрығында, жазмыш күшінде деген идея барлық нұсқада бар» Мұхтар Әуезов жазған пьесаның сюжеті халық аңызының оның ішінде әңгіме, поэма түріндегі нұсқаларынан бастау алады [8]. Тобықты - найман арасындағы оқиға тұнып тұрған драма материалы екенін ұққан жазушы көрегендігін айта келіп: «Ру арасындағы жаңа шайқасқа Кебек-Еңлік ісі сылтау. Дабырайып, өсіп, шегіне жете сыздаған алтыбақан алауыздық бұлтының түйісуіне кездейсоқ бір оқиға, титтей себептің өзі жарап жатыр еді. Пьеса көркемдігімен бірге ғалым пьесада орын алған олқылықтарын да көрсетеді. Пьесаның алғашқы екі нұсқасындағы басты олқылық дүниетаным саяздығына тіреледі. Автор екі жас трагедиясының ең негізгі себебін алауыздықта, билердің қатігездігінде деген ойға мегзейді.

Ғалым әртүрлі елдер әдебиетінде кездесетін бір туындыға қайта-қайта оралып, әлденеше рет өңдеу дәстүрінің де М. Әуезов шығармашылығына тән екенін айта отырып, жазушы өзінің тырнақалды шығармасы «Еңлік-Кебекке» қаламы шыңдалып, үлкен жазушылық мәдениетке ие болған кезеңде 1943 жылы бір, 1956 жылы екінші рет оралып, пьесаға мол өзгерістер енгізіп, қайтадан өңдеп шыққанына тоқталады. Пьесаның алғашқы нұсқасындағы сюжеттік желінің қалдырылып, тек трагедияның негізгі идеясын ашуға, конфликтінің өрбіп, асқынуына еш қатысы жоқ эпизодты алып тастағанын айта отырып, «трагедиялық қақтығыстың жойқын көрініс беруі үшін ұсақ бұрылыстарды, жай кикілжіңдерді қысқартып тастау қажет болды» - дейді.

[8] Сонымен қатар драматургтың аса үлкен шығармашылық табыстарын да көзден таса қылмайды. 1943 жылы жазылған нұсқа мен 1956 жылғы жазылған нұсқаның басты айырмашылықтарын айта келіп, қазіргі театрда қойылып жүрген нұсқаға тоқталып, алғашқы нұсқа мен осы нұсқаның арасындағы түбірлі мазмұндық, идеялық айырмашылықтарды, көптеген стильдік өзгешеліктерді салыстыру арқылы көрсетеді. «Сөйтіп, Мұхтар Әуезовтің әуел баста халықтың аңыз негізінде туған «Еңлік-Кебек» трагедиясы талант құдіретімен әлденеше рет редакцияланып, жаңғыртылып, байытылуы арқасында образдарды кесек-кесек, тартысты шыңыраудай терең, тілі ғажап шұрайлы классикалық туындыға айналды» - деп жоғары баға береді [8].

Ғалымның зерттеу еңбектерінің ерекшелігі жайында ғалым-зерттеуші Т.Нұртазин: «Р. Нұрғали «Еңлік Кебек», «Бәйбіше - тоқал», «Қарағөз», «Абай» трагедияларына текстологиялық зерттеулер жүргізді. Текстология шығарманың нұсқаларында қандай өзгерістер болғанын, әр нұсқаны салыстыра отыра зерттеу бізде қазір бар. Бірақ ол кең өрістеніп, дами қойған жоқ. Өйткені текстология жұмысы көп нәрсе. «Еңлік Кебектің» революцияға дейінгі төрт түрлі нұсқасы бар екен. М.Әуезов «Еңлік Кебек» трагедиясын үш дүркін түзеп, редакциялап жаңалаған. Жеті дүркін түлеген дүниені салыстыра зерттеп көр! Көп зерттеудің текстологияға бой ұрмайтыны да сондықтан. Екінші текстология салыстыру ғана емес, жаңаланған нұсқасында неден арылды, неше қасиеттер бойына дарып, идеялық-эстетикалық құдіреті қаншасына артты – соны ажырату. Мұны зейіні алғыр, талғамы алғыр, талғамы, танымы күшті сыншы ғана жасай алады. Оған әуелеті жетпеген зерттеушілер: «Пәлен бетін, жолын, сөзін алып тастапты, пәлен бет жоқ, пәлен сөз қосыпты» деп текстологияның сырт көлемін долбарлай шамалап өте шығады

Р.Нұрғали «Трагедия табиғатында» М.Әуезовтің аталған шығармалары текстік өзгерістер нәтижесінде неден арылғанын, недей қасиеттер үстелгенін жан-жақты талданған, таныған, батыл тұжырымдар жасаған» деп жазады [9].

Ғалым жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің дамуын социалистік революция жаңғырығымен сабақтастырып байланыстырады. Сонымен қатар төл әдебиетіміздің інжу-маржаны, қайнар көзі фольклордың да қазақ қаламгерлерінің творчествосына айрықша әсер еткеніне тоқталады. Р. Нұрғалиев Жұмат Шаниннің шоқтығы биік шығармаларының бірі «Арқалық батыр» трагедиясын зерттей отырып, қазақ фольклоры мен драматургиясының арасындағы күрделі байланысты ғылыми тұрғыдан саралап береді. Бұл шығарманың туу, жазылу тарихына, уақытына көз жүгірте отырып, ғалым пьеса нұсқаларын салыстырып, айырмашылық, өзгерістерін көрсетеді. Архив түбін ақтарған ғалым «Көзі тірісінде Жұматтың өзі де «Арқалық батыр» трагедиясының материалын халық жырынан, Ержан ақын аузынан алғанын айтқан екен. Қазақ ССР Ғылым академиясы қолжазба қорында Арқалық батырдың есіміне байланысты бірнеше материал бар. Олар: 1) 1939 жылы Құлсариев Ертай тапсырған «Арқалық батыр» жыры, 336-шы папканың 59-119 беттері; 53 папканың 346-405 беттері; Екеуі бір-бірін қайталайды. 2) Қабыш Мұсайынов пен Дәуітқан

Ибрагимовтар тапсырған нұсқалар. 366-папка а) «Арқалық батыр», 1-2 беттер. б) Арқалық батырдың қазақ-қалмақ барымталас кезінде Әз Жәнібек ханның жылқысын қалмақтан алып келгені туралы. 19-21 беттер. Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің редакциясымен 1961 жылы шыққан «Батырлар жырының» екінші томына Ержан Ахметовтен 1958 жылы Бекмұрат Уахатов жазып алған нұсқа енгізілген» деп нұсқа түрлеріне сипаттама беріп, салыстыра отырып пьесаның негізі фольклорда жатқанын айтады. Ғалым Ержан Ахметов нұсқасы мен пьеса арасындағы ұқсастықтар, есімдер өзгешеліктері жайында айта келіп пьесаның фольклор нұсқасынан өзгешеліктерін де көрсетіп береді. «Арқалық батыр» трагедиясына байланысты материалдарды түгелдей салыстыра тексерген ғалым пьеса сюжетіне Ертай Құлсариев тапсырған варианттың жақындығын айтады. Пьесаға ғалым «Арқалық батыр трагедиясына әдеттегі драмалық шығармаларды талдау-образдарды бағалау, идеяны көрсету, конфликтінің ажырату, сюжет ерекшеліктерін айқындау тұрғысынан келуге болмайды. Өйткені бұл туынды – ұлттық әдебиетіміздегі ең алғашқы күрделі пьесалар үлгісінің бірі. Сондықтан негізгі көркемдік компоненттерге анализ бере отырып, диалогтың жасалуы, авторлық ремаркалардың түрлері, көріністер, перделер арасындағы байланыс, тіл бояулары - сияқты мәселелер төңірегінде де байлам жасау қажеттілігі туады» деп баға береді. Пьеса бөлімдеріндегі кейіпкерлер санын драматургия классиктері Шекспир, Грибоедов, Гоголь, Толстой пьесаларындағы кейіпкерлер санымен салыстырып, пьесадағы кейіпкерлер санының шағындылығын, авторлық ремаркалардағы кейіпкерлер жасының дәл көрсетілуі сияқты ерекшеліктерін де ғалым көзден қалт жібермейді. Ғалым драмада тартысты күшейту мақсатында автордың шарттылыққа, әсірелеп, шығындата бейнелеу әдістерін қолдануда фантастика элементтерін алуға болатынын, бұл әдістердің жемістілігін сонау XVI ғасырдың өзінде ұлы Шекспир өз творчествосында көрсетіп бергенін, қазақтың тұңғыш драматургтері Әуезов, Кемеңгеров, Шанин шығармаларында кездесетін фантастика элементтерінің эпостан келгенін айтады. «Халық әдебиеті дәстүрлерімен европалық драма үлгісін ұштастыра жасалған Шанин трагедиясының көп тұстарында эпостық сарынға қалтықсыз бағынып кетушілік бар. «Трагедияның әр бөлімі жеке пьеса, аяқталған шығарма. Алғашқысындағы негізгі конфликті-хан мен қарадан шыққан батыр арасындағы тартыс. Жиырмасыншы жылдардағы ұлттық драматургиялық дәстүріміздің болымсыздығын ескергенде, тарихи тақырыпқа мұндай үлкен пьеса жазылмағандығын ойлаған кезде Жұмат Шанин трагедиясының әдебиетіміздің тарихындағы көрнекті орны барлығы дау туғызбайды» деп ғалым бұл пьесаның шынайы бағасын береді Шеберлікке қатысты олқылықтары, жетімсіздіктері болғанымен бұл трагедияны ғалым қазақ драматургиясының жаңа туып келе жатқан алғашқы кезеңіндегі күрделі туындыға жатқызып, пьесаны ұстап тұрған әлеуметтік конфликт, түйдек-түйдек монологтар, ілік-қақпа диалогтар барын айта келіп, шығарманың жанр шарттарына сәйкес келетінін көрсетеді. Шынында да жиырмасыншы жылдардағы ұлттық драматургиялық дәстүріміздің баландығын, тарихи тақырыпқа жазылған үлкен пьесалардың жоқтығын ескерсек Жұмаи Шанин

трагедиясы әдебиетіміздің тарихында үлкен орын алатыны даусыз.

Р.Нұрғали қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, бірақ әртүрлі себептермен зерттеу жүргізілмеген шығармалар жайында да тың деректер береді. Соның бірі - Ғ.Мүсіреповтың ауыз әдебиеті негізінде жазылған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясына дейін жазылған Жұмат Шаниннің осы тақырыпта пьеса жазғандығы туралы мәлімет. Сонымен қатар ғалым Ғ.Мүсіреповтің трагедиясын да эпикалық трагедияның жауһар үлгісі ретінде жоғары бағалайды. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының сахнаға ықшамдалған формасы туралы: «Жыр мен трагедияны салыстыра қарағанда, драматургтің сюжет түзеуде, тартыс өрбітуде, характер сомдауда жасаған сан-алуан жаңалықтары анықталады. Бесік құдалық негізінде күні бұрын шешілген махаббат желісі жырдың басты өзегін құраса, трагедиялық күрес ескілікпен жаңалықтың арасында өтеді. Пьесада рулық тартыс емес, әлеуметтік-таптық қақтығыстың көрсетілуінде мән жатыр» деген ғалым пікірінен трагедияға берілген әділ баға екенін ұғамыз.

Әдебиеттер:

- Бахтин М. Достоевский поэтикасының проблемалары // Москва, 1972. – 178-179 б.
- Нұрғали Р. Трагедия табиғаты. – Алматы, 1968. – 251 б.
- Нұрғали Р. Талант тағдыры. – Алматы, 1969. – 125 б.
- Нұрғали Р. Күретамыр. Қазақ драматургиясының поэтикасы. – Алматы, 1979. – 235 б.
- Нұрғали Р. Өнер алды - қызыл тіл. – Алматы, 1974. – 152б.
- Нұрғали Р. Өнердің эстетикалық нысанасы. – Алматы, 1979. – 192 б.
- Нұрғали Р. Драма поэтикасы. – Алматы, 1982. - 241б.
- Нұрғали. Р. Айдын. Қазақдраматургиясының жанр жүйесі. – Алматы, 1985. – 370б.
- Нұртазин Т. Байсалды зерттеу. – «Лениншіл жас» – 1969. – 111 б.

Дуйсенбаева Р.И.

Р.Нурғали и казахская драматургия

В статье рассматриваются многосторонние исследования казахской драматургии и вклад в казахское литературоведение ученого Р.Нурғали. Рассказывается, что ученый вместе с исследованиями природы казахской драматургии и системы жанра, открыл законы периодов литературного развития, особенности и поэтику жанра драма.

Ключевые слова: жанр, эстетика, драма, искусство, классический, образ, литературоведение

Duysenbaeva R.I.

R. Nurgali and the Kazakh dramaturgy

The article discusses multilateral research of Kazakh dramaturgy and contribution to Kazakh literary criticism by scientist R. Nurgaly. Described that a scientist with the researching of the nature of the Kazakh dramaturgy and genre system, at the same time discovered the laws of the periods of literary development, features and poetic of drama genre.

Keywords: genre, aesthetics, drama, art, classic, image, literary criticism

ӘОЖ: 37.035.6:512.1

*Дүйсенбаев А.Қ. – п.ғ.к., доцент,**Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ**E-mail: adk7575@mail.ru**Балтымова М.Р. – ф.ғ.к., аға оқытушы,**Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ**E-mail: mbr76@mail.ru*

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ОТАНСҮЙГІШТІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: Аталған мақалада қазақ хандарының тағылымдық мұраларындағы тәрбие мәселелері, ондағы салт-дәстүрлердің тұлға тәрбиесіндегі орны мен мәні туралы мағлұмат беріледі. Сонымен қатар қазақ хандарының тұлға болып қалыптасуындағы қазақ этнопедагогикасының роліне сипаттама жасалған.

Кілт сөздер: тұлға, хандардың тағылымдық мұрасы, хандар отбасындағы сұлтандар тәрбиесі, даналық, отбасылық тәрбие, отансүйгіштік тәрбие, ел басқару, кәміл адам.

Әлемдік тарих сахнасында үш мың жылдық салты бар көшпенділер өркениетін қалыптастырған, ұрпақтарын үлгіге үйреткен даланың мемлекет қайраткерлері хандар, данышпан билері, батырлары болатын. Әрқайсысы ел-жұртының қуанышы мен қайғы-қасіретін, ерлігі мен ептілігін еселеп, ел қамын ойлап, қазақ мемлекетін құруға, халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, жол-жоралғысын реттеуге, заңдастыруға үлкен ықпал етті. Оның дәлелі ертедегі түркі елінің билеушісі Күлтегін туралы: «Сәби кезінде ер-тоқым оның бесігі, жауынгер кезінде ер-тоқым оның отырар тағы болды. Оның ойыны да, өмірі де соғыс өнерін үйренумен өтті. Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сінді», - дейді. Демек, ел билеушісінің бойындағы ерлік қасиетінің қалыптасуына анасының игі ықпал еткенін байқаймыз. Сондай-ақ отансүйгіштік тәрбие берудегі ұлттық салт-дәстүрлердің маңызына сипаттама берілген [1, 61 б.].

Оның жалғасы болған қазақ хандары әділ билігі, тапқыр шешендігімен қалың елі қазағының атынан сөйледі, көкейкесті ойларын бір кісіге емес, халқына арнады. Сондай-ақ, қазақ хандарының тағылымдық мұраларында елдің болашақ өркениеттік үлгіде дамуында салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың басты роль атқаратындығын, тәрбиелік қағидалардың маңызды екендігін, әрі әсерлі сипат алатындығын көрегенділікпен тани біліп, ата салтын сақтау мен жүйелеуге аса мән берген, тіпті белгілі бір тұстарда халықтың тағылымдық мұралары оған сүйенген деп те айтуымызға болады. Себебі, ата салты халық санасындағы сан ғасырлар бойғы қалыптасқан архетиптер, сана түкпірінен тамыр тартатын қалыптасып қалған ішкі дүниеден хабар беретін жадыдағы мәліметтер. Оларды сақтаудың және орындаудың қатаң далалық заңдылықтарын ұсынған, ұмытпау мен ескеріп отырудың біліми дағдыларын жетілдірген. Үйретушілік пен берері мол сарқылмас қорларын

пайдалана білген, әуел бастан бәрінің жауабы дайын мәліметтердің кеңдігі мен әмбебап дайын күйлеріне қызыққан. Ұрпақты тәрбиелеудің негізгі, басты ықпал етуші құралы да осы деп білген. Осындай хандардың тағылымдық мұралары дәстүршілдік қағидалары бойынша өмір сүрудің заңды нәтижесі күні бүгінге дейін өз бетінше орнын тауып келеді. Қазақ хандарының тағылымдық мұралардағы ел бірлігі, жері мен атамекеніне құрметпен қарау жөнінен кейінгі ұрпақтарға үнемі үлгі болатын нұсқа болып табылады.

Қазақ халқының XV ғасырдан басталатын хандық кезеңінің тарихы да көптеген деректерге дәлел болады. Ел Тәуелсіздігі үшін күрескен халқымыз, оны бастаған тарихи қайраткерлеріміз, еңселі тұлғаларымыз болды. Бірақ кеңес дәуірі кезінде ұлы державалық саясат кесірінен еліміздің тарихи шежіресі, тарихта із қалдырған қайраткерлеріміздің өмірі туралы ел аузындағы, халық жадындағы, көркем туындылардағы деректері жеткіліксіз деген желеумен тарихи зерттеулер оң қабылданбады. Осыған күйінген қазақ ақыны Ғафу Қайырбеков: «Өзге жұрттың хандары жақсы болып, біздің хандар қалайша жаман болған?» - деп ашына айтқан еді [2, 88 б.].

Сол кездегі қоғамның дамуына, тарихқа таптық көзқарас тұрғысына қарау салдарынан тарихи тұлғаларымыздың ролі төмендетіліп, хан болса – ел қанаушысы, батыр болса – есер, тентек, би болса – әділетсіз, ханның сойылын соғушылар деп танылып, тарихи шындықтан өзгеше, бұрмаланып көрсетілді немесе әдейі ұмыттыру мақсатымен тарихи зерттеулерде айналып өтіп, оқулықтардан аластатылды. Ел тәуелсіздігін ту етіп көтеріп, отаршылыққа қарсы халықтың наразылығын қолдап, оның ұлт-азаттық көтерілісін бастаған Кенесары хандай баһадүрлер туралы терең зерттеп, шынайы тұлғалық қасиетін ашуға ұмтылып, саяси қысымға мойынсұнбай зерттеген Е.Бекмаханов сияқты ғалымдар қудаланды. Оның есесіне басқа елдердің, яғни Батыс Еуропаның императорлары мен корольдері, әсіресе орыс патшалары дәріптеліп көрсетілді. Мұндай сорақылықтарға бұдан былай жол бермеуіміз керек. Себебі осыншама алып территорияны, тұтас қазақ елін ғасырлар қойнауынан аман алып, бізге бақытты өмірді сыйлаған хандар мен батырлар, билер мен ғұлама-ойшылдар деп білеміз.

Белгілі әдебиет зерттеушісі Б.Бораш қазақ хандарының әдеби мұрасын зерттей келе, хандардың тұлғалық бейнесіне сипаттама береді: «олардың ел басқарудағы меритократиялық ұстанымы, яғни ақылмен, ерлігімен, батылдығымен халық көңілінен шыққанда ғана хан деп танылған» [3, 493 б.].

Жеке тұлғаны қазақ хандарының тағылымдық мұраларындағы отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі этнопедагогика тарихының ғасырлардан ғасырларға ұласып келе жатқан ұлы мақсат-мұраттардың ішіндегі ең бастысының бірі болып саналады. Ал қазіргі таңда сол бір ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан отансүйгіштік тәрбиенің негізгі мақсаты – отансүйгіштік рух, азаматтық парыз, Отан алдындағы борыш, елдік пен бірлік ұстанымдары болып табылады. Демек, мұндай тағылымдық өнегелердің дені ұлт ойшылдары мен қоғам қайраткерлерінің мұраларындағы отансүйгіштікке тәрбиелеудегі «отансүйгіштік рух» идеяларымен байланысты болып келеді. Осыған сәйкес, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Рух – 1. *Философ*. Табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы білдіретін философиялық ұғым. 2. Рухани күш-

қуат, батылдық», - деп сипаттама беріледі [4, 693 б.]. Ал философиялық сөздікте: «Рух (лат. «spiritus» – леп, дем, иіс) – сөздің кең мағынасында материалдық бастамаға қарағанда идеалдыққа санаға бабарабар ұғым», - деп келтіреді [5, 367 б.].

Олай болса, рухты санаға қатысты қарастырамыз. Сана тек адамға ғана тән болса, рух –сананың объективті мәніне ие болған көріну формасы. Адамның дүние туралы түсінігі негізінен рухани қасиеттерді тануға байланысты болып келеді. Ал рухани қасиеттер әлеуметтік ортада қалыптасады. Демек, әлеуметтік орта мен рух адам болмысының басты анықтаушыларының бірі болып табылады. Біздің пікірімізше, рухы биік, күшті елдер қашанда бағы таймаған, «мың өліп, мың тіріліп», жасампаздыққа қол жеткізген. Ондай жасампаздықты жасаушы рухы биік тұлғалар. Ал, ондай тұлғаларды өмірге әкелетін көп факторлардың бірі әлеуметтік орта, әлеуметтік бағыт-бағдар, тәлімдік тәжірибелер болып табылады.

XV-XVII ғасырларда өмір кешкен ақын-жыраулардың поэзиясынан халықтың ой-өрісін, салт-санасын, тілек-мақсатын айқын аңғарамыз. Олар өз толғауларында халықтың небір нәзік сырларын, келер ұрпаққа айтар өсиетін, мұң-мұқтажын, қуаныш-сүйінішін, қайғы-қасіретін аша білді. Біз оны XV-XVII ғасырларда өмір сүрген қазақ даласының қоғамдық-саяси, әлеуметтік ой-пікірлерінің көшбасшысы болған Доспамбет, Сыпыра, Қазтуған, Асан қайғы, Бұқар жыраулардың толғауларынан байқаймыз.

Профессор Ғ.Есім ұлттық рухани мұралардың философиялық-әлеуметтік тұрғыдан жалпы бағдарларын ұсынуда оның тұжырымдамалық ұғымдарын сараптайды, яғни: «...ұлттың жаңғыруы – Қазақ Ренессансы, Қазақ елінің мәңгілігі», - деп келтіреді [6, 50-88 бб.].

Аталған ой-тұжырымдарға сәйкес, тарихи тәлім-тәрбиенің қазақтардың төл дүниетанымында қалыптасуын Асан Қайғыдан бастауға болады, оның «Жерұйық» романтизмін халықтың жақсы, бақытты өмір сүруін армандаған алғашқы тарихи формасы [7, 65 б.]. Бұл жерде «Неліктен Асан Қайғыны атап айту керек, өзге де тұлғаларды неге елеусіз қалдыруға болады, ол қалай ұйтқы болып табылады» деген сияқты сауалдар туындайды. Себебі Асан Қайғыны түбегейлі түсіндіру – ұлттық мұрат-мақсаттарды аша түсудің басты қырларының бірі. Сондықтан, біздіңше, Асан Қайғы ілімдерінің оптимистік (Жерұйық) парасаты мен пессимистік (Ақыр заман) сарындарындағы нақты көрінісін былай ашып көрсетуге болады: Оның бүкіл қазақ сахарасын шарлауы жөніндегі аңыз баршамызға аян, бұл құбылыс қана, ал «оның мәні неде, ол неге ел кезіп жүр?» деген сауал туындайды:

- «Дүниені кезушілік» қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуы үшін территориясын белгілеудің символдық және шынайы көрінісі;
- «Менің елімнің жері» деген кең даласына, атамекеніне сүйіспеншілік қатынас орнықтыру және оны кейінгі ұрпақтарға жария ету.

Сайын далада, осы территорияда емін-еркін өмір сүрудің айқын үлгісі «Жерұйық» – символдық кеңістігі, аңыз бойынша Асан Қайғы оны таба алмайды, әрі тапқандай болады. Демек «Жерұйық» – әрбір азаматтың туған жері, Отаны мен туған елі болып табылады» деген отансүйгіштік сезімін келешек ұрпақтарына паш етеді, мәңгілік канон ретіндегі қағидаға айналдырады. Ал келесі «Қазақ елінің мәңгілігі» деген түсінік-мұраттар

негізінде құрылған пафостық түрде перспективтіліктің шынайы болашақ қуаттылық деңгейін ашады. Яғни мұнда шабыт пен жігердің, белсенділік пен ұмтылыстың стратегиясында жатыр. Бұл параллелизмнен: «Жерұйықты» (өз Отанын) қастерлеу – Қазақ елінің мәңгілігінің сақталуының кепілі» деген тұжырымдама негізге алынады. Яғни тарихтың жоғалтқанын бүгіннен іздеу, бүгінгінің талабын тарихта кеткен қателіктерден арыла отырып қанағаттандыру, келешекке халық тарихының тәлімдік тәжірибесі арқылы үңілу болып табылады.

Қазақ халқының тарихтағы кемеңгер тұлғаларының бірі – Бұқар жырау 1668-1781 жылдары өмір сүрген. Деректерге келетін болсақ: «Абылай ханның ақылшы биі, абыз. Халық оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қарасөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, жырмен сөйлейтін болған. Бұқар жыраудың өмір сүрген уақыт елдің қиын-қыстау кезі болатын. Осындай сын сағаттарында Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, халық бірлігін сақтау жолында еңбек етті. Оның төрелік сөздері «Абылай ханның қасында», «Ай, Абылай, Абылай!» т.б. толғауларында көрініс табады [8, 456-457 бб.].

Бұқар жырау халықтың сөзін ханға жеткізіп, ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді шешіп қана қоймай, ел бірлігін сақтау, халықты сыртқы жаулардан қорғау мақсатындағы күреске жұмылдыруды көздейді. Бұқар жыраудың тағылымдық сөздері кең мағыналы болып келеді. Мысалы:

«Ежелгі дұшпан ел бомас,
Көңілінде кірдің таты бар.
Ежелгі дос жау болмас,
Айтысқан оның серті бар», - деп келтіреді.

Бұқар жыраудың «отансүйгіштік рух» туралы мұраларының дені ұлағатты сөз бен өсиетке арналады. Оның «Тілек» атты толғауында нақты берілген. Негізінен 1-5-ші тілектер Алла Тағалаға байланысты айтылса, 2-ші тілек адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты, 3-ші тілекте адамдардың сырт келбеті, киім киісі бейнеленсе, 4-ші тілекте адам денсаулығы туралы айтылады, 5-6-7-8-ші тілектерде ерлік пен батырлық, ел қорғау туралы толғаулар болса, 9-шы тілек ел басқару мәселесіне арналады, 10-11-ші тілектерінде отбасы тәрбиесі туралы өсиеттер айтады. Яғни:

«Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Ер шұғыл пасық залымның

Тіліне еріп азбасқа...», – деген тағылымдық өнегелерінде ел бүтіндігі мен ауызбіршіліктің маңызы зор екендігі жырланады.

Бұқар жырау Қалқаманұлы толғауларының негізгі идеясы – ел бірлігін сақтау, атамекенді жаудан азат ету, көшпенділік өмірдегі салт-дәстүрлерді бейнелеу, өз заманындағы қара халықтың мұң-мұқтажын ханға жеткізу және халық батырларының ерлігін халыққа насихаттаудан тұрады.

Демек, мұндай тағылымдық өнегелердің дені қазақ ойшылдары мен қоғам қайраткерлерінің мұраларындағы жастарды адамгешілікке, ізгілікке, әдептілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеудегі ұлттық идеялармен байланысты. Мұндай өнегелік идеяларды біз: «Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың

қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір деректері арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Содан болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шыңдауға көбірек мән беріледі. Дәл сол сияқты шежірелік дәстүрде де қоғам дамуының жалпы ахуалынан бұрын, алдымен адам туралы мағлұмат беру басты нысана болып отырады», - деген дәстүрге сәйкестендіреміз [9, 3 б.].

Түркі елдеріне ортақ ғалым, тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати – Жетісу өлкесіндегі Дулат тайпасы әмірінің ұрпағы. 1541-46 жылдары Кашмирде «Тарихи-и Рашидиді» жазады. Аталған еңбекте түрік халықтарының этнографиясы, тәлім-тәрбиесі, шығыс данышпандары Рашид ад-Диннің, Абдуразак Самаркандидің, Бабырдың тағылымдық мұраларын хатқа түсірген. Сонымен қатар қазақ халқының салт-дәстүрі мен тағылымдық өнегелерінен тың мағлұмат беретін деректер бар. Мұхаммед Хайдар өзінің «Тарихи-и Рашиди» жазба мұрасында жеке адамға атамекенін қорғаудағы отансүйгіштік тәрбиенің ролі туралы, халық салт-дәстүріндегі ата-бабалар өнегелеріне сипаттама береді. Мұхаммед Хайдар Дулатидің негізгі педагогикалық идеялары ел бірлігі мен тұтастығын сақтауға бағытталған. Ол ел басқаратын сұлтан мен әмірдің екі қасиетін атап өтеді: «Біріншісі – қайтпас қайсарлық, парасат пен ақыл қажет. Екіншісі – батылдық пен төзімділік. Мұндай қасиеті бар пенденің іс-әрекеті қылыш пен садақ күшінен артық», - деп тұлғаның бойындағы ерекше қасиеттеріне тағылымдық баға береді [10, 121-122 бб.].

Жоғарыдағы мысалдардан ақсүйектер сарайына тән салтанатты тұрмыс пен қазақ жауынгері мен бектерінің өмірін шынайы батырлық образын бейнелейтін байқаймыз. М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде бұл айтылған даналық сөздер, мақал-мәтелдер, сондай-ақ Ислам дінінің имандылық негіздерінен мәлімет беретін, әрі фәлсафалық ойға құрылған көптеген *астарлы* сөздер т.б. кездеседі. Қазақ халқының этнопедагогикалық мұрасы «Тарих-и Рашидидің» тілі мен көркемдік табиғатында өз ұлтымыздың әлеуметтік және мәдени өмірінен сыр шертетін әдемі де әсерлі көріністерді көптеп келтірілген. Өсіресе, күн сайын нығайып келе жатқан қазақ хандығы мен оның баһадүр билеушісі Қасым ханның сахара көшпелілерінің жауынгерлік рухы, қазақ халқының этнографиясы туралы баяндаулары негізге алынады [11, 28 б.].

Хандардың тағылымдық мұрасы – сол халықтың даналығы мен ой-санасынан орын алған тәрбие құралдары. Халықтың ой-санасы оның мәдениетіне, рухани мұрасына, табиғи болмысы мен ойлау машығына, өмір сүру тәсілі мен діни наным-сеніміне, күнделікті тұрмыстағы әдет-ғұрып, рәсім-салтына сүйенеді. Осы әр түрлі деңгей мен көріністегі факторлар ой-сананы өзінше ұйтқы етіп келді. Руханияттың өлшемі, қолдаушысы және қорғаушысы – билік, басқару, әкімшілік. Қазақ халқының мемлекет болып ұлғаюына, елдігін құрып орнығуына орай хандардың рухани дәстүрі қалыптасты, ықпалы артты.

Хандар отбасындағы сұлтандар тәрбиесінің мақсаты – тұлғаны тәрбиелеу, адамдыкка баулу, өнегелі азаматты қалыптастыру, адамға қажетті

ізгі қасиеттерді үлкен құндылық дәрежесіне жеткізу болатын. Бұл мәселелер – тұлғалық пен елдіктің тұтқасы. Хандар сол тұтқаның ұстанымын айқындады және соған сүйенді. Яғни кісілікке қайшы іске қарап тұрмау, кісілікке қайшы сөзге бас шұлғымау, кісілікке қайшы былыққа батпау мәселелері осы ұстанымның негізін құрайды. Мысалы, көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романындағы Әбілқайыр хан бейнесі туралы академик С.Қирабаев: «Әбілқайыр ханның жаратылысы олардан бөлек. Билік басындағы отырған адамдарға тән даңғойлық, кеудемсоқ мінездерден аулақ. Хан тұқымына тән тектілігі мен қарапайымдылығынан өзін сыпайы ұстап, халықпен ойлы, салмақты қарым-қатынас жасайтын. Көп ортасында болады, сөз тыңдауға, адам тануға ұмтылады. Оның осы жолдағы адамдық ізденістері, мінез-құлқын қалыптастыруы, толысуы ерекше қызықты сипатталады. Ол романда хан бейнесін ел өмірінің кең тынысымен астастырып, жарқын бейнелейді. Онда Әбілқайырдың жас кезіндегі кедей деп кем тұтпай, Тайланды тең ұстап, дос болуы – оның азаматтығын танудан туған көрегендігі еді. Тентек інісі Мамай Тайланға зорлық жасап, шұбар атын тартып мінгенде, ол інісін жазалап, әділдік жағын ұстайды. Осыны байқаған Әйтеке би: «Төренің бағы – қарашаның қайраты. Қарымдыдан құрдас жиғаның жөн екен», - депті. Әйтеке сөзі хан тағына отырғаннан кейін де Әбілқайыр ханға сабақ болып қалғаны аңғарылады», - деп пікірін айтады [12, 87 б.].

Кісілік қасиетті ақтау, құдіретті баптау «кәміл адам» тәрбиелеудің тиегі мен пернесін орнықтырды. Осы ережеге орай хандардың мәртебесі қалыптасты. Олар бедел үшін, ел үшін күресті. Жазушы қазақ елінің болашақ ханының ел билеушілік психологиясына үңіледі. Жазушының сипаттауында Әбілқайыр бірден көзге түсіп, билікке ұмтылмайды. Ол хан тұқымына, жалпы билік басындағыларға тән даңғойлық пен кеудемсоқтықтан аулақ. Өзін қарапайым, сыпайы ұстап, халықпен салмақты, байсалды қарым-қатынас жасайды, көпшіліктің ортасында болып, адам тануға ұмтылады. Оның хан тағына жетуге дейінгі дайындығы халық даналығымен көкірек көзін ашқанымен сипатталады. Әбілқайыр хан халық тілегін орындау мен ынтымағы аз, көшпелі жауынгер елді бағындыратын жол – ерлік көрсету екенін түсінеді. Ол ел жақсыларымен, батырлармен тізе қосып қимылдаудың қажеттілігін жете түсінді, оның айналасында Бөгенбай, Есет, Жәнібек батырлар жиналды, бұлар оның алынбас қамалына, қолдаушыларына айналды. Әбілқайыр Мәртөбе сапарында халықтың әлеуметтік және рухани тіршілігімен терең танысып, көрші елдермен қарым-қатынас туралы ойланып, қазақтың үш биі – Төле, Қазыбек, Әйтекенің сүбелі сөздерін тыңдады. Әлі батырлығымен аты шықпаған бозбала жігіттің Іле өзенінің бойында қалмақтармен соғыста ерлік көрсетуге ұмтылады. Ол бұл жолы жүрек жұтқан батырлығымен көзге түсті. Батырлықпен қоса елін, жерін жаудан қорғау болатын. Оны Есет дәл байқапты. «Сабазың қалың ел түгел таңқалып жатқанда кірпігін де қаққан жоқ. Өзін қарапайым сардарша ұстады. Мақтан мен даңққа ерген жоқ», - дейді ол Әбілқайыр ерлігіне таң қалған жұртқа. Дегенмен бұл жолы ол қалың қазақ ілтипатына бөленіп қайтты: «Аруағыңнан айналайын, қазақтан да Қалдаман туған екен ғой», - десті қалың жұрт. Көшпелі жауынгерге елдің мерейін тасытып, оның игілігіне бөленетін

жол – ел алдына осылай ерлік көрсету еді. Жас Әбілқайыр сұлтанға ол абырой, бедел әкелді. Ендігі жерде қалмаққа баратын жорық жайы сөз болса, қол бастаушы деп оның атын ел атайтын болады.

Романдағы хандар отбасындағы тәрбие туралы: «Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның ара-қатынасы, жастық сезімдері мен алғашқы кездесулері романда тамаша суреттеледі. Бірімен бірі сыйлас ерлі-зайыптылардың көпке үлгі боларлық ғибраты мол. Қазақтың салты бойынша ер мен әйелдің рәсімдерін берік ұстауы, тектілік пен ақсүйек отбасының этнопедагогикалық тағылымдарын жан-жақты көрсете білген», - деп келтірілген [12, 107 б.].

Хандардың қазақ қоғамындағы билік қызметі: «Бүкіл халықтың ынтымағын қолдаған олар ел арасында үлкен беделге ие болды. Олар биді, батырды, қараны да баянсыздықтан, қызбалықтан, жалғандықтан сақтады, дұшпандарын шындықтың шоғымен қақтады, кек пен кезірді, жайма мақтан мен мансапты төмендетпей, зәбір-зардаптың отын басты, тұсаулады. Әр заманда адамдардың сапалық жақтарын саралай білді, адам болмысының төрт түйіндерін – ақылды, рухты, нәпсіні, көңілді зерделеді. Даулы мәселелерді ушықтырмай, қауым мен ұрпақтың ниет, пиғылын күзеп-түзеді, дүмшелікке ұйықпады, рухани сырқаттан емдеді, рухани бұзылудан сақтады», - деп айтуға болады [13, 58 б.].

Қазақ қоғамындағы ел билеушілері ізгіліктің де, шындықтың да көзін тапты, істің қанағаттанарлық шешімі арқылы әділдікті жақтады. Әкенің ісін балаға, ханның ісін қараға түсірмеді, бірін астам зорлыққа барғызбады, бірін азған ұрлыққа барғызбады. Ақ тұрып, адал жүргенді үйретті. Біреудің талабымен емес, жүрегінің қалауымен халқын бірлікке, ерлікке, еңбекке, оқуға, өнер-білімге шақырды. Оның дәлелі – елімізде қазақ балаларына арнап 1841 жылы 6 желтоқсанда алғаш мектеп ашқан Бөкей ордасының ханы Жәңгір оны өз қарамағына алып, қаржыландырып отырған. Екі сыныптық мектеп 1905 жылы төрт сыныптық (қазіргі жүйе бойынша орта білім беретін) мектепке айналып, жанынан мұғалімдер даярлайтын педагогикалық курс ашылды. Жәңгір хан мектебінің бай кітапханасы болған, шекті аспаптар оркестрі және хор жұмыс жасаған.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы хандардың беделі мен абыройы ел мәртебесімен байланысты. Олардың болмысына екі ерекшелік ортақ: біріншіден, даналыққа толы тағылым, тек-түбіне бойлай білетін сабақтастық, екіншіден, ойлы даналыққа толы толғау, түсінігі терең сын көзқарас. Даналық – ой дәлдігі мен дәйектілігінде, көңілдегі көкейкесті сыр мен мұнды ашық жеткізе білуінде. Сыни көзқарас – адамды, оның тұрмысын, қоғамдық өмірді түзетудің, жөнге салудың пәрменді құралы. Олай болса, даналық дегеніміз өмір сүрудің жетілген түсінігі, өмірді жетілдіруді мақсат тұтқан сыни көзқарастар жүйесі, ал сыни көзқарас – өз елің мен жеріңдегі адамдардың жақсылығы мен жамандығын, көңілі мен пейілін, қанағаты мен жігерін, ар-намысын саралауға, сомдауға бағытталған. Қазақ хандары адамгершілігі мен үлгілі әділеттілікке деген қатаңдығымен халықтың алдында ерекше беделге ие болды.

Қазақ халқының хандары алты алаштың тату-тәтті, ақжарқын заманда өмір сүруін аңсап өтті. Бұл дегеніміз – халықтың төрт құбыласын түгендеу. Халықтық тәрбиедегі қолайсыздықты сиретіп, үлкен мұратқа ұмтылу үшін

адамға, соның ішінде хандарға алдымен білім, яғни ақыл керек, екіншіден, ғылым немесе оқу керек, үшіншіден, ұғым, оқығанды пайымдау, тоқу керек, төртіншіден, отты жүрек, батылдық керек. Адал ұл болудың осы ұстанымдары мен қағидаларын пайымдаған жан өз дәуірінің талаптарына сай болуға тырысады, жаңалыққа, жақсыны қабылдауға құштар болады. Осындай тәрбиелі жақсы бала – «жан мен тәннің шырағы», елдің сүйіктісі, ал тәрбиесіз бала – ата-ананың таусылмас күйігі және қайғысы. Адам азабы – ел азабы. Ел жақсысы елеусіз қалса, «заманға заман күйлемек, замана оны илемек». Ондайда «пейілі жаман пәлеге жолығады, бітпейтұғын жалаға жолығады». Адамды пәле мен жаладан құтқаратын жақсылық. Жақсылықтың жөні де, шарапаты да көп. Дегенмен «жақсыға жасаған жақсылық, өмірінде тозбайды. Жаманға жасаған жақсылық, бір күнгідей болмайды», «жақсы – арына құл, жаман – малына құл».

Хандар үшін, өмір – қамқорлық, қамқоршы – ұлағатты сепкен ізгілік, ал шешендік – сол қамқорлықтың құндылығын көрсететін, құндылықты иемденуге үйрететін өнер. Болмыстағы кісілік мәнді қасиет – адамды адаммен жақындататын сиқырлы күш. Яғни ежелгі түркі дәуірінен Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде туған жер үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен күресіп, келешек ұрпағына Отанымызды, «қазақ» атауын бізге мұра етіп қалдырған хандар, батырлар, билер заманында хатқа «қазақ патриотизмі» деп жазылмаса да, ауызекі түрде кейде жыр, өлеңмен тараған түркілік отансүйгіштік өсиеттердің негізінде бізге жеткен мұралары бар. Қазақ халқы сан ғасырлардан бері дамып келе жатқан тарихында өз ұрпағына бауырмалдық тәрбие беруде баға жетпес тәрбиелік мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұраның мол тәжірибесін жинақтаған. Демек: «Қазақ патриотизмі – рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата-бабаларымыздың қаһармандық, батырлық, ерлік, отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру идеалдарының жиынтығы», - деп айтуымызға болады.

Жоғарыда көрсетілгендей, қазақ хандарының тағылымдық мұралары арқылы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мен мақсаттары бойынша үш құрылымды басшылыққа алуға болады. *Біріншісі*, этноретроспективтік сипатта, яғни өткенге қайта оралу, ұмытылған және ұмытылып бара жатқан дәстүрлі қазақ хандарының тағылымдық мұраларын қайта жаңғырту, тарихилық пен дәстүршілдік қағидаларға сүйену. Бұл – бүгінгі таңдағы жаңалық немесе консерваторлық емес, әлемдегі кез-келген дәстүрлі мемлекеттердің, өркениетті дамудың басты тұғырларының бірі. *Екіншісі*, перспективтік позиция ретроспекция арқылы ашылады. Өткеннен сабақ – болашаққа мақсат қағидасы өткен мен болашақтың диалектикасын басшылыққа алады, себебі тек қана өткенге ұмтылуды негіздеуге болмайды, қазіргі өркениеттілік талаптары мен мемлекет болашағының жаңа модельдерін құру стратегиясы еліміздің келешек тағдырының жобасы болып табылмақ. *Үшіншісі*, этноинтроспективтік қағида, сәйкесінше этностың өзіндік сананы қайта жаңғыртып, өзін-өзі тану мен өзін бағдарлауды қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде этноидентификацияға алып келеді. Яғни жеке адамға арналған «Мен» тұжырымдамасы тұтас саяси-әлеуметтік мәселе болумен қатар, мемлекетіміздегі әрбір жастарды толғандыратын жауапкершіліктер жүктейді. Сондықтан оның педагогикалық қыры қоғамдық

ортадағы бәсекелестік алаңына түсу сәтінің туғандығын әрбір ұрпақтарымыздың санасына сіңіру, әлемдік бәсекелестікке дайын азамат қалыптастыру міндеті тұр деген сөз. Бұл – жастардың жан-жақты болуын талап ететін табиғи-эволюциялық заңдылық: білім мен іскерлік, адамгершілік пен ізгілік, қабілеттілік пен шығармашылық т.б. білім беру мен тәрбиелеудің мазмұнындағы басты қағидалар болуы шарт.

Қорыта келгенде, елдің еркіндігі мен азаттығы, теңдігі үшін күрескен, қазіргі тәуелсіздігіміздің бастауында тұрған жалынды күрескерлері – қазақ хандарының – халқымыздың қасиетті шежіресіндегі біртуар азаматтарымыздың рухын еске алып, істерін үлгі тұтып, сөздерінен тағылым алып, есімін қастерлеу – осы арқылы кейінгі ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, бәрімізге ортақ парыз болуға тиісті. Олай болса, халық арасынан суырылып шығып, қабілет-қарымымен, батырлығымен, даналық тапқырлығымен, шешендігімен дүйім жұртты аузына қаратқан, тосын жерден жол тауып, мемлекет басқарған хандардың тәлім-тәрбиелік мұрасындағы отансүйгіштік өсиеттердің маңызы зор.

Әдебиеттер:

- Иманбаева С.Т. Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. д-ры ... дисс.:13.00.01. – Қарағанды, 2007. – 325 б.
- Қайырбеков Ғ. Көкшетау сені сағындым. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 240 б.
- Бораиш Б.Т. Фольклор мен ақын-жырау поэзиясындағы хандар бейнесі. Монография. – Алматы: «Білім», 2007. – 512 б.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі – Жалпы ред. бас. Т.Жанұзақов. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.
- Философиялық сөздік / Ред Р.Н. Нұрғалиев, Ж.М. Әбділдин. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 525 б.
- Есім Ғ. Қазақ Ренессансы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 98 б.
- Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы / Оқулық. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 216 б.
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. «Ә-Г» / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – Т.2. – 720 б.
- Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары / Оқу құралы. Құрастырушылар М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек. – Астана: «KUL TEGIN», 2001. – 356 б.
- Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет / Жоғары оқу орны студенттеріне арналған. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 176 б.
- Мамиева Б. Түркі халықтарының фольклорлық мұраларында Асан бейнесі // Ұлт тағылымы. – 2004. №2. – 197-200 бб.
- Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 424 б.
- Дүйсенбаев А.Қ. Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі мен педагогикалық мұраларындағы отансүйгіштік тәрбие. Монография. – Алматы, 2010. – 260 б.

Дүйсенбаев А.К., Балтымова М.Р.

Проблемы патриотического воспитания в назидательных наследиях

қазақских ханов

Данная статья посвящена вопросам воспитания в назидательных наследиях казахских ханов, роли и значения их традиций в воспитании личности. А также дается описание роли казахской этнопедагогике в формировании личности казахских ханов.

Ключевые слова: личность, назидательные наследия ханов, воспитание султанов в ханской династии, мудрость, семейное воспитание, патриотическое воспитание, правление страны, совершенный человек.

Duisenbaev A.K., Baltymova M.R.

The problems of patriotic education in edifying heritage of the Kazakh khans

This article deals with the issues of education in edifying heritage of the Kazakh khans, the role and importance of their traditions in the upbringing of the individual. And describes the role of the Kazakh ethnopedagogics in shaping the personality of the Kazakh khans.

Key words: *personality, khans' edifying heritage, sultans' education in the khan's dynasty, wisdom, family upbringing, patriotic education, governance of the country, the perfect man.*

ӘОЖ: 808.5 (574)

Ахатова Н.К. – аға оқытушы, магистр
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: NAK 77777@list.ru

**СЫРЫМ ДАТҰЛЫ АТЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ШЕШЕНДІК
СӨЗДЕР**

Аннотация. Сырым Датұлы – қазақ тарихындағы күрделі тұлға, шешен де болып сөйлеген, көсем де болып ойлаған, халық тағдырын арқалаған нағыз патриот. Бұл мақалада әрі би, әрі шешен, әрі данышпан, ақылдан кенде емес қайраткер Сырым Датұлының атымен байланысты шешендік сөздер жөнінде баяндалады.

Кілт сөздер: Қазақстан, қазақ, халық, көтеріліс, би, шешен

Ұлттық намыс жоғалмаса, ұлт ретіндегі халықта жоғалмайды екен. Ұлттық рух бізге халқымыздың асқақ әнімен, мазмұнды жырымен, асау да арынды күйімен, ұлттық салт-дәстүр қағидаларымен келіп жетті. Ұлттық рухты ұрпақтан-ұрпаққа жалғау жолында жанкештілікке бара білген жандарымыздың бірі – Сырым Датұлы. Біздің жерлес бабамыз, халқымыздың тарихындағы дара тұлға, ерекше дарын иесі, қазақ халқының патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы ең алғаш халық көтерілісін ұйымдастырған, шаруалар мүддесін көздеген аса қадірлі азамат, халқының бостандығы жолында өз дарындылығын қару еткен кемеңгер, сөз қадірін ерекше бағалаған шешен, халықты игі мақсатқа бастай білген көсем, өз халқының тәуелсіздігі жолында аянбай күрескен қайраткер.

Сырым Датұлын сөз қылғанда оның үш түрлі қасиеті атап өтіледі. Оның біріншісі- батырлығы болса, екіншісі- шешендігі, үшіншісі – оның әділ билік айтқан би ретінде көрінуі [1].

Қазақ әңгімешіл халық, әңгімеге шебер халық. Әңгімешілдігін де, шеберлігін де халық әдебиетін зерттеушілердің еңбектеріне сүйенбей – ақ, өз сөзіне сүйенсек те жетіп жатыр. Қазақта шешен деген сөз тектен – тек шыға қоймаған. Бұл әлгі әңгімешіл, шеберлерден де жетік, олардың жоғары шоғырын құрайтындар болса керек. Шешендік сөздер – әдебиетіміздің бетке шығар қаймағы, ауыз екі тіліміздің шырыны. Бір сөзбен бітпес дауды, бір сөзбен қаптаған жауды тоқтатқан асыл сөзіміз.

Сырымның шешендігі қалай дамыды? Ол әрқашан билермен жақын жүрген, олардан ақылы кем болмаса да, олардан бата алды, сәлем берді, ақыл – кеңес тыңдауды дәстүрге айналдырған, өзінше заңға айналдырған. Бұл ақылды ақсақалды сыйлау дәстүрі еді. Ал дәстүр деген қазақша заң. Сырым қаншама шешен, қаншама тапқыр болса да, өз кезеңінің адамы, өз ортасы бар, тыңдаушысы, балаушысы болған жан. Сырым қазақ деген халықтың перзенті. Ол Цицерон да емес, Демосфен де емес. Қазақ оның әкесі, анасы, айналасы, тәрбиешісі, баулушысы. Қазақта бір туған, бірегей деген ұғымдар бар. Ол ұғымдар Сырымдай адамның туа беруі, көп болуы міндетті емес деген мағынаны білдіреді. Бір туған нар, бір туған аруана деген ұғым Сырымның бірегейлігін танытады.

Шешендіктің басты қасиеті тапқырлық, шапшаңдық, тез жауап берушілік болса, тапқырлықтың алуан түрін Сырым Датұлы атымен байланысты шешендік сөздерден кездестіреміз.

Жалпы қазақ шешендік өнерінде әртүрлі түрде көрінетін, ұлттық ерекшеліктерді бойына жиған шешендік тәсілдер мыналар:

1. Шешендік сауал.
2. Шешендік жауап.
3. Шешендік жұмбақтау.
4. Шешендік бейнелеп сөйлеу.
5. Шешендік тұспалдау.
6. Шешендік мақалдау.
7. Шешендік сынау [2].

Қазақ шешен-билері ойды ұтымды жеткізу, қарсыласын сол ой жемісіне тез арада мойынұсынту, сөзге тоқтату жолында шешендіктің өзіндік ұлттық тәсілдерін өмірге әкелген.

Сырым 6-7 жасында бір үйір қойды құдықтан суарып жатса, үш – төрт би аттарын суармақшы болып тоқтайды. Сырым : «Иә, билер, қайда, не жұмыспен бара жатырсыздар?» депті. Билер: «Малымыз барымталанып, соған бара жатырмыз», – дейді. Билер жүрейін деп жатқанда, Сырым: «Уа, билер, бір қойым өліп қалды, не істеймін?» депті. «Қойың өлсе, тұздап ал» – дейді билер. Сонда Сырым: «Тұз сасыса, не істеймін?» – дейді. Бұған жауап таба алмай, билер біраз дағдарып тұрып қалады. Билер мына баланың сұрағына жауап қайтара алмағанда, біз мал даулап ештеңе бітіре алмаспыз деп кері қайтады [3].

Билер өздерінде ақыл жоқтығын байқап, кері қайтты, бала Сырымның ақылдылығы мен даналығына ден қойды. Бала Сырымның сұрағына жауап бере алмай, өздерінің шамасын біліп, сапарларын жалғастырмай, барымталанған малдарын қайтарып алудан бас тартты. Егер олардың шешендігі мен ақылы Сырымдай болса, сапар бағытын өзгертпеген болар еді.

Тұспал меңзеу, бернелеу, символдау, басқаны айта отырып, нені нысаналап отырғанын жасыра айту, жұмбақтап айту тапқырлық пен ойлылықтың тағы да басты шарты. Шешендік толғаулардағы кездесетін тұспал мен меңзеулер тыңдаушысын қалың ойға батыру қажеттігінен туады немесе шешендік дауларда қарсыласын сөзден жаңылыстыру мақсатына да қолданады. Тұнып тұрған тұспал, ойлантады. Ал ойлансақ, бұл сөздің арғы мәні орасан терең. Ойлану туралы халқымыз: «Ойланбаса ой тұнады», «Ойнап сөйлесең де ойлап сөйле» дейді. Астарлап сөйлеумен бірге тұспалдап сөйлеу де тапқырлық, шешендікке жатады дедік, «Сырымның қалай би атанғаны» деген әңгімесінде: Бірде жесір қалған әйел аяғы ауыр болса да тұрмысқа шығады. Оның баласын біздің ұрпағымыз деп берген ел даулайды. Дау ұзаққа созылып, іс насырға шабайын деп тұрғанда 7-8 жастағы кішкене бала ханнан бір – екі ауыз сөзім бар, тыңдаңыз дейді. Бұл бала Сырым екен:

- Менің інгенім бар еді, соның туатын ботасын көрші ауыл даулайды.
- Бота інгенге тиесілі ме, әлде бураға тиесілі ме?
- Бота інгенге тиесілі, - дейді хан.
- Тақсыр, төреңе құлдық, ендеше бала жесір әйелге тиесілі, - деп екі жақты бітімге келтіріпті [1].

Сөйтіп, хан бала Сырымның осынша тапқырлығына таң қалады. Бұл Сырымның жаста болса, сөзге шебер екенін танытады. Бұл тұспалдаудың анықтау түрі. Ал кез келген адам түсіне бермейтін тұспалдың түрлері бар. Мысалы, «Сырымның бата алуы» деген әңгімесінде Сырым Есет батырдан бата аламын деп барады. – Батамды кез – келген адамға бермеймін, сұрағыма жауап берсең беремін, – депті Есет. – Досың көп пе, дұшпаның көп пе? Сырым: Досым көп деп жүрмін. – Досың кім, дұшпаның кім? – деп сұраған Есетке Сырым: – Досым – Алаштың баласы, азаматтары. Дұшпаным жаман туған туысканым деген екен [1].

Нұралы Сырым батырға қарындасын алған күйеу екен. Бір күні Нұралы ханға Сырым қонаққа келіп отырып Нұралыдан: – Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе? – сұрапты. Нұралы жауап бере алмапты [4].

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы «Досым – Алаштың баласы, азаматтары. Дұшпаным жаман туған туысканым» дегені, «Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе» деп, ханға сауал қойғандағы Сырым тұспалының мағынасы мен мәні терең, оны ондай – мұндай адамдар шеше алмайды. «Торысы» дегені – жылқының бар денесіндегі түгін қазақ еліне салыстырғаны. Төбелін сол қалың қазақ елінің ішіндегі үркердей хан – төре руына салыстырғаны, «Төбелдей аз болып, көпке ақылдаспай жаман іс қылдың, қазақ елін көтеріп, көп болып, аз төрені шабамын» дегені.

Неге олай сөйлейді, тапқырлыққа ой жасыру неге керек оған аса қажет пе? Сонда ойды тұспалмен жанастыру кез – келген азамат қолынан келе бермейді, ол да – өнер екен. Тек терең зейінділікпен ойлылыққа тән құбылыс екенін аңғарамыз.

Шешендік сөздердің шеберлігін тану үшін тұспалдарды жақсы меңгеру керек. Тұспалды түсінбей, шешендіктің сырына жете алмайсың. «Малайсары би мен Сырым батыр» деген әңгімеде бата алғалы келген Сырым Малайсары бидің жұмбақтап айтқан сөздеріне былай деп жауап берген екен: «Өткелсіз суға кездессеңіз – көзінді мұнар шалған болар», «елсіз шөлге кездессеңіз –

қатарыңыз аз қалған болар» [1] деген тіркестердегі бірінші компоненттері – тұспал, ал екіншісі оның шешуі. Тұспалды жұмбақпен шатас жоруға болмайды. Тұспал – адамның өмір танығыштығын, өмірді әбден білетіндігін, көреген – болғыштығын айқындау. Бұл арада өмір сырларын тұспалдаушы шешен бе, әлде өмір сырларын оп – оңай шешкен шешен бе, екеуі де осал емес, қара сөзге дес бермеген нағыз шешендер дер едік. Елсіз шөлге кездесу – қарттарға қатарынан қалу, жалғыздықтың, панасыздықтың нышаны. Қатарынан кейінге қалу – әрине, жасы жетіп отырған ақсақалдарға тым жарасымсыз. Ондай жағдайды елсіз шөлге балау – тапқырлықтың белгісі. Шешендік сөздердің көркемдігі – тұспалдаушылықта, ал оны көп ойланбай тарқату тапқырлық дер едік.

Шешендік тұспалдаудың өміршең, қарапайым тәсіл болғандығын келелі мемлекеттік істерді шешу кезінде де, сондай-ақ әртүрлі ел арасындағы түрлі маңызды кездесулер кезінде де қолданылғандығын аңғаруға болады.

Мәселен, Сырым келіншектің жолдасына қарап:

- Япырай, аққудың қасында жапалақ жараспайды екен-ау! – дейді. Сонда келіншек сөзге түсіне қойып:

- Батыр, сіз бір кезде тай жейтін Сырым едіңіз, енді қой жейтін Сырым болдыңыз, әр нәрсе өз уағында емес пе? – депті [3].

Бұл мысалдан байқағанымыз, шешендік тұспалдау кей жағдайда біреудің жанын жабырқатып, қабырғасын қайыстырып алмаудан туындайтын, өте бір сындарлы тәсіл екендігі. Егер мысалда келіншектің күйеуінің кәрілігін, келіншектің оған тең емес екендігін автологиялық жолмен айтып қалса, қарт адамның көңіліне өлшеусіз қайғы әкелер еді. Бұл жағдайда Сырым әлгі ойды антоним сөздерге (аққу-жапалақ) бейнелілік мағына дарыту арқылы сары майдан қыл суырғандай елеусіз тұспалдаған. Тұспал кейде қазақ өмірінде қағидалары қатаң сақталған дәуірдегі күйді, сезімді, жайды жеткізудің де тәсілі болған.

Ал «Мәністің де мәні бар» дейтін үлгіде: «Сырым бір жолдасымен жолаушылап келе жатып бір үйге түссе, үйде сүйегі сұлу, түсі сүйкімді жас келіншек отыр екен. Сырым ішінен: «Шіркін-ай, мына келіншектің күйеуі қандай екен», - деп ойлайды. Кешке таман көзге қораш шал келеді. Сұлу келіншектің күйеуі сол болып шығады. Сонда Сырым шаңыраққа қарап отырып:

Мәністің де мәні бар, Жаманның мәніспенен не ісі бар?

Құладан құс аққу іледі, Оның да не әдісі бар? – дейді.

Кіріп-шыққанда жас жігітке көзінің қиығын салып жүрген келіншек түсіне қойып:

Мәністің де мәнісі бар, Жаманның мәніспенен не ісі бар?

Құладың қу ілсе әдісі бар. Тағы бір аққу құстан дәмесі бар [3]. – деп екі әйелдің бірі болғалы тұрған өзінің жайын сездіріпті. Тұспалдың астарында сол заманның кері кеткен заңдары, әйелді зорлықпен малға сатып алу, қалың мал төлеп қыз алып, қыз берген заманның әмеңгерлік сияқты салттары, әйелге деген материалдық көзқарас жатыр.

Шешендік толғаулардағы кездесетін тұспал мен меңзеулер тыңдаушысын қалың ойға батыру қажеттігінен туады. Толғау айтушы қарсыласының ой өрісі қаншалықты екендігін байқау үшін, әрі қарай

сөйлеуге тұрарлық адам ба екенін аңғару үшін керек. Сондай – ақ шешендік дауларда қарсыласының дау қуып келуінің өзі босқа екенін анықтау үшін де қолданады.

Сырым сөздерінде жұмбақ, тұспал көп ұшырайды. Оның астары көп, тыңдаушысын ойлатады, толғантады, жылдам жауап беруге, шапшаңдыққа, тапқыштыққа үйретеді. Астарлы сөйлеуге шебер Сырым тек жылдам жауап беріп қоймайды, сөзімен өлтіреді, тыңдаушысының айызын қандырады, оған «өзіне де сол керек еді», - дегенді де еріксіз айттырады.

Көп ұғымның аз түйіні мезгеуге тән қасиет. Сырым Датұлы шешендік сөздерінде кездесетін мезгеу образдылыққа құрылады, даналыққа негізделеді. Мысалы: Кенже баласын үйлендіріп, құда шақыру жоралғысын орындап жатқан Мөңке би Сырымның «Алты шаңырақтың іргесі ажырамасын» деген батасының сырын түсінбегендерге былай деп ашып берді: «Екеуіміздің балаларымыз қосылып, ата жолын іргелі жалғастырмақшы. Сенің балаң маған келін болып түседі. Ол үш шаңыраққа ие болады. Біріншісі – қайын жұрты, екіншісі – нағашы жұрты, үшіншісі – төркін жұрты. Сол сияқты менің балам саған күйеу болады. Ол да үш шаңыраққа ие. Олар - өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты. Демек, екі бала қосылғанда алты шаңырақ шығып тұр. Осы алты шаңырақтың іргесі ажыраспаса онда біздің ағайындылығымыздың мәңгіге кеткені. Осы аталған алты шаңырақ ажыраспаса – сол алты шаңырақты құрап отырған алты рулы елдің татулығы. «Құда - мың жылдық» деп осындай тамырлы жарастықты атаса керек» [3].

Осындағы үш шаңырақ, алты шаңырақ, алты рулы ел, құда мың жылдық деген ұғымдар мезгеуге жатады.

Сырым Датұлы шешендігінің тағы да бір ерекшелігі – бейнелеу, теңеу сөздерінің айқындылығында. Сырым теңеу етіп алған нәрсесін айшықтап көрнектеп береді. Тіпті оның бала кезінде айтқан «отын – олжа, су – нұрлық, біреудің малы мен ақысын жеу - ұрлық» деген сөзінде табиғат байлығы ортақ, бірақ біреудің табан ақы, маңдай терімен тапқанына еңбексіз ортақтасу қиянат деген терең мағыналы ой жатыр [4].

Шешендік сауал – қарсыластың білімі мен біліктілігін, танымы мен талғамын, ой әлемін, эрудициясын және сөз саптау мәнерін аңғарту мақсатында қойылатын сауал-тәсіл [2].

Бұл тәсіл көбіне Сырым Датұлы тарапынан қолданылады. Шешендік сауалдар «мынау не?», «бұл кім?» дейтін қарапайым танымдық сұрақтардан гөрі аса күрделі, көпті көрген өмірлік тәжірибелерге сүйенген, астарына философиялық байлам түйген сауалдар болып келеді. Шешендік сауалдар әдеттегі сөз ретіндегі сұрақтардай жеке дара емес, бірімен-бірі жалғас келетін мағына жағынан жымдасқан, сыртқы пішіні жағынан өзара ұйқасып келіп айтылады, ішінара жалқы келетін сауалдар да бар.

С.Датұлы атымен байланысты айтылатын шешендік сөздерде шешендік сауалдар дәстүрлі түрде мына үлгіде ұшырасады:

1. – Дау мұраты не? Саудагер мұраты не? Қыз мұраты не? Жол мұраты не?
2. – Таудан биік не бар? Судан терең не бар? Оттан өткір не бар?
3. - Өтірік пен шындықтың арасы қанша жер, неше шақырым болар?
4. – Ат не үшін шабады? Ер не үшін шабады?

5. – Бұл дүниеде не тәтті?

6. – Жігіт-мігіт деген не сөз? Ат-мат деген не сөз?

7. – Сөздің анасы не? Судың анасы не? Жолдың анасы не? [3].

Келтірілген шешендік сауалдар негізінен қазақ шешендерінің көбіне ортақ. Бұның өзі шешендік сауалдардың дәстүрлі, небір сындардан сүрінбей өтіп, шешен-билердің кәдесіне асқан ыңғайлы тәсіл екенін көрсетеді.

Шешендік жауап – шешендік сауалға орай келетін ой ұшқырлығын асыл сөзге түйген, өмірден түйген азды-көпті тәжірибенді, білім қорыңды көрсететін тәсіл [2]. Мысалы:

1. Дау мұраты – біту, Саудагер мұраты – ұту, Қыз мұраты – кету, Жол мұраты – жету (Сырым).

2. Таудан биік көңіл бар, Теңізден терең ғылым бар, Оттан өткір қайғы-зар (Сырым).

3. Өтірік пен шындықтың арасы төрт-ақ елі: құлақ естіген өтірік, көз көрген рас (Сырым).

4. Ат шабысына қарай шабады, Ер намысына қарай шабады. (Сырым)

5. Аста тұз тәтті, Адамда дос тәтті (Сырым).

6. Жыққан – жігіт, жығылған – мігіт, Озған – ат, қалған – мат, Жал-жая – ас, шөп-шалам – мас (Сырым).

7. Сөз анасы құлақтан, Су анасы бұлақтан, Жол анасы тұяқтан (Сырым) [3].

Сонымен шешендік сауал және жауап бір-біріне ыңғайлас, сонымен қатар шешен-билердің өзара жеңіл сөз қақтығысуларында қолданылатын тәсілі. Ал бұл тәсілдің қазақтың шешендік өнерінде барынша тараған, танымал, дәстүрлі тәсіл екенін жоғарыдағы әртүрлі шешендік сөз үлгісінен байқаймыз.

Белгілі бір сөз қақтығысуларында айтар ойды қынаптан қылыш суырғандай жарқ еткізіп ашық айтудан туған тәсіл – шешендік жұмбақтау. Қазақтың шешендік өнерінде жұмбақтау тәсілінің деректі, дерексіз күй мен болмысты жасыратын екі түрі бар. Дерексіз жұмбақтау тәсіліне адам өмірінің философиялық мәнін, табиғат құбылыстарын, дүниенің кем-кетігін жасырған жұмбақтау тәсіліне (заттық) жұмбақтап сөйлеу, ыммен, ишаратпен сөйлесуді жатқызамыз [2].

Ішінара болса да Сырым атынан сақталған сөздерде бұл ерекшелік те бар. Мысалы, бірде Малайсары би Сырымға батасын беріп, құрметпен аттандырып тұрып:

– Ей, Сырым! – деп, қолымен өзінің басын көрсетеді. Сырым:

– Ләппай, ата, – деп жалт қарап, тілін шығара қояды.

Ауылдан ұзап шыққан соң серіктері Сырымнан:

– Әлгі қарттың қолымен шұқып басын көрсеткені несі? Сенің тіліңді шығарғаның

не? – деп сұрайды. Сонда Сырым миығынан күліп:

– Қарттың басын көрсеткені – «Басқа пәле неден?» дегені, менің тілімді

шығарғаным – «Басқа пәле – тілден» дегенім. Сонда ол басын изеп, қолын бұлғады, онысы – «Бақыт та – тілден, бәле де – тілден. Тіліңе сақ бол» дегені еді, – деп түсіндіреді [3].

Бірақ Сырымда мұндай ымдау мен ишараттау онша емес. Өйткені ол сыбыр-күбірге үйір жылым би емес, ашық айтыс, батыл күреске бел байлап, белсеніп шыққан батыр, халық басшысы. Сондықтан да ол әрқашан халық алдында ашық та айқын сөйлейді, күбілжімейді.

Сырымға тән бір қасиет – бейнелеп сөйлеу тәсілі. Мазмұнды, мәнерлі сөз ақылға қонымды, сезімге әсерлі келетіні әркімге мәлім [2].

Айтысып жүрген кездердің бірінде Нұралы хан Сырыммен жарасқысы келіп, араға кісі салады. Ордаға шақыртады. Сонда Сырым Нұралының елшілеріне екі сұрақ қояды:

- Құс көлге бара ма, көл құсқа бара ма?
- Әрине, құс көлге барады, - дейді елшілер.
- Қонақ үйге келе ме, үй қонаққа келе ме?
- Әрине, қонақ үйге келеді.

- Ендеше, халық – көл, хан – құс, ел – үй, хан – жолаушы, хан керек болса елге өзі келсін, - деп Сырым батыр елшілерді қайырып жібереді [3].

Сырым атынан айтылатын көптеген сөздерде байқалатын бір ерекшелік – осындай қарсы жаққа бірнеше жұмбақты сұрақ беріп, өзіне шештіріп, мақұлдатып алып, соңынан өзі қорытынды айту, еріксіз шындықты мойындату. Әлгі сөзде тапқырлық ой мен тартымды үндестік сөздер қабысып келген. Мысалы: «хан, халық», «ел, көл» деген сөздерде үндестік те, ырғақ та бар. Сырым атымен байланысты шешендік сөздердің қайсысын қарасақ та дауыс ырғағы мен дыбыс үндестігі ұштасып жатады.

Сырым батыр атынан сақталған сөздердің кейбіреулері шешендік нақылға жатады. Шешендік нақыл – көлемі шағын, тілі көркем, тәлім-тәрбие берерлік терең мағыналы сөздер. Шешендік нақылды екінші сөзбен ғибрат сөз деуге де болады. Мысалы, Сырым атынан айтылатын «отын – олжа, су – нұрлық», «қайғысыз беттің жарығы, қайғылы беттің сарығы бар», «әйелді қорсынбандар, әйелсіз ерге күй бітпейді, қойды қорсынбандар, қойсыз елге үй бітпейді», «ата тұрып ұл сөйлесе, ержеткен болар, ана тұрып, қыз сөйлесе, бойжеткен болар» дейтін сөздер нағыз нақыл сөздер үлгісіне жатады [3].

Қорыта айтқанда, шешендік тәсілдер қазақ шешендік өнерінде ұлттық ойлау жүйесінің шеңберінде, аясында туындаған, өркендеген, ұтымды ойға қол жеткізудің, сонымен қатар шешендік болмыстың қалыптасу мәселелерін күйттеген іс-әрекеттен туындаған.

С.Датұлы атымен байланысты айтылатын шешендік сөздерде қолданылатын, жалпы қазақ шешендік өнеріне тән кейбір тәсілдер сараланды.

Жоғарыдағы тәсілдер кесім, байлам айту кезінде, ақиқатқа жету жолында тек С.Датұлы үшін ғана емес, қазақ шешен-билері үшін көптеген мүмкіндіктер әкелді. Ғасырлар сынынан сүрінбей өтіп, қазақ шешендік өнеріне тән, мирас дүниедей бірден-бірге ауысып дәстүрлі дүниеге айналды.

Сырымды біз батыр, шешен, би тұрғысынан түсініп қана қоймай, Сырым қазақ елінің, халқының өзін – өзі билейтін жеке – дара мемлекет болуын қалаған демократ, отаршылдық жүйемен күресуге бар өмірін арнаған аса көрнекті тарихи тұлға екендігін ұғынуымыз керек.

Сол Сырым көксеген тәуелсіздік бүгін орнады. Орнап қана қойған жоқ, адам сенбес шапшандықпен өркендеп, өрелі биіктерге ұмтылып барады.

Сырым – біздің Платонымыз, Цицеронымыз, Демосфеніміз. Сырымның сақталып қалған даналық сөздері өлмеді, өз иелерінің есімдерін бізге жеткізді. Осыған орай шешендік сөздердің көркемдігі ерекшеленеді де, ол ерекшелік халық зердесінен берік орын тапқандығымен өлшенеді.

Әдебиеттер:

1. Тілеужанов М. М. Сырым Датұлы және оның шешендік сөздер. – Орал: Полиграфия, 1991. – 46 б.
2. Қасенов С.Т. «Шешендік сөздердің поэтикасы» философия ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: 1999.
3. Тілеужанов М. М. Дала кемеңгері немесе Сырым туралы сыр. – Алматы: Сөзстан, 1992. – 68 бет.
4. Ақбай Ж. «Ерен ер- Сырым». Орал: Полиграфсервис, 2002. – 251 б.

Ахатова Н.К.

Ораторские речи, связанные с именем Сырыма Датова

Сырым Датов – интересная личность в истории Казахстана. Он говорил как оратор, думал как предводитель, заботился о своем народе как настоящий патриот. В данной статье представлен материал об ораторской речи, связанной с оратором, бием, мудрым общественным деятелем Сырымом Датовым.

Ключевые слова: Казахстан, казах, народ, восстание, бий, оратор

Akhatova N.K.

Elocution and speech connected with the name of Syrym Datov

Syrym Batur Datuly – a person of great intellect, strong will, inordinate bravery, one of the first Kazakhmen who stirred up rebellion, for freedom and independence of his fatherland against national oppression. Syrym Datuly, who has always struggled for his

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS

ПЕДАГОГИКА -ПЕДАГОГИКА-PEDAGOGICS

Ботагариев Т.А., Медешова А.Б., Кубиева С.С. Особенности использования информационных технологий в учебном процессе по предмету «физическая культура» в вузе.....3
Потапчук Т.В. Положительное отношение к учебе: сущность понятия.....12
Ибрагимов Р., Калимбетов Б.Т., Хабибуллаев Ж.О. Развития прикладных

математических мышлений бакалавров – математиков при обучении сингулярно возмущенным уравнениям.....	24
Торыбаева Ж.З., Рысбекова Л.К., Нуридинова Г.А. Организация воспитательной работы по формированию активной гражданской позиции среди учащихся общеобразовательных школ.....	32
Терещенко Т.А., Мурзатаева М.М. Геоинформационные технологии как инновационное средство формирования креативного мышления у студентов- географов.....	40
Исатаев М.И., Зинелова Т. Мәдени-тынығу жұмысы арқылы жастардың патриоттық сезімін арттыру.....	46
Калимбетов Б.Т., Сапаков Д.А. Әлсіз ерекшелікті ядролы интегралдық тендеулердің шешімдері тізбегін құрудың әдістемелік негіздері.....	56
Бахтиярова Г.Р. Хандық дәуірдегі қазақ жыршы-жыраулары шығармаларының халықтық педагогикамен үндестігі.....	62
Ерболатова К.Е. Музыкалық білім беру арқылы балалардың қабілетін дамытудың тиімді жолдары.....	73
Марискина С.В., Наумова А.П. Реализация социального проекта «школьная карта» на примере мою «сош №60» города саратов.....	78
Моменов Б.М. Системный подход в обучении изобразительному творчеству студентов.....	84
Сагимбаев А.А. О повышении уровня профессиональной подготовки будущих специалистов.....	89
Чудрова В.У., Садыкова Г.А. Лекция как один из методов обучения, методика её подготовки.....	95
Ходжанова Б.Х., Агалиева С.Е. Географияны оқытуда кіріктірілген білім беру бағдарламасы.....	103

ФИЛОЛОГИЯ-ФИЛОЛОГИЯ-PHILOLOGY

Sydorenko Elena Extralingual impact on ergonyms formation.....	111
Мүтиев З.Ж., Сапарова Ж.К. 3. Қабдоловтың «сөз өнері» - қазақ әдебиеттану ғылымының бас кітабы.....	118
Чечетко М.В., Кунарова С.А. Драма Уильяма Шекспира «Зимняя сказка»: сценическая и экранная судьба.....	124
Қабылов Ә.Д. Көркем әдебиеттегі ирония туралы.....	132
Қадыров А.Қ. Шәкір Әбенің «қозы көрпеш - баян сұлу» поэмасы.....	141
Қобланов Ж.Т. Дон педро кальдерон де ла барка шығармалары.....	155
Таласпаева Ж.С., Қадыров Ж.Т. Көркем шығармада жұмсалатын тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің этномәдени сипаты.....	164
Лысенко Н.К. Шотландские баллады: роберт бернс и роберт луи стивенсон.....	173

ТАРИХ- ИСТОРИЯ-HISTORY

Рысбеков Т.З., Мырзабаева Б.М. Академик Р.Б.Сүлейменов еңбектеріндегі қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілу мәселесі.....	183
Утениязов С.К. Талай ұрпақты алдаған Әбілхайыр ханның тарихи	

хаты.....	191
Дүйсенбаева Р.И. Р.Нұрғали және қазақ драматургиясы.....	198
Дүйсенбаев А.Қ., Балтымова М.Р. Қазақ хандарының тағылымдық мұраларындағы отансүйгіштік тәрбие мәселелері.....	206
Ахатова Н.К. Сырым Датұлы атымен байланысты шешендік сөздер.....	215

АВТОРЛАР ҮШІН МӘЛІМЕТ
МАҚАЛАНЫҢ ДАЙЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

«БҚМУ хабаршысы» жинағына жариялауға білім мәселелеріне қатысты ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар гуманитарлық, жаратылыстану, экономикалық, өнертану, техникалық ғылымдар, сонымен бірге университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері мазмұнын құрайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақалалар қабылдайды.

Журналға бағытталған мақала (компьютерлік мәтін көлемі 8 беттен аспайтын) USB-жинағышы, CD-R дискімен (мәтіннің қолжазба түрінде, 1,0 интервалымен, 10 шрифтсінен кем емес, және бір данасы А4 формат қағазында) берілуі керек.

Суреттегі берілген барлық әріп және сандық белгілер ең басты және сурет астындағы мәтінде түсіндірілуі қажет. Қолжазбадағы суреттері бар беттері мен мәтін беттері нөмірленген болуы керек. Мәтін мұқият тексерілген және редакцияланған болуы қажет. Сканерленген мәтіндер, грамматикалық және техникалық қателері бар мақалалар жинаққа

енгізілмейді.

«БҚМУ хабаршысы» ғылыми журналына дайындық кезінде материалдарды жариялауға автор туралы мәлімет көрсетілуі қажет (аты-жөні (толық), ғылыми атағы, дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, тел.), ӘОЖ нөмірі, ішкі және сыртқы рецензиясы (жариялауға ұсынылған ғылыми жұмыстың ғылым кандидаты және докторларының сын-пікірлері болуы керек), түйіндеме (мемлекеттік тілде жарияланатын мақалаға - орыс немесе ағылшын тілінде, басқа тілде жарияланатын мақалаға - мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілінде), жариялауға төленген түбіртек міндетті түрде болуы қажет.

Мақаланы жариялауға эксперттік комиссия бекіткен ғылыми-техникалық Кеңестің эксперттік тұжырымдамасы болуы керек.

Материалдар белгіленген тәртіп бойынша сай келмесе, жариялауға қабылданбайды. Қолжазбалар редакция көзқарасын білдірмейді және авторларға кері қайтарылмайды.

К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ

ПРАВИЛА ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЕЙ

Для публикации в «Вестнике ЗКГУ» принимаются статьи на казахском, русском, английском языках, содержащие результаты научных и научно-методических работ в области гуманитарных, естественных, экономических, искусствоведческих, технических наук, посвященных проблемам образования, а также материалы, отражающие деятельность различных структурных подразделений университета, вопросы социально-экономического развития региона.

Статья (объемом не более 8 страниц компьютерного текста), направляемая в журнал, представляется на дисках CD-R, USB-накопитель (с обязательной распечаткой текста, шрифтом не менее 10, 1,0 интервалом и графики на бумаге в одном экземпляре на формате А4).

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные на рисунках, необходимо пояснить в основном или подрисункном тексте. Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован. Сканированные тексты с грамматическими и техническими ошибками не будут включены в сборник.

При подготовке материалов к опубликованию в научном сборнике «Вестник ЗКГУ» обязательным условием является представление сведений об авторе (ф.и.о. (полностью), ученая степень, звание, должность, место работы, адрес, тел.), номер УДК, внутренней и внешней рецензии (публикуемые в издании научные работы должны быть рецензируемы кандидатами наук и докторами), резюме (статьи, публикуемой на государственном языке, должно быть на русском и английском языках, статьи, публикуемой на других языках – на государственном, русском и английском языках), наличие квитанции оплаты за публикацию.

Решение о возможности опубликования статьи подтверждается экспертной комиссией научно-технического Совета актом экспертного заключения.

Материалы, не соответствующие данным требованиям, к публикации не принимаются. Рукописи не рецензируются и не возвращаются авторам.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫП ШЫҒАРЫЛДЫ

ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Редакторы-Редактор:

Р.Р. Құжалиева

**Материалдарды
компьютерде беттеген:
Верстка и изготовление
оригинал-макета:**

Е.Е.Панова

С.К. Сахметова, Ж.З. Есимғалиева

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті, 2015
090000, Орал, Достық даңғылы, 162*

Басуға 22.09. 2015 ж. қол қойылды.
Көлемі 28,25б.т. Таралымы 550 дана.
Тапсырыс № 138

Подписано в печать 22. 09. 2015 г.
Объем 28,25пл. Тираж 550 экз.
Заказ № 138

*Западно-Казахстанский государственный
университет им. М.Утемисова, 2015
090000, Уральск, пр. Достык, 162*